

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ

**ЖАҢА ҚОҒАМДАҒЫ
ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУЕТІ:
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ САПАСЫ**

*Абу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған
XVI жооішілік студенттер ғылыми конференциясының
материалдары*

**ПОТЕНЦИАЛ МОЛОДЕЖИ
В НОВОМ ОБЩЕСТВЕ:
КАЧЕСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ**

*материалы
XVI внутривузовской студенческой научной конференции,
посвященной 1150-летию Абу Насыра аль-Фараби*

В ДВУХ ТОМАХ

ТОМ 1

Павлодар
2020

УДК 001
ББК 72
Ж 26

Жалпы редакция: химия ғылымдарының докторы, профессор А. Нухұлы
Жауапты редактор: ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар
жөніндегі проректор С.В. Мурзакулов

Под общей редакцией доктора химических наук, профессора А. Нухулы
Ответственный редактор: проректор по научной работе и международным
связям ПГПУ С.В. Мурзакулов

Ж 26 **Жаңа қоғамдағы жастардың әлеуеті: білім және ғылым сапасы:** Абу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған XVI жооішілік студенттер ғылыми конференциясының материалдары = **Потенциал молодежи в новом обществе: качество образования и науки:** материалы XVI внутривузовской студенческой научной конференции, посвященной 1150-летию Абу Насыра аль-Фараби / Под общ. ред. А. Нухулы; отв. ред. С.В. Мурзакулов. – В 2 томах. – Т. 1. – Павлодар: ПГПУ, 2020. – 400 с. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-267-641-9

В сборник вошли лучшие доклады студентов и школьников на XVI внутривузовской студенческой научной конференции по проблемам естественных, технических, социально-гуманитарных наук.

УДК 001
ББК 72

ISBN 978-601-267-641-9

© Павлодарский государственный педагогический университет, 2020.

ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ / ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ

А.Б. Әлиқбар

ПМПУ Тарих-Дінтану білім беру бағдарламасының 2-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Г.К. Ракишева

ӘБІКЕЙ ЗЕЙІНҰЛЫ СӘТБАЕВТЫҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН ӨМІРІ

«Алаш қозғалысы» аталған 1920–1940 жылындағы тарих сахнасындағы жағдай қандай өңір мен ұлыстың болмасын тарихы мен шежіресінде тайға таңба басқандай болды, десек артық айтқанымыз емес сол дәуірдегі зиялы қауым өкілдерінің саяси ақуалды маңызды саяси түйіткілге алып келгені бәрімізге аян. Дәлірек айтқанда, бүгінгі тақырып Керекү өңірінің зиялы қауым өкілдерінің сол кезеңде бүкіл Алаш қоғамына қандай алысы-берісі бар екендігін үлесін айтып өтенді жөн көрдік. Сонымен қатар басты мақсат өз өңіріміздің зиялы қауымының өткерген ерлігі қарсы келген саяси қиындықтар мен қысымдарға қалай төтеп берген тарихи сындарлы тарихи жолдан тәуелсіз даңғыл жолға қалай алып келгені өсіп келе жатқан жастар үшін өте маңызды және болашағымызда кездескен кедергілерге қалай төтеп беруге жастардың патриоттық сезімінің нығайуына зор серпіріліс берері анық. Тұңғыш президент Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бастар жол» атты мақаласын қолдай отырып өңір тарихын болашақ өскелең ұрпаққа хабардар ету және тарих сахнасында ашылмаған тұстарында ашып көрсету.

Жерлестеріміз Әбікей Зейінұлы Сәтбаевтың саяси қызметі мен өміріне шолулар жасамақпыз. Атап отырған зиялы тұлға өкілі Алаш автономиясы кезінде белсенді мүшесі болды Баянауыл жерінің сұлулығы алдыңғы ғасыр жырауларының қадамдарына қанат бітіріп қаламын ұштады. Баянауыл өңірі ел қамын ойлаған атқамінерлерімен, шейленіскен талай дауларды шешкен билерімен, ел үшін жанын аямаған батырларымен, ақылды-парасатты зиялы тұлғаларымен, ғұлама ғалымдарымен және ұлағатты ұстаздарымен баршаға танымал. Әбікей Сәтбаев біріншіден өте талантты ұстаз болған. Оның қазақ балаларына берген білімі мен тәрбиесі көпке тұрарлық. Әбікей Сәтбаевты қай салада алып қарасақта өте жауапты, білім саласында жаңаша әдіс-тәсілдерді, оқушының білімінің тексеру әдістері, оқушылардың дене тәрбиесі туралы, медициналық көмек, шаруашылық органдар мен мекемелермен қатынысы, экскурсиялар, фабрикаларды аралау, практикалық сабақтар,

қазақ тілін оқыту мәселесін, материалдық база мен техникум ғимаратының, мұражайының, оқу кабинеттерінің жалпы жағдайы мәселерін қарастырған. Осымен бірге қазақ тілін беру жайындағы да мәселелер көтерген. Техникум жұмысына берілген, директор Ә. Сәтбаевтың қажырлы еңбегі арқасында үлкен жетістіктерге жетті. Бұны дәлелдейтін мәлімет айтылған құжатымыздың 18 тармағында жазылған. Мұнда: «18) Самостоятельные достижения техникума в каком-либо отношении. Техникум развал свою деятельность настолько, что заваевал симпатии населения, доказательством чему может служить небывалый наплыв учащихся со всех уездов губернии и даже губерний приглашающих к ней» [1,48].

Кезінде Әбікей Зейінұлы Сәтбаев туралы жергікті басылымда көп мақалалар жария етілген еді. Соның ішінде ол кісінің Семей қазақ педагогикалық техникумындағы жұмысы туралы біршама мәлімет бар. Мысалы, кезеңінде беделді «Степная прада» (кейін Иртыш) газеті 1922 жылы 6 желтоқсанда Семейдегі қазақ педтехникумы ашылғанда сол кездегі Губоно бастығының орынбасары Ә. Сәтбаев осы техникумның директоры болып тағайындалғанын, оған зор сенім мен үлкен міндеттер жүктелгенін ашып баяндайды.

Қазақ тілі 1923 жылы газетінің 25 наурыздағы санында жариялаған «Семей жайлы» атты мақалада Абдолла Асылбеков Семей педагогикалық техникумы және оның директоры туралы мынадай пікірлер айтыпты. «...Оқу жұмыс елде нашар, Семей қаласында оқытушылар даярлайтын мектебі бар. Мұнда жүз шамасында қазақ баласы оқиды. Мұның бастығы Сәтбаев жолдастың бұл іске шын кірісіп, ынталы жүрекпен істелгендігін Қазақ республикасындағы бірінші реттегі мектеп деп санауыма болады...» [1.1].

«Барлық ізгі істердің негізі, қайнары-білім. Сондықтан, біздің игі мақсат – Халықтың білімге деген ұмтылысын өшіріп алмау. Баланы тәйтәй басуға үйреткен тәрізді халықты да бірте-бірте алға қарай қадам бастырып, әрбір жанның көкірегіне сәуле ояңғанына қуану керек», – деп ерен еңбегін халықтың болашағы үшін жан аямай сарп етті [5,9].

Мектепегі мұқтаж оқушылар пайдасына һәм мектептің өз пайдасына әлденеше сауық кештерін жасады. Қайтседе де бұл мектепті алға бастырған Әбікей ағай...» [3,1].

Әбікей Сәтбаев Семей Губерниялық Халық ағарту бөлімінде 1921 жылдан бастап жұмыс істей бастады. Басында сол мекеме меңгерушісі орынбасары болып істесе [4.18], одан кейін 1923 жылдан бастап Семей губерниялық Халық ағарту білім меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1923 жылдың 10 наурызындағы Қырғыз Ағартушылық Халық комиссариатына жіберген хатында «В Кирнаркомпрос Гурбоно при сем препровождает протокол заседания членов Коллеии Семипатинского Отдела Народного Образования от 10-го марта с/г. За №9» [3.43] ГубХАБ

меңгерушісі деген жазудың тұсында Әбікей Сәтбаевтың қолы тұр. Бұл Әбікей Сәтбаевтың сол мекеменің меңгенушісі боғанын дәлелдейді.

Сонымен қатар, Әбікей Сәтбаев Семей Губерниялық Халық ағарту бөлімінде Коллегия мүшелерінің отырыстарының мүшесі және кейін төрағасы болды. Бұны «Протоколы Заседания членов Коллеги Семгубоно» атты құжатындағы көптеген мәліметтер дәлелдейі. Мысалы, «Протокол №10 Заседания прибыли: Сатбаев, Мирошниченко, Аскоченский, Попов, Шихавцев, Успенский, Васильев и Каплон. Присутствовали: Рабинович. Предательствовал Сатбаев, секретарь Куликов» деп жазылған [6,9]. Ал «Протокол №56 Заседания членов Коллеги: Задорин, Мирошниченко, Аскоченский, Попов, Мертвцов, Шихавцев, Сатбаев, Присутствовали: Успенский Председательствовал Задорин секретарь Гогина» деп жазылған. Бұл Әбікей Сәтбаевтың 1922 жыл сол Коллегия мүшелерінің отырысының мүшесі болғанын дәлелдейді. [5.41]

«Список ответственных работников Семиполтинского Губернского Отдела Народного Образования на 1 сентября 1921 года» атты құжат бойынша, Әбікей Сәтбаев 1921 жылдың 10 тамызынан бастап Семей Губерниялық Халық ағарту бөлімінің меңгерушісінің орынбасары қызметін атқарды. Ал, осы ағарту бөлімінің меңгерушісі болып біздің аттақты жазушы, драматург, қоғам қайраткері Жүсіпбек Аймауытов болған еді.

Әбікей Сәтбаевпен Семей Губерниялық Халық ағарту бөлімінде ағарту саласындағы көптеген көрнекті өкілдері жұмыс істеді. Солардың ішінде Попов Василей Иванович Семей Губерниялық Халық ағарту бөлімінің меңгерушісінің уақытша орынбасары, Алмавов Александр Николаевич ГубХАБ істерінің басқарушысы, Муздыбаев Курманбай Уезд-қалалық мектебінің педагогикалық бөлімінің меңгерушісі, Мирошниченко Иван Емельянович ГубХАБ Қаржылық бөлімінің меңгерушісі және т.б. болған. Әрине бұл адамдар Әбікей Сәтбаевтың өміріне, қызметі мен көзқарасына кө әсер еткені аян [3,18].

Әбікей Сәтбаев ұлағатты ұстаз ғана болған жоқ, сонымен қатар оны қоғамдық қайраткер ретінде де қарастыруға болады. Әбікей Сәтбаев Алаш қозғалысына белсенді қатысты және «Шура-и-Ислами» партиясының мүшесі де болды. Бұл оның қоғам қайраткері ретінде белсенді екенін көрсетті.

Алаш қозғалысына қатысқаны жайындағы бірінші дерек, ол «Алаш партисының №5 далалық сайлау оқуругінің учредительный кеңесіне кандидаттық тізімі» атты құжат. Бұл құжатта әрбір аймақтардан 19 адам дазылған. Сол 19 адамның ішінде 16-шы болып Семей облысынан Әбікей Сәтбаев аталған [4.84–85].

Ешқандай түсініктемесіз де, Әбікей Сәтбаевтың Алаш қозғалысының мүшесі болғаны айқын көрініп тұр. Осы тізімде жазылуы бекер емес. Осы тізім Әбікей Сәтбаевтың Алаш қозғалысын қатысқанын әбден дәлелдейді.

«Постановление всекиргизского съезда в Орнебурге 21–28 июля 1917 года» атты құжатта Әбікей Сәтбаевтың «Шура-и-Ислами» партиясына Семей облысынан сайланғанын көрсетеді. Осы мәліметте «Шура-и-Ислам» партиясының бағдарламасы мен партияға сайланған адамдардың тізімі көрсетілген. Бұл тізімде Ә. Сәтбаевтың көрсетілгені оның бұл істе белсенді қатысқанын дәлелдейді. [4,52–53]

Сонымен қатар, Ә. Сәтбаевтың Алаш қозғалысымен иығыз байланыста болғанын дәлелдейтін тағы бір құжат, Имам Әлібековты босату жөніндегі Семей жер басқармасындағы хаты.

«Докладная записка членов семипалатинской областной земской управы, управляющему Семипалатинской областью освобождению Алимбекова» деген хата Имам Әлібековты түрмеден босату жайындағы хатты Ғаббасов, Масековтармен қатар Ә.З. Сәтбаевтың қолы тұр. [4,151]

Әбікей Сәтбаев Алаш Қозғалысына белсенді қатысқаны анық көрінеді. 1916 жылы Қазақстанда Әбікей Сәтбаев мүше болған «Алаш» партиясының бастауымен тәуелсіз ел болудың алғашқы бастамасы жасалды. Әбікей Сәтбаев «Алаш» партиясының құрылтай жиынына Ақмола және Семей облыстары атынан қатысты. Сонымен қатар, Семей земство басқармасының жұмысына қатысқаны жөніндегі құжаттар да сақталған. Солардың бірі – «Сарыарқа» газетінің қызметкері І. Әлімбековты босату талабымен кеңес өкіметі органдарына жазылған хат. Хатта: «Жетісу қырғыз (қазақ) тұрғындары адамшылыққа жатпайтын қуғын-сүргінге және жаппай қырғынға ұшырап жатқаны бізге жақсы мәлім. Осыны көре тұра, бізге заң және тұрғындарға жүктелген жұмысымызды тыныш жалғастыруға мүмкіндік болмай отыр. Біз азаптар мен қуғындарды бастан кешудеміз», – деп жазылған. Әбікей Сәтбаев – осы батыл хатқа қол қойған үшеудің бірі болды. [5,10]

Қортындылай келе, Әбікей Сәтбаев осындай үркердей аз топтың қатарынан табылды. Елдің болашағы тек білім мен ғылымның дамуында екендігін түсінген олар жанталасып халықты оқытуға кіріскен болатын. Әбікей Сәтбаевтың сол кезеңдегі қазақ қоғамы үшін барын салған сонымен бірге ұлт болашағы үшін аянбай алдына келген қыйындықтарға мойымай басын барлық қауіп қатерге тігіп болашаққа сара жол салып берген зиялыларымыздың бірі болатын. Соның ішінде осы тақырыпқа баса назар аудару себебіміз, тұңғыш елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бастар жол» мақаласын қолдай отырып өз өңіріміздің зиялы қауым өкілдерінің атқарған ерлігін бір саралап қарап өңіріміздің өзіміз білмейтін қыр-сырын танып біліп өсіп келе жатқан өскелең ұрпаққа аманат етіп қалдыру. Және бұл бастама өңірімізге деген патриоттық сезімізді одан әрі жандандырмаса сөндірмек емес. Бұл келер ұрпаққа сын сағатта өткенімізге бір көз жүгіртіп болашаққа деген сеніміз бен білігімізді арттырары анық. Сонымен қатар, қазақ қоғамы үшін Алаш қоғамының тарихта алар орны ерекше екенін ұғындыру десек артық айтқанымыз емес.

Әдебиеттер

1. ҚР ОММ-Ф. 81, Оп: 1, Д. 867. Списки преподавателей и отчеты Семипалатинского педагогического техникума за 1921–1925 годы. 86 стр.
2. Қазақ тілі газеті, «Алаш ардақтылары» 1923, 1 сәуір
3. ҚР ООМ-Ф 81, Оп: 1 Д 103. Списки ответственных работников и служащих с 11 августа по 19 октября 1921 года в ГубОНО, 38 стр.
4. »Алаш Орда» документтер жинағы, 1929 жыл
5. Сәрсекке М. Қаныш Елі. – Алматы: Жібек жолы, 1999.
6. Нухұлы А., Артықбаев Ж., Әміренов Р., Байбосын С., Қоғайбай Ж., Ұлағатты ұстаз – Сәтбаев Әбікей. – Павлодар: ПМПУ, 2019. – 330 б.

А.Г. Альшинбеков

студент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті


Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Г.К. Ракишева

КІТАП ЖӘНЕ ЖАСТАР: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚЫРМАНДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кітапхана – ғасырдан-ғасырға адамзат тарихының керуенін сүріндірмей әкеле жатқан, шырағы биік парасыттылық пен білімділіктің, байлық пен біліктіліктің киелі ордасы десек, бүгінгі кітапхананы дүниеде ештеңеге теңестірілмейтін білім бұлағы мен тәрбиенің қазығы дейміз [1].

Бүгінгі нарықтық экономикадағы халқымыз рухани қажеттіліктен гөрі, материалдық дүниеге көбірек көңіл бөліп жүр. Осы тұста адамдар бұрынғыдай кітап оқу дағдысынан айырылып бара жатқанын да байқап отырмыз. Сол себептен жастар еркін ойлауға, ауызекі тілде көркем сөздерді қолданып сөйлеуге мүлдем ұмытып қалғандығы бастағандай [2].

Соңғы онжылдықтың көрсеткіштері бойынша (1-інші сурет) [3], кітаптарды сату динамикасы азаюда.



Сурет 1 – Кітаптарды сатудың нәтижесінде пайда болған қаржылық қоры

Көріп отырғандарымыздай, әр көрсетілген жыл сайын адамдардың кітаптарды сатып алудың динамикасы төмендете түседі. Тек 2014 жылы болған қарқынды өзгерісті байқай аламыз, алайда осындай деңгейі,

өкінішке орай, әрі қарай сақталған жоқ. Оның басты себебі неде? Қанекей, қарастырып көрейік.

Жалпы, біз жастарды кітап оқымайды дейміз. Ал үлкендеріміз де күнделікті кітап оқуды байқап отырғандай сиретті. Ата-аналар көбісінің аузынан «Баламның тамағы тоқ, көйлегі көк, ал қатты керек болса, қалғанын оқып алу үшін оның өзінің де мүмкіндіктері бар», – деген сөздерді естіп қалып жүрміз. Осылайша жалғастырып кетсе, ұрпағымыздың болашағы не болмақ деп ойлайсыз [2]?

Социология ғылымдарының докторы, профессор айқандай, ата-ана күйбең тірлікпен жүетін болса, соны балалардың көздерінде рухани құндылықтарының қадірін төмендете түседі. Жастар тәрбиесіне әрқашан уақыт табу керек. Егер уақыт жоқ болса, меніңше, ол сылтау. Өте маңызды және қатты керек болса, уақытынды табасың деген ойдамын. Тағы да осыған ықпал жасайтын бір мән-жай – жастардың интернеттен біздің ұлттық менталитетімізге сай келмейтін фильмдерді қарап отыруы. Осындай түрлі фильмдер олардың дами жатқан мінез-құлқына көп әсерін тигізеді [2]. Жастардың рухани құндылықтары әлеуметтік желіде қалыптастырады деп есептеймін. Өйткені қазіргі жастар көп көңілінді интернетте жазылған нәрселерге бөледі [2].

Баланың кітап оқуға деген қызығушылығы ерте жастан басталуы керек, яғни ол отбасы тәрбиесіне тікелей байланысты [2]. Осынының маңызын біз төменгіде келтірілген суреттен [4] көре аламыз.



Сурет 2 – 12 жасқа дейін балалардың бос уақытта айналысқандығы (2017 жыл)

Балалардың көбісі (72%) он екіге дейінгі жаста бос уақытта теледидарды қарап отырады. Ал кітаптарды қолына алып өздері оқып отыратын балалардың саны 40%-дан кішкене ғана асады. Шынынды айтатын болсақ, ол өте аз. Себебі 12 жасқа дейінгі жастар, әлі кішкентай балалар болып есептеледі. Егер олар бесіктен бастап кітапты көрмесе, онда осындай жағдай әрі қарай жалғастыра береді деп ойлаймын. Себебі, 10–12 жасқа дейін балалардың мінез-құлығы қалыптастырады. Сондықтан да, кішкентай балаларды бүкіл нәрселерге бесіктен бастап үйрету қажет.

Осындай жағдайға өзіннің әсерін тигізетін тағы бір факторды келтіруге болады. Ол – кітаптың түрі. Кітаптың түрі дегеніміз – кітап заман талабына сай түрлі-түсті бояулармен безендірілген болуы тиіс. Ол баланың қызығушылығын оятуы қажет [2]. Өйткені басқаша кішкентай балалар осындай кітаптарға назар аудармайтын шығар.

Мектеп бағдарламасына сәйкес хрестоматиялық оқулықтарды оқу өте қатаң талап етілсе, баланың зейінін, ойлау қабілетін, қабылдауын, есте сақтау процесін арттыруға болады. Балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, оны осындай деңгейде сақтау үшін электронды оқулықтарды енгізу қажет. Осы электронды оқулықтар тек балалардың мен жастардың ғана емес, сонымен қатар үлкендердің де кітапқа деген қызығушылығын арттырады [2]. Әрі оны қолдану өте тиімді, ыңғайлы, қазіргі заман талабына сай болып табылады. Қазіргі кезде жастардың көпшілігі кітапханаларға өздерінің мамандығына, оқуларына қатысты ақпарат алу мақсатында барады. Ал көркем әдебиетті оқуға баратын жастар аз. Көркем шығармаларға қызықпаушылық қазіргі саны көп, сапасы жоқ кітаптардың көбейіп кетуінен емес пе? Сол арзанқол шығармаларды шығаруға тосқауыл қоюға бола ма [2]?

Көркем шығарма жастарға кемелденген ұрпақ пен жас ұрпақ арасындағы таптырмас көпір болып табылады [2].

Қорытындылай келе, қазақстанның оқырманды қалыптастыру үшін, әсіресе жастар арасынан, қолынан келетін жоғарыда айтылған нәрселер мен жағдайларды жасап тырысумыз керек деген ойдамын.

Әдебиеттер

1. Кітапханашы мен оқырман арасындағы этика [Электрондық ресурс] URL: http://psu.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=5489&Itemid=228&lang=kaz (датасы: 04.04.2020).

2. Ғаламтор және кітап ғұмыр [Электрондық ресурс] URL: https://www.inform.kz/kz/galamtor-zhane-kitap-gumyr_a2727948 (датасы: 04.04.2020).

3. С каждым годом казахстанцы покупают всё меньше книг [Электрондық ресурс] URL: https://express-k.kz/news/ekspertiza/s_kazhdym_godom_kazakhstantsy_pokupayut_vse_menshe_knig-137096 (датасы: 04.04.2020).

4. Дети. Медиapotребление. 2017. Отчёт Momri [Электрондық ресурс] URL: http://cyberpsy.ru/articles/children_media_2017_momri/ (датасы: 04.04.2020).

Ғ.Т. Амангелді

студент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

Ғылыми жетекшісі: тарих ғылым. канд., доцент А.Е. Каримова

ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРДЫҢ МОНШАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚҰБЫР ЖҮЙЕСІ

Батыс Еуропа халықтарының басым бөлігі орта ғасырларда қазақ жерінде дамыған қалалық мәдениет болды деген ғылыми пікірге мойынсынбай, күмәнмен қарайтыны хақ. Бірақ, 2003 ж. бекітілген «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарлама аясында көптеген археологиялық қазба жұмыстарына жол ашылып, нәтижесінде Қазақстанда ортағасырлық қалаларда әдемі сәулет ғимараттары, тұтас қалалық жүйенің болғанын дәлелдеуге мүмкіндік туды. Осы істердің басында белгілі археолог ғалымдары, әсіресе, жерлесіміз, егемендік символына айналған «Алтын адам» тарихи ескерткішін бүткіл әлемге паш еткен Кемал Ақышев және белгілі ғалым, көрнекті археолог Карл Байпаков болғандары баршамызға мәлім. Қазақ даласында Солтүстік өңірлерге қарағанда, Оңтүстік аймақтарда тарихи қалалар көптеп бой көтергені тарихи ақиқат. Оның ішінде: Тараз, Испиджаб, Түркістан, Отырар, сияқты қалаларды атап өтуге болады. Ортағасырлық қалаларда сәулет өнеріне жатқызатын зәулім ғимараттар қатарына моншаларды да жатқызуға әбден болады, әсіресе қазақ жеріндегі Ренессанс кезеңі деп айтсақ, артық емес, XI–XII ғғ. уақытың атап өтуіміз тарихи заңдылық болып табылады.

Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде салына бастаған моншалар Тараз, Отырар сынды үлкен шаһарларда бой түзеді. Монша салу тек жай ғана іс емес, қоғамдық құрылыстар кезегінде көрнекті орын алғаны мәлім. Ежелгі қалалардың ішінде Тараз қаласы монша салу технологиясын меңгерген бірден-бір елді мекен болды. Салыну техникасына тоқталатын болсақ, монша ішіндегі бөлмелер еден астына жүргізілген ыстық бу жүретін арналар арқылы жылытылған. Су моншаға арнайы жақын жерден қазылған құдықтан тартылған. Моншаның көлемдері әртүрлі болған. Бөлмелер саны 7–8 ге дейін жеткен моншалар бар деседі [1, 45 б.]. Бөлме қабырғаларында әртүрлі өрнектер мен безендірулер болғаны сол кезеңдегі Тараз қаласының экономикалық жағдайы жоғары болғанын көрсетеді. К. Байпаковтың пікірінше, Орта Азияға монша салу Жерорта теңізі жақтан келген делінеді.

Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда салынған моншалар жобасы крест үлгісінде дайындалған. Тараз моншасымен қатар салынған басқа моншалардың да іргесі сол үлгіде өрнектелген. Отырар қаласында да 11–12 ғасырларға тән моншалар табылған. Бұл ғимараттар шаршы кірпіштерден салынған. К. Ақишевтың айтуынша құрылымы мен табылған заттарға қарағанда қалалық моншаға ұқсайды дейді [2, 51 б.]. Оны сол жерде керамикалық құбырдың, су жинағыштың, адамдардың жуынуына

арналған екі ыдыстың, демалуға арналған бөлменің болуы дәлелдейді. Қалада моншаның болғанына тағы дәлел сол орындарда көптеп қыш ыдыстардың, сабын ерітінділерінің, орындықтар, жуынуға арналған үлкен ыдыстардың болуы. Зерттеушілер монша кем дегенде 100–150 жыл қызмет атқарған деп есептейді. Ортағасырлық моншаларды екі түрге бөлуге болады деп ойлаймын. Күнделікті қолданысқа арналған моншалар және қаланың мәртебесін көтеру мақсатында арнайы салынған үлкен моншалар. Сол уақыттарда қоғамдық моншалар тек Тараз, Отырар сияқты дамыған қалаларда салынатын болған. Оңтүстік өңірлермен қатар шығыс қалаларында да монша құрылысы ерекше орын алды. Қала халқының өмірінде монша мешіттен кейінгі адам көп баратын орынға айналды. Моншаның құрылысына қатысқан жұмысшылардың да жалақысы жаман болмаған деседі, себебі моншадан түсетін табыс көзі айтарлықтай жақсы болды. Осы орайда белгілі шығыстанушы И.А. Орбелидің «бүкіл Шығыстағы сияқты, Кавказда да монша – қала бастығы да, цехтық ұйымдар да, өзі үшін және өз достары үшін монша салған жеке бай кісілер де ерекше құрметке лайық. Себебі монша жуыну үшін ғана емес, сонымен қатар күш-қуатты толыстыру, бұзылған көңіл күйді көтеру үшін, демалу үшін, достармен кездесіп, достық әңгіме-дүкен құру үшін, сауда мәселесін шешу үшін және шахматтан немесе дойбыдан шеберлік көрсету үшін қызмет етеді» деген сөзі бар [3, 37 б.]. Менің ойлауым бойынша жауынгершілік қиын заманнан шаршаған адамдар бір мезет демалу үшін қоғамдық моншаларға келіп тұрған дұрыс деп шешкен. Кей деректерге сүйенсек моншалардың өзіндік емдеу орындары болған.

Ортағасырлық қалаларда монша құрылысымен қатар құбыр жүйесі кеңінен дамыды. Тараз қаласында су құбыр жүйесі болғандығын тағы да археологиялық қазба жұмыстары расқа шығарып отыр. Бұл қалада су Талас өзенінен саз құбырлар арқылы беріледі. Су екпінінің күштілігі сонша, ол тіпті қаланың ең шеткері бөлігіндегі үйлерде де бар. Мұндай жүйені жасаған қалада демек шебер қолөнершілер мен ұлы ғалымдар тұрса керек. Қалалық су құбырларының қалдықтары табылған уақыт, моншалардың мерзіміне сәйкес келеді. Су құбырлары қаланың орталық бөлігінен бастап барлық бөлігіне жеткізілген. Құбыр жалпы малта тастан жасалып, үсті топырақпен төселген тегіс таспен жабылған. Құбырға киілетін екінші құбырдың үзіктері қыштан жасалған. Су құбырына суды айдағыш бассейн арқылы жіберіп тұрған. Ең алдымен суды су қоймасына толтырып алған, кейін ол суды қыштан жасалған құбырлар арқылы қаланың шеткі аймақтарына дейін жеткізген. Қаланы сумен қамтитын құбырдан басқа, керек емес суларды шығаратын құбырлар да болған. Тараз қаласында су құбыры жұмысы 13-ші ғасырда тоқтатылды.

Ортағасырлық Еуропа қалалары тарихта көбіне Орта Азия қалаларынан карағанда алда дамыған деп көрсетіледі. Қазақ жеріндегі

қалалармен Еуропа қалаларын салыстыратын болсақ айырмашылық жер мен көктей екенін көре аламыз. Бірақ қала ішіндегі құбыр жүйесіне келсек Еуропа қалаларында канализациялық құбырлар көптеп кездеспеген, болмаған да деп айтуға болады. Оған бірнеше дәлел келтіруге болады. Қала ішінде еуропалықтарда үйлер бір-біріне өте тығыз орналасқан. Халық жарамсыз болған, яғни кір суларын жоғарғы қабаттан көшеге төгетін болған. Қолшатыр мен кең жиекті қалпақ еуропада пайда болғаны да осыған дәлел сияқты. Біз білетін қолшатырды жаңбырдан қолдану үшін қолданады, ал батыс елдерінің халқы көшеде кетіп бара жатырып үстіме біреу су төгіп жібермесін деп те пайдаланған. Ал, біздің аты тарихта қалған үлкен қалаларымызда арнайы қала тазалығын сақтау үшін, жарамсыз суларды бір бағытқа жіберетін құбырлар жұмыс жасаған [4, 27 б.]. Енді ойлап қараңыз біздің ортағасырлық қалалар таза болған ба әлде еуропалық қалалар ма? Осыдан кейін біз еуропа елдерінен қарағанда біздің қалалар әлдеқайда алда дамығанын көре аламыз. Еуропа елдерінде моншалар болған жоқ, қалаларға құбырлар жүргізілген жоқ, ал біздің қалалар дамудың алдында болды. Католик шіркеуі тазалықты күнә деп санап, христиандарға жуынуға тыйым салған. Оларда моншаға бару және денені күтіп ұстау ең үлкен қателік деп есептелінді. Олар себебі туылған кездегі денеге тиген қасиетті суды (крещение) шайып тастаймыз деп түсінді. Ортағасырлық Еуропада түрлі жұқпалы аурудың пайда болуы да тазалықтың жоқтығымен тығыз байланысты. Қала көшелерінде тазалық болмай, суды көшеге төгетін болған. Людовик IX-шы бірде көшеде келе жатып үстіне су төгіледі. Осыдайын кейін патша суды төгер алдында үш рет сақтан деп халыққа бұйырған. Көшелер қоқысқа толы болғаны соншалық жүру мүмкін болмай қалған. Қазіргі әйел адамдар сән деп киетін биік өкшелі аяқ киімдер еуропа көшелерінде қоқысты басып кетпеу үшін пайдаланылған. Ластықтан пайда болған оба ауруы еуропаның 3 тен 1 бөлігін қырып тастады. Бұл процесс 13 ғасырдан басталып 18 ғасырдың соңына дейін уақыт бара қайталанып отырды [5, 42 б.]. Қазақ жерінің қалаларында ондай мәселелер туындаған жоқ. Моншалар жұмыс жасауын тоқтатпады, қалада тазалық болды. Бұл нәрсе біздің ғылым, сәулет өнерінің дамуын алға тартады. Осы тұста бұл жағдайға діннің де өз ықпалын тигізгенін байқай аламыз.

Қорыта айтатын болсақ, қытай немесе еуропалық нәсілдегі шетел адамына Тараз, Отырар қалаларын көрсететін болсақ оның таңғалатынына күмән келтіре алмаймыз. Ол кездері қытай қалалары тек өздерінің ыңғайына қарай жасалған болатын. Яғни, қаланың тек қақпасы, түзу көшелері, үйлері ғана бар еді. Соған ұқсас бізде де бірқатар қалалар бар еді, бірақ Испиджаб, Отырар, Тараз шаһарлары мүлде ерекше. Ол қалалардың көшелері айнамалы. Гректердің, қытайлардың геометриялық түзу салынған қалаларынан бөлек. Нағыз шығыс әулетімен күрделі жоспар арқылы салынған. Көшелері кең,

халықтың сауда жасауына ыңғайлы, сумен қамтамасыз етілетін құбырлар жүргізілген. Қалада мешіттер, моншалар, демалыс орындары сияқты қоғамдық орындар болған. Өсіп келе жатқан жас буынға біз тарихи қалаларымыздың осындай ерекшеліктері болғанын, әлемнің ортағасырлық басқа қалаларынан артықшылықтары көп болғанын, сәулет өнерінің биік деңгейде дамығанын дәріштеп, олардың осы қалалардың әлі де ашылмаған құпияларын іздеуге құлшыныстарын оятуымыз керек. Қазіргі заманда жастарды тарихи қызық оқиғалармен қызықтыру қиын болып кетті. Сол себепті біз археологиялық қазба жұмыстарына жастарды жұмылдыра отырып, заттай деректер арқылы олардың қазақ елінің тарихына деген құлшынысын арттыру керекпіз!

Әдебиеттер

1. Свод памятников истории и культуры Жамбыльской области. 6 томов, 2010–2011 гг.
2. Акишев К.А. Древние и средневековые государства на территории Казахстана. – Алматы, 2013. – 192 с.
3. Байпаков К.М. Исламская археологическая архитектура и археология Казахстана. – Алматы: Археологическая экспертиза, 2012. – 284 с., 108 илл.
4. Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI – начало XIII вв.). – Алма-Ата: Наука, 1986. – 255 с.
5. Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана: Учебное пособие для студентов вузов. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 355 с.

Г.Т. Бекмұхамбетова

студент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

Ғылыми жетекшісі: тарих ғылым. канд., доцент А.Е. Каримова

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ БЕКІНІСТЕРДІҢ САЛЫНУ ТАРИХЫ

1731 жылы Әбілқайыр хан мен Кіші Жүз қазақтарының жиырма тоғыз ру басылары Ырғыз жерінде Ресейге одақ болуға ниет білдіріп, шартқа қол қойды. Бұл шарт – екі халықтың бірлігінің алғашқы қадамы болды. Бірақ екі ел арасындағы қарым-қатынас, аралас-құраластық бірден дамып кете алмады. Оған кейбір рубасшыларының орыс мемлекетінің шығыс (отарлау) саясаты, оны бірте-бірте қазақ жерінің төріне жақындата түсуі екі халықтың татулығына әсер етпей қоймады. Ресей әкімшілігі елді әкімшілік басқарудың жаңа жүйелерін жасап, билік етуді қолға ала бастады. Бұл жағдай қазақ хандықтары мен ел билеушілері тарапынан қарсылық, қақтығыстарды жиі тудырып отырды. Осы қақтығыстар патшаның қарулы күшімен жанышталып басылғанмен, орыс патшалығы халық дүмпуінен сескеніп және патшалық құрамына енді енген Кіші Жүзді одан әрі жаулап алу мақсатында Қазақстанның батыс аймағына әскери бекіністер сала бастады.

Жана қосылған жерлерді бекіту үшін сенаттық обер лейтенанты И.К. Кириллов басқарған арнайы Қырғыз-қайсақ экспедициясы құрылды. Бұл кейін Орынбор экспедициясы деп аталды. Ал оның ісін қадағалау Кіші Жүзді Ресейге қосу жоспарын сәтті орындағаны үшін тілмаштық қызметтен полковник дәрежесіне көтерілген А. Тевкелевке жүктелді. 1737 жылы И. Кириллов қайтыс болғаннан кейін Орынбор экспедициясы Орынбор комиссиясы болып қайта құрылды. 1735 жылы Орынбор бекінісінің құрылысы басталды. 1744 жылдан бастап ол Орынбор губерниясының, ал 1748 жылдан бастап Орынбор казак әскері бөлімдерінің орталығына айналды. Тек 1740–1743 жылдары ғана Кіші Жүз және Оңтүстік Орал аймағында: Воздвиженный, Рассыльный, Ильинск, Таналы, Уразым, Кизиль, Магнитная, Каракульск, Прутоярск, Нижнеозерск, Перегибенск, Усть-Уйск, Елманск, Красногорск, Губерлинск, Новосергиевск сияқты т.б көптеген бекіністер мен форпостар салынды [1, 54 б.]. Ал XVIII–XIX ғасырларда Орал, Калмыков, Желі, Елек, Николаевск, Торғай, Ырғыз бекіністері бой көтере бастады. Бұл бекініс желілері қазақтардың келісімінсіз салынып, олардың көші-қон жүйелерін бұзды және мал жайылымдарынан алынып бастады. XVIII ғасырдың 50 жылдарында Горький, Иртыш, Колыванск, Ишимск, Орск әскери желілері пайда болды. Осындай саясаттың нәтижесінде Жайықтан бастап Өскеменге дейінгі 3,5 мың шақырымды құрайтын тұтас бір-біріне жалғасып жатқан әскери бекіністер салынып, ол жерлерге казактарды қоныстандырды. Сондықтан бұл кезең әскери-казактық отарлаудың негізделуі болып табылады. Өйткені осы үрдіске қатысқандар негізінен әскери қызметкерлер мен казактар еді. Бұл жерде казактардың атқаратын қызметінің басты міндетін Ресей императоры былай айқындап берді: «Казак топтарына... империя шекарасын жақын орналасқан казак тайпаларынан қорғау, олардан тартып алынған жерлерге орналасу міндеті жүктелген. Біздің жерлерді алға қарай жылжыта беру керек!..» [2, 37 б.].

Патша өкіметі жергілікті халықтың ең шұрайлы жерлері мен жайылымдарын казактарға алып беріп, олардың жақсы өмір сүруін қамтамасыз етіп қана қойған жоқ. Сонымен бірге жергілікті халықтардың жеріне басқыншылық жасау арқылы оларды бір-біріне дұшпан етіп қойған еді. Қазак жерін отарлау саясатын пәрменді түрде Орынбор губерниясының бірінші губернаторы И.И. Неплюев жүргізді. Мұны дәлелдейтін құжаттар да жеткілікті. Мысалы 1742 жылы 19 қазанда ол казактарға Жайық өзені маңына көшіп қонуға тыйым салу туралы жарлық шығарды. Онда мынадай ескертулер жазылған: «Жарлықта көрсетілгендей барлық қырғыз-қайсақ хандарына, сұлтандарға, старшындар мен барлық халықтарға жар салам, бұдан былай осы жарлықты алғаннан кейін қамал маңында және Жайық өзенінің арғы бетіне көшіп-қонуға тыйым салынады. Егер ол бұзылатын болса қатаң жаза қолданылатын болады» делінген. Жайық бойында орналасқан казак әскеріне берген

бұйрығы туралы Орынбор губернаторы И.И. Неплюевтің Сыртқы істер коллегиясына берген хабарламасында: «Қазақтардың Жайықтың ішкі жағында көшіп-қонбауы үшін Жайықтың сол жағалауындағы даланы түгел өртеп жіберу керек» делінген [3, 43 б.]. Онда Жайық казак әскерінің Гурьев комендантына арнайы тапсырма беріліп, қазақтардың шапқыншылығынан сақтандыра отырып, Жайықтың арғы бетін күз айларында Каспий теңізіне дейінгі аралықты түгелімен өртеп жіберу тапсырылғаны туралы айтылған. Ал ол кезде Жайық бойында Жайық шебі, Каспий теңізі бойында Гурьев бекінісі салынып, қарқынды жұмыс істеп жатқан еді. Патша үкіметі бұл бекіністерді XVII ғасырда казак даласындағы керуен жолдарын қадағалау үшін және де қазба байлықтарын зерттеу мақсатында астыртын салдыртып өз ойларын іске асырып жатқан еді. Ал Кіші Жүз Ресей империясының қарамағына заңды түрде еңгеннен кейін, патша үкіметі Батыс Қазақстан территориясына қарқынды түрде бекіністер салып, казак әскерлерін отырықшыландыруды ашық түрде бастап кетті. 1735 жылы Орынбор бекінісі, 1771–1772 жылы Кулагин бекінісі, 1845 жылы Ырғыз, 1869 жылы Ақтөбе бекіністері бой көтере бастады. Солардың ішіндегі ең ірі Орынбор бекінісі мен Жайық шебіне нақтырақ тоқталып өтетін боламыз.

1620 жылы Ресей империясы Жайық казак әскер жасақтарымен бірге Жайық бойына Жайық әскери бекініс шебін құрды. Алғашқыда Еділден, Доннан, Теректен және де басқа батыс өңірлерден қашып келген шаруалар Жайық бойына қоныстанды. Олардың құрамында христиан дінін қабылдаған қалмақтар, башқұрттар, сонымен қатар түркі моңғол, иран тілдес халықтардың да өкілдері болды. Біртіндеп Жайық шебі бекіністерінде қоныс тепкен казактар Ресей империясының қолшоқпарына айналды, күшейіп келе жатқан Мәскеу үкіметінің жаулап алу соғыстарына белсене қатысты. 1629 жылы Қырым жорығына, 1677 жылы Чичиринге, 1687 жылы башқұрттарға қарсы, 1684–1685 жылдары тағы да Қырым хандығына қарсы, 1695–96 жылдары Азов жорығына белсене қатысты. XVIII ғасырда Жайық шебі бойында қоныстанған қарулы, әскери жүйеде қалыптасқан казактар Ресей империясының сойылын соғушы жазалаушы күшке айналды. 1708 жылы башқұрт халқының көтерілісін басуға, 1711 жылы Кубань ноғайларына, 1714–1716 жылдары И.Д. Бухгольцтың, 1717 жылы князь Бекович-Черкасскийдің жорықтарына ат салысты [4, 75 б.]. 1783–1797 жылдары Сырым Датұлы бастаған көтерілісті басуда Жайық шебі казактары басты рөл атқарды. 1811 жылы 11 наурызда император Павел I жарлығынан кейін Жайық шебі казактарының казактарға қысымы күшейді. Жайықтың бойындағы Магнитная, Сахарная, Мергеновская, Жайық қалашықтары казактардың өзеннің оң жағалауына өтуіне тосқауыл болды. 1868 жылы 21 қазандағы «Уақытша Ереже» Жайық шебінің казактарды қудалауына кең жол ашты.

Қазақты жан-жағынан бекініс салып қыспаққа алған соң, малдарынан айырылып, тіршілігі құрдымға түскен қауымның ашу-ызасы жиналып, көтеріліске ұласты. Ол аздай қазақ даласын басқару үшін бірнеше генерал-губернаторлыққа да бөліп тастады. Әрбір губернаторлыққа патша тағайындаған өкілі басқарды. Осы тұста Батыс Қазақстан территориясы Орынбор генерал-губернаторлығының құрамында болды. Орталығы Орынбор қаласы болды. Қала негізінен 1735 жылы патша үкіметінің қазақ даласына салғызған ең ірі бекіністерінің бірі болды. 1735 жылы 15 тамызда И. Кирилов бастаған экспедиция Жайықтың сол жақ жағалауына, Ор өзенінің құяр сағасына бекініс сала бастады. 1740 жылы Татищев сауда керуендері түнейтін, үлкен әскери күштер орналасу керек деп жоспарлаған қамал орнын қолайсыз деп танып, «Орынборды» 200 шақырым Жайық ағысымен төменірек салуға рұқсат сұрады. Сөйтіп, қазіргі Қызылту станциясының іргетасы қаланды. Бірақ, 1742 жылы жаңадан тағайындалған губернатор И.И. Неплюевке бұл жер ұнамай, 1735 жылы Кирилов іргетасын қалаған Ор өзенің сағасын бекініс орны болып қала беру керек деп Сенатқа ұсыныс тастайды. Сөйтіп, 1743 жылдан бастап Орынбор бекінісінің негізі түпкілікті қалана бастайды. Бекініс екі ел арасындағы жаз айларында сауда жасайтын ірі сауда алаңына айналды. Сауда алаңының Орынборға және қазақ даласына қарайтын екі үлкен қақпасы болды. Бекіністегі жергілікті халықтың жағдайы нашар болды. Патша үкіметі қара халықтан салық үстінен салық жинап, онсызда жағдайы нашар қазақтың хәлдерін одан әрі әлсірете түсті. Бекітілген салық жүйесі бойынша әрбір түтінге 1 сом 50 тиын мөлшерінде салық төленді. Оған қоса линиялық казактарға жалданып жұмыс істеу үшін қазақтардың орыс әкімшілігіне билет бағасы ретінде 15 күміс ақша, билет алу уақыты өткізіп алған жағдайда 30 күміс ақша төлейтін болды. Патша үкіметі тек бұл салықпен ғана шектеліп қойған жоқ, одан бөлек баж салығы, мал басынан салық жинап тұрды. Ал қыс кезінде әрбір ру соғым салығын төледі. Кей мәліметтерге сүйенсек, Ресей империясының қазынасына 4 млн-нан астам пайда түскен [5, 56 б.]. Бұл дегеніміз патша үкіметінің жандайшаптары халықты негізсіз тонауының көрінісі деп білеміз. Бекіністің негізгі халқын қазақтардан бөлек, орнығып қалған казак әскелері, башқұрттар, татарлар, орыс мұжықтары құрады.

Қорытындылай келе патшалық Ресейдің қазақ даласына қалдырған «таңбалы тастары» – ол бекіністер болды. Өмір бойы мал шаруашылығынан өзге шаруаны көзге ілмеген, ғұмырын аттың жалында, түйенің қомында өткізген, сиыр сауып, қой қоздатып күнелткен қазақтардың қасиетті жерін шектеп, жан-жақтан қыспаққа алып, бой көтерген бекіністер әрине ең бірінші әскери мақсатта болды. Қазақтардың даласына бекіністерді салу патшаның саясаты болды. Ол қазақ даласын жаулап алуды көздеді. Қазақтарға барынша қысым көрсетіп, құлша бағынышты болғанын қалады. Әрине, бұл құйтырқы

саясаттың қазақтарға шектірген зардабы аз болмады. Бірақ тигізген бірқатар пайдалы жақтары да болды. Бекіністер салу арқылы қыс қыстауда, жаз жайлауда, көшпелі өмір сүріп жүреген қазақ халқын отырықшыландырды. Сауда байланыстарын кеңейтіп, көптеген сауда орталықтарын ашты. Сол сауда желілері арқылы қазақ жеріне батыс мәдениеті ене бастады. Бекіністердің салынғандығының бір пайдасы – олардың көпшілігі кезінде бекініс-қамал ретінде пайда болып, қазіргі күнге үлкен қалалардың алдыңғысы болып жетіп отыр. Олар: Жайық бекінісі – қазіргі Батыс Қазақстан облысының орталығы Орал қаласы, Гурьев бекінісі – Атырау қаласы, Ақтөбе бекінісі – Ақтөбе қаласы, ал Алаштың алғашқы астанасы болған Орынбор бекінісі бүгінгі таңда Ресей Федерациясының, Орынбор облысының орталығы. Бұндай бекіністер тек Қазақстанның батыс бөлігінде ғана емес, басқа да аймақтарында көптеп салынды. Оларда Тәуелсіз Қазақстанның сәні мен көркі келіскен алып шаһарларына айналып отыр.

Әдебиеттер

1. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. – 456 б.
2. Ескекбаев Д. Орынбор қазақтары. Тарихи-этнографиялық зерттеу. – Алматы: Ғылым, 2001. – 185 б.
3. Материалы по истории политического строя Казахстана. Т.1. – Алма-Ата: Ғылым, 1960. – 289 с.
4. Жиренчин К.А. Политическое развитие Казахстана во второй половине XIX – начале XX вв. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 258 б.
5. Қабылдинов З.Е., Қайыпбаева А.Т Қазақстан тарихы (XVIII ғасыр – 1914 жыл): Жалпы білім беретін мектептің 8 сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2008. – 154 б.

А.К. Есенкүл

студент, Павлодарский государственный педагогический университет

Научный руководитель: к.и.н., доцент А.С. Молдакимова

О НЕКОТОРЫХ ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИХ АСПЕКТАХ ВОПРОСА ПРОИСХОЖДЕНИЯ ЖУЗОВ

На протяжении изучения истории Казахстана одной из актуальных проблем остается вопрос о происхождении жузов. Целью данной статьи является рассмотрение истории жузов в контексте значимых, по мнению автора, научных работ историков как прошлого, так и современности. Подходы и методы рассмотрения ими нашей темы многогранны, отсюда и следует такое разнообразие мнений.

Так, наш современник Ю. Зуев предположил, что ясности в определении побудительных мотивов распределения казахов по трем объединениям нет: более того, складывается впечатление, что и установившаяся в

науке последовательность Малый-Средний-Большой навеяна значением этих слов, а не рассмотрением их этнической семантики. А поскольку отсутствие источников не позволяет оторваться от гипноза самих слов, приходится признать проблему, зашедшую в тупик [1, с. 65]. Такой взгляд на проблему еще раз подчеркивает ее актуальность.

Если обратиться к более ранним исследованиям, то В. Бартольд отмечал, что узбекские казахи уже в начале XVI в. были могущественным народом, имевшим своих ханов и нередко одерживавшим победы над своими соплеменниками, владевшими Самаркандом и Бухарой. Мы не имеем точных сведений о том, как произошло распадение этого народа на три орды: Большую, Среднюю и Малую (или Старшую, Среднюю и Младшую), из которых каждая имела своего хана. Кочевья этих орд располагались в порядке с Востока на Запад (Большая занимала самую восточную часть степи, Малая – самую западную). Помимо этого, у Бартольда мы находим сведения о названии жузов и, в целом, о самоназвании казахов. Орды получили свое название не по числу принадлежавших к ним кочевников (Малая орда была самой многочисленной), а по старшинству входивших в их состав родов. К казахам всех трех орд русские неправильно отнесли не принадлежавшее им название киргизов (сами казахи до сих пор никогда себя так не называют) и в отличие от настоящих киргизов называли их «киргиз-кайсаками», причем слово «кайсак» является только искажением слова «казак» [2, с. 405].

Отсутствие источников, как было отмечено выше, привело к тому, что дальнейшее изучение возникновения жузов стало больше опираться на устную традицию. И здесь мы наблюдаем своего рода разделение по принципу подходов исследований жузов.

Это подтверждается и в работе А. Левшина, где он также говорит о невозможности точно определить, когда и каким образом это произошло. К сожалению, происшествие сие остается для нас тайною, мы не имеем никаких источников для определения оного. Все, что мы знаем о нем, заключается только в предании народном, которое говорит, будто бы один из сильных ханов казахских разделил весь свой народ между тремя сыновьями, и что удел старшего назван Большою ордою, удел второго – Среднею, а удел младшего – Меньшею [3, с. 165].

Имеется также очень интересное предположение у А. Левшина, связанное с «сильным ханом». Иные киргиз-казахи говорят, что предки их с древнейших времен составляли один народ турецкого племени, раздробившийся на три отдельные орды только потому, что хан его Орус, или как некоторые называют его, Акнияз, разделил свои владения между тремя сыновьями. Орус, или Акнияз сей, был, по их мнению, сначала полководцем ногайского хана Улянты, жившего скоро после Тамерлана, в окрестностях Урала, Илека, Ори, но потом отказался от повиновения Улянте, покорил несколько разных отраслей турков и монголов, сделался

над ними самовластным государем и занял все, ныне принадлежащие потомкам его, земли [3, с. 147].

Здесь у А. Левшина мы видим два нелогичных факта. Во-первых, то, что сильный хан, чингизид оказался в подчинении ногайцев. Во-вторых, если связать Орус хана, представленного Левшиным, с правителем левого крыла Джучи, то Урус хан жил в 1361–1378 годах и правил в улусе Джучи в 1374–1375 годах. А Тамерлан жил в 1336–1405 годах. Соответственно, мы видим, что хан Орус, указанный Левшиным его источником, не мог жить после Тамерлана. Поэтому, скорее всего, эти сведения оставим как версию.

Источниками для его труда стали материалы, по большей части относящиеся Западнему Казахстану, так как А. Левшин, по долгу своей службы, а именно, получив назначение в Оренбургскую пограничную комиссию, занялся разбором архива киргиз-кайсацких (казахских) дел.

Известный поэт Ш. Кудайбердыулы, живший в восточном Казахстане, в своем труде «Родословная тюрков, киргизов, казахов и ханских династий» говорит, что «...после того как хан Аз Жаныбек отдал казахов в подчинение чагатайским правителям Кашгарии, казахами и другими кочевыми племенами правил сын Жунус-хана Ахмет-хан, брат его Жанеке (настоящее имя Махмуд) сидел ханом в Ташкенте. Ахмет-хан составил из казахских джигитов войско для войны с калмаками, которое разбил на три крыла и назвал их: Великий (Старший) жуз, Средний жуз и Младший жуз» [4, с. 47]. Ахмад хан же, указанный Ш. Кудайбердыулы, был правителем Могулистана.

Исходя из вышеизложенного, мы видим, что в Западном Казахстане остались исторические материалы Ногайской орды, а в Восточном Казахстане – Могулистана.

Важным аспектом вопроса о жузах является их иерархическая основа: Старший, Средний и Младший, что вызывало и вызывает до сих пор разногласия и споры.

По мнению Мухамеджана Тынышпаева, жузы, или Орды, имеют более древнее происхождение и относятся ко временам Батыя. По Лен-Пули-Стенлю, номинальным главой улуса Джочи считался старший сын Орда-Ежен (так называемая Белая Орда, занимавшая восточную часть улуса). Это старшая линия. В нее входили джалаиры, канлы, другие более мелкие роды – это Старшая Орда, «самому младшему сыну Токай-Темиру достались Кавказ и Крым, откуда собственно и вышли первые казахи, или ногаи, главную массу которых составляли Алчыны. Таким образом, на западе утвердилась западная линия – это Младшая Орда», «в промежутке между владениями Ода-Ежена и Токай-Темира находились владения средних сыновей – Батыя и Шейбака, а по смерти последнего батыевца остался только дом Шейбака. На этом пространстве кочевали кыпчаки, конраты, мангыты, ширины, барины – это Средняя Орда» [5, с. 150]. Здесь тоже есть, конечно, некоторые моменты, с которыми можно

не согласиться, в частности определения границ улусов. Это, в первую очередь, касается территорий, доставшихся Токай-Темиру.

Совершенно другой подход к настоящей проблеме можно увидеть у С. Асфендиярова, который в действительности объясняет образование трех казахских жузов историческими условиями кочевого хозяйства. В Казахстане, с точки зрения условий для пастбищно-кочевого хозяйства, имелись три естественных области: западная его часть – с зимовками на берегах Урала и других степных речек запада и летними стойбищами на северо-востоке (современный Актюбинский район); средняя часть – с зимовками на Сары-Су, Чу и в низовьях Сыр-Дарьи и летними стойбищами по Ишиму, Тоболу и Иртышу и, наконец, восточная – современном Джетысу и в восточной части бывшей Сыр-Дарьинской области [6, с. 99].

Такое видение возможно только лишь в состоянии спокойной, кочевой жизни, не обремененной войнами, нападениями, захватами. В связи с этим свою точку зрения на время появления жузов представляет С. Акимбеков. Так, по его мнению, если взять за основу XVII век, то на его начало при Есим хане жузов еще нет, а в конце века при правлении хана Тауке – есть. Отсюда следует, что ориентировочно жузы появляются в середине XVII века. Но этот период нельзя назвать спокойным.

Тем самым Султан Акимбеков считает, что разделение общества на три жуза не следует рассматривать как разъединение. Речь, скорее, идет о форме объединения родственных племен. Это произошло на основе сильного из них Казахского ханства в процессе достижения политического компромисса. Решающую роль при этом сыграли два основных фактора. Первый – неблагоприятное внешнеполитическое положение (в первую очередь, для тех, кто происходил из Моголистана и Ногайской Орды), связанное с гибелью этих двух государственных образований. Второй – существовавшего на тот момент Казахского ханства. Достаточно большая степень внутренней гибкости данного государственного объединения позволила найти форму совместного сосуществования родственных племен-выходцев из развитых политических структур, таких как Ногайская Орда и Моголистан [7, с. 600].

В своих исследованиях С. Акимбеков приходит к выводу, что именно объединение трех родственных народов разных государств против нависшей угрозы со стороны джунгар и калмаков сыграло роль в становлении жузов. И племена, бывшие в Моголистане, взяли имя Ұлы жүз, потому что они являются потомками Чагатая – хранителя Яссы. А Средний жуз это казахи, потомки Джучи. А Младший стал так называться благодаря тому, что там правители были потомками Едыге, нечингизидов. Но это все, по мнению ученого, было в то время формальностью и не имело практического смысла, у власти оставались потомки Джаныбека и Керейя – Джучиды. Это было вызвано необходимостью достижения одной цели – выжить, и никто не спорил по этому поводу. Этот подход

является новым, вполне логичным и дает пищу для последующих исследований.

Таким образом, рассмотрев некоторые направления в изучении происхождения казахских жузов, мы столкнулись с весьма большим разнообразием точек зрения историков. Сходство во мнениях прослеживается лишь в том, что отсутствуют источники, которые бы пролили свет в изучении проблемы. А изыскания ученых больше дают информации о теориях возникновения жузов, связанных с геополитическим расположением, менталитетом, образом жизни, этногенезом и так далее. Что, естественно, делает тему происхождения жузов открытой для изучения и дальнейшей дискуссии.

Литература

1. Зуев Ю.А. Историческая проекция казахских генеалогических преданий: К вопросу о пережитках триальной организации у кочевых народов Центральной Азии / Казахстан в эпоху феодализма (проблемы этнополитической истории). – Алма-Ата: Наука, 1981. – С. 63-78.
2. Бартольд В.В. История изучения Востока в Европе и России. Сочинения. Том IX. – М.: Наука, 1977. – 966 с.
3. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.
4. Шакарим Кудайберды-улы. Родословная тюрков, киргизов, казахов и ханских династий. – Алма-Ата, 1990. – 120 с.
5. Тынышпаев М. История казахского народа. – Алматы, 1998. – 221 с.
6. Асфендиаров С. История Казахстана (с древнейших времен). – Алматы, 1998. – 304 с.
7. Акимбеков С. История степей: феномен государства Чингисхана в истории Евразии. – 3-е издание. – Алматы, 2018. – 912 с.

К.Е. Жайлау

ПМПУ ТД-21 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Г.К. Ракишева

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ

Қазақстандық қоғам өзінің тәуелсіз жылдарында дамуы мен әлеуметтік-экономикалық құрылымының жаңа заңдары бойынша ұйымдастырып отырған. Соның ішінде, бұқаралық ақпарат құралдар жүйесіне де талай өзгерістер енгізілген. Бұқаралық ақпарат көздеріне газет, журналдарды ғана жатқызуға болмайды. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат көздері бұл теледидар, радио және қоғамға белгілі әлеуметтік желілер. Бүгінгі мақалада қозғалатын тақырып бұқаралық ақпарат құралдар тарихы, соның ішіндегі теледидар және журналистика тарихы болып саналад. Тәуелсіздік жылдары журналистика мен өзге қоғамдық құрылымдар арасында жаңа қарым-қатынас механизмі пайда

болып, журналистиканың рөлі мен қызметі өзгерді. Тіпті оған төртінші билік деген атақ берілді. Қоғамның түрлі, әрі қарама-қайшы дамуында журналистика біріншіден қоғамдық, әлеуметтік және экономикалық өзгеріс құралы болса, екіншіден бұқаралық ақпарат көздерінің ең басты құралдарының бірі болатын.

Бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішінде теледидар арқылы жаңалықтар тарату-қоғам көзқарасын қалыптастыруда басты құрал болып табылады. Теледидар үнемі заман ағымына сай өзгеріп отырады.

Маған беріліп отырған тақырып өзекті болғандықтан, барлық нәрсені ашық және нақты факт бойынша дәйектемелерді негізге ала отырып, өз мақаламды Павлодар баспасөзінен, теледидар тарихынан бастасам деймін. Жалпы, Павлодар облысындағы аймақтық теледидардың қалыптасуын «Қазақстан-Павлодар» телеарнасының қызметінен айқын көруге болады. Қазақ ССР Министрлер Кеңесі 1961 жылы 28 ақпанда Павлодарда телеорталық құрылысын салу туралы шешім қабылдады. Яғни, осы жылдың көктем айында ғимараттың құрылысы басталып, мұнараны монтаждау басталды. 1965 жылы 7 қарашада Павлодар телестудиясы тұңғыш рет бірінші бағдарламасын эфирге шығарды. 1966 жылға дейін студия эфирге аптасына 2 рет шықты. 1966 жылдың 1 қаңтарынан бастап хабар тарату көлемі ұлғайды. Ал 1971 жылы маусым айында республикалық телевидение хабарлары техникалық сынақтан өткізілді. 1979 жылы Қазақ КСР-де бірінші рет Павлодарда біртіндеп түрлі-түсті телехабарлар беруге көшу жүзеге асты. 1983 жылы қажетті жабдықтар толық жеткізілді. Түсті телевидені бүкіл Павлодар облысы көре бастады. 80-жылдың бас кезінен-ақ студияның өндірістік алаңдары кеңейтілді. Павлодар студиясы республикада ең мықтылар қатарына аталады, онда еңбек ететін журналистерге республикалық маңызы зор жауапты хабарлар таратуды жүктеді. 1983 жылы студия толығымен түрлі-түске көшті. Ал 1987 жылы телеорталық «Перспектива» түрлі-түсті жабдығының жаңа түріне ие болды. 1990 жылы телевидение үшін айтулы оқиға болды. Телевидения 25 жылдық мерей тойын атап өтті. XX ғасырдың 90-жылдары студияны техникалық қайта жарақтау жүзеге асырылды. Сапалы бейнетүсірілім жасау, эфирге материалды жедел беру үшін портативті аппаратура пайда болды. 90-жылдардың аяғы мен 2000 жылдардың басында телевидение компьютерлері, оның техникалық мүмкіндігі кеңейтілді, шығарған өнім сапасы артты. 2002 жылы Павлодар телестудиясында цифрлық (сандық) телевидение көшті. Көп зеттеушілер соңғы 10 жылда аймақтық телевидениенің қарқынды дамып келе жатқанын, әрі жақсы қалыптаса түскенін алға тартады. Келтірілген мәліметтер Павлодар телевидениесінің қазірге дейінгі құрылған тарихи даму деңгейі.

Бұқаралық ақпарат құралдарының, телевидениенің бүгінгі жағдайына келетін болсақ, «Қазақстан-Павлодар» телеарнасын қазіргі таңда облыс тұрғындарының тоқсан алты пайызы осы бағдарламаны

тамашалайды және бұл өз кезеңінде үлкен жетістіктердің бірі. Күн сайын «Қазақстан-Павлодар» телеарнасының эфирінде журналистермен дайындалған түрлі тақырыптар мен саналуан бағдарламалар шығады. «Қазақстан-Павлодар» Павлодар мен Ақсу және осы қалаларына жақын орналасқан елді мекендеріне хабар таратады.

Қорытындылай келе, мақалада тілге тиек еткілген Павлодар қаласының баспасөз тарихы бұл жас ұрпаққа берілетін мәліметтердің бірі. Жас ұрпақ және де, қала тұрғындары осындай мәліметтер арқасында өз қаласының тарихын біліп жүрсе нұр үстіне нұр болары сөзсіз. Бұқаралық ақпарат құралдарының қай қайсысының болмасын өзіндік тарихы бар және әр қайсысы өз алдына қиындықпен құрылып қазіргі таңда өз істерінің биік шыңдарына жеткен деп айтсам артық айтпағаным болар еді.

Әдебиеттер

1. Насимов М.О., Саткенов Д.А. Жоғары оқу орнындағы тәрбие жұмысын дамытудағы басым бағыттар // Молодой ученый. – 2014. – №1-2. – С. 67-68.

2. Насимов М.О., Паридинова Б.Ж. Ақпараттық қоғам шарттарындағы тәрбие беру мәселелері / Сборники конференции НИЦ Социосфера.– 2013.– №40.– С. 37-38.

3. Паридинова Б.Ж., Абдуова Ж.К. Жаңа қазақстандық патриотизмнің қалыптасуы мәселелері / Сборники конференции НИЦ Социосфера. – 2013. – №56-2. – С. 89-90.

4. Еңсепов А., Паридинова Б.Ж. Жоғары мектептегі оқытудың инновациялық технологиялары / Сборники конференции НИЦ Социосфера.– 2013.– №32.– С. 89-91.

7. Паридинова Б.Ж., Бегалиева Қ.Б. Әлеуметтік-экономикалық даму шарттарындағы білім мен

5. Насимов М.О., Паридинова Б.Ж., Абуталип А. Н. Тәрбие берудегі бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі // Молодой ученый. – 2014. – №4.1. – С. 30-31.

К.Е. Жайлау

ПМПУ ТД-21 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Г.К. Ракишева

ЭКСТРИМИЗМ – ЖАСТАР КӨЗІМЕН

Қазір әлемде діни жағдай күрделеніп барады. Халықтың тұтастығы мен дін тұтастығы және мемлекет тұтастығы арасында бірегей қатынас немесе байланыс бар деседе болады. Осындай оңтайлы сәтті пайдаланған, жымқырғы әрекеттерімен ел ішінде өзара бүлік салып, қарапайым халықтың оңы мен солын тануға мүмкіндік бермей жатқандар қаншама. Олардың енді біреуі ұлттық діндер атын жамылып жүрген теріс ағымдар болса келесісі өз саясаты үшін дінді пайдалып, өз кәсібін тұрпайы жолмен алып жүргендер. Басқа халықты, ұлтты қойғанда қазақ халқының санасына қырық руға емес, қырық дінге бөлуге атсалысып жүргендер қаншама. Өмірлік бағдарын әлі айқындай қоймаған жастар осындай ойындардың құрбаны болуға оңтайлы сәт.

Құдайсыздықты дәріптеген Кеңес үкіметі Қазақ елін 70 жыл бойы осы құрсауда ұстап келді. Енді міне Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін ислам дінімен қайта қауышты. Олай деуімнің себебі Қазақ елі Кеңес үкіметі болмай тұрып сонау Қарахан, Қыпшақ тайпасы болған кезден бері ислам дінін өзіне жақын ұстаған еді. Тәуелсіздікті алдық, ислам дінін ұстандық, енді бұдан асқан бізге қандай бақыт бар. Бірақ, алдымызда әлі қандай қиыншылықтар күтіп тұрғанын әсте білмедік. Жалпы дін атын жамылып, діни-ұлттық бірегейлікке сыни пікір қалдырып жүрген жат ағымдарды мақсат бағыттарына орай екі топқа жіктеуге болады. Олардың біріншісі бұл- дін тазалығын тек өздерімен ғана байланыстырып, ұлттың дәстүріне сыни тұрғыда қарап оның ішінде қазақ дәстүрін діндеріне қарсы қойып жүрген ағымдар; екіншісі бұл- прозелитизммен белсенді айналысып, ата дінімізден ажыратуды мақсат еткен, кей жағдайда дін атын жамылып, мақсаттары теріс пиғылды жат ағымдар. Бұл дін атын жамылып тұрған, нақты айтқанда ислам атын жамылып тұрған, «эксримизм мен терроризм» еді. «Эксримизм» өз алдына анықтамалық нұсқада қалыптасқан қоғамдық нормалар мен мемлекеттік ережелерге қатысты радикалды түрде терістеу арқылы әрекет жасайтын топтар немесе жеке тұлғалар ісі ретінде қарастырылады. Атап өтуге тұрарлық жай, алғашқыда ішкі саяси ахуалдараға қатысты экстримизмнің кейінен сырқы саясатқа да ықпал ете бастауы. Мысал ретінде алсақ, 1953 ж. Иерусалимде құрылған «Хизб-ут-Тахрир» (Бостандық партиясы) өз-әрекеттерін орта-азиялық мемлекеттерде, Қытайдағы Циньцзян – Ұйғыр автономиясында, Азербайжан жерінде жүргізуде. Соңғы деректерге сүйенсек олар енді Ресейдің мұсылмандық ұстанымдағы жерлерінде қанат жаюда. Сонымен қатар аталмыш ұйым тек қана Орталық Азияда емес Еуропа жерінде баршылық. Осы мысалдарды көріп-ақ, бұл түсініктердегі діни реңнің өзі-ақ басқалардың алдында потенциалды деңгейдегі террористер мен эксримистер ретінде мұсылмандардың теріс бейнесін қалыптастыратыны анық. Сөйтіп, ұлы діндердің және әлемдік мәдениеттің қозғаушы күштерінің бірі болып саналатын мұсылмандық ілімге орны толмас залал келтіруде. АҚШ-ның қазіргі кездегі терроризммен барлық қолда бар құралдар арқылы күрес жүргізуге бет алған шешімді әрекеттері ең алдымен мұсылман мемлекеттеріне қарсы қолданудағы күш көрсету қалпы ретінде бірінші кезекте солардың арасындағы қарама-қарсылықты ниеттерді тудыртуда. Ол өз алдына нақтылы қақтығыстарға әкеп соқтыруы ғажап емес. Ондай мүмкіндіктердің шарттары ретінде АҚШ-да жасалған террористік шабуылдарға қоса мұсылмандық елдер мен халықтардың АҚШ антитеррористік операциясына деген наразылықтары куәлік бола алады. Ауғанстан территориясында жүргізіліп жатқан әскери операцияларға қарсы наразылықтарын Индонезия мен Малазия сияқты ендірі ашық көрсетіп үлгерді. Сирия өз мемлекетінің жерінде АҚШ әскерлерінің бұдан ары қалуына төзбейтіндігін мәлімдеді. Көптеген мұсылман

елдерінде, әсіресе, АҚШ одақтастары болып келген Түркия мен Пәкістанда қарсылық акциялары болып өтті. Американың іс-әрекетімен келіспейтіндерін мұсылман емес мемлекеттер – Моңғолия, Үндістан, Қытай т.б. жариялауы мұсылман әлемінің оларды өз жақтаушылары ретінде қабылдауларына мүмкіндік берді. Бұл аталмыш «экстримизм» мәселесінің тек бір ғана қыры. Сан түрлі қыры бар бұл ұғым түптеп келгенде саясат, дін, халық, әлем, мемлекет сынды терминдерге үлкен қауіпін туғызуда. Жалпы, мен экстремизм ұғымына жалпы сипаттама және қазіргі қоғамдағы жағдайына ғана баса назар аудардым. Экстримизмнің өз ішіндегі топтарға бөлінуі, оларды ұстанған адамдардың сырт келбеті туралы тақырыптарға бөлек тақырып қозғаған дұрысырақ шығар.

Енді, Қазақстандағы экстремизмге тоқталсақ. Бұл арада қосарымыз кей ғалымдар мен саяси тұлғалар экстремизм Қазақстанда жоқ деп ойлауы. Оған мысал Н. Масановтың «У политического ислама в Казахстане нет перспектив» атты мақаласының жариялануы. Бірақ мен бұл оймен қосылмаймын, себебі, Алматы, Ақтөбе, Астана, Атырау, Тараздағы оқиғалар тізбегі экстримизм мен терроризмнің бір ұшы бізге де келді дегенді білдіреді. Экстремистердің қоғамға қауіптілігі, әскери және саяси күштермен, құқық қорғау орындарымен шынайы қақтығыстары елімізде де бүлдіргіш күштердің бар екенін белгілеп берді. Осыған орай қазір Мұсылман ұйым басқармасы түрлі қоғамдық жерлерге, мектептер мен ЖОО-на барып теріс жолға түспей үшін қандай шаралар жасайтынын дәріптеуде. Бұл дегеніміз- теріс ағымға көбіне бағыт-бағдары жоқ жастар тез түседі деген сөз. Жалпы, Қазақстанда халықтың көпшілігі өзін белгілі бір дінмен немесе басқа дінмен байланыстырады. Оның ішінде 70%-ы исламмен, 26%-ы христианмен. Соның ішінде жастар жағы да бар. Қазіргі кездегі жастар санасының діни құндықтарға деген көзқарасын сандар арқылы да білуге болады. Статистикаға қарағанда жастардың 8,8%-ы өздерін мінәжат етушілер қатарына жатқызса, 41,2%-ы өздерін мінәжат етушілерге санағанымен, діни өмірге тікелей араласпайды. Осы екі топ діни сенімге берілгендердің 50%-ін құрайды. Ал 15%-ы діни өмірге мүлдем араласпайды, бірақ діндар адамдардың діни сезімдеріне силастықпен қарайды.

Қорытындылай келе ХХІ ғасырдағы қиыншылықтар, діни ахуалдар басқада жат діннің пайда болуы жаңадан қалыптасып келе жатқан мемлекеттерге зиянын тигізері анық. Біз бүкіл әлем болып экстремизм мен терроризмді түпкі тамырымен жұлып, мұсылман емес елдерге ислам дінінің адамға, қоғамға қатысты жағымсыз ой-пікірлерлерінен күштеп емес, өз еріктерімен, ой-санасымен бастартқанын, енді исламды теріс пиғылды адамдардың өз меншігіне айналмауына атсалысуымыз қажет. Сонымен қатар, жат ағымға кірген жастар білімділікпен шыңдалып, сауатсыздықтан арылғаны абзал.

Әдебиетгер

1. Бекишев К.О., Шайхығалиев Е.А. Дінтану негіздері. – Алматы, 2017. – 388 б.
2. Бүгінгі басты қатар-діни ағымдардан / Жас қазақ. – 2009. – 28 қантар. – 2 б.
3. Ералы Е. Ұлттық тәрбие және дін мәселесі / Мәдени мұра. – 2012. – №4. – 93-94 б.
4. Қамзабекұлы Д. Дін туралы пайым: сөз бен істің арасы. – 2014. – 6-7 б.

А.А. Жилкибаева

студент, Павлодарский государственный педагогический университет

Научный руководитель: старший преподаватель Г.М. Тохметова

ВКЛАД АРТЕМИЯ ДЁРОВА В РАЗВИТИЕ КРАЯ

Город Павлодар располагается на пойме реки Иртыш в Северо-Восточной части Казахстана. Является центром Павлодарской области. Основан в 1720 году под названием Коряковский форпост на Иртышской линии русских военных укреплений. Коряковским он назван благодаря тому, что был построен рядом со складом соли, добываемой на Коряковском озере. Преобразован в город и переименован в Павлодар в 1862 году. В истории города есть много уважаемых людей, которые сделали вклад в развитие Павлодара, одним из таких людей стал купец Дёров, именно о нем пойдет речь далее.

Артемий Иванович родился в 1856 году в Владимирской губернии. В Павлодарский уезд попал среди первых переселенцев в начале 70-х годов XIX в. Артемий Иванович родом из семьи бедного крестьянина – мордвина Ивана Дёрова, отец умер в дороге, после чего его жена с детьми была вынуждена остаться в Павлодаре, где Артемий устроился батраком у мелкого торговца мордвина по фамилии Инчин. В Павлодаре в это время жил тюменский купец – миллионер Семен Дмитриевич Козьмин, Артемий Иванович работал у него приказчиком, после чего стал зятем, женившись на дочери купца Ольге.

С периода с 1886–1896 г. избрался городским головой, то есть являлся главой города Павлодар. Благодаря своим заслугам 10 июля 1896 года указом императора Николая II и по приказу Степного генерал-губернатора барона М.А. Таубе от 8 августа 1896 года Дёрову Артемию Ивановичу, купцу 1-й гильдии, было присвоено звание «Почетного гражданина города Павлодара».

Наряду с благотворительной и меценатской деятельностью Артемий Иванович первым начал заниматься разработкой Экибастузского каменноугольного бассейна. В молодости имел неудержимое рвение к горнозаводской деятельности, увлекался трудами Александра фон Гумбольта, путешественника, изучавшего рудные богатства Прииртышья и Ивана Петровича Кирилова, молодого исследователя минералов Баянаула. С поддержки тестя создал предприятие на базе Экибастузского месторо-

ждения. Построил железную дорогу от Воскресенской пристани (ныне город Аксу) до Экибастуза, осуществил ее телефонизацию, начал выплавлять цветные металлы.

Его стремление привлечь иностранный капитал в освоение недр своего края в дальнейшем оказалось успешным. За учеными шли рудозвцы, геологи, определявшие месторождения полиметаллических руд и угля. В 1895 году благодаря протекции приближенной к императорской семье княгини Стеблен-Каменской сумел наладить контакт с будущими французскими инвесторами.

Вскоре началась добыча угля. Он нужен был Омску и Павлодару. О Кузбассе известно ничего не было. Омск надеялся на Экибастуз. Путешествовавший в 1896 году по новостроящейся дороге министр путей сообщения, князь Хилков пожелал заглянуть и лично убедиться в реальности рудных предприятий. Пароходом «Зайсан» он прибыл на Воскресенскую пристань (ныне город Аксу) и направился в Экибастуз. Тогда министр встретился с большой группой известных людей Павлодара и имел большую беседу с Артемием Ивановичем.

А.И. Дёров не упустил случая в беседе с министром затронуть вопрос дальнейшего строительства железнодорожной ветки Воскресенская пристань – Экибастуз с тремя станциями. На семь тысяч населения Павлодара в начале XX века уже было полтора десятка купцов-миллионеров.

24 мая 1901 года в Павлодаре произошёл крупный пожар распространившийся из-за сильного ветра. Сгорела самая важная, самая большая и богатая часть города. Немногим удалось сохранить свое имущество, удачей было то, что пожар не случился ночью, человеческих жертв не было. Нельзя умолчать о том, что после пожара была организована помощь жертвам пожара, инициатором которой был священник Александр Михайлович Павлов, председатель церковно-приходского попечительства. Особенно крупные пожертвования поступили от Николая Артемьевича Дёрова, сына Артемия Ивановича.

В 1896 г. выстроил в Павлодаре огромный торговый дом по проекту архитектора П. Батова. Это была одна из самых больших по длине и объёму построек купеческой части города. Торговый дом является довольно крупным сооружением, в настоящее время памятником купеческой архитектуры, построенным в стиле так называемого сибирского «модерна» с характерными декорами и розетками. Сегодня дом представляет собой значимый памятник архитектуры и является гордостью всего Павлодара.

Торговый дом располагался на улице Телеграфной, которая в 1899 году была переименована в улицу Владимирскую, ранее улица носила название Торговая – из-за большого количества располагавшихся здесь торговых рядов, в 1919 году была переименована в улицу Ленина. Ныне носит название Астана. Свой торговый дом Артемий построил недалеко от берега реки Иртыш, чтобы смотреть из окон дома на реку, на его суда

с грузом, проходящие по реке. Для этого на крыше здания построили смотровую башню.

В настоящее время Торговый дом купца А. Дёрова, соединенный с домом Филатова, размещает экспозиции областного краеведческого музея. Основателем музея был фотограф, краевед Дмитрий Поликарпович Багаев, в годы своей юности Д.П. Багаев работал у Артемия Ивановича, и не раз вспоминал о том, что ему повезло устроиться на службу к «знаменитому доброму купцу Дёрову».

Вскоре выяснилось, что добыча угля в Экибастузе требует вложения новых средств. Уже в 1900 году предприятие Дёрова остро стало нуждаться в деньгах для выдачи зарплаты рабочим и служащим. Рабочие проявляли недовольство. Забастовка началась в сентябре 1902 года и продлилась до декабря, а потом вспыхнула снова в июне 1903 года.

Чрезвычайно тяжелое денежное положение заставило правление «Воскресенского горнопромышленного общества» в 1903 году созвать в Петербурге совещание с присутствием авторитетных людей, принимавших участие в изучении запасов и качества местного угля. Задача правления состояла в том, чтобы доказать рентабельность месторождения и возможность обеспечить его топливом иртышские пароходы, Омскую железную дорогу, обширную территорию Сибири. Тем самым Дёров рассчитывал добиться от правительства денежной помощи.

Несмотря на то, что нужда в угле была большая, дешевизна его вполне доказана, и все выступающие подтвердили важность предприятия, в выдаче ссуды в 2 миллиона рублей Дёрову было отказано.

Безысходные финансовые дела заставили Дёрова заключить с Омской железной дорогой договор на поставку угля на крайне тяжелых для него условиях. Однажды в Омск был доставлен уголь, взятый с верхних слоев его месторождений, плохого качества, непригодный для топки паровозов. Железнодорожники его забраковали, поскольку зола разъедала и истирала металл в топках, вела себя как агрессивный химикат.

По этой причине управление железной дороги подало на Дёрова иск. Суд вынес решение в пользу транспортников, согласно которому все имущество «Воскресенского общества» было передано им.

За бесценок с торгов пошли деревянные постройки, дома, мебель и другое имущество. Все, что принадлежало «Воскресенскому обществу», перешло в собственность Омской железной дороги. Затем английские предприниматели перекупили у нее имущество Дёрова.

Вскоре добыча угля в Экибастузе возобновилась, заработала и Воскресенская пристань. Артемий Дёров трезво оценил свое положение и почувствовал, что в Павлодаре ему делать больше нечего.

Горнодобыча подорвала его коммерцию. Остатки торговли он передал близкому помощнику купцу Стахею Охапкину, остальные дела ликвидировал. Свой дом, стоявший в начале Полуяновской улицы, Дёров в 1909 году подарил под открывающееся 2-классное русско-казахское учи-

лице с интернатом на 60 мест. Преподавание в нем велось на казахском языке, а русский изучался. В нем получали первоначальное образование дети коренного населения, среди которых было немало способных юношей. Так, в 1914 году это училище с отличием закончил будущий великий казахский геолог Каныш Сатпаев.

Дёрову шел шестой десяток, жена умерла, оставив его с шестью детьми. В 1910 году Почетный гражданин Павлодара Артемий Иванович Дёров отбыл с семейством в Москву и затерялся там. С того времени ничего не известно о нем и его потомках.

Если главный коммерческий проект Дёрова потерпел фиаско, во многом не по его вине, а в связи с отсутствием поддержки государства, то дела общественные и благотворительные шли у него куда лучше.

Несмотря на занятость, Артемий Иванович умудрялся активно заниматься общественной деятельностью. В 1886–1896 годах он занимал пост городского головы Павлодара, на свои средства выстроил здание городского училища (в нем и сегодня находится педагогический колледж), ряд каменных зданий, церковь, организовал городскую общественную библиотеку. При этом он был попечителем многих учебных заведений, председателем «Общества трезвости» и почетным мировым судьей.

Н.У. Жумакулова

студент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

Ғылыми жетекшісі: тарих ғылым. канд., доцент А.Е. Каримова

АЛЖИР ЛАГЕРІ ӘЙЕЛ ТҮТҚЫНДАРЫНЫҢ ӨМІРІ МҰРАҒАТ ҚҰЖАТТАРЫНДА

XX ғасырдың аяғы Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін тарихты қайта жаңарту, зерттеу жұмыстарын жүргізу, бұрынғы өткен тарихты қайта жазып шығу қолға алынды. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен ел мәдениетінде, білім саласында көптеген өзгерістер болды. Сол кезеңде тарихшы ғалымдар, ұстаздар XX ғасыр ортасындағы Сталиндік құғын сүргін кезеңін қайта зерттеп, Ел тарихына шындық парақтарын енгізді.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі тарих сахнасындағы ең бір үлкен бастама Сталиндік дәуірдегі Лагерлер жүйесін зерттеу, мұрағат деректеріне енгізу, ғылыми тұрғыда жаңаша көзқарас қалыптастыру болды. Атап айтсақ АЛЖИР, КАРЛАГ лагерлеріндегі тұтқындарының санын нақтылап анықтау, лагердің Қазақстан жерінде құрылу мәселесі тағы басқа да мәліметтерді кең түрде жариялау еді.

АЛЖИР, КАРЛАГ лагерінің тарихнамасы сол кезеңде лагерде азап шеккен әйелдер мен тұтқында отырған ер адамдардың өз жазбаларынан

бастау алады. Тіпті сол кезеңнің өзінде шетел азаматтары да Кеңес үкіметіндегі мұндай аяусыз тағдырға дұшар болған лагер тұтқындары туралы жаза бастаған. Кейіннен АЛЖИР, КАРЛАГ лагерінің ашылу тарихының шындығы жарияланады. Қазақстан тарихымен қоса, басқа да шетел тарихында өз орнын алып отыр. Өйткені АЛЖИР лагерінде азап шеккен әйел азаматшалардың басым көпшілігі басқа ұлт өкілдері болған [1, 956].

1930 жылдары Сталиндік кезеңде тарихтан белгілі қазақтың біршама азаматтарының көзін жою, абақтыға қамау, жер аудару жүзеге асырылған. 1937–1938 жылдарда ғана алпыс мыңнан астам қазақтың ұлт зиялылары тұтқындалып, Сібірге көптеген азаматтарымыз жер аударылды. Оларға «шетелдің тыңшысы», «Алашордашы интеллигенция», «ұлтшыл» сынды айып тағылып, соттағанын соттап, атқандарын атып, сол кезеңде көбін Сібірге жер аударды. Жер аударылғандардың қатарында Әлихан Бөкейханов, Сәкен Сейфуллин, Ахмет Байтұрсынов, Тұрар Рысқұлов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Бейімбет Майлин, тағы басқа қазақтың арыстай біртуар азаматтары бар еді. 1936 жылы ОГПУ-ды басқарушы Г.Ягоданың орнына қыркүйек айынан бастап Н. Ежов келген болатын [2, 4].

Орталық Комитеттен 1937 жылы ... тез арада ниеті түзу емес адамдарды қамап, ату үшін «үштік» құру туралы тапсырма тағайындалады. Сол кезеңде «үштіктің» құрамына жергілікті патрия комитетінің хатшысы, НКВД-ның бастығы мен прокурор кіретін болған. Берілген тапсырманы Ягода мен Ежов жүзеге асыруды тездеткен. Бойы не бәрі бір жарым метрден сәл ғана асатын, тек бастауыш білімі ғана бар Ежов 1923–1924 жылдары Семей губкомында жауапты хатшы, ал, 1925–1926 жылдары Ф. Голощекин бастаған Қазақ өлкенлік комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болған. Қазақ қоғамын ол жақсы білетін [3, 109].

1930 жыл мамыр айы КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі Қазақстанда Еңбекпен түзету лагерін яғни, «ҚазЕТЛаг» құру туралы қаулы қабылдайды. Келесі жылы 19 желтоқсан күні «Гигант» деп аталатын кеңшар ОГПУ-ға тікелей қарайтын «Қарағанды еңбекпен түзеу лагері» болып қайта қалпына келтіріледі. Тарихта оны қысқаша «КарЛаг ОГПУ» деп атаған. «Қарағанды еңбекпен түзету» лагерінің бас басқармасы «Долирское» селосында орналасады. «Долинское» селосы «ГУЛАГ»-тың қарамағына тікелей бағынады. Сол кезеңде «Карлаг» орналасқан аумақ батыстан шығысқа екі жүз шақырым, ал солтүстіктен оңтүстікке дейін үш жүз шақырымды болды [4, 26].

1937 жыл 3 шілде Ежов Ішкі істер халық комиссариаты бастығына, ГУЛАГ бастығы Берман қол қойған шифограмма бойынша Ішкі істер халық комиссариатының Батыс Сібір бойынша басқармасының бастығы Мирова, Қазақстан ішкі істер халық комиссары Залинге тапсырма жүктейді. Тапсырмада «26 нүкте» деп аталатын орыннан тікенек сыммен

қоршау орнатып, күшейтілген түрде күзет орнату туралы айтылады. 1937 жылы үшінші желтоқсан күні КСРО Ішкі істер халық комиссариаты номері 00758 бұйрық шығарады. Бұйрықта «26 нүктеде» еңбекпен түзету орнын ашу көзделеді. Құжаттарда бұл жер «лагер» деп көрсетілмеген, жай ғана «26 поселок» деп жазылады. Тарихта осылайша КСРО Ішкі істер халық комиссариатының Ақмоладағы арнайы бөлімінде «АЛЖИР» ге қатысты қазақша тарқатып жазсақ «Отанын сатқандардың әйелдеріне арналған Ақмола лагері» құрылды. Тұтқындар бұл лагерді «АЛЖИР» деп атады [3, 110].

Сонда әр бір әрпін әліптесек «Акмолинский лагерь жен изменников Родины» деген мағынаны білдірді. Осы кезең жаппай құғын сүргін өршіген кезең болды. КСРО XVI съезінде Сталин «Бұл репрессия – шабуылдың қажетті элементі болып табылады» деп жариялаған соң жазықсыздан жазықсыз түрмеге қамау басталды. Аз ғана уақыттың ішінде Қарағандыда орналасқан «Карлаг» та он екі мыңнан астам әйел адамдар тұтқындалды. Лагерге алып келу барысында әйелдердің ауруы да, екіқабаттығы да, кішкентай сәбилерінің бар болуы да құтқара алмады, аяусыз бәрін лагерге алып келді. Жоғары үкіметтің пайымдауынша әйелдер күйеулерінің көзқарастарын қолдайды, сондықтан олар да қауіпті адамдар деген тұжырым жасаған. Лагерге алып кетіп, түрмеге қамау аяқ асты тұтқиылдан жүзеге асыралған. Әйелдер керек заттарын да алып үлгермеген, туған туыстарымен де қоштасып үлгермеген, жас балаларына қарауға мүмкіндікте бермеген [5, 7].

Осылайша, қазіргі Ақмола кезінде аяусыз құғын сүргіннің нағыз ошағына айналды. Сталиндік заманның сол кезеңде талайдың өмірін тозаққа айналдырған 953 лагердің үшеуі Елімізде құрылды. КСРО да жалғыз әйелдер тұтқындалған, атынан адам шошырлық «АЛЖИР» лагері еліміздің тарихында қалып отыр.

Тарих Ақмола облысының бұрынғы Малиновка, қазіргі Ақмол ауылында болған Ақмола лагері жайлы ұмытқан жоқ. Бұл орын XX ғасырдағы адамзат трагедиясының үнсіз куәгері ретінде әлі де тұр [5, 7].

Қазір ГУЛАГ-тың бұрынғы аралдарында жаппай террорлардың азабын тартқандар мен құрбандарына арналған ескерткіш қабырғалар мен обелискілер қойылған. Біздің азаматтарымыздың арманы мен үміттерін ғайыпқа сталиндік террордың қаһарлы дауылымен бірге әкеткен бұрынғы лагерлерден іс жүзінде ештеңе де қалған жоқ [6, 221].

ТМД елдері мен Қазақстан қалалары бойынша ғылыми экспедициялар барысында 13 мыңнан астам жинақталған материалдар негізінде журналдар, кітаптар, «АЛЖИР» тұтқындары мен олардың ұрпақтарының естеліктер жинақтары жарыққа шықты [7, 73].

2014 жылдың мамырында «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешені Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай «АЛЖИР» тұтқындары мен олардың балаларының «Algir. Qorqinisti tustey... Kak strashnyi son...» атты естеліктер жинақ кітабын шығарды.

5 бөлімнен тұратын жинаққа «АЛЖИР». Естеліктері; «Алжирліктердің» естеліктерінен; «Алжирліктердің» ұрпақтарының естеліктерінен; БАҚ «АЛЖИР» туралы; Мұражай қызметкерлері «АЛЖИР» туралы. Естеліктер жинағы негізгі және ғылыми-көпшілік қорлардың негізінде таңдаулы мақалалар, халықтың басынан кешірген зобалаң уақыт куәгерлерінің естеліктері кірді. Ақмола лагері тұтқындары Г. Майлина, Г. Қожанова, Г. Серебрякова, З. Тналина, Л. Русланова, Д. Жүргенева, Р. Плисецкая, У. Куленова, Е. Тухачевская, Л. Головнялардың айтқан әңгімелері [7, 74].

2012 жылы Астананың 15-жылдық мерей тойына қарсы, мұражай қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу жұмысы кезінде жинақталған материалдардан «Елбасының бастамасымен ашылған еді» атты бірінші каталогы жарық көрді. Каталог «Алаш және қазақ зиялылары», «АЛЖИР» лагері тарихынан», «ГУЛАГ-тың балалары», «Халықтарды жер аудару», «30-жылдардағы ашаршылық», «Азаттықтың азапты жолы» бөлімдерінен тұрады.

2010 жылдың мамырында мұражай ұжымы «АЛЖИР» – тарих пен тағдырлар» мәдени-ағарту журналын шығарды.

2011 жылы, мұражай Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20-жылдығына орай «ALAZH-ALZHIR» екітомдық кітабын шығарды. Кітаптың «Алаш» атты 1-ші томына қазақ мемлекеттілігінің тарихы, еліміздің мемлекет және қоғам қайраткерлерінің алғашқы толқынының көрнекті өкілдері – «Алашорда» партиясының, тәуелсіз және біртұтас Түркістан идеясының көшбасшылары туралы материалдар енгізілді [8, 17].

Алжир туралы тек 20 ғасырдың 80-жылдарының соңында ғана ашық айтылып, жазыла бастады. Ол жөнінде деректі «АЛЖИР» фильмі түсіріп, «Кебенек киген арулар» пьесасы жазылған болатын. Жәдігерлердің жеке бір бөлігі «АЛЖИР» тұтқындарының балаларына арналуы орынды. Ол туралы жоғарыда айтылды. Бейкүнә сәбилерде аналарымен бірге жапа шекті. Сол жылдардағы тергеушінің кабинеті өзінің сұрқымен адам денесі түршігетіндей кейіпте. Шағын жертөлелердегі тұрмыс көрінісі, тұтқынға алынғандардың жеке заттары, қуғын-сүргін құрбандары балаларының хаттары мұражайда орналасқан. Жалпы қуғын-сүргін жылдарының алғашқы ескерткіші осыдан жиырма жыл бұрын Малиновка, қазіргі Ақмол ауылындағы құс фабрикасының қарапайым қызметкері Любовь Егоровна Дроботаның тікелей араласуымен жасалған «Қақ айырылған жұлдыз» кешенінен бастау алатынын айта кетуіміз керек [2, 48].

Қазақстан жерінде жазықсыз жазаға ұшырағандарға арналған лагерьлер қатарына Карлаг (Қарағанды еңбекпен түзеу лагері), Степлаг, ЧСИР – отанға опасыздық жасағандар отбасыларының мүшелеріне арналған лагерлер болып табылады. Кейіннен ол «Алжир» – халық жаулары әйелдерінің Ақмола лагері болды [3, 112].

Қорыта айтқанда «Алжирде» репрессия құрбандарының әйелдері, аналары, қыздары азап күндерін өткізді. Зұламат құрбанына ұшыраған әйелдердің аянышты тағдырлары кімді болса да бейжай қалдырмайды. Сонау 1937-ші жылы ПХК-нің арнайы бұйрығымен салынған Ақмола халық жаулары әйелдерінің лагері он бес жылға жуық тозағы ісеттес болған. Сол уақыт аралығында бұл жерде 20 мың нәзік жандыларды қинауда ұстаған екен. Темір тордың ар жағында 1 мың 507 нәресте дүниеге келіп, олардың басым көпшілігі аштық пен суықтың құрбаны болды. Сталиндік репрессия кезінде қазақ халқының басшылық қызметтегі азаматтары мен қоғам-қайраткерлері болып жүрген бір туар азаматтары және, ақын жазушыларының аналары, жарлары, балалары жазасын өтеді. Осынау саяси репрессияның зауалы халқымыза аса ауыр да қайғы-қасірет әкелді. Тәуелсіз Қазақстанда 1998 жылы «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» деп жарияланып, ашаршылық, репрессия жылдары туралы бұқаралық ақпарат құралдарында көптеген мақалалар жарияланып, игі шаралар ұйымдастырылды, тоталитарлық идеология әшкереленді. Лагерде азапты күн кешкен аналарды білген сайын ет жүрегің елжіреп, өзегің өртенбей тұра алмайсың. Қуғын-сүргінге ұшыраған аналарымыздың қайратты, қайсарлы, сабырлы, өжет те мінездерін саралай келіп, өмірге деген құштарлығын, аналық мейірімін көрсете білді. Осындай батылдықты, батырлықты, шыдамдылықты, көзбен көре оқып талдай келе сөзбен де жеткізу өте қиын.

Әдебиеттер

1. Мақат Д.М. Қазақстандағы тоталитаризм және саяси қуғын-сүргін тарихы. – Астана: Фолиант, 2006. – 157 б.
2. Дильманов С., Кузнецова Е. Карлаг. – Алматы: Фонд «XXI век», 1997. – 12 с.
3. Тасымбеков А. Жан даусы, АЛЖИР архипелагы. – А.: Ғылым, 1994. – 123 б.
4. Шаймуханов Д.А., Шаймуханова С.Д. Карлаг. – Караганда, 1997. – 175 с.
5. Махат Д.М. Қазақ зиялыларының қасіреті. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. – 304 б.
6. Айбын. Энциклопедия / Бас ред. Б.Ө. Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 880 бет.
7. Қойгелдиев М. Зұлматқа ұрындырған жол // Егемен Қазақстан. – 1992. – 22 маусым.
8. Тасымбеков А. Жан дауысы: АЛЖИР архипелагы. – Алматы: Ғылым, 1994. – 120 с.

Ж. Кабзолдина

студент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

Ғылыми жетекшісі: тарих ғылым. канд., доцент А.Е. Каримова

КӨШПЕНДІЛЕРДІҢ КИІМ ҮЛГІЛЕРІ ТАРИХЫНАН

Орталық Азия мен Қазақстан халықтарының костюмдері өзінің бүкіл тарихында мәдениет пен тұрмыс жағдай секілді кез келген басқа құбылыстар сияқты үнемі өзгеріп отырды. Алайда, ол дәстүрлі өткенге қатысты элементтерді сақтап қалды, бір немесе басқа халықтың тарихи даму процесінде қалыптасқан этникалық ерекшеліктерді ескерді. Оның аумағында болған күрделі этникалық процестер аймақтағы халықтардың костюмін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды, мәдениеттің жалпы дамуына да әсер етті. Біздің дәуіріміздің басындағы тарихи очерктерде сақтардың, түріктердің қалай киінгендерінің сипаттамаларын таба аламыз. Сол дәуірде біздің жерімізге көп саяхат жасаған арабтар, еуропалықтар, қытайлықтардың суретемелері бар. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған артефактілер арқасында ата-бабаларымыздың қалай өмір сүргені мен қалай киінгенін анықтауға болады. Ежелгі түркі тайпаларының (сақтардың) теріден жасалған киімдерді (теріден жасалған пальто), жұмсақ аяқ киімдер – жалпы, қиын көшпелі өмірде бәріне ыңғайлы болатын киім кешектері болғаны бегілі [1, 78 б.].



Сурет 1. Сақтардың ерлер костюмі



Сурет 2. Сақ әйелінің костюмі (суреттер ғалатор желісінен алынған)

Тарихшылар атап өткендей, түріктер «ат үстінде ұйықтаған», яғни өмірлерінің көп бөлігін жолда өткізген. Ол кезде әйелдер еркектерден кем түспейтін, киімдері де атқа мінуге бейімделген. Ақ киізден жасалған жоғары ұшты бас киімдер, былғарыдан немесе өздігінен тоқылған матадан жасалған ілмек тәрізді бас киім, металл бляшкалармен безендірілген, былғары белбеу, былғары шалбар және киіз етік – бұл сақ жауынгерінің костюмінің көрінісі. Металл белбеулерді тек безендіру

ғана емес, сонымен қатар қауіпсіздік үшін де қызмет еткен. Аң стилі деп аталатын әртүрлі жануарлардың фигуралары түріндегі қымбат металдардан жасалған декор – сақ мәдениетінің басты мұраларының бірі.

Сақтардың мұрагерлері көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын ғұндар, сақтар сияқты батыл жауынгерлер мен білікті шабандоздар болды. «Олар былғары киім киеген. Олар сырмақ үстінде отырып, киізбен жамылған» – деп ежелгі тарихшылар ғұндарды сипаттаған. Түріктер арасындағы кейгіз жаңа сапаға ие болды – киіз үйдің құрылыс материалы болды. Қыста жылы және жазда салқын бола отырып, бұл үй заттарын жасау үшін тамаша материал болды. Түріктер жүнді шебер және жіңішке қылып иірген. Одан: киім, аяқ киім, бас киімдер тіккен.

Ұлы Жібек Жолының пайда болуымен және тұрақтылықтың алғашқы белгілерінің пайда болуымен басқа мәдениеттердің бас киімдер, киім, аяқ киім, аксессуарларының түрлері, пішу нысандарын пайда болды. Сонымен қатар, пайдаланылған материалдардың ауқымы және оның түс спектрі кеңейде. Киімде киізден басқа, өздігінен тоқылған түйе жүні мен жіңішке былғары, мақта, жібек және зығыр маталар қолданылады. Өндіріс технологиясы және киім безендіру техникасы жетілдірілуде Қазақтың ұлттық костюмінің қалыптасуына көрші халықтардың дәстүрлі киімдері әсер етті [2, 131 б.]. Ұлы дала кеңістігінде пайда болған қазақтың ұлттық киімінде көршілес түркітілдес халықтардың – өзбектер, қырғыздар, түркмендер, қарақалпақтар, Алтайдың киім элементтері болған.

Көбіне қазақтар киім тігу үшін былғары, үлбір, жіңішке киізді қолданған – ежелгі уақыттан бері бұл аталар түрі малшылар қолында болған, ауланған жануарлардың жүні ерекше бағаланған. Теріден жүн, пальто, жеңсіз күртешелер, бас киімдер, қыстық шалбарлар және басқа да сыртқы киімдер тігілді. Жүннен киім жасау өнерінде қазақтар шеберлердің шеберлері болып саналды. 1582 жылы «Китаб-И Тауарих-И Падиша-Хан-И» кітабында түрік авторы Сейфи қазақтардың өмірін суреттеп: «олардың кафтандары қой терісінен жасалған, бірақ әртүрлі түстермен боялғандықтан асыл атлас секілді көрінеді, жасалған кафтандарды Бұхара қаласына әкеліп, сол жерде атлас бағасымен сатады, олар соншалықты әдемі әрі сымбатты» [3, 64 б.]. Қазақтар ақ жүннен жасалған киімнің көптеген түрлерін тігетін. Кейін олар Ұлы Жібек Жолының бойымен Үндістан мен Қытайдан келген саудагерлер жеткізетін мақта, жібек, атласты, барқыт, парчадан тігілетін киімдерді тіге бастады.

Ерте ортағасырлық қазақтардың дәстүрлі костюмі қарапайым халық пен ақсүйектер арасында бірдей киім-кешектердің – жеделер, әйелдер көйлектері, бас киімдер, шапандар, аяқ киімдердің болуымен сипатталды. Әлеуметтік және кландық айырмашылықтар тек пайдаланылған материалдардың құны, декордың қанықтылығы және киім мен әшекей-

лердің санына байланысты болды. Сонымен, бай қазақтар, өздерінің артықшылығын атап өту үшін, кез-келген ауа-райында бірден бірнеше шапан киіп жүрді, төменгі жағынан – қарапайым және жоғарыдан – қымбат, әдемі безендірілген. Ежелгі заманнан бері қазақтар киім оларды жұмбақ және қауіпті әлемнің әсерінен қорғайды деп санайтын, сондықтан киімнің ең «осал» жерлері – мойын, жеңдер мен жамбастар, бөліктердің түйіні ою-өрнектермен безендірілетін болған. Осы мақсатта әйелдердің бас киімі – «кимешек» де кесте немесе өрнекпен тігілген. Сол жақта киім иісі дәстүрі де болған [4, 76 б.]. Айтпақшы, бұл дәстүр бүгінгі күнге дейін бар – әдетте қарт адамдар сол жағына иісі бар киім киеді.

Қазақ костюмінің негізгі белгілері:

- Жынысына қарамастан киімнің сол жақ қырына қарай сәл ашылып тігілуі;

- Фит;

- Көбінесе қауырсындармен, кестелермен және асыл тастармен безендірілген биік шляпалардың болуы;

- Әйелдер киімдерін шашақтармен, шашақтармен немесе фрездермен байыту;



- Костюмнің жалпы ансамбліндегі түстердің аз саны;

- Әдетте киімдер ұлттық ою-өрнектермен безендірілген. Көбінесе бұл кесте, лурекс патчтары, өрнектелген маталар, сондай-ақ әртүрлі зергерлік бұйымдар.

Киімнің дәстүрлі материалы әдетте былғары, үлбір, жұқа киіз және қой немесе түйе киіздері болатын. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басы Орта Азия – Қазақстан аймағы үшін дәстүрлі киімнің күйіне жанама түрде әсер еткен үлкен саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер кезеңі болды. Бұл капиталистік дамудың алғышарттарын құрған, сауда қатынастарының мүмкіндіктерін кеңейтіп, сауда алмасу көлемін арттырған Ресейдің ықпал ету аймағына Орта Азия мен Қазақстанды қосу кезеңі болды. Осы кезеңдегі

Ресейден келетін зауыттық маталардың ағымы киімге қолданылатын маталардың ассортиментіне, костюмнің түс схемасына, әрлеу сипатына және тіпті тігінге әсер етті. Өңірде тігін машинасының пайда болуы, әсіресе XX ғасырда, бұрын қолмен тігілген киімдердің өндірісін төңкеріп, декорация ретінде түрлі-түсті көркем тігістердің, ең алдымен киімнің жаңа түрлеріне – жеңсіз камзолдардың таралуына ықпал етті.

Сонымен қатар, осы кезеңде Қазақстан мен Орта Азияға «еуропалық» жаңа киім үлгісі енді. Мұның бәрі XX ғасырдың басында өткенге қарағанда аймақ халықтарының дәстүрлі костюмдерінің келбетін айтарлықтай өзгертті [5, 112 б.]. Осылайша, елдің саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайындағы өзгерістер дәстүрлі костюмде көрінді, бұны этнографтар жеке байқады.



Женге тігілген кесте үлгілері

Халықтардың киіміндегі өзгерістер бұрыннан болған, бірақ қазіргі кезде зерттеуші оларды әрқашан халық тарихындағы белгілі кезендермен байланыстыра бермейді, әсіресе өзгерістердің табиғаты туралы аз білетіндіктен. Костюмдердегі жалпы белгілер матаның сүйікті және кең таралған түстерінде ішінара көрінді.

Ақ матадан тігілген костюмдер кеңінен таралды: дәстүрлі костюмнің құрамындағы барлық халықтарда ақ үйдің материалынан жасалған туника тәрізді ерлер көйлегі бар. Ақ матадан тігілген ежелгі бас халаттар ежелден-ақ үйде тігілген, түрлі-түсті жіптермен өрілген. Осылайша, алыс өткен уақытта ақ немесе боялған үйдің зығырынан жасалған киімге «крест» тігісі қолданылды. Осы уақытқа дейін жалғасып келе жатқан киімді әшекейлеудің тағы бір кең таралған және ұзақ әдісі – бұл металдан жасалған бляшкалар.

Жиырмамыншы ғасырда барлық жерде дерлік көркем машина сызығы матаның фонымен, жіптермен ерекшеленетін түстермен қолданыла бастады. Аймақ халықтарының костюмдері жалпы даму бағытымен, жалпы тарихымен сипатталады.

Әдебиеттер

1. Лобачева Н.П., Сазонова М.В. Традиционная одежда народов Средней Азии и Казахстана. – Москва: Наука, 1989. – 253 с.
2. Кенжеахметулы С. Традиции и обряды казахского народа. – Алматы: «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2006. – 284 с.
3. Томина Т.Н. Традиционная одежда народов Средней Азии и Казахстана. – М.: Наука, 1989. – 289 с.
4. Маргулан А.Х. Казахская национальная одежда. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 137 б.
5. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. В 3-х т. Т.2 – Алма-Ата: Онер, 1982. – 265 с.

Д.В. Сницарь

студент ИШ-22, Павлодарский государственный педагогический университет

Научный руководитель: Ж.Н. Нуртаев

КАЗАХСКО-КИТАЙСКИЕ ТОРГОВЫЕ ОТНОШЕНИЯ В XVIII–XIX ВВ.

Торговые отношения с Китаем – одна из традиционных форм участия Казахстана в системе межрегиональных и международных торгово-экономических отношений. Торговля с Китаем берёт корни с древности, ещё со времён Великого Шёлкового пути (I век до н.э.). Следует отметить, что маршруты Великого Шёлкового пути с древности, проходившие через казахские степи, связывали народы и страны Востока и Запада, происходил культурный обмен и, несмотря на войны и другие политические ситуации, складывающиеся порой в Средней Азии, торговля не прекращалась.

С XVIII в. Российская империя стремилась подставить под свой непосредственный контроль казахскую степь, чтобы наладить торговые отношения с Империей Цин, Индией и Среднеазиатскими ханствами. О потенциале казахских степей судили по роду деятельности местного населения.

Сибирская губернская администрация была заинтересована в расширении хозяйственных отношений с кочевниками, а через них и с приграничными государствами, рассылая комендантам крепостей всевозможные инструкции, обращая внимание последних на выгоду привлечения к торговле азиатов [1].

Географическое и стратегическое положение Казахстана, соседствующего с Восточным Туркестаном, создавало условия для развития традиционных торговых отношений казахов и русских поселенцев с Западным Китаем [2].

В рассматриваемый период Российская империя оставалась одной из немногих стран, производивших через пограничные линии торговлю с Цинским Китаем. Её главным центром оставался район: Кяхта-Маймачен. Но, несмотря на недавно завоёванные Китаем районы, такие, как Синьцзян, всё ещё оставались труднодоступными для русских купцов.

В 1777 году был обнародован новый тариф для таможни, расположенной в Оренбурге, Троицке и Семипалатинске, в котором снижены тарифы для азиатских купцов. В дополнение к этому разрешено без пошлин привозить хлопчато-бумажные изделия, шёлк и крупнорогатый скот, что было на руку казахским скотоводам, русскому купечеству и азиатским торговцам, по доступной цене скупавшим скот большими партиями, пропуск которого проходил на российскую сторону из года в год увеличиваясь [3]. Так, казахи Атыгаевской, Бура-Найманской, Уакской волостей через Ямышевскую крепость и близко расположенные к ней

редуты перегнали лошадей: в 1780 – 44000, 1781 – 50900, 1782 – 82100, 1784 – 87500, через Железинскую крепость в 1770 – 300, 1778 – 5400, 1780 – 15000, 1784 – 28000 [4].

Таким образом, меновые дворы, таможни, учреждённые в городах и приграничных поселениях, привлекая из года в год торговцев из Казахстана, сыграли заметную роль в нормализации политического климата в регионе, торгуя через укрепления, принося значительные доходы казне и азиатским торговцам, удовлетворяя потребность номадов в мануфактурных товарах и в хлебе, показывая тем самым общность и близость экономических интересов торгующих сторон [5].

Объём и перспективы караванной торговли аулов с западными городами Империи Цин во многом зависели от политических отношений Российской империи и Империи Цин. Тяжёлые последствия Отечественной войны 1812 года, потребность в сырье для развивающейся экономики и промышленности России показали правящим кругам России важность сотрудничества с таким крупным государством, как Китай. Политика обособленности, которая проводилась Пекинским двором в начале XIX века, создала трудности для расширения торговли русских купцов с Китаем. Посольство Юрия Александровича Головкина, направленное правительством России в 1805–1806 гг. для урегулирования отношений с Китаем, не было пропущено в Пекин и вынуждено возвратиться из Урги (Улан-Батор). Однако очевидная выгода караванной торговли для обеих сторон дала толчок развитию экономических связей через Казахстан. В начале XIX в. в развитии торговли значительную роль сыграли Кереку, Бухтарминская и Усть-Каменогорская крепости. Также города Семипалатинск и Петропавловск превратились в экономические центры обмена с Востоком. Караванная доставка не требовала больших расходов [6].

В процессе постепенного освоения русскими казахских степей в первой четверти XIX вв. заметна роль Петропавловска, крепостей верхнего Иртыша, как важных перевалочных пунктов торгово-экономических связей России с Синьцзянем, Тибетом и Кашмиром. Основной объём торговли с Синьцзяна осуществлялся среднеазиатскими купцами, обосновавшихся в городах и поселениях Восточного Казахстана. 30 апреля 1818 г. караван ташкентских купцов Миркубана Ниязова и Ахмади Амирова, следуя через степь в Чугучак и Кульджу, возвратился без происшествий, вместе с ним возвратился грузинский дворянин Семён Мадатов с тремя «подобно себе» торговцами, что торговали они с выгодой, караван состоял из 200 лошадей с суммой около миллиона [7].

Из рапорта генерал-губернатору Западной Сибири П.М. Капцевичу:

«...Генерал-лейтенант Глазенап склонил Мадатова предпринять торг с Индией, достигнув Кульджи, Аксу, Кашгарии, Яркента и Большого Тибета и распродав по пути разные товары, взял в Тибете вексель на Кашмир. По прибытии куда закупил шалей до 250, кои вывезены им в Россию. Мадатов во время пребывания в Кашмире представлен владетель-

ному хану, который принял его благосклонно, изъявил желание вступить с Россией в торговые отношения, обещая покровительствовать всем русским торговцам, и в знак особенного расположения позволил взять с собою 20 фунтов шерсти, коей вывоз возбранен под смертной казнью» [8].

Важно не забывать сей факт, что в устойчивом развитии экономических связей с Империей Цин роль сыграли казахские бии и султаны. Признав подданство России и приобретая льготы, опираясь на Сибирскую пограничную комиссию, приняли участие в оживлении караванной торговли.

Так, султан бура-найманского рода Среднего жуза Кудайменды направил в Петербург своего сына Габдуллу. Тот должен был получить официальное разрешение на отправку торговых караванов от Ямышевской крепости в Синьцзян. Кудайменды старался упрочить ведение торговли с Китаем. Однако удалённость Ямышевской крепости от границы с Китаем затруднило осуществление данной цели [9]. В развитие торговли с Китаем ощутимый вклад внесли такие казахские купцы, как Шаянбайулы, Жандыбайулы, Жакыпулы, Жетикулы, они стали широко известны в торговом мире Восточного Туркестана [10].

Введение в строй 30 августа 1894 года Сибирской Железной дороги существенно подняло торговлю Казахстана с Китаем на новую ступень развития. Железная дорога способствовала более быстрой доставке товаров в близлежащие с Китаем районы, в том числе и города Казахстана. Торговые связи, получившие развитие во второй половине XIX века, через казахский край были взаимовыгодными, способствовали утверждению тесных хозяйственных связей между народами двух крупнейших империй. Несмотря на политические трудности, они открывали возможности для последующих контактов [11].

Данный доклад посвящен торговым отношениям Российской империи и Империи Цин, посредником торговли которых служила Казахская степь.

В заключение необходимо сказать то, что торговля России и Китая через Казахстан имела важное экономическое и культурное значение, также огромное политическое значение в том плане, что торговля являлась некой «пилюлей умиротворения». Через торговые связи проходили дипломатические переговоры, торговля это козырь в международных отношениях, она помогала в установлении хороших связей между государствами.

Литература

1. Касымбаев Ж.К. Развитие прииртышских крепостей как торговых центров в XVIII в. Известия Академии Наук КазССР, серия общественных наук №5, 1975 г. с. 42–49.
2. Касымбаев Ж. – История Казахстана. – Алматы, 2004. – С. 118.
3. Систематический каталог по делам Государственной комерцколлегии / сост. Н. Кайданов. – СПб., 1884. – С. 9.

4. Российский архив географического общества. Ф-64, О-1, Д-7, Л-59.
5. История Казахстана. – Т. 3. – Алматы. – С. 198.
6. Касымбаев Ж. История Казахстана. – Алматы, 2004. – С. 118.
7. Касымбаев Ж. История Казахстана. – Алматы, 2004. – С. 119-120.
8. Государственный архив Омской области РФ. Ф-3, О-1, Д-425, Л-5.
9. Касымбаев Ж. История Казахстана. – Алматы, 2004. – С. 119.
10. Касымбаев Ж. История Казахстана. – Алматы, 2004. – С. 169.
11. Касымбаев Ж. История Казахстана. – Алматы, 2004. – С. 169.

Н.Е. Кузембаев, Т. Салимов

Павлодарский государственный педагогический университет

САКРАЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ ВООРУЖЕНИЯ У КОЧЕВНИКОВ

В средневековый период номады, населявшие обширные степи Казахстана, уделяли значительное внимание военному делу, так как необходимо было защищать свою территорию и население, вооружение имело огромное значение для кочевых племен, оно также служило в защите территории ныне населявших племен. Оружие для номадов выполняло помимо своих прямых функций, как защита и наступление, и другие. В нашем случае речь пойдет об их сакральном значении.

В исторической литературе имеется множество подтверждений выше сказанному. Поверье кочевника относительно вооружения имело свой определенный сакральный смысл, присущее только ему одному. У тюркских народов любое рациональное значение, иррациональные представления и практические действия были в неразрывной целостности с мифологией. Каждая творческая и созидательная деятельность в традиционной культуре санкционировалась не только жизненными потребностями общества, но и сферой ритуально-обрядовой проекции [1, с. 177].

В традиционной культуре мир воспринимался единым, все явления, все вещи в мире выполняли не одну функцию, а обязательно были многофункциональными. Объекты, обеспечивающие важные общественные потребности или вещи, их символизирующие, являющиеся их знаками, в традиционном обществе приобретали ритуальную значимость, эти объекты сакрализировались, отношение человека с этими священными вещами приобретало ритуальную форму. И в процессе этого ритуального взаимоотношения полноценная вещь, обладающая знаковым значением, была и объектом ритуала, и атрибутом, использующимся в ритуале. Оружие, как сакральный атрибут, еще с древних времен в кочевом обществе проявило себя как объект религиозного ритуала. В скифской мифологии бог войны Арес (Арей) символически представлялся в виде меча, и скифы, как воинственный народ, среди своих богов устанавливали алтари только для Ареса. По описанию знаменитого древнегреческого историка Геродота (V в. до н. э.), «алтарь Ареса сооружался из хвоста со

сторонами в 3 стадии, сверху была площадка, три стороны были отвесны. А с четвертой стороны есть доступ. На холме водружался древний железный меч» [1, с. 185].

Философияның бірегей тұлғалары Абай мен Әл-Фараби әр ғасырда өмір сүргенімен, екеуінің айтқан ғибратты сөздерінің арасында үлкен байланыс жатыр. Біз бұл ғұламаларды, өздері айтқан ғылыми – танымдық ойлары арқылы танып білеміз. Абай Құнанбайұлының білімге бай, мол мұрасына, зерттеу жүргізіп өзінше пайымдау жасап жатқан әлем ойшылдары жетерлік. Ұлы әлем өркениеті мен күллі Шығыстың білімге деген көзқарастары Абайдың шығармаларынан табылуы қалыпты құбылыс. Оның ішінде ғалым, философ, әлем ойшылдарының бірі Әбу Насыр Әл-Фарабиді айтып кеткеніміз жөн көрдік. Абай мен Әл-Фарабидің ой-толғамдары халықтың үлкен мұрасы. Ә.Х. Марғұланның айтуынша: Абай мен Әл-Фарабидің көздегені адамдардың рухани байлығы, олардың бақытты болуы мен әсемдікке ұмтылуы болып табылады [2, 115 б.]. Әл-Фарабидің философиялық ой-тұжырымын араға тоғыз ғасырдай уақыт салып, қазақ қауымының жаңа тарихи жағдайында Абай Құнанбайұлы зор білгірлікпен жалғастыра түскен. Мақалада осы ой-толғамдардың ұқсастықтарын зерттеп дәріптеу. Абайдың қара сөздері мен Әл-Фарабидің трактаттар арасындағы нақты байланыс барына дәлелдеу.

Фараби мен Абай шығармаларындағы пікір сабақтастығын, ақын шығармашылығы нәр алған рухани көздердің түп-төркінін қарастырғанда, алдымен екі ұлы ойшылға ортақ жан қуаты немесе Абайдың өз сөзімен айтқанда «өзін танымақтық» жөніндегі көзқарасына айрықша назар аудару қажет. Адамзат тарихында ғылыми ойдың үздіксіз даму барысында «өзін танымақтың» немесе «жан қуаты» туралы ойлардың қалыптасу жолдарын танып білу күрделі мәселеге айналып, бастан-аяқ қарама-қарсы көзқарастардың өріс алуына түрткі болды. Адамның «өзін танымақтық» жөніндегі ілімнің алғашқы қадамы көне дүние философтарынан басталса да, оны өз заманында ғылыми жүйеге түсіріп, қалыптастырған Фараби еңбегі ерекше көзге түседі. Философия туралы ой сананың күрделі сарының қазақ топырағында арғы заманда Әл – Фараби, соңғы дәуірде Абай туындыларынан көре аламыз.

Мәселен, Әл-Фарабидің философиялық, әлеуметтік-этикалық ой-тұжырымдары өзінен кейінгі дәуірлердегі ойшыл қаламгерлердің шығармаларынан өзінің дәстүрлі жалғастығын тапты. Ол өзінің «Интеллект (сөзінің) мағынасы жайында» деп аталатын зерттеуінде

адамның ақыл-парасат мүмкіндігіне жан-жақты талдау жасай келе, оны «потенциалды интеллект», «актуалды интеллект», «жүре келе дарыған интеллект», «әрекетшіл интеллект» сияқты философиялық категорияларға бөліп-бөліп талдайды. Әл-Фараби «жүре келе дарыған интеллект» туралы айта келіп, адам туғаннан ақылды, білімді болып тумайтынын, интеллектің өзі жүре келе, естіп, көріп барып қана дамидынын ескертеді [1, 68 б.]. Абай өзінің «Он тоғызыншы сөзінде»: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды танидыдағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің сөзін естіп жүрген кісі өзі де есті болады. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады», – деп жазады. Сондай-ақ, Әл-Фарабидің ғылым-білімді меңгерудегі интеллект рөлі жайындағы философиялық тұжырымын Абай өзінің «Он тоғызыншы сөзінде» мейлінше айқындай түскен. Абай өз ойын: *Ғылым-білімді әуел бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпен яки алдаумен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады* [3.37], – деп тұжырымдайды.

Әл-Фараби «Әрбір адамның өз орны бар» десе Абай оны жаңғыртып өзінің «Сенде бір кірпіш дүниеге...» деген өлеңінде баяндайды. Әл-Фарабидің философиялық көзқарастары Абайдың өлеңдерінде ғана емес, қара сөздерінде де айтылып отыр. Әл-Фараби өзінің жоғарыда аталған еңбегінде «жан қуаты» жөнінде қолданған ұғымдар мен термин сөздер сол қалпында Абай қара сөздерінде (7, 17, 27, 38, 43-сөздер) қайталануы кездейсоқ құбылыс емес, Әл-Фараби: «Ақыл-парасат күші – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш» [3.18 б.] деп көрсетеді.

Әл-Фараби мен Абайдың жердің жаратылуы туралы ойлары, космологиялық және космологиялық түсініктері үндес. Әл-Фараби өзінің математикалық трактаттарын-да «8» санына баса назар аударған, ал Абай «Сегіз аяқты» жазған.

Абайдың рухани әлемі – ерекше бір тылсым дүние, ал оның негізгі зерттеу объектісі – адам. Сол адамның эстетикалық, этикалық бет пернесі, арман мақсаты, өмірінің мәні, сезімі мен түйсігі, болмысы мен ұлттық ойлау ерекшелігі ұлы ойшылды терең тебіреністерге түсірген. Олардың негізінде адам және кісілік философиясы жатыр. Абай былай дейді: *... Өлсе өлер табиғат, адам өлмес, Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес. «Мені» мен «менікінің» айырылғанын «Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес...*

Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты философиялық трактатында «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» сияқты ұғымдарға түсінік бере келіп: *Жүрек – басты мүше,*

мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес, – дейді. Әл-Фарабидің «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» жөніндегі философиялық тұжырымы Абайдың «Он жетінші сөзінде» өзінің логикалық жалғасын табады. Абайдың осы сөзінде «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» үшеуі әрқайсысы өзін мықты санап, айтысып, таласып, ақыры «ғылымға» келіп жүгінеді. Сонда «ғылым» бұл үшеуінің де айтқандарың рас, үшеуің де қажетсің: «Ей, Қайрат, сенсіз ешнәрсенің болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаталдығың да мол, пайдан да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман», – депті. Бұдан кейін «ғылым» өз шешімін «Ақылға» айтыпты: «Жаратқан тәңіріні де сен танытасың. Жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның – екеуінің де сүйенгені, сенгені – сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүресің, соның жаман», – депті. Бұдан кейін Абай осы үш категория жайында түйін жасап, Әл-Фарабидің жоғарыда айтылған пікірін өз оқырманының ұғымына лайықтап жеткізеді. Абай осы үшеуінің басында қос, бәрін де «Жүрекке» билет, – деп ұқтырып айтушының аты «ғылым» екен. – Осы үшеуің бір кісиде менің айтқанымдай табыссандар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам сол. Үшеуің ала болсаң, мен «Жүректі» жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпынды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы» – депті деген қорытындыға келеді. Бұдан екі ойшылдың да жүрек жөніндегі танымдарының негізі бір екені, тек баяндау түрі басқаша берілген көрінеді. Ақын Фараби ұйғарысындай жүрекке шешуші мән-мағына берумен қатар, оны ізгілік, рақым, шапағат атаулының шығар көзі, тұрар мекені деп біледі. Абай туындыларының өң бойына таралып отыратын адамгершілік, имандылық ойларының бәрі де осы көзқараспен ұштасады. Абайдың адам жөніндегі жиі сөз етілетін мәселелері Әл-Фарабидің жоғарыда көрсетілген шығармасында өз бастауларын алған болатын. Ақынның Фараби жасаған ғылымды жүйелеудегі принципімен таныстығы жөнінде нақтылы дерек жоқ. Дегенмен де, Абай шығармаларында ғылымды жүйелеу жөніндегі пікірін белгілі бір дәрежедегі нақтылы деректермен білдіреді. Мысалы, «Қырық бірінші сөзінде...»: «Дүниеде есепсіз ғылымның жолдары бар, сол әрбір жолда бір медресе бар...» – деп, ғылым салаларының молдығын, нақтылы атауларын жеке-жеке атап өтеді. Ақынның «Отыз сегізінші сөзінде» адамның білімі, Алланың ғылымы, өзіндік ғылым, дүниенің ғылымы, заһири ғылым, дүниені танымақтық тәрізді ғылым салаларын Әл-Фарабидің философиялық тұжырымдарында қолданылатын атау сөздермен не қазақы ұғымға сай балама түрдегі атаумен қарастырады. Әл-Фарабидің азаматтық, саяси, адам, қоғам жөніндегі ойлары «Фусул ал-мадани» («Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері») трактатында қаралады. Еңбектің өзіне бір тән сипаты –

тәндік және рухани құбылыстардың салыстырылып отыратындығы. Осы тұста Әл-Фараби адамның жақсы қасиеттерімен ізгі ниеттерін негізге ала отыра, адам міндетті түрде адал ниетті болуы керек деп есептейді. Бір сөзбен айтқанда, Фараби адамдардың өз көздеген мақсатына жетуі оның өзіне ғана байланысты екенін айтады. Адам рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруға тиіс, адам тек ақиқатты, айналадағы дүниені танып-білу арқылы жетіледі деп түйін жасайды. Абайдың кара сөздеріндегі айтылған шындық, адалдық, дүниеге құмартпау, еңбек сияқты адами құндылықтар жайында дүниелері Әл-Фарабидің жоғары да көрсетілген еңбегінен бастау алғаны сөзсіз.

Қорыта айтқанда, Әл-Фарабидің трактаттарында да Абайдың кара сөздерінде де – білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігі басым. Бұл екі ғұламаның гуманистік идеялары әлемге кең тарады. Олар ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді. Адамның ақыл, ой-санасының дамуына қосқан үлкен үлесі бар. Ұлы тұлғалық сипатқа ие адами болмыспен білімнің негізі қаланған ірі бастау өкілдері болып табылады. Мақала жазу барысында Абай Құнанбайұлы мен Әл-Фарабидің философиялық көзқарастарының ұқсастығы айқындалып, мысал келтірілді. Қазіргі заманның философтары өз еңбектеріндегі рухани негіздерді Абай шығармаларынан алған болса, Абай туындылары өз бастауларын Әл-Фарабидің шығармаларынан алғандығына дәлел келтірген едік. Абай мен Әл-Фараби өз ойларын әр түрлі сөзбен жазса да олардың мағынасы бір-бірімен байланысты. Абайдың кара сөзі мен өлеңдерін оқыған адам өмірін босқа өткізбесі анық. Әл-Фараби мен Абай арасын жақындастыру, оларды үндестіру біздің халқымыздың мың жылдық рухани, бай салт-дәстүрлер дүниесін тірілту деген сөз. Ал оны келешек ұрпаққа жеткізу мұра ретінде қалдыру бүгінгі ұрпақтың қолында деп білеміз. Ұлттың әлем тарихында ұлттық қасиеттерінің сақталып қалуы оның келешегінде емес, оның бұрыңғы өткен тарихының сақталып, жаңғыруында.

Әдебиеттер

1. Әл-Фараби. Қайрымды қала тұрғындары. – Алматы. – 2015. – 284 б.
2. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы. – 1994. – 192 б.
3. Абай. Кара сөздері. – Алматы: Өнер, 2006. – 124 б.
4. Жабал Шойынбет. // Қазақ тілі мен әдебиеті – 2004. – №2. – 14-17 б.
5. Философия: жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық / Құрастырған Т. Ғабитов. – Алматы: Паритет, 2006. – 400 б.

Ж.Ж. Боранбек

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті

Ғылыми жетекшісі: филология ғылым. докт., профессор С.Н. Сүтжанов

КӨШПЕНДІЛЕР МӘДЕНИЕТІ: АТҚА МІНУ

Тұңғыш Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жөнінде айтылады. Онда: «Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі. Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді.

Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды.

Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі – батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар, атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер әлемі «мәдени кодының» айрықша элементі. Ат үстінде жүрген көшпенділер тақымына басқан сәйгүлігіне неғұрлым еркін мініп жүруі үшін биік ер-тұрман мен үзеңгіні ойлап тапты. Бұл жаңалық салт атты адамның ат үстінде қаққан қазықтай мығым отыруына, сонымен бірге шауып бара жатып, қолындағы қаруын еш қиындықсыз және неғұрлым тиімді қолдануына мүмкіндік берді» [1, 2-б], – делінген.

Қазақ даласы күллі адамзаттың өміріне ерекше әсер еткен оқиғаларға куә. Ата -бабаларымыз жылқыға қатысты ашылған барлық жаңалықтың бастауында тұр. Демек, атқа міну мәдениеті ұлы даладан тараған деген толық негіз бар.

Қазақ халқы жылқы малын ежелден қастерлеп келеді. Жеті қазынаның бірі деп «Жүйрік атты» дәріптеуі де сөзіміздің дәлелі. Тарихқа үңілсек, ата-бабаларымыздың адам баласындағы бай-дәулетті де ондағы жылқының санымен есептегенін көреміз. Орталық Азиядағы ең ежелгі жылқы – Қарабайыр жылқы тұқымы болды. Отаны Өзбекстан. Қарабайыр деген сөз «қолда туып өсті» деген мағынаны береді. Бұл жылқылардың болыс-бітімі бөлек: басы жатық, мойны қысқа жылқылардың қатарынан, арбағай жегуге таптырмайтын көлік.

Ерттелген атқа мінудің де тәсілі көп. Алдымен тізгінді сол қолға алады. Сонан соң сол қолмен аттың шоқтығынан, не ердің қасынан тізгінмен бірге ұстап, сол аяқты үзеңгіге салып, оң қолмен ердің артқы қасынан ұстайды да оң аяқты серпіп атқа мінеді. Кейде еуропалықтар,

орыстар оң аяғын үзеңгіге салып, аттың оң жағынан мініп жатады. Мұны қазақ ерекше сөлекет санайды. Атты ерттеуге ерекше мән беріледі. Терлікті алып аттың арқа жүні тікірейіп қалмау үшін мойнынан артына қарай сырғытып салады. Ішкілік, тоқым, тебінгі ер реті бойынша салынады [2, 203-б].

Жаугершілікке, атты дұрыс ерттеудің қаншалықты маңызы бар екенін Абылай хан әскерлерінің шешуші ұрыс алдындағы дайындықтарын жыршы былай жырлайды:

*Аумастай ер-тұрманын мықтап тартып,
Құйрығын аттарының түйіп алды [3, 80-б].*

*Түймелеп сауыттарын, шалбарланып,
Алыпты құйысқанын бір қысқартып,
Қайтадан ер-тоқымын оқпандатып,
Түзетіп екі айылын қайта тартып [3, 86-б].*

Қазақи (шығыстық) атқа отыру тәсілі мүлдем өзгеше. Ер биік болады, әсіресе алдыңғы қасы, ердің арты отыруға жайпақтау келіп, артқы қаспен бітеді. Ердің үстіне салынған кең көпшік (ат көрпе) отырған адамның тақымын кең ашып ердің артқы және алдыңғы қастарына шіреніп отыруға мүмкіндік туады, ең бастысы, қысқа үзеңгіге шіренген адамның аяғы, әсіресе тізесі аттың құлағына жеткендей болады. Адамның салмағы тек жамбасына ғана емес, қос үзеңгіге түседі. Үш нүктеге түскен адам салмағы ұзақ жүргенде атқа көп күш түсірмейді, салт атты бірде екі үзеңгіге аяғын тіреп, жамбасын ауық-ауық ауыстырып отырса ат та, адам да шаршамайды. Екі салмақтың бір тік сызықтың бойына түспеуі және келмеуі, бірақ екеуінің мейлінше жақындауы, атқа күш түсірмейтін ең тиімді қолайлы қалып. Сонымен қатар қазақ ыңғайлы биік ер мен кәдімгі ауыздық, қамшы қолданады. Ең бастысы, қазақи ер қанша мінсең де атты жауыр қылмайды [2, 204-б].

Жылқы малының поэзияда ерекше асқақ шабытпен жырланғанына әлемдік және ұлттық поэтикалық үлгілерден тамаша мысалдар келтіруге болады. Қазақ поэзиясына келсек, бұл есеп барынша артық екенін көреміз. Қаһармандық эпос пен тарихи жырлардағы Қара қасқа ат, Байшұбар, Бурыл ат, Тарлан, Қубас ат, т.б. батырға серік болған аттар тіпті тіл бітіп, ақыл беріп, құтқарған. Абайдың әйгілі «Аттың сыны» өлеңі, Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы – ұлттық поэзиямызда ерен жүйрік жылқыны жырлаудың биік үлгісі, аса құнды жәдігерлік.

Абай «Ат сыны» өлеңінде бәйге аттың мықтылығын, төзімділігін, күштілігін, жүйріктігін, әсемдігін әсерлі сөз өрнегімен суреттейді:

*Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкең қабақ;*

*Аузы-омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңірейген болса сағақ.
Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабырғалы, жотасы болса күшті.
Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,
Тояттаған бүркіттей салық төсті.
Жуан, тақыр бақтайлы, жұмыр тұяқ,
Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ.
Жерсоғарлы, сіңірлі, аяғы тік,
Жаурыны етсіз жалпақ тақтайдай-ақ –*

деген өлең шумақтарында Абай ат мүсінін жасауда қатаң жүйе ұстанған: аттың маңдайындағы кекілінен, құлағынан бастап, рет-ретімен оның денесінің жеке мүшелерін, олардың сындық, бейнелік белгілерін, қызметін жеке сөздермен, сөз тіркестерімен бейнелеп, шідерлігін, тірсегін, тұяғын суреттеумен аяқтаған.

Жылқыны қолға үйретіп салт мінген көшпенділер садақтың адырнасына жылқының қылын, тарамысын пайдаланды. Садақ тартқанда адырнаның созылып дыбыс шығаруы ішектің рөлін атқарса, жақ пен адырнаның бір-біріне үйкелісінен ыспалы дыбыс шығуы табиғи құбылыс [4, 177-179-б].

Енді қазақ фольклорына зер салайық:

*Желмаяның терісін,
Шанақ қылған қобызым.
Бесті айғырдың құрығын,
Ішек қылған қобызым [5, 56-б].*

Жылқы образы Есенғали Раушанов поэзиясынан көп орын алады. «Қаракөк айғыр туралы баллада» – жылқының өзіндік ерекше қасиеті мен жаратылысын арқау еткен туынды. Күміс жалды күрең мен қаба жалды қара құнан – ақын өлеңдерінен өзіндік орын алып, поэтикалық бейне дәрежесінде көрінетін метафоралық-символдық бейне. Ақын сезім әлемін бейнелеуде жылқыға қатысты ұғымдарды теңеу, эпитет, метафора ретінде пайдаланады.

*Құлын сезім, құштар ой тез өшті ме,
Қонақтайын бүгін кеп, бүгін кеткен [6, 105-б].*

Сезімнің айқындаушы болған құлын ары қарай метафора қызметіне көшеді:

*Құлынымды желіңнен босатпашы,
Тентек еді ол шіркін отқа ұрынар.
Естіртуге өзінің үнін бөлек,*

*Бір бостандық сұрайды ол түбінде кеп.
Құлынымды жіберме жүрегіңнен,
Жүрек үшін өйткені дүбір керек [6, 105-б].*

Құлынның еркіндігі мен еркелігі, тен-тектігі мен тынымсыздығы сезімді бейнелеуге толығымен сай келіп, сәтті поэтикалық суреттеуге ұласқан. Өтіп жатқан күндерді күрең қасқа жорға мінген кейіпте кескіндеу – ақынның өзіндік жаңалығы. Бағзы әлемдік ертегілерде түнді қара ат мінген, таңды ақ боз ат мінген адам түрінде суреттеу тәсілі бар. Есенғалидың күрең қасқа жорға мінген күні – өтіп жатқан өмірдің қалпын ақындық танымен бейнелеуінің бірегей мысалы:

*Қай жаққа бастайсыздар енді бізді,
Күндер ай, күрең қасқа жорға мінген [6, 120-б].*

Замана зобалаңын сөз еткенде де жылқы мінезінің өзіндік ерекшелігі көркемдік нысанға алынады:

*Ақсаңдап ауыл тұрды кепкен шал боп,
Басына айғыр заман тепкен шал боп [6, 238-б].*

Қазақ рәсімінде салт атты адамдар қатар жүргенде ел басылары, билер, батырлар оқ бойы болмаса, төбе көрсетіп топтың алдында келе жатады. Жазатайым біреу алдына түсіп кетсе, көшпенділер этикетіне жатпайтын әбестік саналатын. Батырдың рулас ағайыны Ығылман Шөрекұлының суреттеуінде оның ер тұлғасы – портреті анық көрінеді:

*...Жиылған халық таңырқап
Ер кейіпіне қарады.
Көмек үшін анықтап
Алды мен артын орады.
Керек десе батырға
Мал менен жанын бергендей.
Құмарын көздің тарқатты
Пайғамбарды көргендей.
Ортаға алып барады,
Естігенге муафих
Сипаты ердің жарады.
Ту сыртынан қараса,
Тұтас құстай тұрпаты
Табылмаған кемісі.
Ат үстіне мінгенде
Аруағы көтеріп,
Көптен озған төбесі.*

*Орта бойлы ер екен,
Жауырыны жазық, мойны ұзын.
Сәукеле сақал, үлкен көз,
Жазық маңдай, кең бетті,
Қырмызы қызыл, келбетті,
Ойы мен ақыл, білікті,
Сыпайылық, көркемдік,
Салмақ пен сабыр қылықты
Бір денеге сыйғызып... [1, 443-б.]*

Ақын: «Ат үстіне мінгенде, аруағы көтеріліп...» – деп батырды атсыз елестету мүмкін еместігін, көшпенділерде жаяу батыр болмайтынын ашық айтып өтеді.

Түйіндей айтқанда, «аттың жалы, түйенің қомында» жүріп, көшпенді тірлік қылған ата-бабаларымыздың атқа міну мәдениетін қалыптастыра дамыта отырып, оны бүгінгі күнгі өркениетке ұластыруы баға жетпес құндылық десек болады.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры // Қазақ әдебиеті. – 2018. – 23-29 қараша. – №46 (3628). – 2 бет.
2. Тоқтабай Ахмет Уәлиханұлы. Қазақ жылқысының тарихы. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2010. – 496 б.
3. Тарихи жырлар. Абылайхан. – Алматы: Білім, 1995. – 352 б.
4. Свободов В.А. Конь и всадник, к проблеме возникновения струнных музыкальных инструментов // Роль ахалтекинского коня в формировании мирового коннозаводства. – Ашхабад, 2001. – С. 177-179.
5. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы, 1991. – 147-151 б.
6. Раушанов Е. Бозаңға біткен боз жусан. – Алматы: Раритет, 2006. – 384 б.

Г.М. Дюсетова

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: филология ғылым. канд., доцент Ә.Д. Әміренов*

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ МҰРАСЫ

Эпистолярлық әдебиет (гр. epistole) – хат түрінде жазылған шығармаларға, сондай-ақ әдеби мұраға айналған хаттарға қатысты. [1;794] Еуропа зерттеушілері аталмыш жанрды қарастырғанына бірнеше ғасыр. Алғашқы болып француз, ағылшын, орыс зерттеушілері зерттеген. Р. Сыздық ойынша «Түркі жазба әдеби дәстүрінде қалыптасқан хат жазу мәнері болған. Онда ең әуелі, өзге тілдердегі сияқты, хат иесінің адресатқа құрмет көрсете, сый білдірер қаратпа сөздерден келеді.» [2;231] Халқымыз ортаншы ғасыр кезінде де бір-бірімен хат жазысқанына дәлел ретінде атақты тарихшы, әдебиеттанушы Мұхаммед Хайдар Дулати мен

әлем шарлаған саяхатшы Бабырдың хат алмасуын алуға болады. Сол хаттар бізге дейін жетпегенімен, жаһангердің «Бабырнама» атты еңбегінде Дулати жайлы: «Ол менен кешірім сұрап хат жазыпты, сөз саптауы тәуір» деп жазғанын табуға болады. [3;25]

Эпистолярлық жанрдың тарих пен әдебиетке тигізер әсері туралы профессор Құлбек Ергөбек «Әдебиетшілер, тіпті жазушы шығармашылығының сырын автор өмірбаяны төңірегінен іздейтін жағдайда табан тірейтін деректің бірі – жазушы хаттары» – деп айтады. [4;87] Қазақ әдебиеті тарихында хатты өлеңмен жазу үрдісі де болған. «Хат-өлең қазақ эпистолярлық жанрының өзіндік бір ерекшелігі. Халқымыздың ақынжандылығын танытатын хат-өлеңнің өрістеуіне халық ақындары себепкер болған.

Эпистолярлық жанрдағы хат-өлеңдері мен хаттары Бауыржан Момышұлы шығармашылығының салмақты саласы. Қазіргі батырдың 3 томдық хаттары баспаға дайындалуда. Хат-өлеңдері «Жазушыға», «Қалыбек ағаға», «Достыма» т.б. Мысалы 1942 жылдың 21 мамырында жазған «Жазушыға» атты хат-өлеңінде майдандағы қазақ жігіттерінің көңілін серпілтетін көркем шығарманың жоқтығын айта келе, сол ерлердің ерлігін арқау етіп шығарма жазбай үнсіз қалған қазақ жазушыларына:

Дәу емес менің сұрауым – мыңның бірі болған соң,

Менің менім «мың» емес – мыңның «мені» болған соң [5;17], – деп соғыс аймағындағы елін қорғаған ерлерінің атынан наразылығын білдірген. Қаламгерлерді осы хат-өлеңді бқрмаламай дұрыс түсінуге шақырады. Осыдан соң Бауыржан Момышұлы қазақ жазушыларына біраз хат жолдап, кейін өзі келіп ақын-жазушыларға жұма бойы дәріс оқиды. Бауыржанның осы жұмысының арқасында әдебиетімізде әскери әдебиеттің негізі қланды десек те болады. Ойткені осы дәрістен кейін қазақ әдебиетінде соғыс тақырыбын қозғаған біраз көркем шығармалар жарыққа шықты. Автордың соғыс кезінде жазған хаттарының мәні ерекше. Оның оқ пен оттың арасында жазылған хаттары сол жылдардағы көкейкесті мәселелерлерге арналған. Еліміздің салт-дәстүрлері, тілі мен тарихы және әріптестеріне жазған хаттары бар.

Қаламгер хатының идеясы мен жеткізер ойы әр түрлі: еліміздің националдық кейпін сақтау; келер ұрпақтың ел тарихын қастерлеу, оны өзгертуден сақтау; туған тіл мейманасын көтеру; салт-дәстүрлерді құрметтеу; әскери тақырыптағы шығармалардың деңгейін өсіріп, оларды жазатын ақын-жазушылардың санын көбейту.

Қоғам қайраткері Нұртас Оңдасыновқа 20-ғасырдың 43-жылдың 18 сәуірінде жазылған хатында жүзден көп шайқасқа қатынасып қана қоймай, сондай-ақ жетекшілік еткенін айтып, сол уақыттың қасірет пен азап әкелгені жайлы жазады.

Сол хат ішінде: «Игра в альчики, чилики, жасырынбак, жарыс воспитывает в юноше сноровку, ловкость, увертливость, меткость, упорство

и прочие военные и боевые качества, необходимые солдату в бою, как воздух. Опыт убедил меня, что әділсіздік – әлсіздік, ептілікте – ерлік» [6;38] деп, жігіттің нағыз жауынгер атануы үшін бала кезден бастап ойнатылатын ойындардың маңызы зор екенін айта кеткен. Сонымен қатар сол кездегі білім беру жүйесіне басын ие отырып, жастар тәрбиесіндегі кемшіліктерді тізімдейді, адам баласына тәрбиені ана сүтімен бірге енуі керек деп жазады.

Бауыржан Момышұлы өз туындыларында ғана емес, сондай-ақ хаттарында ішкі дүниесі ерекшеленетін әйел атты тіршілік иесі жайлы жазады. Кейбір хаттарын баласының аман-саулығын тілеп жүрген анаға, сүйіктісін тосып жатқан қыз-келіншекке сол қиын-қыстау кезде ішіндегі бар уайымымен арнайды. Мысалы, 1943 жылдың 12 шілде айында Кеңес одағының батыры Төлеген Тоқтаров анасына майданнан жазылған хаттарында Бауыржан Момышұлы: «Түн ұйқыңызды төрт бөліп, ақ сүтіңізді беріп, аялап өсірген жан ботаңыз Төлеген еді. Өсе келе она алдыңызға алып әлпештеп, «батыр бол, балапаным» деп, перзентіңіздің есейіп, ер жетуін жан-тәніңізбен арман еткен едіңіз. /.../ Жан ана! Сіздің Төлеген сынды батыр ұлыңыздың қазасына сізбен бірге біз де қатты қайғырдық. Бірақ қайғыра тұрсақ та, оның мәңгі өлмейтінін есімізге түсіріп, мақтаныш етудеміз. Өйткені елі үшін ерлікпен өмірін қиған адал ұлды өлді деуге бола ма!» [6;14] – деп көңіл айтып жазады.

1944 жылы жазушы сол кезде еліміздің бас қаласы болған Алматыға барып, сонда ана тілімізге кемсінбейтін шала қазақтардың саны күн сайын өсіп баратынын байқап және тілімізді жоғалтсақ ұлтымызды да аман сақтап қала алмайтынымызды уайымдап күрсінген. Көп ұзамай Мұхамеджан Әбдіхалықовқа хат жолдайды. Ол хатында «Қазақ тілі» атты Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өлеңінің үзіндісіне тілге қатысты ойын мазалап жүрген бірнеше мәселелерді қосып қозғайды. Біріншіден, тіл арқылы біз мәдениет, білім мен өнермен танысамыз, ел тарихы мен қоршаған әлеммен танысамыз. Сол себептен туған тіліміздің беделін арттыруға ұмтылу керек. Екіншіден, сол кездің өзінде де қалада оқып жатқан жастардың орыс мектептерінде оқып, ана тіліне бей-жай қарап жатқан көп жастар бар. Болашақта қазақ жастары бір-бірімен аудармашы арқылы қарым-қатынас жасаса ұят болар. Осыдан өзімізді де келешек ұрпақты да сақтап жүру керек. Үшіншіден, бірқатар себептермен ана тілінен айырыла жаздаған халық азғын халық атанып, кейін ел атауы жоғалып, соңынан ерген үрім-бұтағы жан жаққа таралып кеткен елдер тарихтан белгілі. Ондай ел болудан қорқу керек.

«Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді», «Қиыстырып қаласаң, отың жанар, қисындырып айтсаң халық нанар» дегендейін, қазақ тілі өзінің таза түріне бірнеше ғасыр өткірлігімен бой балқытып, тамыр шымырлатып жан жүйенді жандырып, қлақ құрышын қандырып, ұғымына қонымды, жүрегіне тиімді, көңіл көтеріп, керегінде жаныңа тиіп, ашындырып, өтін сыртқа шығарып, қысылтаяң қатал жағдайда қайрап, егеп, «сөз

тапқанға – қолқа жоқ» дегендейін, ерге, елге медет болып, ер намысын, ел намысын, адамгершілік арын қан майданда, қырғын соғыста қасиетті тудай жоғары көтеріп, текті сезім оятып, туғызып, адам түгіл жағдайдың көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл болған жоқ па?» [6;19] – деп қаламгер осы хатында ана тіліміздің көнеден бері келе жатқанын естен шығармай, оны барынша меңгеріп оқып-уйрену біздің міндетіміз деп жазады.

Сауатсыз, қазақ жетінде көп уақыт тұрып, қазақтың тілін білмеуі әрі тұрсын, біздің мәдениетіміз бен салтымызды жақтыртпайтын «замнаркомшылардың» сорымызға айналғанын айтады. «Многие казахи не пишут и не разговаривают, потому что не выразишь свои мысли – то что хочешь сказать не скажешь... До того говорят Ваш язык бедный» [6;20] – деп қазақ қоғамында ойлап жүрген адамдармен аяусыз арпалысып, солардың қылмысын ашуда Сұлтанмахтұт сынды ақындарға сүйенуге ұсынады.

Қаламгер қанды шайқас тұсындағы әдебиет күйіне көңілі толмай, сол кездің әдебиетшілеріне сыни пікір қалдырады. Бауыржан Момышұлының әдебиетшілерге қойған талаптары мен білдірген пікір-ойлары оларға соғыс аланынан хат арқылы жеткен. Әдебиет, яғни әскери әдебиеттің жоқтығы, бар болса өте ұсқынсыз екендігі туралы батыр Мәлік Ғабдуллин, Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезовке, Мұхамеджан Әбдіхалықовқа хат жазған.

Батырдың жазушылар мен басшыларға жазғандығының себебін: «Ұлы Отан соғысының солдатты қатарында жүріп, соғыстың сын сағаттары мен ауыртпалығын, қайғы-қасіреті мен тауқыметін, жауынгерлік пен жеңістің қуанышты сәттерін басынан өткізіп, жан тәнімен жүрегімен, болмысымен моральдық және адамгершілік жағынан рухани шөліккеген және оған төзімділік көрсетіп жүрген мыңнан астам адамның басшысы ретінде үлкен жауынгерлік коллективтің жан күйзелісін көріп, бастан кешіріп, сезіне отырып парызымды өтеу ретінде осы хатты жазуға мәжбүр болдым», – деп түсіндіреді.

1944 жылдың жетінші наурызда Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа жазған хаты да біздің күнге дейін жеткен. Бауыржан Момышұлы өз хатында сол кездегі қазақ әдебиеті жайын, әсіресе соғыс жайында ешбір жөн-түзу туынды жоғын айтқан. Тәрбие бесіктен басталатын болса, онда жауынгер үшін, халық келешегі үшін әскери әдебиеттің осы қиын қыстау заманда аса керек екендігін айтып, көркем әдебиет жандырудың жолын пайдалануға келерлік деректерін: «...ата-бабамыздан қалған халқымыздың жауынгерлік дәстүр мұралары ондай әдебиетті жазуға аумақты, сенімді, көлемді керек болар еді» [5;42], – деп атап көрсетеді.

«Талабы талдай болса да, жүз мың қырлы соғыс темасын жалғыз жазушы үлгеруі мүмкін емес болғандықтан, құлашы жетпесе, құлашы құшағын жаю болып шығатындығын еске ала отырып, әр жазушымыз

сол үлкен әдебиет минаретіне «Сен де бір кірпіш дүниеде, тетігін тап та, бар, қалан» деп Абай айтпақшы, қолдарынан келгенінше, шеберліктері жеткенінше, кірпіш болып қалануы көбіне – сүндет, азына ғана – парыз, міндетті борыш болып отыр» [6;52] деп жазушы Қаныш ағаға арналған хатында жазған болатын. Сондай-ақ майдан тақырыбына арналған көркем әдебиет тудыру үшін өзінің, Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллин және өзге де соғысқа қатысқан жауынгерлердің жинап сақтаған материалдарына арқа сүйеуге ұсыныс береді. Оны «Айтылған темалардың дәнектері – нұсқасын, мен өзімше менің қазақ тіліндегі қолжазбаларымда қалдырдым. Мәліктің және басқа ойлап, жазып жүрген қазақ жігіттерінің жазбаларында да көбі табылады» [6;54] деген хат үзіндісінен байқауға болады.

Бауыржан Момышұлы – әрбір адамның жан дүниесіне терең бойлай білген, сарбаздардың қажеттіліктерін сезініп жүрген әскери психолог десек те болады. Ол жауынгерлер мен қолбасшыларына адамзатқа тән қасиеттер мен кейбір кезде осалдықтың да керек екендігін айтады. Сарбаз да шаршайды, бір кезде ерлік, батырлық көрсетсе, бірде жаны күйзеліске ұшыраған кезде немқұрайлық пен жігерсіздік бойын аулайды. Сарбаздың да махаббаты болады, Отан туралы, өлім мен өмір туралы ойлары болады. Соғыс алаңындағы сарбаздардың күш-жігері таусылып, қуаты кемігенде оларға дәрмен беретін, өмірге деген қызығушылықтарын қайта оятатын қуат көзі – көркем әдебиет. Батырды тебіrentкен осы рухани күш-қуат көзінің сарбаздарға берері мен сапасының нашарлауы, құндылығын жоғалтуы еді.

Әдебиеттер

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 15-том / Құраст.: А. Жанабекова, Т. Жанұзақов, Б. Әбілқасымов және т.б. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – Т. 15: – Ү–Я. – 824 б.
2. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Арыс, 2004. – 288 б.
3. Бабырнама. – Алматы: Жалын, 1990. – 320 б.
4. Ергөбек Қ. Баян ғұмыр. – Алматы: Жазушы, 1991. – 232 б.
5. Бауыржан батыр. – Алматы: Жалын, 1991. – 352 б.
6. Момышұлы Б. Алыстан сәлем жолдаймын. Көптомдық шығармалар жинағы. 21 том. (2- кітап). – Алматы: Өнер, 2010. – 208 б.

А. Ертілеуова

III курс студенті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

Ғылыми жетекшісі: филология ғылым. канд., доцент М.И. Оразханова

ПОЭЗИЯДАҒЫ ТУҒАН ЖЕР ТАҚЫРЫБЫ: ДӘСТҮР ЖӘНЕ ЖАЛҒАСТЫҚ

«Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас», – дейді дана халқымыз. Бұл сөзден халқымыздың туған жеріне деген ерекше ыстық сезімі мен жалынды махаббат отының ұшқыны сезіліп тұрғандай. Сондай сезімнің құдіреті талай ақындардың қалам алып шабытттануына арқау болды. Оларды қиал бағына жетелеп, шабыт шыңын бағындыруға талпындырды. Сол жерінің әсемдігін сөзімен өрнектеп, бейнелеп ардақтай білуге насихат ете отырып, келешек ұрпаққа елінің, жерінің қадірін біліп, қорғай білуге үгіттеді.

Туған жер тақырыбындағы өлеңдердің қазақ поэзиясындағы орнын осыдан анық көреміз. Бұл тақырып қай кезеңде болсын маңызын жоғалтпасы айқын. Себебі қай ғасырда болсын өз жерін, елін сүйетін ел балалары өз жеріне өлең арнаудан жалыққан емес. Дегенімен де әр дәуірдің өзіне тән өзгешелігі сарыны болып отырады. Енді сол әр кезеңде ақындарымыздың туған жеріне арнаған арнауларына көз жүгіртсек.

Туып өскен жер туралы ойланып, ой жетегіне берілгенде Мұқағали Мақатаевтың мына өлең шумақтары бірінші болып ойға оралады:

*Не істемекпін алтын, гауһар, жақұтты,
Оларды іздеп өткізбеспін уақытты.
Мен бақытсыз бола қойман сірә да,
Туған елім болса екен бақытты! [1]*

– деп ақын өз туған жерін бар дүниеден биік қояды. Туған жерінің тұғырдан түспеуін тілейді. Туған өлке, тарихи орданы сүю – ақылдың ісі емес, жүректің ісі екенін өз өлеңдерімен аңдатады. Осы сарында Қасым Аманжоловта «Атамекен» өлеңінде:

*Сүйем сені туған ел – атамекен,
Абзал анам сенсің зой құшағың кең.
Жер мен көктің жаннаты бір өзіңсің,
Сенен артық не табам, қайда кетем, [2]*

– деп өз туған жерін жер жаннатына теңейді.

Туған жердің торғайы да сүйкімді демекші, ақын Мағжан Жұмабаев та «Туған жер» өлеңінде туған жеріне деген сезімін шынайы жүреппен жырлайды. Ақын үшін даласының топырағы да, тауы да, суы да, желі де

ғажайып. Және оны айрықша мадақталып, оқушы санасында қатты толқыныс туатындай етіп бейнелеген.

*Тәтті суың дәмі аузымнан еш кетпес,
Қалың нуың, қыр, суыңа жер жетпес.
Кең далаңда ойын ойнап қалсамшы,
Жазу болып адамзатқа ер жетпес!.. [3]*

Ақындар үшін өз туған жерінің кең даласынан, тауынан, өзені мен көлінен артық құдірет жоқ. Осы тұста ақын Қадыр Мырза Әлидің мына өлең жолдары ойға оралады:

*Бұл сөзіме сенбе менің мейлің, сен мейлің,
Отан барда сембеймін де, сөнбеймін.
Туған жерден таба алмасаң қасиет,
Басқа тапқан қасиетіңе сенбеймін! [4]*

Ал, туған жерін өз әке – шешесіндей пана тұтқан ақындарымыздың поэзиясы өз алдына бір бөлек. Оған мысал ретінде Мұхтар Шахановтың «Туған жерге оралу» өлеңін айта аламыз.

*Әкем сенің төсіңде атын тұңғыш ерттеген,
Анам сенің төсіңде тамыр жайып көктеген.
Мен де сенен ең алғаш таптым арман өрісін,
Сенен ұлы ешкім де болмақ емес мен үшін. [5]*

Бұл өлеңінде ақын анасына, жалпы адамға деген махаббатын туған жерге катысты сезімімен ұштастырған. Осындай өлең жолдары арқылы ақындарымыз кіндік қаны тамған жеріне деген махаббатын, перзенттік сүйіспеншілігін жеткізе білген. Сонымен қатар, тәуелсіздікті, бостандықты аңсау, егеменді ел болу тақырыбында, елін жерін сыртқы жаудан қорғау, елінің басына түскен ауыр халі жайында немесе оның көлін, жерін суреттеу, табиғатын бейнелеу мақсатында да шабыттана қалам тербеді. Әрине Әр адамның өз отанын, туған жерін, сүюі парыз деп білетін халықпыз.

*Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті үнін сүйем [6].*

– деп жырлаған ақынымыз Фариза Оңғарсынованың өлеңі жоғарыдағы сөзіміздің мағынасын ашып көрсетіп тұрғандай.

Қазіргі жастар поэзиясы, шындығын айту керек, көбінде жарқ – жұрқ. Бір оқығанда керемет сұлу. Тағы үнілсеңіз сұлулығы бірте бірте

кете бастайды. Ал қазіргі ақындарға келер болсақ, көбіне тәуелсіздікке жеткенімізді мадақтау, мақтан тұту, көбіне патриоттық сарындағы жеңіл тілде жазылған өлеңдер десек те болады. Дегенімен де, осы тақырыпта қалам тербеткен ақындар да жоқ емес, мысалға алар болсақ ақын Ринат Зайытов бұл тақырыпта аз да болса өз үлесін қосты.

*Балғын денем балқыған, шат көңілім шалқыған туған жер,
Анашымның ақ сүті-ау, топырағымнан аңқыған туған жер.
Ойын қуып аунаған, жүрегімді баураған туған жер,
Кең даласы әкемнің, құшағынан аумаған туған жер! [7]*

Қазіргі кезде жастарға Мұқағали Мақатаев, Жұмекен Нәжімеденов сияқты ақындарымыз жеткен биіктен қарау тым асыра сілтеушілік болар. Жаңа дәуірдің әдебиетін жаңа қырынан танып жүрген жастардың әдебиеті өзімен ғана санасуды керек етеді. «Ақынға қара сөзден өлең оңай» демекші қазіргі кезде туған жер тақырыбын тірек ететін жас ақындар саны көп емес. Дегенімен де жүрегі елім, жерім деп соғатын патриот ақындар бар және болады деп ойлаймыз. Осы тұста Жандарбек Бұлғақовтың мына бір өлең жолдарын ұсынғым келеді:

*Сүйінбайдай ақын кіндік кескен жер,
Тезек төре елдің дауын шешкен жер.
Қасиетіңнен айналайын, Жетісу,
Даласынан тұнық ауа ескен жел. [7]*

Жалпы қазақ халқының жаны ән – күйге, өлең – жырға бір табан жақын ел болғандықтан, ел арасынан алдыңғы ақын аға – әпкелерінің ізін жалғастыратын дарынды, ізбасар буынның шығуы заңды құбылыс. Соған дәлел ретінде төменнен поэзия жанырына қадам басқан ақындардың бір бөлігін көре аламыз.

«Ауылым» деп аталатын Ерік Нарын өлеңінде туған жерінің әсем бейнесін мінездеу арқылы әсерлі суреттеген.

*Қайыңдардың алтын еткен жасауын,
Ешқай жерде атқан емес бұлай таң.
Мініп көрсең қырда жүрген асауын,
Бұл өмірді жуас дер ең шын айтам! [7]*

Сондай-ақ, Сандуғаш Бекішова да өз өлеңінде туған жер табиғатын тамаша, айқын өрнектеген. Расында «туған дердің ауасы да шипа» деген сөзбен астарласыптұрғандай.

*Нәрін себер
Тірілтіп
Таңдандырып*

*Төгілмейді көк нәсержандандырып
Қарамастан осыған туған жердің
Жұпар ісі тербейді паңдандырып. [7]*

Қазіргі кезде жас ақындар толқыны толығып келеді әрине оларды біріміз білсек біріміз білмейтін болармыз. Дегенімен де олар қазақ поэзиясына өзіндік үлестерін қосып жатқанын, келешекке жалғастырушы көпір боларын естен шығармағанымыз жөн. Тек осы тұста Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақындық – фотография емес, фотография – ақындық емес. Ақынның міндеті – білім беру емес, терең сезім, асқар пікір ояту» [8], деген сөзіне ақындар қауымы құлақ асса екен дейміз. Осы орайда ақын Жұлдызай Ысқақтың туған жеріне деген ішкі сезімінкөрсеткен өлең жолдарын ұсынғымыз келеді.

*Жанға бөтен ол жақта жоқ қауымым,
Туған-туыс, дос-жаран, көп бауырым.
Бара қалсам, қолымды ап, жетелейді,
Мен іздеген балалық шаққа ауылым. [7]*

Осынау алып қазақ сахарасын шексіз сүю әр қазақтың міндеті және азаматтық борышы. Сол туған жерге деген ыстық сезімнен, сағыныштан, алыста жүре аңсаудан туындаған жырлар жазылды. Аян Мейраштың «Сағыныш» атты өлеңі де туған жерге деген сағыныш сазынан туындаған туынды.

*Шертілмеген бір күйдің нотасында,
Сағыныш бар, сезінсең, от, расында.
Төбесіне өрмелеп бара жатқан
Біздің ауыл «Маяның» жотасында.
Кіре берсең, толқын көш жылқылары,
Дегбіріңді әкетер жұлқып әрі.
Топырақта туғанбыз, тұлпар көрсем,
Қағиданықиялым сындырады. [7]*

Ғалым Ғабиден Мұстафин «Поэзия ұғымды болуымен қоса әсерлі болсын, өйткені, ұымдының бәрі әсерлі бола бермейді. Әсердің өзі әрқилы. Бір әсер – өмір бойы ойыңнан етпейді, бір әсер – сол арада қалып қояды. Поэзиядан біз ұмытылмайтын күшті әсер іздейміз» [9], – деп өлеңдегі негізгі элементтердің бірі ретінде оқырманға әсер қалдыру екенін атап өткен. Осы тұста ақын Тоқтарәлі Таңжарық «Сағындым» өлеңінде туған жерге деген сағынышын әсерлі жеткізген.

*Жырымды алғаш тыңдаған ауылымды сағындым.
Қош айтып қол бұлғаған бауырымды сағындым. [7]*

Енді тарихымызға көз жүгіртсек, осындай ұлан ғайыр кең даламызды ата-бабаларымыз асқан ерлігімен, қанымен қорғаған. Осындай өлкеде дүниеге келген ел жастары әрқашан өз елін жырларына қосып, мақтан етуден жалықпаса керек. Сондықтан да туған жер жайындағы өлеңдер ешқашан да қай кезеңде болсын өз маңызын жоғалтпайтын, поэзиямыздан ерекше орын алатын тақырып болып қала бермек. Осы орайда «Халықты сүйем деп байбалам салмай, оған тек жан жүрегімен ғашық бола білу керек» деген Мұқағали Мақатаевтың мына бір жыр шумақтарын айта кетпеуге болмас:

*...Оңай сөз ғой Отанды сүйем деген
Іс тынбайды «жанамын, күйемменен...»
Өгей әке емес қой Отан деген,
Отанды мен Атамдай иемденем! [7]*

Туған жерге деген сезім – адамға туа біткен қасиет емес, ол жүре қалыптасатын құбылыс. Сол құбылысты ақындарымыз өлеңдерімен бізге яғни, оқырман қауымына жеткізгісі келгенін байқаладық. Ал бізжоғарыдағыдай, ақын ағаларының жолын қуған жас буынның алар асуы алда екеніне сенім білдіреміз. Халқымыздың қамын жеп, болашағына алаңдайтын ұрпақ тәрбиелеуде, жалынды рух сыйлайтын ақындар тобының керегі сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Мақатаев М.С. Көшеді өлең немесе өшеді өлең: өлеңдер мен поэмалар. – 2013. – 345 б. [250]
2. Аманжолов Қ., Дариға, сол қыз: өлеңдер мен поэмалар / құраст. Е. Дүйсенбайұлы. – Алматы: Раритет, 2006. – 254, [29] б.
3. Жұмабаев М. Жан сөзі: өлеңдер мен дастандар. – Алматы : Раритет, 2005. – 250 б.
4. Асыл сөздің алдаспаны: Қадыр Мырза Әлидің туғанына 70 жыл, библиографиялық көрсеткіш – Орал: Полиграфсервис, 2005. – [53] б.
5. Шаханов М. Ғашықтық ғаламаты: өлеңдер, балладалар, поэмалар. – Алматы: Өнер, 2012. – 474, [5] б.
6. Оңғарсынова Ф. Үш томдық шығармалар жинағы. – Астана: Елорда, 2004. – 1-том. – 288 б.
7. <https://www.zharar.com/>
8. Мүтиев З.Ж. Қазақ лирикасының даму сипаты және зерттелу тарихы (XX–XXI ғ. басы): Монография. – Орал: М. Өтемісов атындағы БҚМУ Редакциялық баспа орталығы, 2012. – 284 б.
9. Мұстафин Ғ. Ой әуендері. – Алматы: Жазушы, 1978. – 296 б. [115-б.].

Ж.С. Әлмұратова

3-курс студенті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

Ғылыми жетекшісі: ППУ-дің аға оқытушысы Ж.Қ. Жұбантаева

ӘЛЕУМЕТТІК МӘРТЕБЕ (СТАТУС) ТУРАЛЫ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Әлеуметтік мәртебе (статус) – қоғамдағы жеке тұлғалар мен әлеуметтік топтардың қандай да бір құқықтар мен міндеттер жиынтығымен байланысты жалпы жағдайы. Әлеуметтік статус – жеке тұлғаның немесе қоғамдағы дәрежесінің, кәсібінің, білігінің, лауазымының, материалдық жағдайының, саяси ықпалының, іскерлік байланыстарының, ұлтының, діншілдігінің, жасының, отбасылық жағдайының, туыстық байланыстарының интегралды көрсеткіші [1]. Әлеуметтік статус танылған, яғни, субъектінің өз қалауынсыз, әдетте, туа бітті (нәсіл, жыныс, жас, ұлты) және жеке тұлғаның өз күшімен қол жеткізген табыстары болып екіге бөлінеді. Сондай-ақ жеке тұлға аралас, яғни, жоғарыда аталған екі түрінен құралған Әлеуметтік статуска ие болуы мүмкін. Әдетте жеке тұлғаның бір мезгілде бірнеше әлеуметтік статусы болады, бірақ соның ішінде біреуі (мысалы, қызметі) негізгі болып табылады.

Тұлға туралы рөлдік теорияда адамның әлеуметтік мінез-құлқы негізгі екі ұғыммен түсіндіріледі: Олар: «әлеуметтік статус» және «әлеуметтік рөл». Енді бұларға толығырақ тоқталайық. Мысалы, әрбір адам әлеуметтік жүйеде бірнеше қызметтерді атқарады. Осыны статус дейді. Әрбір адамның бірнеше статусы болуы мүмкін, бірақ, оның жағдайын бір ғана статус анықтайды. Бұл жалғыз статус басты немесе интегралды деп аталады. Ол басты немесе интегралды статус адамның қызметі (лауазымы) арқылы белгіленеді. Мысалы, директор, профессор сияқты әлеуметтік статус адамның сыртқы мінез-құлқы мен пішінінен (киімі, сөйлеу мәнері) және басқа әлеуметтік мамандық белгілер ең алдымен адамның алдына қойған өмірлік басты нысаналарынан, іс-әрекеттерінен, мақсаттарынан, т.б. байқалады. Әлеуметтанушылар статустардың екі түрін бөліп көрсетеді. Біреуі – қоғамнан берілген (предписание), екінші адамның өз еңбегінің нәтижесінде қол жеткізген (приобретенный) статус. Қоғамнан берілген статус – бұл тұлғаның этникалық шығу тегімен, туған жерімен, отбасымен, т.б. байланысты. Еңбегі арқылы қол жеткізген статус адамның қажырлы еңбек етуіне байланысты. Мысалы, жазушы, ғалым, директор, т.б. Статустың табиғи деген түрі болады. Тұлғаның табиғи статусы адамның мәнді, тұрақты сипатты белгілеріне байланысты (ер адам, әйел, бала, жасөспірім, қарт, т.б.) Кәсібіне, қызметіне (лауазым) байланысты статус – тұлғаның базистік (яғни, негізгі) статусы болып есептеледі, Ол ересек адамның интегралдық статусының негізі болады. Бұл статуска адамның

әлеуметтік, экономикалық, өндірістік салаларда қызметі, орны (мысалы, дәрігер, инженер, мұғалім, банкир, т.б.) жатады [2]

«Әлеуметтік статус» – жаңа заман мәселесі емес, бұл қоғамда әрқашан болған жайт десек те болады. Бұған дәлел ретінде ертеректегі адамдардың ақсүйек немесе кедей, бай не жарлы болып қоғамда бөлінуі. Халық ауыз әдебиетінде бұл тақырып жиі қозғалады. Мақал-мәтелдердің ерекше сарыны, бұл тақырыпты оданда аша түскендей [2].

Қазақ мақал-мәтелдерінің тақырыбы сан алуан. Әр оқырман өзіне қажеттісін таба алады. Бүгінгі күні көбімізді толғандырып жүрген әлеуметтік мәртебе, яғни статус мәселесі. Мысалы, «Тең-теңімен, тезек қабымен», «Аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш баланы ойламайды», «Бай мақпалын киеді, Кедей тапқанын киеді...». «Әлеуметтік мәртебе» тақырыбына қатысты мақал-мәтелдердің астарында қоғамдық теңсіздік пен әлеуметтік орын кеңінен сөз болады. Қай кезде алмасақта, басты тақырып бұл адамның материалдық жағдайы. Сондықтан бай мен кедей тақырыбы жиі көрініс табатыды. Солардың бірқатарына,

- 1) Бай «алам» дейді,
Кедей «қатын-балам», – дейді.
- 2) Бай жаңа атқа мінсе, «Қайырлы болсын!» дейді
Кедей жаңа атқа мінсе, «Қайдан алдың?» дейді.
- 3) Бай барын бермес,
Кедей қарап тұрмас.
- 4) Бай баю үшін тырысады, Кедей кедейіне болысады.
- 5) Бай қанша кедейленсе де, талтаңдауын қоймайды.
Кедей қанша байыса да, жалтаңдауын қоймайды.
- 6) Бай қолында қалтырағанша,
Кедей қолында жалтыра.

Бұл мәселе қандай да болсын қоғамда бар мәселе. Мысалы Ресей империясында халық шаруа, саудагер, жеке дворян, мұрагерлік дворян деп бөлінсе, ал Кеңес Одағында «әлеуметтік мәртебе» деп аталатын негізгі әлеуметтік мәртебелерге шаруа, жұмысшы, қызметкер кірді. Қызметкерлер санатына жоғары білімі бар немесе техникалық мектеп бітіргендер жатса, жұмысшылар санатына осы білімі жоқ барлық адамдар кірді. Шаруалардың санаты жоғарыда аталған білімі жоқ ауыл шаруашылығымен айналысатын ауылдық елді мекендердің тұрғындарын қамтиды. Олардың, «Яблоко от яблони недалеко падает», «Ворон ворону глаза не выклюнет», «Выше лба уши не растут» тағы осы сынды мақал-мәтелдері адамның қоғамда алатын мәртебесі жайлы астарлы сөз қойғайды. «Астарлы» деп отырғанымыздың себебі, келтірілген мысалдарда бірыңғай не құс (ворон), не жеміс арқылы (яблоко) беріліп, әлеуметтік мәртебе тақырыбын сөз етуі. Қазақ мақалдарында сияқты орыс мақал-мәтелдерінде де бай (богатый) және кедей (бедный) туралы сөз жиі қозғалады:

- Бедный пожалеет, богатый – посмеется.
- Бедный пот льет, а богатый его кровь пьет.
- Богатому жить приятно, бедному – дышать тяжело.
- Беден, как церковная мышь.
- У бедного ежедневно пост.
- Лучше быть богатым и здоровым, чем бедным и больным.
- Мошна туга – всяк ей слуга.
- Не с богатством жить, а с человеком.
- С сильным не борись, с богатым не судись.
- Сытый волк смиреннее ненасытного человека

Кейбір орыс тілді мақал-мәтелдердің қазақ тілінде балама нұсқалары бар. Мысалы, Бедняк богатым стать желает, богатый богом стать желает – Кедей байға жетсем дейді, бай Құдайға жетсем дейді.

– Бедняк плачет, богач пляшет – Біреу тоңып секіреді, біреу тойып секіреді.

– Бедный молодец честью богат – Бай малын мақтайды, Азамат арын сақтайды.

Жоғарыда айтып өткен ворон, яблоко сынды сөздермен келген мысалдарға қарап, мақал-мәтелдердің ерекшелігін аңғаруға болады. Бұл ерекшелік мақал-мәтел шыққан кездегі басты айналысқан жұмыс түрі, яғни екі елдің басты кәсіп түрі-шаруашылық. Тек айырмашылығы- орыс халқында егін шарушылығы, бау-бақша болса, қазақ халқында ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы кеңінен сөз болады. «Тең-теңімен, тезек қабымен», «Сиырға туған күн, бұзауға да туады», «Семіздікті қой ғана көтереді», «Жүйрік атқа мінген Құдайын ұмытар». Бұл екі ел мақал-мәтелдердің басты танымдық ерекшелігі.

Қорытындылай келе, әлеуметтік мәртебе – ауыз әдебиетінде (фольклор) талқыланған, қызықты мәселелердің бірі. Сондықтан, бұл тақырып қазақ және орыс мақал-мәтелдерінің өзегі. Екі елдің мақал-мәтелдерінің ұқсастығы да, бір-бірінен ерекшеленетін танымдық айырмашылықтары да бар. Сонысымен- ерекше айрықша.

Әдебиеттер

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
2. <https://surak.baribar.kz/639329/>

Ж.С. Әлмұратова

3-курс студенті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

Ғылыми жетекшісі: ППУ-дің аға оқытушысы Ж.Қ. Жұбантаева

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АНГЛИЦИЗМДЕР (ЖАРНАМА МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Кез-келген халықтың тілі жеке өмір сүрмейді. Қандай да бір тілге басқа тілден кірме сөздердің енуі сол тілдің дамуына қажетті табиғи үдеріс болып табылады. Кірме сөздер дегеніміз – тілдің өзіндік сөзжасам тәсілімен емес, басқа тілдердің ықпалымен жасалған немесе олардан енген сөздер. Яғни сөздің дыбыстық тұлғасы да, мағынасы да өзге тілге қатысты сөздер кірме сөздер делінеді. Жер шарында өмір сүріп келе жатқан үлкенді-кішілі халықтардың қай- қайсысында болсын өзге тілдерден ауысып келген кірме сөздер көптеп кездеседі.

Осындай кірме сөздердің бір тобы – ағылшын тілінен енеді. Ағылшын тілінен еңген сөздерді *англицизмдер* деп атайды. Англицизмдер – қоғамдағы саяси, мәдени, экономикалық қатынастардың, ғылым мен техниканың дамуына байланысты тілге енген жаңа сөздер мен сөз тіркестері, фразеологиялық оралымдар. (Сервис, продюсер).

Соңғы 20–30 жыл бедерінде англицизмдер қазақ тіліне қарқынды әрі үлкен көлемде енгені соншалық, лингвистер оларды ағылшын – қазақ билингвизм құбылысы деп атап жүр. «Қазақ тілі – толерантты тіл есептелгендіктен, қорына ағылшын, орыс тілді сөздерді қабылдауға бейім келеді», – дейді профессор Б.К. Момынова [1, 12]. Күнделікті пайдалынатын теледидар, газет-журналдар, БАҚ беттерінен төл сөздермен қоса англицизмдерді де кездестіруге аламыз. Мысалы, Бүгін *Jas Otan* БАҚ өкілдеріне брифинг өткізді (Facebook желісінен). Бұл сөйлемде «брифинг» – кірме сөз, яғни англицизм.

Жазбаша немесе кітаби кірме сөздер көбінесе ғылыми–техникалық, әдебиет пен өнер т.б. арқылы енген және солардың белгілі бір саласына бейімделіп қолданылатын сөздер болып табылады. Бұлар өркениет ұғымдарына телінген сөздер болу қасиетімен сипатталады. Сөздердің бұл тобы білдіретін ұғымы мен мәніне байланысты интернационалдық сөздер болуға икемделеді де, олардың тілден-тілге ауысу, кең түрде таралу қасиеті басым болады. Ондай сөздердің кейбіреулері өзінің білдіретін ұғымы мен мазмұнының айрықша маңызды болуына байланысты дүние жүзіне, күллі халықтардың тіліне ауызша түрде де, жазбаша түрде де еніп, жаппай және жиі қолданылатын сөздерге айналады. Мысалы, *кастинг, шоу, видеоклип, компьютер, интернет* деген сөздер бүкіл әлемге таралып, әр түрлі тілдерде сөйлейтін халықтардың баршасына бірдей таныс сөздерге айналып отыр.

Ал А.М. Қызырова «Ағылшын кірме сөздерінің қазақ тіліндегі ассимиляция үдерісі» атты диссертациялық жұмысында ағылшын

тілінен енген сөздерді талдап, әр кәсіпке байланысты саралап, талқылап қарастырған [2, 24]: Мысалы:

Ақша және ақшамен байланысты ұғымдар: *банкнот, инвестиция, депозит, пин код, банк, грин-кард, доллар, цент, шиллинг, пенс*.

Ер адам ұғымын білдіретін синонимдер: күзетші – *секьюрити*, басқарма – *менеджер*, босс – *шеф*, жетекші – *куратор – тьютор*, іскер – *бизнесмен*, есепші – *аудитор*, ат қамінер – *жокей*, тауарды жылжытушы – *промоутер*, ер адам – *мэн, джентльмен*, т.б.

Демалыс: *уик-энд, сейшн, фейшн, круиз, пати, шоп тур* т.б.

Ойын: *керлинг, хоккей, бокс, биллборд, боулинг, гольф, сквош, гейм, гандбол, футбол, кроссворд, аттракцион, крикет* т.б.

Спорт: аквалангты пайдаланатын адам – *дайвер*, культуризм – *бодибилдинг*, ұзын қашықтыққа жүгіретін адам – *стайер*, қысқа қашықтыққа жүгіретін адам – *спринтер*, велосипед – *байк* т.б.

Ақпараттық терминдер компьютермен жұмыс істеу барысында кездеседі: геймер (компьютерлік ойындарды жақсы көретін адам), хакер, юзер (жеке компьютерді пайдаланушы), *хардвер, софтвер, драйвер, провайдер*, т.б.

Хат-жазбалар: *майл* (компьютер арқылы жіберілетін хат), *сайт, файл, емейл* т.б.

Өлшем бірлігі: *байт, мегабайт*, т.б.

Компьютердің атауы немесе компьютерлік ақпаратқа қатысы бар құрамдық бөлшектердің аты: *ноутбук, пенциум, лаптоп, кэш, принтер, декомпилятор, джойстик, факс-модем* т.б.

Компьютер арқылы жүзеге асырылатын іс-әрекет: *принтовать ету, логиндау* (пароль кіргізу), *таймерлеу, Internet-браузер, Internet-магазин, Internet-провайдер, онлайн-сауда, дамн, хост, аудит, гамдеу* (game ойын), *уиндоусты меңгеру* (Windows бағдарламасы) т.б.

Қазіргі тіл білімі ғалымдарының зерттеуіне сүйенсек **күніне** 300 сөз қазақ тіліне енеді екен. Ол сөздердің басымы ағылшын тілінен енген. Ресей ғалымдарының пікірінше әсіресе көптеген кірме лексика газет, журнал беттерінде көрінеді. Сол себепті де ағылшын тілін үйрену мәселесі – қазіргі таңда басты назарға алынууда.

Англицизмдер лексикалық және семантикалық болып бөлінеді. Лексикалық англицизмге жаңа ұғымдардың тууымен бірге пайда болған жаңа терминдер, ал семантикалық англицизмдер деп сөзбе-сөз аудару арқылы төл тілге енген сөздерді айтамыз.

| Лексикалық англицизм | Семантикалық англицизм |
|---|---|
| Антропогендік фактор (human factor), Демалыс күндер (weekend), сауық кеші (party), демеуші (sponsor), қолданушы (user). | Жаңа сығылған шырын (fresh), Тез дайындалатын тағам/жылдам ас (Fast food), бағалар жазылған парақ (price-list), бизнеспен/іспен айналыстан әйел (businesswoman), компьютерлік жүйе (computer system), ауа кондиционері – air conditioner. |

Англицизм сөздердің қазақ тіліне енуі екіжақты байланысқа негізделеді. Англицизмдер лексикалық, фонетикалық жағынан тұлғасын сақтауына қарай 2 топқа бөлінеді. Олар – өз қалпын толық сақтағандар және жартылай сақтағандар.

Толық сақтағандар – бұл түпнұсқа тілдің сөздерінің сол қалпында сақталып, екінші тілде өзгеріссіз қолданылуы. Қазақ тілінде дәл осы түрдегі сөздер саны біршама. Мысалы: Қазіргі кездегі жалпы әлемдік сөздерге айналған (*хайн – hype, тренд – the trend, пранк – prank, хит – hit*, т.б.). Ұйым, мекеме атаулары: (*kfc, mac dac, second-hand, Kino park* т.б.). Жарнама саласында: (*ди-джей – DJ, фейс-контроль – face control, стилист – stylist, лузер – loser, ток-шоу – talk show*).

Жартылай сақтағандар – бұл түпнұсқа тілдегі сөздердің грамматикалық не лексикалық жағынан өзгеріске ұшыраған, бір бөлігі сақталған сөздер. Мысалы: Спикер (*Speak – сөйлеу*), Актуалды (*Actual – өзекті*), Глобалды (*Global – ғаламдық*), Коучер (*Coach – жаттықтырушы/тренер*), Рекордтық (*Record – рекорд*), Юзер (*to use – қолдану*) т.б.

Англицизмдердің *жасалу жолдарына* келетін болсақ. Олар екі түрлі жасалу жолдарына ие.

Алғашқысы: бұрын-соңды тілде болып көрмеген, жаңа ұғымдардың пайда болуымен байланысты. Мысалы : *hot dog – хот дог, spray – спрей, скраб – scrub, bowling – боулинг, cartridge – картридж, printer – принтер, disk – диск, air conditioner – ауа кондиционері, cooler – кулер, mixer – миксер, toaster – тостер, blender – блэндер, manager-менеджер, promoter – проумотер, distributor – дистрибьютер, dealer – диллер, mentality – менталитет, stapler – степлер, scotch tape – скотч, monitor – монитор, display – дисплей, presentation – презентация, calculator – калькулятор, notebook – ноутбук, және т.б.*

Келесі түрі: бұрыннан тілде бар атауларды жаңартып, ескіні жаңғыртып, жаңаша мән беріп, түрлендіріп қолдану негізінде пайда болады. Англицизмдердің ұлттық тілдің байып, дамуы үшін, оның жаңа мағыналы сөздермен толықтырылып отыруы үшін мәні зор. Мысалы : *briefing – брифинг, candidate – үміткер (кандидат), journalist – тілші(журналист) және т.б.*

Көптеген тарихи жағдайларға байланысты қазақ тіліне шетел тілінен кірген сөздердің ауысуына бірден-бір дәнекер тіл, бұл-орыс тілі. Яғни, орыс тілі арқылы жүзеге асып отырды. Шетел тілінен енген сөздер ғылым мен әртүрлі халықаралық деңгейде іске асып жатқан шаралардың негізінде көптеп енуде. Бұл туралы А. Исланова «Шетел сөздердің белгілері мен деректері» атты еңбегінде атап, жұмыс барысында қазақ тіліне енген шетел сөздеріне толық сипат береді [1, 30].

Англицизмдерді дыбыстық құрамдық өзгерістерімен орыс тілі арқылы қабылдаймыз. Қазақ тіліндегі шетел сөздерінің көптеп енуін халықтың ғаламторды кеңінен пайдалануын айтуға болады. Олар орыс тілі арқылы қазақ тіліне еніп тілдік қолданысқа енген ағылшын сөздері/

Англицизмдерді түрлі жастың өкілдері қолданады. Соған дәлел – мектеп оқушыларының да қолданатын сөздер аясы бірсыпыра. Бұл тізімде – Дос, бозбала – boyfriend, барлығы ойдағыдай – ok, түскі ас – lunch, сәлем – hi, керемет – cool, тамаша – wow, дүкенге бару – shopping, сайтан – shit, мәңгілік – forever, құрмет – respect, есінен адасқан – crazy, кешір – sorry, қалтарыста тұру – outsider, соңы – finish, хай-тек – hi-tech, қойылым – show, желі үстінде – online, мәселе жоқ – no problem және т.б. сөздер бар.

Қорытындылай келе, «Қазақ тіліндегі англицизмдер» – өте ауқымды, жан-жақтылықты, оның ішінде билингвизмдік (қазақ, ағылшын тілдері) қабілетті, біршама тәжірибені қажет ететін тақырыптардың бірі. Менің ойымша, төл тіліміздегі англицизмдер – сөздік қорымыздың кең етек жайып, молаюына жақсы септігін тигізуде. Жаңаша көзқарас, дамытушылық әсерге ие. Себебі, жасөспірімдер, балаларға бұқаралық ақпараттың, теледидардың тіл байлығына қосар үлесі – бәріне мәлім. Бір ғана тілмен шектеліп қана қоймай, шетелдік танымды да меңгеріп, жаһандану заманының көшінде тұру – біздің мақсатымыз.

Әдебиеттер

1. Исланова А. Шетел сөздердің белгілері мен деректері. – А., 2003 – 34 б.
2. Қызырова Ә.М. Ағылшын кірме сөздерінің қазақ тіліндегі ассимиляция үдерісі. Канд. дисс. автореф. – Алматы, 2007. – 25 б.
3. Балақаев М. Б. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы: Ғылым баспасы, 1984. – 267 б.
4. Уәлиұлы Н.У. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. – А., 2007.
5. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 2006. – 259 б.
6. Омарова А.Қ., Шыныбекова А.С. Қазақ тілі. – Алматы: Бастау, 2003. – 127 б.

Н.Х. Жақсылықова

III курс студенті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

Ғылыми жетекшісі: филология ғылым. канд., доцент М.И. Оразханова

М. ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ҚҰНАНБАЙ БЕЙНЕСІ

Өмірі қазақ арасындағы барымта, даудамай, патшалық Ресейдің тізесін батыруымен тұспа-тұс келген ірі тұлға – Құнанбай Өскенбайұлы. Тобықты руының басшысы, ескі мәдениет адамы, әділ ел басқарушысы. Қазақ тарихындағы ірі тұлға.

Құнанбай Абылай хан, Кеңгірбай сынды сол замандағы қазақтың бетке шығар тұлғалардың тәрбиесін алған. Құнанбайды Құнанбай еткен оның өмір сүрген ортасы. Әкесі Өскенбай беделді, білікті болыстың бірі болған. Ұлы әкенің тәрбиесін көріп өскен Құнанбайдың шетте қалуы мүмкін емес еді. Халықты бір жұдырық астында ұстап, ел арасындағы

даудамайдарды әділ түрде шешуге тырысқан. Сол кезде Құнанбайдың бір отты көзқарасының өзі кез келген адамды сабасына түсіре алған. Ел арасындағы Құнанбай айтты деген нақыл сөздер содан кең тараған. Тек қазір болып жатқан өмірді ғана емес, алдың, ертенің болжай білген көреген болған. Жетпіс жасында қажылықтан келген соң діни жолға толық түсіп, күнәһарлыққа батудан аулақ болып, ел ісіне араласудан бас тартқан. Құнанбай бейнесі жайында жазылған мақала мен зерттеу еңбектер өте көп. Құнанбай образына қатысты тарихи шындық пен көркем шындықтың «Абай жолы» роман-эпопеясындағы бейнеленуіне байланысты архив деректеріне сүйене отырып, жаңаша пікір қалыптастыруға Ә. Марғұлан, М. Әуезов, Т. Жұртбай айтулы еңбек сіңірді. М. Әуезовтың өзі де бұл мәселеге ерекше көңіл бөлген. 1933 жылы жарияланған «Абайдың туысы мен өмірі» атты зерттеуінде: «Біздің мақсат – осы қарастырылатын адамдардың барлығының өмірін бізден алыс заманда, бүгінгі өмірімізден бөлек күй, бөлек шарт, бөлек тарихи дәуірде бүгінгіден бөлек болғандығын анық көрсету. Сондықтан біздің міндетіміз – қаралау емес, бүгінде анығын білгісі келген жұртшылыққа Құнанбайдың дәл пішінін көрсету. Бұл сөздің басын Абайдың жайы деп алып, Құнанбай жайын көп таратып айтып кетсек, солай болуына себеп болып отырған да – осы міндетті көп ойлағандық», – деп жазды. Құнанбай өмірі туралы жазған Ахат Шәкәрімұлының деректерінен бұл тарихи тұлға туралы көп нәрсені меңгереміз. Мысал ретінде Марфуға Шапия «Қазақта кім бар еді Құнанбайдай?» мақаласында екі рет ажалдан қалған қасиетті адам бойындағы құдыретті күшті ашып көрсетеді. «Құнабайдай әке болмаса, Абайдай ұл қайда» деген астарлы сөздің толық мағынасын «Құнанбай мен Абай» атты Асан Омаровтың мақаласынан біле аламыз. Бұл мақала әке мен бала бойындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды салыстыру мақсатында жазылған. Құнанбай бейнесінің әр қырына Ақмарал Берекетова «Абай жолы эпопеясындағы Құнанбай бейнесі» мақаласында тоқталған. Ол «Сөз ұтар тұлға», «Құнанбай-саясат», «Құнанбай-дін жолындағы адам» атты үш бейненің өзіндік ерекшеліктерін дәлелдей отырып жазады. Бұл тақырыптардың төңірегінде жазылыған Бейбіт Сапаралының «Құнанбай қажы» зерттеу еңбегі де бар. Тіпті атақты дала кемеңгері жайында, қарадан шығып хан атанған Құнанбай Өскенбайұлының өнегелі өмірінің бір кезеңін қамтитын 2015 жылы «Құнанбай» фильмі жарық көрді.

Ұлы қаламгер М. Әуезовтің Абайдың әкесі Құнанбайдың тарихи тұлғасын «Абай жолы» роман-эпопеясында жан-жақты суреттеп, қыры мен сыры мол теңдесі жоқ типтік бейне етіп мүсіндегені белгілі. М. Әуезов суреттеуіндегі Құнанбай – өз басы бір шешеден жалғыз, бәйбішенің жалғызы. Қара шаңырақ иесі. Қалың дәулет пен әмір, билік иесі. Жасқа да көп туысынан өзі үлкен. Сол себепті, үлкен әкесі Ырғызбайдан тараған осы мына жиырма ауылдың мынандай топтарының ішінен бірден-бір жан әлі күнге Құнанбайдың алдынан

көлденең шығып көрген емес. Тіпті, өкпе-назы болса да, ашып-жарып айта алмайтын. Ал бірақ Құнанбай сойыл соғарды, қол қимылды, тізе мен ызғарды керек қылған жер болса, бұл қауымның іркілетін бірі жоқ. Шоқтай жиын – мықты топ. Жер алуда, ел алуда, оңайдан мал табуда бұлар Құнанбайдың қабағын қалт еткізбей түсінеді. Неше қабат бәйбіше-тоқал боп жатқанмен, Құнанбай бұлардың араларындағы араздық болса, лезде жойып отырады. Араздық ұстағанын әлденеше рет пайдадан, олжадан қалдырып, жазалап отырып, өз ырқына көндіреді. Балаларына тек қана әке ғана емес, ұстаз бола біліп, сауаттылықпен бірге діни тәрбие берген. [1] Шешім қабылдағанда кісіні дәрежесіне қарап бөлмейді, тек істің ағына қарайды. Сондықтан, ел Құнанбайды әділ мырза деп атайды. Құнанбай қажылыққа барғанша дейін халық оны «Мырза» деп атаған. Оның екі түрлі жайты болды дейді ел: Ол басында бай болған жоқ, малы аз болған. Бірақ шын мұқтаж адамнан ештеңе аяп көрген жоқ. Тайжабағысымен әкесінен он екі жылқы енші Құнанбай билік айтқанда мынау би, мынау жуан, мынау аталы деп, олардың ажарына алған, солардың мінуге жарайтындарының бәрін аты жоқ кедейлерге бөліп берген. Тамағы жоқтарға азық, жалаңаш адамдарға киер киім берген, – дейді. Екінші мырзалығы: «Дауласып келген адамдарға адал билігін айтып, араздасқан досты татуластырып, шешілмеген мәселелерге шешім таба біліп, ақыл сұрағандардан таза кеңесін аямайтын еді, – деседі. Абай жолын оқыған оқырмандардың көбісі: «Мейірімсіз Құнанбай, келіні мен Қодарды жазықсыз асып өлтірді», – деген пікірде болуы мүмкін. Оны Құнанбай неге істеді, қандай мақсатпен, оны ешкім терен тексермеді. Ақыры Қодардың қылмысы толық дәлелдегеннен кейін бырақ ол осындай шешім қабылдаған. Жоғары діни орынға хабарлап, солардың үкімі бойынша өлтірілген. Заңға, адамшылыққа жатпайтын, айуандық істі істегені үшін «атқа тисе, алтынды ерінді жақ» дегендейін, арға жатпайтын істі қылғандықтан оны аямаған. Қодарға өтірік жала жауып, оның малын алайын дейтін Қодар бай емес, не өзіне қарсы тұрып жауласқан жауы да емес. Құр жала жауып өлтірді деген сөзін тек Құнанбайды қайтсем жамандайын дегендердің шығарып жүргені. [2] «Тура биде туыс жоқ» демекші, әділ шешім қабылдау үшін жақындарынды да жазалауға тура келеді. Сол кезде Құнанбайды көреалмаушылар үстінен арыз түсірірген сон, оны Омбыға шақыртып алады. Құнанбайдың айдалатынына көзі жеткен ел зар еңіреп: «Сені көрсеткен адамды өлтіреміз, соның қолында өлеміз», – деп бұл шешіммен келісе алмайды. Халқының ашуын сезген Құнанбай оларға: «Өлушінің ажалы жетпесе, өлтірушінің қолы жетпес». Халқым, арамды араммен жуғанымыз болмас, ақпен жуғанымыз жөн болар. «Ақ иіліп, сынбақ жоқ» ісіміз ақ қой, ағартар» – деп айтып кетеді. Құнанбай еліне амандасып аттанарда, халық арасында жыламаған ешкім қалмады. Бірақ, берік қайратты Құнанбай көзіне жас алмай: «Халқым, аман бол! Көріскенше сендердің ақ тілектерің мені ажалдан да алып қалған, адал

тілеумен баталарыңызды беріңіздер!» – деп қанша соқса да майыспайтын қатты темірдей қалпында жолға аттанады. Жұрт еңіреп тұрып, Құнанбайдың аман келуін тілеп баталарын беріп шығарып салады. Осы жерден ақ Құнабайдың халық жүрегінен алар орны ерекше екенің байқауға болады.

Сол кездегі жастарды оқуға шақырып «Ескі тон» деген жерде мектеп ашқан да осы Құнанбай еді. Кеңестің атеистік идеологиясы Құнанбай бейнесін теріске шығаруды көздеді. Сол кездегі хандық, болыстық басқару жүйесін толықтай жойды. Бай, болыстарды қатыгез, жауыз қылдырып көрсеткісі келді. Құнанбайды тіпті Иван Грозныймен салыстырып, оны Құнанбай – ол қазақтың Иван Грозныйы, Иван Грозный мақсатына жетті, бірақ Құнанбай ойына жете алмады депсоған тенестіруге тырысты. [3] Қаншалықты ақылды болса да қулығы мен сұмдығы басым жағымсыз кейіпкер ретінде жеткізді. М. Әуезовтың Құнанбай бейнесін ашуда айтпаған көп қырлары жабулы күйде қалып қойды. 1934 жыл, Шымкент қаласында «Абай романы» жазылып шыққан соң Құнанбайдың жаман атағы бұрынғыдан да ұлғайтылып кеңінен ашылды. Көзінің тарыдай ағы да жоғалып, бір жақ көзі ағып түскен соқыр болып шыға келді. Абай жақсы, Құнанбай залым, зорлықшыл болып шықты. Бөжейдің ауылын нақақтан шапты, адал ақ жүрек, ел қамын ойлаған Кеңгірбайдың немересі Базаралыны нақақтан айдағып жіберді. Тіпті жерін тартып аламын деп, нақақтан Қодар мен келінін де өлтірді. Бар зорлық-зомбылық Құнанбайдың басына үйілді.

Құнанбайды мақтаудың орны бар ма? Орны бар, өйткені тарихтағы Құнанбайдың бейнесі мен романда суреттелген кейіпкер бейнесінде ерекшеліктер өте көп. Ел, халық сүйген Құнанбайдың бейнесі бәрібір де басым болмақ. [2] Және тарих түбінде шын жақсы болған адамды тастауы мүмін емес, сол тарих тастамайтын жақсы-Құнанбай. Өткен кезде біреу хан болса, оның адамгершілігімен, оның шешендік, тапқырлығымен істеген еңбегімен санаспай, елді қанады, би болса, пара алды деп есептеген. Өткір сөздерді, мақал тақпақтарды, нақылдарды шығарған тілмар шешендер болған. Әрине елді шауып, қан төгіп, нашарларды қанаған хандар болған. Пара алған билер де бар. Бірақ барлығын осы топқа жатқыза беру де дұрыс емес.

Қорытындылай келе, шын мәнінде де Құнанбай бейнесі әлі толық ашылмағандығын көруге болады. Бір ғана қазақ бойындағы қаншама қасиет жиналғанының өзі оның ұлы адам болғанының бір дәлелі. Ол тек өз балаларына ғана емес, бүкіл қазақ жұртына әке бола білді деп есептеймін. Құс өзінің балапандарын қорғау мақсатында оларды қанатының астында жасырады. Сол сияқты Құнанбай да халықты өз қанатының астында қорғай білді. Қазақ арасында тарихта ойып орын алған, өз заманының ірі тұлғасы болған, ақылдылығымен тығырықтан шыға білген, қайсар мінезді Құнанбай бейнесін мақтанышпен қабылдай білу керек!

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Абай жолы. – Алматы: Жазушы, 2013. – Т. 1. – 2-бет.
2. Шәкәрімұлы А. «Құнанбай туралы» мақаласы.
3. Момышұлы Б. Айтылмаған ақиқат. – Алматы: Өнер, 2009.
<https://m.ok.ru/bzdazastan/topic/64898956186927>

А.Қ. Жақсыбай

Павлодар педагогикалық университетінің 3-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: ППУ-дің аға оқытушысы Ж.Қ. Жұбантаева

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ САЯСИ СӨЗДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Қай ұлтты, халықты алсақ та, бәрінің де өзіне лайық тілі бар. Тілді жасаушы – халықтың өзі. Сондықтан, тіл халыққа қызмет етеді.

Қазақ тілі – сан ғасырлық тарихы бар, дамыған тілдердің бірі. Бұл пікіріміздің растығын кезінде кемеңгер Абай атамыз дәлелдеген. Ол Пушкин, Лермонтов, Крыловтардың шығармаларын аударып бір дәлелдесе, солардай етіп сөздің майын тамыза жазу арқылы екінші мәрте дәлелдеген.

Қазіргі қазақ тілі мейлінше дамып, байып жетілді. Соның нәтижесінде, қазақ тіл білімі салаларының қай-қайсысы болмасын жетістіктерге жетуде. Олардың ішіндегі ең тереңірек қарастырылып, қанат жая дамыған саласының бірі – лексика, оның ішінде қоғамдық – саяси лексика.

Саяси сөздерге мемлекеттік-әкімшілік басқару жүйесіне және оның жүргізіп отырған саяси-экономикалық саясатына, қоғамдық-әлеуметтік даму үдерісіне қатысты сөздер жатады. Ондай сөздердің қолданылу аясы мен ауқымы өте кең. Саяси сөздер әр түрлі ғылым салаларына қатысты сөздерді қамтиды. Атап айтқанда, саясаттану, экономика, тарих, менеджмент, философия, мәдениеттану, дінтану, лингвистика, әлеуметтану, құқық, т.б. Мұндай сөздерді тек саясаткерлер ғана қолданып қоймай, қоғамның барлық мүшелері өздерінің қажетіне қарай пайдаланады.

Саяси сөздер мәселесі қазақ тіл білімінде өткен ғасырдың 30-жылдарында сөз болғанымен, арнайы мақсатта 50-жылдары зерттеліп, қарастырылды.

Негізінен, саяси сөздердің қалыптасуы мен дамуы туралы ауыз толтырып айтарлықтай көлемді зерттеу еңбектер болмаса да, жалпы қазақ тіліндегі лексика, терминология төңірегінде біршама ірілі-ұсақты мақала мен баяндамалар жарық көрді. Олар саяси сөздер мәселесіне арнайы тоқталмаса да оны жанамалай сөз етті.

Алғашқы мақалалардың бірі болып А. Ысқақовтың «Грамматиканың кейбір мәселелері» деген мақаласы басылды. Профессор бұл еңбегінде сол кезеңдегі қазақ тіліндегі қысқарған сөздердің жаратылысы мен тұлғасы жайында, олардың ішіндегі кейбір сөздердің қоғамдық-

саяси лексикаға жататындығы жайлы сөз қозғады [1, 22]. Кеңестік кезеңде бұрын соңды қазақ тұрмысында болмаған кеңестік мекемелер, партиялық, қоғамдық-ұйымдар, құрылыс органдары пайда болды. Олардың атаулары қазақ тілінде тәржімаланбай, орыс тілі үлгісі негізінде жазылып та, айтылып та жүрді. Сол тұста оқу, ғылым, мәдениет орындары мен түрлі ұйым, мемлекеттік, республикалық мекемелер атауларын қысқартып айту дәстүрі кең етек жайды. Бұлардың ішінде СССР, ҚазССР, АҚШ, совхоз, колхоз, ауылсовет, партбюро, партком, партбилет, обком, облсовет, облпрофсовет, райком, профком тәрізді тағы басқа қоғамдық-саяси атаулар да орын алды.

М.О. Әуезов 1951 жылы жарық көрген «Қазақ әдеби тілінің дамуының кейбір мәселелері» деген мақаласында қазақ әдеби тілінің ғылыми тұрғыдан Қазан төңкерілісінен кейін дамуы мен қалыптаса бастағанын, осыдан соң-ақ қазақ әдеби тіліндегі саяси ұғымдар атаулары жандана түскендігін жазады [2, 14].

Қазақ әдеби тілінің даму жайына көңіл бөлсек, оның әсіресе Кеңестік кезеңде үлкен жаңару, даму жолдарын басынан өткізгендігіне куә боламыз. Белгілі ғалым Р. Барлыбаев бұл туралы өз пікірін айта келіп, сол дәуірдегі лексикалық өзгерістердің негізіне мынандай екі қайнар көз бастау болғандығын жасырмайды. Біріншіге ғалым, әрбір тілдің өзінің ішкі мүмкіндіктерін кіргізсе, екіншіге, басқа тілден сөз алу арқылы жасалу үдерісін жатқызады.

Бірінші, тілдердің өзінің ішкі мүмкіндіктерін қолданысқа жарату:

- 1) жергілікті, кәсіби, диалектілік сөздерді әдеби тілге ендіру;
- 2) бар сөздердің мағыналарын кеңейту арқылы қоғамдық-саяси атаулар мен ғылыми-техникалық терминдерді көрсету;
- 3) сөздердің дифференциялануы арқылы;
- 4) сөздерді тіркестіру, біріктіру жолымен;
- 5) жұрнақтар қызметінің кеңеюі;
- 6) жаңа сөз тіркестерінің пайда болуы;
- 7) сөздердің дыбыстық варианттарын пайдаланудан жаңа сөздердің пайда болуы;
- 8) лексика-фразеологиялық калькаларды кеңінен пайдаланудың нәтижесінде.

Екінші, басқа тілдердің қорларын пайдалану арқылы түркі тілдерінің лексикаларын байыту:

- 1) тікелей орыс тілінің өзінен я орыс тілі арқылы басқа тілдерден сөз алу;
- 2) орыс тілі я орыс тілі арқылы басқа тілдердің сөз тудыратын жұрнақтарын қабылдау арқылы.

Осы мәселені зерттеп, қарастырған тілші-ғалымдар қазақтың әдеби тілінің нормалануын үлкен екі кезеңге бөліп қарастырады. Олардың біріншісіне – Қазан төңкерісінен бұрынғы XIX ғасырдың екінші

жартысы мен XX ғасырдың басын жатқызса, екіншісіне – Қазан төңкерісінен кейінгі кеңестік кезеңді жатқызды.

Осылай екі кезеңге жіктеп қарастырған тілші – ғалымдар XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей жеріндегі болып жатқан қоғамдық-саяси жағдай қазақ даласына да өз әсерін тигізбей қоймағандығын, Ш. Уәлиханов, А. Құнанбайұлы, Ы. Алтынсарин сынды қазақтың ағартушы ойшылдары қоғамдық-мәдени сахнадан орын алып, өздерінің зерттеу еңбектерімен, көркем шығармаларымен қазақ әдеби тілінің сол кезеңдегі дамуына, қалыптасуына үлкен үлестерін қосқандығын атап өтеді.

Қазақ әдеби тілі әлдеқашан туып, дамып келе жатса да, бірталай жағдайларға байланысты терең тамырлана алмады. Бұл үдеріс кеңестік кезеңде жақсы қарқын алды деген пікірді айта келіп, ғалым С. Исаев «Қазақ терминологиясын қалыптастырудағы орыс тілінің ролі туралы» деген мақаласында: «Қазақ тілінің, оның лексикасының баюы, дамуы, негізінен, тікелей орыс тілінің ықпалы арқылы болды, бұл процесс екі бағытта: біріншіден, тікелей орыс сөздерін алу және орыс тілі арқылы интернационалдық сөздер – терминдер алу, екіншіден, орыс тілінің әсерімен қазақ тілінің өзінің ішкі мүмкіндіктерін пайдалану арқылы жүруде», – деп жазды [3, 24].

Ал ғалым Ә. Болғанбаев «Қазақ тілі лексикологиясының дамуы» атты мақаласында қазақ тілінің бұрынғы әдет-ғұрып, тіршілік тілі дәрежесі Қазан төңкерісінен кейін өндіріс, ғылым, саясат, мекеме, өнер тілі дәрежесіне дейін көтерілгендігін баса айтады [4, 15].

Осы жайды терең зерттеген Р.Барлыбаев қазақ тілінің сол дәуірде бұрын соңды өзінде қолданыста болмаған сан алуан сөздермен толыққандығын айтады. Оларды ғалым былай топтастырады:

- 1) жаңа өндіріс саласы туралы сөздер (фабрика, цех, завод, өндіріс, станок, өнеркәсіп);
- 2) мемлекеттік мекеме, орган, әртүрлі ұйымдарға байланысты туындаған сөздер (республика, демократия, декрет, пленум, совет);
- 3) саяси атаулар (партком, партия, көзқарас, партия мүшесі, партбүро, партия қаулысы).

Р. Барлыбаев қоғамдық-саяси лексиканың саяси экономиялық, философиялық және тарих атауларымен де өзара тығыз байланыстылығы бар екендігін айта келе, қоғамдық-саяси лексика қатарына, советтік-мемлекеттік, партиялық, комсомол-пионер, идеялық-праволық, кәсіподақ сөз-атауларын, бұрынан қолданыстағы сөздеріміздің әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге орай қосымша қоғамдық-саяси мағына алғандарын жатқызады [5, 19].

Осы аталған сөздер бойынша жүргізген зерттеулерге Б. Момынова өзінің сүбелі үлесін қоса білген.

Б. Момынова өзінің «Қазақ» газетіндегі қоғамдық-саяси лексика» деген еңбегінде Р. Барлыбаев, Ю.А. Бельчиков және Ю.Д. Дешериев пен

И.Ф. Протченколардың қоғамдық-саяси лексика туралы ой-тұжырымдарын талдай келе, «Қазақ» газеті материалдары бойынша саяси сөздерді мынадай топтарға бөліп қарастырады: 1) әлеуметтік-тарихи категориялар мен ұғымдарды білдіретін атаулар; 2) мемлекеттік құрылысты білдіретін атаулар; 3) әкімшілік жүйеге қатысты атаулар; 4) заң, сот жүйесіне байланысты атаулар; 5) саясатқа байланысты атаулар; 6) соғыс, әскери қимылдар мен қару-жараққа қатысты атаулар; 7) оқу-білім, мәдени салаға байланысты атаулар; 8) дін ұғымына қатысты атаулар [6, 23-24].

Қазіргі кезде қолданылып жүрген саяси сөздердің басым бөлігі басқа тілдерден енген кірме сөздер болып табылады.

Осы орайда ф.ғ.д., профессор Б. Момынованың қоғамдық-саяси лексика туралы: «Құрамындағы компоненттерінің таза қазақ сөздерімен келуі арқылы жасалатын атаулық тіркестер: ұлт кеңесі, билік дәлізі, билік тұтқасы, жоғары билік т.б. Бір компоненті кірме, өзге компоненттері қазақтың төл сөзі болуы арқылы жасалатын атаулық тіркестер: саяси лидер, саяси күш, діни конфессия, билік Олимпі, саяси баспана, тіл саясаты, саяси шешім т.б. Екі немесе барлық сыңарлары кірме сөзден құралуы арқылы жасалған атаулық тіркестер: саяси реформа т.б.» – деген жіктемесіне тоқтала кету жөн сияқты. Мәселен, оның таза қазақ сөздерімен жасалып тұрған атаулық тіркестер дегеніндегі «дәліз» сөзі парсының «даһлизі», ал «саяси», «діни», «саясат» дегендері араб-парсынікі [6, 27].

Ал тілші ғалым А. Қалыбаева «Қазақ тілі лексикасының даму жолдары» атты мақаласында орыс тілі ықпалының зор болуынан тілімізде: *отан, өндіріс, өндіруші, үгіт, үгітші, бастама, нұсқаушы, мәжіліс, жиналыс, қабырға газеті*, сияқты қоғамдық-саяси сөздер тілдік қолданыста кең қанат жайғандығын; *Советтік Социалистік Республикалар Одағы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Министрлер Советі, іріленген колхоз деп келетін* тіркестер пайда болғандығын; тіптен *отряд, комитет, пролетариат, колхоз деген атаулар* мен халықаралық мазмұнға ие *революция, коммунизм, социализм, партия президиумы, коммунист, митинг, интернационализм, лауреат, демократия сөздері* жазылуы жағынан болсын, айтылуы жағынан болсын әбден бір сарынға түсіп қалыптасқандығын жасырмайды. А. Қалыбаева өз мақаласында орыс тілі үлгісімен қазақ тілінде де қысқарған сөздердің пайда болуы тіліміздің сөздік құрамын байытып, дамытып отыр деген пікірін білдіреді [7, 12].

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін түйіндей келе, бүгінгі таңда қарқынды дамып жетілген саяси лексиканың өзіндік сипаты арнайы зерттеуді қажет ететін қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі болып есептеледі. Өйткені, бүгінгі таңда бұл саланы зерттеуде шешімін таппаған сұрақтар да аз емес екендігі мәлім. Әсіресе, олардың фонетикалық, лексика-грамматикалық, семантикалық сипаттарын тағы да тереңірек қарастыру қажет деген ойдамыз.

Әдебиеттер

1. Ысқақов А. Грамматиканың кейбір мәселелері // Қазақ әдебиеті. – 16 қараша, 1962 ж.
2. Әуезов М. Қазақ әдеби тілінің дамуының кейбір мәселелері // Қазақ әдебиеті. – 10 қазан, 1958 ж.
3. Исаев С. Қазақ терминологиясын қалыптастырудағы орыс тілінің ролі туралы // Қазақ терминологиясының мәселелері (ұжымдық еңбек). – Алматы: Ғылым, 1986. – 323 б.
4. Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикасының дамуы // ҚазССР ҰҒА Хабаршысы. – №3. – 1970. – Б. 35-40.
5. Барлыбаев Р. Қазіргі қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика. – Алматы, 1978.
6. Момынова Б. Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы). – Алматы, Арыс, 1999.
7. Қалыбаева А. Қазақ тілі лексикасының даму жолдары // Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998.

М.Б. Жунусова

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті

Ғылыми жетекшісі: филология магистрі А.К. Матаева

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АУДАРМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Ахмет Байтұрсынұлының соңына қалдырған мұраларының елеулі бір бөлігі – оның көркем аудармалары. Ол ұлы Абайдан кейін Крылов мысалдарынан ой асылын теріп, өз халқының таным-түсінігіне, тұрмыс-тіршілігіне ыңғайлы етіп аударып, өзінің төл туындысындай қабылдаған, И. Крылов мысалдарының қат-қабат астарына бойлай білген бірден-бір аудармашы. Ахмет Байтұрсынұлының аудармаларын қарастырған кезде біз оның өзіндік ерекшеліктеріне ден қойдық.

Ахмет Байтұрсынов аудармаларын теориялық-практикалық тұрғыдан жете зерттеп жүрген Ж. Ысмағұлов ақынның Крыловтан аударуда екі принципті ұстанғанын былай деп көрсетеді: «Бұл шығармаларды Ахмет түгел қазақ ортасына алып келеді де, ғибраттық тұжырымдарын тура қазақ қауымының шындығына бейімдеп, айтар үкімін өз тарапынан айтады. Кейде тіпті түпнұсқадағы оқиғаны өз ойына тиек етіп қана алады. Сондықтан мұндай еңбекті аударма деуден гөрі ұқсас сюжетке құрылған төл туынды деп айтуға болар еді». [8,5-б]

Ахмет Байтұрсынұлының аудармаларын төл дүниеміз ретінде тануымызға толық хақымыз бар. Өйткені олардың мазмұны И. Крыловтікі болғанымен, ой саналығы, баяндау әдісі, құрылысы, табиғаты, тыңнан табылған төл шығармадай етіп жазылған. Ахмет Байтұрсынұлы И. Крылов мысалдарын қазақтың төрт жолдан тұратын он бір буынды қара өлеңімен қайта жазып шығарған. Яғни, Крыловтық әңгімелеу, диалогтық құрылымға поэзиялық әр беріп, образға жан бітірген.

Сонымен қатар өз аудармаларында Крылов ұсынған композицияларды сақтай бермеген. Бұл әсіресе мысалдың басталуы мен аяқталуынан айқын көрінеді. Ахмет мысалдарында жалпы ой жетекке алынғанымен, сипаттау, баяндау тәсілі өзгеше. И. Крылов 1922 жылы жазған «Пестрые овцы» мысалы Петербург университетінің маңдай алды профессорларының қуылуына байланысты туған [5, 42-б]. Ұлы мысалшының тірісінде цензура басуға рұқсат етпегені де белгілі. Ахмет Байтұрсынұлы И. Крыловтағы берілген сюжетті еркін аударма тәсілімен тудыра отырып, оған тыңнан жолдар қосып, өз мақсатына сай мағына береді. Крыловтың 38 жолдық мысалын 64 жолға жеткізіп аударуға Ахметтің сөз көбейту, жол көбейтуді мақсат еткендіктен емес, өзінің айтар ойын оқырманның тереңірек ұғынуына жол ашу үшін барған.

Ахмет Байтұрсынұлы мысал аудармасының басты екі айырмашылығы бар. Алдымен, мысал мазмұнын қазақ құлағына сіңісті ертегі тектес оқиға етіп жеткізеді. Екінші айырмашылық – оқиғаны Крыловша өрбіткенімен, сөзден сурет сала отырып, ажарландыра түседі. Сонымен қатар И. Крылов мысалдарында көбінесе қорытынды мораль жеке бөлініп айтылмайды. Ахмет Байтұрсынұлы әрбір мысалдың соңынан үнемі ой-пікірін тұжырымдап, ғибрат айтып отырады. Осы құбылысқа ойлана қарасақ, Ахмет мысалдарының, екі бөлімнен тұратындығын байқаймыз. Біріншісінде, оқиға бағдары, кейіпкер әрекеті баяндалса, екіншісінде қорытынды түйін, мораль беріледі. Крылов мысалдарының Ахмет аудармасын төл туындымыз деуге үшінші негіз олар қазақ өміріне бейімделіп, сахара тіршілігіне үйлестірілуінде.

Ахмет Байтұрсынұлының аудармаларының ұлтымыздың салт-санасына сай, қазақ дүниетанымына орайластырып бейімделгенінің бір мысалы ретінде А. Пушкиннен аударған «Балықшы мен балық» ертегісін келтірейік. Ертегінің сюжеттік желісі сақталғанымен, аударма қазақи өмірдің иісі мен қазақи сөз қолданыстарына тұнып тұр. Мәселен, орысшадағы:

*Жил старик со своею старухой
У самого синего моря;
Они жили в ветхой землянке
Ровно тридцать лет и три года, –*

делінсе, Ахмет Байтұрсынұлы бұл жолдарды қазақтың әлеуметтік тұрмысына жақындата, түсінікті тілмен: «Болмапты төрт түліктен ырымға мал» деген тіркесті қолданады.

*Теңіздің жағасында кемпір мен шал,
Тұрыпты отыз үш жыл нақ дәлме-дәл.
Күн көрген бишаралар балық аулап,
Болмапты төрт түліктен ырымға мал.*

*Үсті шым, асты шұқыр жерден жырған
Баспана мекенінің сиқы тұрған
Бала жоқ қолқанаттық екеуінде,
Иіріп кемпір жібін, шал ау құрған.*

Аударманы оқып отырып, ақын қолданған мұндай таза қазақи тіркестерді көптеп кездестіруге болады «Жанымды бір шыбындай қи, ақсақал!», «Ақымақ, алжыған, кеткен есің!», «Көп нәрсе әкеліпсің, адыра ғал!», «Ағына сақалының кім қарайды?», «Түсіріп таз кебіне бір-ақ күнде», «Қойыпты қу қақпасты құдай ұрып», сондай-ақ «кемпірдің жіп иіріп отыруы», «шым», «бишара», «қолқанат» – сөздері сияқты түпнұсқада жоқ, қазақ тұрмысында қолданатын тіркестермен береді.

Ахмет Байтұрсынов тәржімелеу барысында да өз тарапынан бірқатар баламалар ретінде жаңа атаулар жасаған. Мысалы, И. Крыловтан аударған «Пустынник и медведь» мысалының атауы «Кісі мен аю» деп аударды да, өлең мәтінде «пустынник» сөзінің қазақшасын «жеке-тақ» деп алып, оны алты рет қолданады. Оның бұл сөзді «пустынниктің» баламасы ретінде мақсатты түрде жасағаны еш күмән туғызбайды. Діни наным-сенімдеріне байланысты адамдармен, айналасымен қарым-қатынастан бас тартып, адам аяғы жетпейтін шөл далаға кетіп оқшау өмір сүретін адам» деген ұғымды білдіретін «отшельникпен» мағыналас «пустынник» сөзінің орнына «жеке-тақ» деген жаңа сөз ұсынған. «Қасқыр мен мысық» («Волк и кот») мысалындағы Степан, Васька, Демьян, Клим, Трофим сынды кісі есімдерін де сол қалпында алмай, олардың орнына сол адамдардың мінезін ашатындай, адамдық қасиеттерін айқындайтындай етіп Қоянкөз, Құрамыс, Көпберген, Қисық-бас есімдерімен алмастырады. Тілімізде «шегірткенің айғырындай», «суырдың айғырыдай» деген қолданыстардың бар екені белгілі. Ал ақынның «Бұлбұл мен есек» мысалының аудармасында мынандай жолдар бар:

*Мақтаулы бар зой әнназ әрбір тұста
Солардың баршасы да әдемі әнге
Тауықтың айғырындай емес ұста.*

И. Крыловтың мысалындағы «петух» сөзінің орнына Ахмет Байтұрсынов «тауықтың айғыры» деген жаңа тіркес қолданады. Өтешті «тауықтың айғыры» дегенді Ахметтен басқа ешкімнен кездестірмедік. Сондай-ақ «Пруд и река» мысалының атауын «Өзен мен қарасу» деп аударыпты. «Пруд» атауының баламасы ретінде ол «қарасу» сөзін қолданған. И. Крыловтың «И приговор Лисы вот, от слова до слова» деген өлең жолдары Ахметте «Ал сонда түлкі қалай хукім етті» деп келеді. Мұндағы «хукімнің» бастапқы бір әрпі түсіріліп, «приговор»

терминінің баламасы ретінде қолданылып жүрген қазіргі «үкім» сөзі екені мәлім [4].

Ақын халқымыздың тілдік қорындағы бай ұлттық өрнек, көркемдік айшықтарды өлең оралымдарына түсіріп, ұлттық санаға сай түйіндеп, тұжырым қорытындылар жасап отырған. Ахмет Байтұрсынұлы аударған мысалдары белгілі бір тапқа немесе қоғамдық топтарға арнап жазылмаған, бүкіл халыққа, қазақ деген ұлтты бөліп-жармай жазылған шығармалар. Сондықтан оның сөздері халық тілінің қорынан қайнап шығып, сауатты оқығандардың да, сауаты жоқ тыңдаушы шаруақор қауымның да жүрегіне жол тауып, санасына әсер етіп жатады. Ахмет мысалдарының Крылов мысалдарындағыдай белгілі бір әңгімелесушілерге қарап айтылмай, жалпақ қауымға, жалпы елге арнап жазылуының сыры да осында.

Ақынның аудармаларындағы өлең жолдары «бөтен сөзбен былғанбаған». Онда араб, парсы, татар тілдерімен шұбарлау кездеспейді. Ахметтің ең ұлы мақсаты ана тілінің абыройын арттырып, мерейін биікке асқақтату.

Ахмет Байтұрсынұлының мысал аудармасы тілін сөз еткенде, онда кеңінен қолданыс тапқан қазақ мақал-мәтелдері мен қанатты сөздерін айтпай кетуге болмайды. Олар мысалдардың негізгі бөлімінде де, ғибрат сөздерінде орнын тауып қолданылып, кейде тура күйінде, кейде өлең жүйесінің ыңғайына қарай мәнін сақтап, сөз орындары ауыстырылып беріліп отырады. Мысалы, «Алланың адам басы добы», «Жазмыштан-озмыш», «Ұялған тек тұрмайды», «Сыйға-сый», «Біреуге күлме келер өз басыңа» және т.б. Сонымен қатар мысалдарында қанатты сөзге, нақылға айнардай өзіндік тіркестер де жоқ емес, солар арқылы көп мағынаны аз сөзге сыйдырып, халық тілінің қадір-қасиетін арттырып, ұтқырлығын таныта түседі. «Сар жезден саф алтынды айырмайтын» («Бұлбұл мен есек»), «Досың көп тірлік пенен амандықта» («Арыстан, күшік һәм түлкі»), «Досыңнан, надан болса, артық дұшпан» («Кісі мен Аю»). Осынау мысалдардан көрініп отырғандай, тек қана қазақ халқының сөз қолданысына тән нақышты сөйлемдер мен бейнелі оралымдар Ахмет Байтұрсынұлы дүниелерінің өзіндік ерекшеліктері болып табылса керек. Дегенмен, Ахмет Байтұрсынұлы өлеңінің көркемдік нұсқасына емес, сөздің салмағына, ойдың мағыналылығына назар аударған ақын. Сондықтан Ахмет поэзиясының құдіретін сыртқы формадан емес, ішкі мазмұннан, сыртқы жылтыр сөзден емес, орнын тапқан орамнан іздестіру керек.

Қорытылай келе, Ахмет Байтұрсынұлы аудармаларын зерттеу нәтижесінде бірнеше ерекшеліктерді атап өтуге болады. Біріншіден, аудару барысында қазақи ой сананы, көзқарасты ұстана отырып қара халыққа түсінікті де ұғымды тілмен жазуы. Екіншіден, ақынның өзіне ғана тән балама сөздерді қолдануы. Яғни қазақ сөздік қорына жаңа сөздер енгізуі. Үшіншіден, мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді, фразео-

логиялық тіркестерді ұтымды да орынды қолдануы. Бұл тұста мысал аудармаларына әр беріп қана қоймай, сонымен қоса кейіпкерлерін жандандыра әрі нақты бейнелей алуы. Төртіншіден, аудару барысында мысал құрылымын өзінің ойын жеткізуіне сай орайластыруы. Бесіншіден, бөтен сөзбен былғанбауы. Яғни араб, парсы, татар тілдерімен шұбарланбауы. Тағы да бір маңызды ерекшелігі, көркемдік, бейнелілік ерекшелігінде. Өз кейіпкерлеріне жан бітіре отырып, қазақ құлағына сіңісті ертегі іспетті жазуында. Ахмет аудармалары қазақ әдебиетіне қосқан зор қазына, қазағымыздың атар таңы мен батар түніне алаңдаған ақынның ерен еңбегі.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел шежіре, 2013.
2. Байтұрсынұлы А. Шығармалар, өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 2003.
3. Білялов Ш. Ахметтануға кіріспе ұлттық рухтың ұлы тілі. – Алматы: Ғылым, 1999.
4. Құрманбайұлы Ш. Ахмет Байтұрсынұлының аудармаларындағы балама сөздер // Ана тілі газеті. – 2017.
5. Нұрғалиев Р. Алтын бәйтерек. – Алматы: Жалын, 2005.
6. Өзбекұлы С. Қазақ тілінің көсемі. – Алматы: Жеті жарғы, 1996.
7. Сәтбаев Ш. Ахмет Байтұрсынов // Ахмет Байтұрсынов. Шығармалары, өлеңдері, аудармалар. Зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989.
8. Ысмағұлов Ж. Ахаң туралы жасасқ, ақаусыз жазайық // Егемен Қазақстан, 2004.

Ә. Карпекова

студент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

Ғылыми жетекшісі: филология ғылым. канд., профессор Ы.Б. Шақаман

ҒАЛЫМ Н. ОРАЛБАЙДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК БАҒЫТЫ

Ғалым Нұржамал Оралбайқызы туралы, оның ғылыми зерттеулерінің өзектілігі мен мәні, теориялық және еңбектерінің тәжірибелік қолданысы жайында тіл білімі пәндері бойынша сабақ оқу барысында жетік білдік.

Тілдік пәнге қатысты еңбектерімен танысу арқылы ғалымның Қазақ тіл білімі бойынша енгізген ғылыми тұжырымдары қазақ тілінің ұлттық ерекшелігін білуде маңыздылығын көрсетті. Осыған орай біз ғалымның зерттеулерін қарастыру арқылы оның ғылыми теориялық бағыттағы еңбектерін ғана емес, сол еңбектерінен көрінген, айқындалған әдістемелік бағытын таразыға салуды жөн көрдік.

Жалпы алғанда, тіл маманының зерттеулік еңбектері ғылыми теориялық бағытта жазылған. Ал ғылыми әдістемелік бағытта жазуды

ғалым кейін қолға алды. Сондықтан ғалымның негізгі ғылыми теориялық зерттеулеріне шолу жасау арқылы оның әдістемелік бағыттағы тұжырымдарын айқындап беруді мақсат етіп отырмыз.

Нақтылап айтқанда, ғалым Н. Оралбай әдістемелік зерттеуді өзі жеке ғылыми нысан етіп алмаса да, ғылыми теориялық зерттеулері арқылы әдістемелік талдау, тілдік құрылымды тану мен түсіндіру жолдарын, әдістерін, амал-тәсілдерін астарлап көрсетіп отырады. Нақты әдістемелік бағыттағы мақалалары, өз шәкірттеріне ұсынған әдістемелік тақырыптары өткен ғасырдың 90-жылдарынан басталды. Ғалым шәкірттеріне әдістемелік бағыттағы зерттеу жолдары мен нысанды ұсына білді. Тілді оқыту жолдарының ғылыми теориялық негіздерін көрсетіп берді. Бірақ ғалымның ерекшелігі тілді оқыту жолдарының әдістемесін көрсетуінде ғана емес, ғылыми теориялық зерттеулер жүргізе отырып, қазақ тілі құрылымын қарастыру әдісін, әдіснамасын таныта алуында болып отыр. Сонымен бірге ол кез келген қазақ тілі сөздерін зерттеп, талдап берудің әдістік қолданысын көрсетіп бере алды. Сөздердің грамматикалық, мағыналық құрылымын ажыратудың теориялық негізін өзінің ғылыми әдісімен нақтылап береді.

Ғалым Н. Оралбай, жалпы алғанда, қазақ, түркі тіл білімі бойынша бірнеше теориялық зерттеу жүргізген. Ал қазақ тіл білімі бойынша тереңірек қарастырсақ, грамматиканың морфология тарауы, сөзасам тарауы бойынша зерттеуі басым.

Сонымен бірге ғалым қазақ жазуының тарихынан бастап, емле, графикаға, жалпы тіл біліміне үлесін беретін ірі грамматикалық теорияға қатысты бірнеше ғылыми еңбек жазып, жариялады.

Н. Оралбайқызының бастапқы ғылыми зерттеуі – 1956 жылы қорғаған, «Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңдегі қазақ жазуының тарихы» деп аталатын кандидаттық диссертациясы. Бірнеше жылдан соң екінші көлемді зерттеуін қорғады. Ол – 1971 жылы қорғалған «Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің аналитикалық форманттары» деген тақырыптағы докторлық диссертациясы.

Ғалым Нұржамал Оралбайқызының докторлық диссертациясы кейін үлкен монография болып басылды. Содан көргеніміздей, ол негізгі ғылыми зерттеу бағытын қазақ тілі етістіктерінің құрылымы мен өзгерісіне, жасалу жолына арнады.

Ғалымның ерекшелігі қазақ тілі етістіктерінің жасалу жолын баса зерттеп, құрамдық түрі мен құрылымын тереңнен танытып беруі болды.

Ол өзінің ғалым ұстазы А. Ысқақовтың бағытымен күрделі етістіктердің құрылымын нақты жіктеп, ажыратып берді. Күрделі етістіктердің құрама етістік, құранды етістік, аналитикалық етістік деп ажыратылып берілуі Н. Оралбайқызының тұжырымдамасымен негізделді. Ол қазақ тілі етістіктерінің аналитикалық форманттары туралы нақты, түпкілікті зерттеу жүргізіп, жүйесін ашып берді. Осы ғалымның ізімен кейінгі

шәкірт ғалымдар оның бұл туралы еңбегін негізге алып, зерттеуін жалғастырды.

Ғалым қазақ тілі етістіктерінің грамматикалық құрылымы, негізінен, аналитикалық формантта болып келетінін, осы құрылымда жиі кездесетінін ашып көрсетті. Бұл жалпы түркі тіл білімі үшін де, қазақ тілі білімі үшін де алғашқы және үлкен, дәлелді жаңалық болды.

Шындап келгенде, қазақ тілі күрделі етістіктері көмекші етістіктің күрделенген түрімен келетіні белгілі (*келе жатыр еді, барып қалып еді, құлап кете жаздады, кетіп қалғысы келді, айтып салды, қойып қалды*, т.б.). Қазақ тілінің осындай ерекшеліктеріне қарап, ғалым Н. Оралбай күрделі етістіктердің құрылымын, түрлерін ғана емес, олардың грамматикалық мағынасын да жіктеп ажыратып атады. Осыған байланысты қазақ тілі морфологиясында ғалымның арқасында «*қимылдың өту сипаты категориясы*» термині мен ұғымы қалыптасты, *қимылдың жасалу жолы мен даму сатысы* деген түсінікпен кең ауқымда зерттеулер іске асырыла бастады. Оның «Қазақ тіліндегі етістіктің категориялары», «Қазіргі қазақ тілінің морфемалары жүйесі» монографиялары осындай жаңалықтарының арқасында жарыққа шықты. Осы арадан ғалымның әдістемелік зерттеу негізін көре аламыз. Ол етістікті мағыналық және құрылымдық жағынан талдаудың әдісін көрсетті. Бұл арқылы қазақ тілі етістіктерін қалай оқыту керектігі туралы әдістемелік түсінік алуға болады. Сондықтан Нұржамал Оралбайқызын аталған еңбектері арқылы да әдіскер ғалым деп таныта аламыз.

Ғалымның Қазақ тіл ғылымы үшін жасаған үлкен еңбегі қазақ тілі құрылымының жасалуын жеке сөздік жақтанталдау жолын ғылыми теориялық, әдістемелік теориялық тұрғыдан негіздеп беріп, сөздердің туындауын сөзжасам деп атап, оны грамматикалық құрылымның ішкі жеке тармағы ретінде танытуы болды. Бұл орайдағы зерттеуі, алдымен, 1988 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі» деген еңбекте көрініс тапты.

Содан кейін 1989 жылы бірнеше ғалымның зерттеулік мақалалары (М. Балақаев, А. Қалыбаева, Қ. Есенова, Е. Жанпейісов, С. Нұрқатов) қосылып жинақталған, өзі сөзжасам саласының теориялық негіздерін көрсеткен «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» деген монографиялық еңбек басылып шықты. Мұнда ғалымөзі редактор болып, басқарып, қазақ тілі сөздерінің ғылыми теориясы әдіснамалық жақтан алғаш рет тұжырымдалып берілді.

Ғалым Н. Оралбай орыс тілі ғалымы В.В. Виноградовтың сөздік ұғымын негізге ала отырып («словообразование»), «сөзжасам» терминін ғылыми айналымға енгізіп, сол ізбен қазақ тіл ғылымында *сөзжасамдық бірліктер, сөзжасамдық мағына, сөзжасамдық талдау, сөзжасамдық ұя, тізбек, саты, тип, үлгі* аталымдарын қалыптастырды.

Сөзжасам теориясы туралы осы екі үлкен еңбектің нәтижесінде ғалым жоғары оқу орны студенттері үшін «Қазақ тілі сөзжасамы»

оқулығын жазды. Оқулықғалымның ғылыми түсіндіруімен, сөздерді жасалуы жағынан әдістемелік тұрғыдан талдауымен жазылды. Ғалым сөздердің туындауын, оларды ажырату жолын, мағыналық негіздерін, сөз таптарына қарай ерекшеліктерін әдіскер маман ретінде түсіндіреді. Н. Оралбайдың әдістемелік зерттеу бағыты осы еңбекте тереңірек көрінеді. Бұл оқулықта студенттердің білім қабылдау талаптарына сай жүйе сақталып, тиісті тапсырмалық шарттар да ескерілген.

Ғалымның нақты әдістемелік теориялық зерттеу бағыты 1996 жылғы «Орыс тіліндегі мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі» деген оқулықтан басталғанмен, бұл еңбек орыс тілді мектептер үшін жазылған теориялық негіздегі әдістемелік еңбек болып танылады. Аталған оқулықта әдістеме теориясы сөз болады, бірақ тілді оқытудың тәжірибелік сипаты көрініс таппайды.

Ғалым Н. Оралбай ғылыми грамматикалық еңбектер жазумен бірге тілдің таңбалық сипаты мен жазылуы, емлесі туралы мәлімет беретін «Қазақ графикасы мен орфографиясы» атты монография да жазды. Осы еңбекте ғалым сөздердің қандай түрде таңбаланатыны және жазылу ережесін әдістік, тәжірибелік тұрғыда ажыратып, нақты жазып көрсету мақсатын ашты. Міне, аталған еңбекте және жоғарыда қарастырылған сөзжасам, морфологияға қатысты ірі еңбектерде (оларды ғылыми теориялық жақтан негіздесе де) ғалым әдістемелік бағытты ұстанды. Өйткені ғалым бұл зерттеулерінде тек мамандар үшін емес, жалпы білім алушылар үшін де сөздерді қалай зерттеу керекін, грамматикалық құрылымды қалай талдап көрсету керектігін айтып, тәжірибелік жақтан да түсіндіріп отырды. Сондықтан ғалым Н. Оралбайдың барлық ғылыми теориялық еңбегін әдістемелік сипатта жазылған деп айта аламыз.

Әдебиеттер

1. Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрылысы мен мағынасы. – Алматы: Ғылым, 1979. –196 б.
2. Оралбай Н. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Павлодар, 2011. – 419 б.
3. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1988.
4. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 б.
5. Оралбай Н. Қазақ тілі сөзжасамы. – Алматы: Қайнар, 2002. – 275 б.

Б.А. Қайкен

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті

Ғылыми жетекшісі: педагогика ғылым. магистрі А.Ш. Кабжанова

ПАРСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ БАЙЛАНЫСЫ

Парсы әдебиеті – әлемнің ең байырғы да, ежелгі әдебиеті. IX–XV ғасырларда парсы тілі иран (фарси, дари) халқының әдеби тілі ғана емес, көптеген түркі тілдес халықтарының (тәжік, ауған) тілі болған.

Қазақ әдебиетінің парсы әдебиетімен байланысы – ауқымды дүние, келелі тақырып. Сөз өнері мұраларының фольклор мен әдебиет тұтастығы сипатындағы үлгілері халықтың ежелгі замандардағы ата-бабалар мен кейінгі ұрпақтар арасындағы табиғи сабақтастықтың сақталуы үшін маңызды қызмет атқарғаны мәлім.

Қазіргі таңда парсы, оның ішінде түркі халықтары көркем сөз өнерінің бір-біріне ықпал-әсері мәселесі жан-жақты зерттей түсуді қажет етеді. Әсіресе, қазақ әдебиетінің өзге халықтар көркем сөз өнерімен сан ғасырлық байланысын, тарихи тамырластығын танып-білудің мәні ерекше зор. Қазақ әдебиетінің парсы классикалық поэзиясымен арасындағы осындай рухани байланыс негізінен нәзира дәстүрі арқылы жүзеге асқанын тарихы тереңде жатқан әдеби-фольклорлық мұраларымыздан білеміз.

Парсы-қазақ әдеби және мәдени дәстүрлері тоғыса келе, қазақтың өзіндік ұлттық санасының кеңейе, тереңдей түсуіне игі ықпал жасады. Бұл орайда ұлттық сөз өнеріне негіз болған ақын-жыраулар ұстанған парсылық дәстүрдің әдеби дамуда маңызды орын алғаны даусыз.

Сөз өнерін сан мыңдаған жылдар бойы жалғасқан дәстүр жалғастығы тұрғысынан зерттеу келелі мәселелердің бірінен саналады. Сыр бойында Балқы Базар, Тұрмағанбет Ізтілеуов, Шораяқтың Омары, Қарасақал Ерiмбет, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Әлімбай Әлиасқаров, Әбзәли Егізбаев сияқты сауатты ақындар қазақ әдебиетіне жаңа леп, тың екпін әкелді. []Бұл ақындардың парсылық дәстүрлі тақырыптарды заманмен үндестіре жырлап, қазақ даласына қазақы үрдіспен жеткізуі туралы мәселелер қазақ әдебиетінде бой көтерді. Ғалым Б. Кәрібозаұлының «...Шығыс әдебиетінің дәстүрінде дүниеге келгенімен, мазмұндық, тақырыптық, пішіндік сипаттары жағынан төлтума туынды, қазақ әдебиетінің шығармаларына айнала отырып, батыс әдебиеттерінің қазақ әдебиеті мен өнеріне шығармашылық әсер-ықпалын әңгімелеумен бірге, Шығыс халықтары әдебиеті дәстүрінің қазақ халқының әдебиеті мен өнеріне игілікті әсер-ықпалдарын да зерттеу-зерделеуді жүйелі түрде жүргізіп отырудың мезгілі жетті» деген пікірінің мәні зор.

Көп ғасырлық қалыптасу, даму жолы бар қазақ әдебиеті тарихындағы барлық мұралардың өзіндік ұлттық сипаты бар. Сондай-ақ, әлем халықтары классикалық мұраларымен үндестігі де анық байқалады.

Әсіресе, қазақ әдебиеті тарихының аса көрнекті тұлғасы Абай шығармалары ұлттық және жалпы адамзаттық өркениеттер тұтастығын дәлелдеуімен ерекшеленеді. Абай мұрасының қазіргі әлемдегі жаңа Қазақстанның өркениет кеңістігінде көрнекті келбетін танытуда аса ықпалды орын алып отырғаны да ақиқат. Қазақ ақындарының барша әлемге аты қадірлі, сөзі өтімді, пікірлері қымбат, адамзат ақылмандары болып көтеріліп отырады. Шығыс поэзиясына, тарихына үңіле зерделеді. Шығыстық логика мен мұсылман құқығын жаңаша баға берді. Қазақ поэзиясының шығыстық және еуропалық классикалық әдебиет мұраларымен үндестігі біздің ұлттық көркемдік ойлау деңгейімізді жоғары екендігін айқындайды. Парсы әдебиеті ақындарының (Фердоуси, Низами, Сағди, Әбдірахман Жәми, Омар Хайям) шығармашылығының тақырыбы мен идеясы бойынша үндестігі аса өзектілігімен ерекшеленеді.

Халқымыз ертеден-ақ парсы мәдениетімен, әдебиетімен, тарихымен тығыз байланыста. Діни кітаптарды аңыз, ертегі, әңгіме, қисса, дастандарды арабша парсыша, шағатайша оқып танысты, аударды. Бұндай жағдайдың халықтың ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан ауыз әдебиеті басқа көршілес Орта Азия халықтарының фольклоріндей парсы тарапынан келген аңыз, дастан, хикаялармен толысып, тарамдала түсті. Парсылық суреттер ауыз әдебиетінің арнасын кеңейтіп, кемелдендірді. Фердоуси, Низами, Науаи хамсаларынан, араб, парсы, үнді, ертегі, аңыздарынан Орта Азия халықтарының әдебиеті арқылы келген «Ләйлі-Мәжнүн», «Шахнама», «Тотынама», «Фархад-Шырын», «Тахир-Зухра», «Ескендір», «Рүстем-Дастан», «Атымтай жомарт», «Мұңлық-Зарлық» сынды лирикалық, батырлық, ғашықтық дастандар қазақ топырағында жаңадан түлеп жаңғырып, төл туындыларға айналды.

Бұл шығармаларда халықтың арман-тілегі, мақсат-мүддесі, адамгершілік қасиеті паш етіледі. «Алпамыс», «Қобыланды», «Қорқыт», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» және т.б. халықтың асыл қазыналарына қосылған лиро-эпостарымыздың қалыптасуына, сөз жоқ, осы Шығыстың классикалық әдебиетінің зор әсері болғандығы мәлім.

Мәселен, «Ләйлі-Мәжнүн», «Фархад-Шырын» дастандары мен қазақ лиро-эпосы қазыналарының бірі «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» арасында да заңды байланыс әуендес сарындар бар.

«Қай заман, қай ғасырда болмасын, махаббат жолындағы құрбандық та біреу-ақ. Қозы мен Баянның махаббаты іштен туа болған дедік. Мұнысы Шығыстың атақты махаббат жыры «Ләйлі-Мәжнүннің» сүйіспеншілігіне ұқсайды. Және екі жастың сүйіспеншілігі ерекше күшті берік болады. Бұл дүниеде қосылуға тағдыр қоспаған соң екеуі де ол дүниеде қосылады» – деп жазды Мұхтар Әуезов. [1, 496 б.]

Бұл пікірді түркі тілдес халықтар ауыз әдебиетінің бай тәжірибесі дәлелдей түсіп келеді. Қазақ, әзірбайжан, өзбек, тәжік, қарақалпақ, түрікмендер қашаннан тарихи тағдыры, тірлігі ұқсас халықтардың

қатарына жатады. Сондықтан бұл халықтардың эпостары, дастандары, аңыздары өзара желілес, сарындас болуы заңды. Қазақ әдебиетіне тараған парсы нұсқалары бұл халықтың әдебиеті үшін де тосын, таңсық құбылыс емес-ті.

Тілі, тарихы жақын халықтар әдебиетіндегі өзара жақындық, туысқандық, ұқсастықтар тектен-текке пайда болған құбылыс емес. Ондай әдеби ұқсастықтарды тарихи заңдылығы бар.

Ауыз әдебиеті үлгілерінің қайсысында болмасын, халық қиялы, тіршілік-тыныс, рухани өмірі жатыр. Ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп жүздеген, мыңдаған жылдар бойы халық жүрегінен мәңгілік орын алып келген асыл туындылар – халықтық мұра болғандықтан қымбат. Әдебиетімізде осы халықтардың қазынасынан келген үлестер де аз емес. Шығыс әдебиетінің түпнұсқаның жеке сюжеттері мен сарындары қазақ әдебиетінде жаңа туындылар жасауға жда себеп болғаны мәлім.

Ежелгі Шығыс әдебиеті өзінің заңды мұрагері – Шығыстың әйгілі шайырлары үшін де көркемдік үлгі болғаны даусыз. Жоғарыда айтылып кеткендей, Фирдоусидің «Шахнамесіндегі» батыр Рүстемнің қахарман бейнесінің алғашқы үлгілері де көне дәуірлер жазуынан табылады.

Өз ұясынан қанаттанып ұшпаған құс өзгенің ұясынан қанаттана алмайтындығы секілді, қазақ дастаншылары да өзінде барды меңгеріп, бағдарлап барып, билігіне көз тастады. Әдетте өзіндегі бардың өзегін таба алмаған, өзгені де танып жарытпасы хақ қой. Қазақтың ғұлама киссашылары осы қарапайым шындықты берік ұстанды.

Солардың ішінде көп жыр, дастандар жазған, бастырып шығарған Жүсіпбек туралы «Айтыс» кітабының бірінші томында мәліметтерге жолықтық: Жүсіпбек Шайхисламұлы (1857–1936). Жетісуда туған. Мұсылман медресесінен оқып білім алған, араб, парсы, түркі тілдерін жетік білген.

Қорытындылай келе, Шығыс әдебиетін мол білген Жүсіпбек солардың әсерімен өзі де бірнеше қисса, дастандар жазған, қазақ елін ерінбей аралап, халық аузынан әдебиет үлгілерін, ақындар шығармаларын жинап игілікті қызмет атқарған. Ол 1890 жылдан бастап Қазан, Уфа, Петербург баспаналарынан кітаптар бастырған. Жүсіптің бастырған кітаптары: «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Алпамыс», «Біржан-Сараның айтысы», т.б. Өзі жазған дастан, киссаларынан «Сал-Сал», «Зарқұм», «Жүсіп пен Зылиха», «Шәкір-Шәкірат», «Мұңлық-Зарлық», «Дариға қыз», «Кербаланың шөлінде», «Рүстем-Дастан», т.б. жеке-жеке кітап боп басылып, қазақ қауымына кең тарады.

Көркем әдебиетте қалыптасқан көркемдік белгілерінің ілкі іздерін Шығыстың көне сөзінен іздеу әбес болмасы анық. Өйткені одан негізгі белгілерді, тіпті бүгінде түрліше атау иеленген ағым-бағыттардың алғашқы нышандарын да кезіктіре аламыз.

Шығыс әдебиетінің аса ірі мұралары халқымызға қадым заманнан бері таныс. Қазақ әдебиетіне өшпес нәр берген бірегей мұралардың болуы – шығыс әдебиетімен терең тамырлы байланысымыздың бір көрінісі. Олар- Рудаки, Омар, Низами, Хафиз, Сағди, Жәми, Науаи, Физули секілді көркем сөз алыптары, ал әдебиет үшін аталғандардың әрқайсысының орны бір төбе.

Ежелгі Шығыс әдебиеті жасалған уақыт – бағзы замандар. Сол уақыттың тынысы, таным-түсінігі, наным-сенімі, дүниеге көзқарасы, ой-сезімі шығармалардан айқын көрініс тапқан. Мәтіндерді оқу барысында бүгінгі оқырман үшін оқыс, тіпті кей тұстарда өрескел, оғаш көрінетін жайттар да аз емес. Оның себебі уақыт алшақтығында жатыр.

Ендеше, жаһандық әдебиеттің алыс-жақын тарихындағы шығармашылық ізденістерге баянды тұғыр болған ежелгі Шығыстың әдеби жәдігерлері сіз бен біздің де рухани қазынамызға айналған.

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т1. – Алматы: Жазушы, 1985. – 496 б.
2. Күмісбаев Ө. Терең тамырлар. – Алматы: Ғылым, 1994. – 75 б.
3. Күмісбаев Ө. Шығыс әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1994. – 98 б.
4. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Ғылым, 1964. – 104-107 бб.
5. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 98 б.
6. Байзақов М. Өлеңдер жинағы. – Алматы: Білім, 1994. – 85-87 бб.
7. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Санат, 1996. – 111 б.
8. Күмісбаев Ө. Парсы және қазақ әдебиеті. – Алматы: КазГУ, 1996. – 41 б.
9. Әлем әдебиеті газеті. Шығыс әдебиетіндегі шеберлік. Мақала. – 2005. – 13 б.

А. Қошқарова

4-курс студенті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., профессор Қ.С. Ергалиев

МЕТРОЛОГИЯЛЫҚ АТАУЛАРДЫҢ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДЕГІ КӨРІНІСІ

Тіл – адамзат тарихы, халықтың сан ғасырлар бойындағы тұрмыс тіршілігін суреттейтін қарым-қатынас құралы, байлығы. Тілдің құдіреттілігі сөздің терең мағынасында жатыр. Өрнектей өрілген сөздердің түп төркініне үңіле отырып, елдің өмірлік салт-санасы мен дағдысынан мәлімет алуға болады. Тіл ұлттың мәдениетімен ұштасады. Мәдениет халықтың ұлттық дүниетанымынан, рухани байлығын білімі, заңы мен этикасы, ғылымы мен діні, өнері, мақал-мәтелдері, фразеологизмдері, нақыл сөздері арқылы танып білеміз. Егерде бір халықты танығымыз келсе, оның фразеологиялық бірліктеріне жете көңіл бөлгеніміз жөн. Тұрақты тіркестер тек атау қызметін ғана керсетпейді, соныменқатар ұлттық мәдениет жайлы құнды мәлімет береді. Фразеологиялық бірлік –

екіншілік мән беретін номинативті атау; өйткені адам баласының танымдық қызметінің нәтижесіретінде болмыстағы заттармен құбылыстардың қасиеті мен ерекше белгісін, сапалық сипаты мен қозғалыс-әрекетін т.б. анықтайды. Екіншілік номинация болғандықтан да, фразеологиялық бірліктің мағыналық құрылымы күрделі. Біріншілік номинация мен екіншілік номинация құрылымы жағынан, ойлаумен, таныммен арақатынасы жағынан бір-бірінен ерекше екені белгілі. Біріншілік номинация табиғатына, көбінесе, нақты ойлау жүйесі тән болса, екіншілік номинацияға абстрактілі ойлау тән. Фразеологиялық бірліктердің дені абстрактілі ойлаудың жемісі екені анық. Атаудың негізі – денотаттың маңызды, ерекше белгісінің бейнесі. Болмыстың қасиеті мен айрықша белгілерін тану адам баласының таным дүниесін қалыптастырады. Бұл уақыт өткен сайын тереңдей, кеңейе түсетін күрделі әрі кешенді процесс. Дүниетаным көкжиегі кеңейген сайын, сөздік құрамдағы сөздер жүйесі декеңейіп, семантикалық өрістегі атаулар саны өседі. Ойжеткізуде жиі қолданылатын тілдік құралдардың бірі.

Фразеология термині (грек. *phrasis* сөйлемше және *logos* сөз, ілім сөздерінен шыққан) қазіргі тіл білімінде екі мағынада қолданылады. Бірінші, тілдің фразеологиялық құрамын зерттейтін саласы, екінші, белгілі бір тілдегі фразеологизмдердің жиынтығы дегенді білдіреді [1, 184]. Тұтас жиынтығы деген мағынамен қатар, тіл білімінің фразеологизмдерді зерттейтін саласы деген ұғымда да қолданылады. І. Кеңесбаевтың авторлығымен шыққан «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» қазақ фразеологиясына ғана емес, қазақ тіл біліміне де қосылған елеулі үлес. І. Кеңесбаев қазақ тілінің фразеологизмдері туралы жазған макаласында: «Тіл-тілдің өзіне тән ұлттық қасиеті, оның барлық тарауларынан (ярустарынан) байқалатыны мәлім. Сол қасиет, әрине, тиянақты сөз тіркестерінен де анық көрінеді. Тіл байлығын сөз еткенде сөз байлығы (лексикалық қор) деген топқа осы сөздікте қамтылған алуан түрлі фразеологизмдерді жай, жалпылай жатқыза салуға болмайды. Басқаша айтқанда, сөз байлығын тексеретін тіл білімі саласын лексикология деп атайтын болсақ, фразеологизм байлығын тексеретін тіл білімі саласын фразеология деп атау әбден орынды», – деп жазады [2, 186].

Ал метрология (грек. *Metron* – өлшем және *logos* – сөз, ілім) – өлшеу туралы, өлшеудің бірлігі мен қажетті дәлдікке жету тәсілдері туралы ғылым. Өлшем бірліктері уақыт және қашықтық, салмақ пен мөлшерді қарастырады. Күні бүгінге дейін қазақ тілінде өлшем атауларын құрайтын сөз тіркестері синтаксистік деңгейде зерттелмеген болатын. Метрологиялық атаулар туралы түркі тілдерінің ішінде қазақ (Ахмедова, 1975) және өзбек (Хамдамов, 1967) тілдерінде жасалған зерттеулерде өлшем атауларының морфологиялық және тек халықтық өлшеу бірліктері тұрғысынан қарастырылғандығын көруге болады. Сонымен қатар бұл еңбектерде тек дана санын білдіретін өлшем мен мөлшерді білдіретін атаулар ғана қарастырылған. Бұл зерттеулерде өл-

шем атауларының семантикалық кейбіререкшеліктері де жеткілікті зерттелмеген. Қазақ тіліндегі өлшем атауларын құрайтын сөз тіркестерінің негізгі тіркесу жолы «сан есім + өлшем атаулысөз + зат есім (өлшеу объектісі немесе дүркіндікті білдіретін сөздер)» құрылымды қабыса байланысқан күрделі сөз тіркесі типінде болғанымен, басқа құрылымдардағы және қабысудан басқа жолдармен байланысу тәсілдері де жиі кездеседі. Кейбір күрделі өлшем атаулары сан есімсіз өлшеу объектісі күйіндегі зат есімдермен немесе етістіктермен, кейбір өлшем атаулары сан есімсіз де қосарлану тәсілі арқылы зат есімдермен тіркесе алатындығы, өлшем атауларының морфологиялық құрылымдары жағынан түбір, туынды және күрделі сөздер болып келетіндігі тілші-ғалымдар мен аға буын өкілдеріне түсінікті болғанымен, мектеп жасындағы оқушылар мен жастарға түсініксіз болып келеді.

Метрологиялық атауларды мағыналық жағынан талдау және оны оқушыларға жеткізудің әдістемелік негіздері – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Өлшеу құбылысын тіл арқылы білдіруде, жариялауда әр тілдің өзіне тән тәсілі мен жолдары және мүмкіншілігі болады. Әр ұлттың шаруашылық, экономикалық және қоғамдық өмірінде және ғылымдарсаласындағы өлшеу объектілері бірдей болуы мүмкін. Яғни адам баласы ұзындық, қашықтық, тереңдік, биіктік, мезгіл, мерзім, уақыт, сұйықтық, салмақ, дана саны, пайыз, бүтіннің бөлшегі, ақша және құнды металдар, аудан (аумақ, көлем), жылдамдық, жылылық, қысым, дүркіндік т.б. ұғымдарды (өлшеу объектілерін) өлшейді. Белгілі бір категорияға жатпайтын кейбір заттарды (мәселен, кітап-том т.с.с.) немесе абстракт ұғымдарды да (мәселен, үн немесесөзді – ауызбен өлшеу т.с.с), қысқасы, әртүрлі затты немесе нәрсені өлшеуге болады.

Сонымен бірге әр ұлттың өлшеу объектілерін өлшеуде пайдаланатын өлшем бірліктерімен өлшеуді тіл арқылы білдіруінде өзіне тән қасиеттері бола алады. Тіпті әр тілдің бір-бірінен айырмашылығын да, ұқсастығын да белгілеуші критерийлердің біріншісісөйлем құрылымы болса, екіншісісөздік қор болып табылады. Сөйлем құрылымында орын тапқан сөз тіркестерінің де әр тілде өзіне тән ерекшеліктері немесе заңдылықтары болады.

Фразеологиялық бірліктің негізгі қайнар көзі, бастау бұлағы сөйлеу тіліндегіеркін тіркестер, әр замандағы жөнімен, жүйесімен айтылған сөз лексикаланып, мағыналық құрылымы тұрақталып, тиянақталып, еркін сөз тіркесінен фразеологиялық бірліктік мәнге жеткен. Мұнда тек сөздердің тіркесуі басты рөл атқармағаны, маңыздысы – сөз мағынасының дамуы халықтық дүниетанымның өсуі, жетілуімен бірге атау сөздерге деген сұраныстың артуы,сөйтіп, сөздердің лексикалану процесі, мағыналық құрылымының дамуы болған деу керек. Еркін сөз тіркестерінің тұлғалық және мағыналық жағынан тұрақталып, тиянақты атау ретінде жұмсалудың даму тұрғысынан қарастырып, дәлелдеуге толық негіз бар. Сөздің ішкі терең мағыналық құрылымының дамуы

мағыналардың абстрактілік деңгейде дамуына, ішкі мазмұнының баюына әкелген. Мәселен, *таяқ тастам жер, сүт пісірім уақыт, қозы көш жер, қол созым жер, қозы көгеніндеі жер, ат шаптырым жер, тай шаптырым жер, ет пісірім уақыт, шай қайнатым уақыт арасында* т.б. сияқты туынды атаулардың жасалуы халық тұрмысының шындығынан туындаған, сөз тіркесі мазмұны сақталып, тұрақты қолдана келе, ішкі мағыналық құрылымы орнығып, бүтіндікке, даяр қалпында жұмсалуға жеткен атаулар екені анық.

Әдебиеттер

1. Қалиев Ғ, Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1995. – 264 б.
2. Кеңесбаев І. Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1962. – 310 б.
3. Ахмедова Ж.Ш. Казахские народные наименования понятий об измерениях: автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1975. – 25 б.

А.Т. Оразбек

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: филол. ғылым. докторы, профессор С.Н. Сүтжанов

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ М. МАҚАТАЕВ ӨЛЕҢДЕРІН ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНУ

Қазіргі уақытта әдебиет пәнін ұстаздар қауымы дәстүрден тыс сабақтармен және жаңа педагогикалық технологияларды қолдана отырып оқытудың нәтижесін көруде. Әр оқушының сабақтағы интеллектуалдық, рухани дамуын, білімге деген ынтасының дамып, қалыпташуына түрткі болатын әдістер мен технологиялар саны бүгінгі таңда арта түсуде. Қазақстан мемлекетінде «инновация» ұғымын пайдалану соңғы жылдардың жемісі. Ең алғаш «инновация» ұғымы қазақ тілінде анықтаған ғалым профессор Немеребай Нұрахметов: «Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» [1, 224] деген анықтаманы ұсынады.

Әдебиет сабағын тиімді өткізіп, сапалы білім деңгейіне қол жеткізуде бүгінгі таңда сын тұрғысынан ойлау технологиясының мәні зор. Сын ойлау – әр жеке тұлғаның туындап отырған мәселені өзі зерттеп, қорытып, ойын еркін ортаға салуынан байқалады. Арқау болып отырған тақырыпқа қатысты пікір білдіру, оны лайықты дәлелдеу, қисынды зерттеу сияқты үрдістер белең алады. Сын тұрғысынан ойлау үш тараудан тұрады, алдымен, өзіндік, яғни әр тұлғаның жеке ойлауына негізделеді. Екіншіден, бұл технология аясында дәстүрлі, жаттанды қағидаларды баяндау қажет емес, жаңаша көзқарас, идеялар туындайды. Үшіншіден, шешімін табуды қажет ететін мәселеге деген ізденіс, зерттеу

жұмыстары белең алып, сол бағытта оқушының ғылыми ізденісі жанданады. Аталмыш технологияда оқушылардың қызығушылықтарын ояту, мағынаны ашу, толғаныс тәрізді үш кезең қамтылып, әр кезеңнің өз стратегиялары болады. Қызығушылықтарын оятумен қатысты ой қозғау, топқа бөлу, топтастыру жұмыстары бастау алады. Мағынаны ашу стратегияларына «Ассоциация», «Венн диаграммасы», «Бес жолдық өлең»; толғаныс стратегияларына: «Автор орындығы», «Бірлескен жоба», «Эссе» түрлерін жатқызуға болады. Әр стратегия оқушының материалды терең игеруіне, өзара ынтымақта жұмыс атқаруына, ойларын еркін жеткізіп, ізденіске енулеріне жағдайлар туғызады.

Енді осы технологияны әдебиет сабағында М. Мақатаев шығармашылығымен жұмыс жасау барысында қалай қолдануға болатындығына назар аударалық. Мәтін бойынша жұмыс жасауға көмек беретін INSERT стратегиясы бойынша тапсырмалар беріледі.

Шығармашылық қабілетті шыңдауда оқушыларға сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы арттыруда мынадай стратегияларды қолданудың маңызы ерекше:

- тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау, арнаулы бір тақырыпқа пікірталас туғызу (ой қозғау, «Инсерт» кестесі);
- берілген тапсырмаларды түрлендіру бағытындағы жұмыстар;
- эссе, шығарма, сауаттылықты ашатын хаттар т.б. стратегиялар;
- қиялдау арқылы суреттер салғызу;
- кейіпкерге мінездеме беру, өз ойын жазғызу (авторға, кейіпкерге хат жазу стратегиясы);
- өлең шумақтарын құрастыру [2, 26].

Инсерт кестесін толтыртуда Мұқағалидың өміріне, шығармашылығына, өлеңдерінің тақырыптық ерекшеліктерін арқау ете отырып іске асыруға болады. Мұғалім тақырып ұсынады, оқушылар сол бағандарды өздерінің ойларын нақтылай отырып толтырады. Тапсырмаларды түрлендіру бағытында атқаратын жұмыстар көп, атап айтқанда, топтық, жеке жұмыстар, дәстүрден тыс сабақ ұйымдастыру. 7-сыныпта Мұқағалидың «Отан», «Айхай, далам», «Қара өлең» шығармалары бойынша оқушылармен пікірлесу сабағын өткізіп, ойларын, жатқа білетін жырларын тындап, өзара қызықты да мазмұнды сабақ өткізуге болады. «Поэзия сағатын» өткізудің де ретін келтірген орынды.

М. Мақатаев шығармашылығына байланысты эссе жазуға ұсынылатын тақырыптар тізімі:

- Менің сүйікті ақыным – М. Мақатаев;
- Найзағай ақынның отты жырлары;
- Ақынның жырларынан мен алған рухани құндылықтар;
- Талантқа тағзым.

Қиялдау арқылы суретті орта буында білім алатын оқушыларға жиі болмаса да, апталықтар кезінде салдыртуға болады. М. Мақатаевтың өлеңдеріне сүйене отырып, оқушылар суреттер салады. Авторға,

кейіпкерге хат жазу стратегиясын орта буында қолданған тиімді. Бұл тұста оқушылар ашылып, өздерінің ішкі ойларын білдіре алады. Ақынға, кейіпкерге хат жолдап, ішкі түйткілдерімен, өздерін толғандырып жүрген жайларымен бөліседі. Өлең шумақтарын құрастыру стратегиясы бойынша оқушылар өздері Мұқағали өміріне, шығармашылығына арнап өлеңдер шығарады.

Кубизм стратегиясы – кубик жасалынып, оның 6 қырына 6 түрлі тапсырма жазылады. Мұғалім кубті ортаға тастап, қай қыры түссе, оқушы сол қырындағы тапсырмаға жауап береді. Мысалы, Мұқағалидың бірнеше өлеңдерін бағдарлама бойынша оқып болған соң, жинақтау ретінде мұғалімнің тапсырмалар реті беріледі. Ол мынадай сұрақтарды қамтуы мүмкін:

– М. Мақатаевты сүйіп оқитын оқырмандар саны өте көп, себебін атасаң?

– Ақынның қандай өлеңдері бүгінгі таңда ән мәтініне айналып, жиі шырқалуда?

– Мұқағали Мақатаевтың туған ел, жер, Отан тақырыбын арқау еткен қандай шығармаларын білесіңдер?

– Қазақ поэзиясының дамуына ерекше үлес қосқан ақын жайлы өзіндік ой-тұжырымыңды білдір.

Осындай сұрақтарды қамтитын тапсырмаларды орындау арқылы оқушылар тақырыпты терең игеріп, ақын шығармашылығымен кең көлемде жұмыс атқара алады.

«Фишбоун», «Тұжырымдамалық карта», «Алты қалпақ», «Ыстық орындық», «Блум таксоманиясы» – сын тұрғысынан ойлау технологиясының ұтымды тәсілдері. Бұл жұмыс түрлері арқылы мәтінмен жұмыс, зерттеу, тұжырымдау, топтық, өзара сұрақтармен алмасу, жинақтау, талдау әрекеттері жалғасады.

1-кесте. Блум таксономиясы

| Мақсаттар жүйесі | Оқушылардың когнитивтік іс-әрекеті |
|---------------------------|--|
| Білім | Оқушы меңгеретін және берілетін білім негіздері |
| Түсінік | Оқушы білімді қабылдайды, түсінеді, түсіндіреді |
| Қолдану | Алған білімді қолданады |
| Анализ | Білімді жай қабылдамайды, талдайды, саралайды, салыстырады |
| Синтез | Алған білімнен жаңа өнім жасап шығарады. |
| Баға (сыни өзіндік пікір) | Өз пікірін білдіреді, сынайды, жоққа шығарады, не мақұлдамайды |

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының «Сауалнама» стратегиясы да жана білімді меңгертуге үлкен септігін тигізеді. «Сауалнама» стратегиясы бойынша өтілген тақырыпқа талдау, салыстыру, зерттеу жұмыстары бойынша оқушы білімін жинақы түрде қорытындылауға

болады. Блум таксоманиясы әдісінде үш топ шығармашылық жұмыс атқарады. Бірінші топ өлеңнің идеясын, ой түйіндерін айқындаса, екінші топ көркемдік-бейнелеуіш құралдарды табады. Үшінші топ тұжырым жасап, өлең бойынша өз пікірлерімен бөліседі. «Түртіп алу» стратегиясы бойынша өлең мәтінде орын алатын мағынасы күрделі сөздерді, сөз тіркестерін тауып, қосымша сөздіктермен жұмыс жасау жалғасады. «Әңгіме-дебат» әдісі арқылы мұғалімнің даярлаған тапсырмалары бойынша тақырыпты қорыту іске асады. М. Мақатаев шығармашылығына қатысты дебат өткізуде мынадай сұрақтарды дайындауға болады:

– «Менің Отаным» өлеңінің қандай ерекшеліктерін атай аласыңдар?

– «Қарасаз» өлеңі ақынның қандай тақырыпқа арнап жазған шығармасы?

– Мұқағали мұралары арқылы бойына қандай рухани құндылықтарды қалыптастырдың?

– Кітаптан тыс қандай өлеңін білесің және бұл өлеңнің саған берген әсері қандай?

Сын тұрғысынан ойлаудың тиімді стратегиясының бірі – «Джигсо» болып табылады. Басты мақсаты – жұппен жұмысты іске асыру, әрі қарай ұжымда талқылау. Кез келген мәтінді төрт бөлікке бөледі, эксперт және жанұя топтары жұмыс атқарып, мәтіннің тапсырмаларын талдап, зерттейді. «Мұқағали поэтикасы» тақырыбында мұғалімнің бағытымен оқушылар ізденіп, зерттеп, дәлелдермен ойларын ортаға салуға жан-жақты дайындық жасайды. Ақын мұраларының тақырыбы, ақын шығармашылығын зерттеушілер, ақын өлеңдерінің идеясы, көркемдік-бейнелеу құралдары тәрізді мәселелер аясында білімдерін ортаға салып, қорытындысында ұжым болып үлкен дәстүрден тыс сабаққа ұластырады.

Жинақтайтын болсақ, сын тұрғысынан ойлау технологиясының әдебиет сабағында М. Мақатаев шығармашылығын оқытуда маңызы зор. Әр оқушы шығармашылықпен жұмыс жасап, өзіндік ізденіс, зерттеу жолына түседі, ойын ашық білдіріп, нақты дәлелдерге арқа сүйеуге дағды алады.

Жаңа технологиялар барысында көптеген ғылыми еңбектердің авторы С.Б. Бабаев: «Педагогикалық жүйе – белгілі бір қабілеті бар дара тұлғаны қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әсерді ұйымдас-тыруға қажет құралдар, әдістер мен тәсілдердің өзара байланысқан бірлігі. Оқыту технологиясы – оқытудың тиімді жолдарын зерттейді, ғылымда оқыту процесінде қолданылатын әдістер, тәсілдер мен қағидалар. Ол оқыту процесінде нақты жүйе қызметін атқарады» [3, 308], – дейді.

М. Мақатаев өлеңдерін оқытудағы тиімді технологияның бірі – модульдік технология. Аталмыш технологияны қолдану арқылы сабақтың сапасын, оқушылардың белсенділіктерін қалай арттыруға болатындығына назар аударып көрелік. Модульдік технология мақсаты –

сабақта оқушыларға проблемалық ситуациялар туындату, яғни әр тұлға өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамытып, тақырыпты терең игерулеріне жол ашылады. Аталмыш технологияның аясында проблемалық, модульдік, блоктық технология элементтері топтық, жеке, кіріктірілген оқыту пішіндерімен үйлестіріледі. Проблемалық ситуациялар сабақта әр оқушының өздігінен жұмыс жасауына септігін тигізеді. Модульдік әдістер бағыты: тиімді ұйымдастыру әрекеттері мен басқару. Шығармашылық тұлғаны дамыту – басты міндет, сабақтағы белсенділіктерін, қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін шыңдауды қамтитын тапсырмалар легі атқарылады. Белгілі бір тақырып аясында проблемалық ситуациялармен үнемі жұмыс жүргізу білім сапасын да көтереді, оқушылардың өздігінен атқарған жұмыстары білім, білік, дағды, машықты дамытып, ізденіске толы әрекеттер жалғасады. Модульдік технологияда жүйелі жұмыс тарау аяқталған соң қолға алынады. Оқылған материал есте сақталып, оқушы деректерді, мәліметтерді бағдарлама талабына сай игереді. Кез келген шығармаға, өлең, проза болсын, талдау жасай алады, әдіс-амалдарын түрлендіріп отырады. Технологияның басты қадамдары: зерттеу, түйінді ұғымдарды айқындау, тақырып бойынша тірек сызбаларды құрастыру, тест тапсырмаларын құрастыру. Әр оқушыға бірінші күрделілік дәрежесіндегі, орташа күрделілік дәрежесіндегі, сол сияқты ізденушілік элементтері бар күрделі дәрежедегі тапсырмалар әзірленеді.

М. Мақатаев шығармашылығына қатысты модульдік технологияны қалай пайдалануға болатындығына үңіліп көрелік. М. Мақатаев шығармашылығы қамтылған тараудан кейін оқушыларға 8-сыныпта «Сөйлесу бөлімінде» мынадай үш үлгідегі тапсырмаларды ұсынуға болады:

Бірінші күрделілік дәрежесіндегі тапсырмалар:

– М. Мақатаевтың қандай өлеңдерін білесіңдер?

– Қазақ өлеңіне қандай жаңалықтар енгізді?

– Ақынның өзің жатқа білетін бір өлеңіне талдау жасау (идеясы, тақырыбы, ой түйіндеріне ажырату, қандай көркемдік құралдарды байқадың. өзіндік тұжырымың).

Орташа күрделілік дәрежесіндегі тапсырмалар:

– «Отан» және «Үш бақытым» өлеңдеріне әдеби талдау;

– Дайын тірек сызбаны М. Мақатаев шығармашылығына қатысты толтыру;

– «Барлығы да сендердікі» өлеңі бойынша өзіндік пікір алмасу;

– Эссе. Менің сүйікті ақыным – Мұқағали Мақатаев.

Ізденушілік элементтері бар күрделі дәрежедегі тапсырмалар, көбінесе алдын ала зерттеуге ұсынылатын тапсырмаларды қорытынды сабақта тұжырымдайды. Ол төмендегідей болуы мүмкін:

– Ғылыми бағыттағы жұмысты жұппен қорғау. Тақырыбы: Қазақ өлеңінің пырағы – М. Мақатаев;

– Пікірталас. Мен болашақ ақынмын;

- Ғылыми жоба қорғау. Топтық. Тақырыбы: Мұқағали болмысы;
- Поэзия сағаты. Өлеңдерді мәнерлеп оқу.

Бұндай сабақтар оқушылардың білімді жүйелі меңгеруіне әсер етеді және қабілет-қарымдарын ұштайды. Оқытудың белсенді пішіндерін енгізу, яғни топтық, жұптық, ұжымдық жұмыс түрлері өзара байланыстарын нығайтып, ынтымақтаса еңбек етуге итермелейді. Модульдік технология белгілі бір тарауды қорытындылау кезінде өте қолайлы, бүкіл тақырыптарды кіріктіре отырып, оқушылардың барлық материалды жан-жақты меңгеруіне ықпал етеді. Ізденіс, зерттеу, дәлелдеу сияқты әрекеттер оқушыларды сабақтан тыс өздігінен жұмыс жасауға жұмылдырып, шығармашылық белсенділіктерін дамытады. Мұғалім – оқу үрдісін басқарушы, оқушылардың дербес жұмыстарын ұйымдастырушы. Барлық сабаққа қатысты әрекеттерді шәкірттер атқарып, үнемі қызу ізденіс үстінде болады.

Қорытындылай келе, аталмыш мақалада М. Мақатаев өлеңдерін оқытуда қолданылатын педагогикалық технологияларға тоқталып өттік. Технология түрлері өте көп, соның ішінде нысан еткен сын тұрғысынан ойлау мен модульдік технологиялар М. Мақатаев шығармашылығын өту барысында өте тиімді, нәтижелі. Педагогикалық технологиялар – сапалы білімнің кепілі.

Әдебиеттер

1. Нұрахметов Н. Тарих пәнінен білім берудің ғылыми негіздері мен оқыту әдістемесі. – Алматы: Ғылым, 2002. – 312 б.
2. Жұмажанова Т.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рух, 2009. – 285 б.
3. Бабаев С.Б. Педагогика: Оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2007. – 413 б.
4. Махметова А. Жаңа оқыту технологияларының білім сапасын арттырудағы рөлі. – 2010. – №2. – 14-16 беттер.
5. Қабдешова Ә. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының тиімділігі // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2002. – №10. – Б. 35-45
6. Шарабас Г.И. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Атамұра, 2008. – 64 б.

А. Сұраған

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., профессор Қ.С. Ергалиев

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСТЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Ауыз әдебиетінің озық үлгісі мақал-мәтелдерді жинау – М.-Ж. Көпеевтерден бастау алып, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, С. Сейфуллин, М. Әуезовтерден қолдау тауып, Ө. Тұрманжанов, М. Әлімбаев, Б. Адамбаевтармен жалғасқан. Сол еңбектің айқын дәлелі іспетті Ө. Қайдаровтың «Халық даналығы», Ө. Тұрманжановтың «Қазақтың мақал-мәтелдері», М. Әлімбаевтың

«Өрнекті сөз – ортақ қазына», Б. Адамбаевтың «Халық даналығы» еңбектерін атап өте аламыз.

А. Байтұрсынов: «Мәтел дегеніміз – кезі келгенде кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады», – деп мақал мен мәтелдің аражігін қысқа да нұсқа айырса [1, 130], Ө. Тұрманжанов: «Халықтың мақал-мәтелдерінің қамтымайтын тақырыбы, кең айтпайтын ой саласы жоқ. Қысқа мақал-мәтелдерімен үлкен өмірдің кемшіліктерін түгел сынаса, жақсылығын сүйсіне үлгі етіп ұсынады», – деп тот баспаған халық мұрасының тақырып аясының кеңдігіне тоқталады [2, 5]. Ежелгі заманнан бері адам айналасындағы әлемді түсінуге тырысты, әртүрлі құбылыстарды салыстырды, табиғат жаңалығын тануға әрекет жасады және қиялдады. Халықтың ғасырлар бойы бұл мұрасынан олардың армандары мен үміттері, тәрбие, отансүйгіштік, туған жерге деген махаббат, еңбекке баулу, оқуға шақыру, ата-ананы сыйлау, достық, ағайыншылдық, үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету сынды ізгі қасиеттердің иісі аңқиды. Сол себептен де тақырып аясының кең болуы да заңдылық. Сонымен қатар қазақ мақал-мәтелдерін жас ерекшелігіне қарай да топтастыруға, бөлуге болады. Себебі адамзаттың ақыл-ойы, сөйлеуі, өсуі оның жасымен тығыз байланысты екені белгілі. Әр жастағы адамның өзіне сай физикалық, психикалық және әлеуметтік даму деңгейлері болады. Бірақ ежелгі адамдар, әдетте, өздерінің жасын дәл белгілеуге аса қатты мән бермеген. Олар үшін әлеуметтік мәртебе және тиісті әлеуметтік топқа, яғни *балалар, жастар, ересектер және қарттарға* жатқызу маңызды болды. Қазіргі уақытта даму процестерін дұрыс басқару үшін ғалымдар адам өмірінің кезеңдерін жіктеуге тырысты. Х.Қ. Сәтбаева бастаған отандық ғалымдар адам өмірін *даму, балалық шақ және ересектік шақ* деп жалпы үш сатыға бөле келе оларды іштей жіктейді. *Бірінші кезеңді* ұрықтық даму, нәрестелік даму десе, *екінші кезеңді* жаңа туған, еметін (бөбектік шақ), сәбилік шақ (алғашқы балалық шақ), естиярлық шақ (бірінші балалық шақ), бүлдіршін шақ (екінші балалық шақ), жеткіншектік, жасөспірім (бозбалалық) деп жетіге, ал *үшінші кезеңді* кәмелеттік жас, егде жас, қариялық (кәрілік жас) ұзақ өмір сүрушілер деп төртке бөледі [3, 12-14].

Мақал-мәтелдерге келер болсақ, алғашқы халықтық жүйені негізге ала отырып топтастырған жөн деп ойлаймыз. Себебі: «Мақалды тудырушы – еңбекші халық. Ол халық данышпандығының алтын қазынасы», – дейді атақты қазақ фольклористика ғылымының білгірі М. Ғабдуллин.

Дүние есігін пенденің бәрі сәби болып ашады. Балалық шақ – адам өмірінің ең бақытты және уайымсыз кезеңі. «Балалық шағы – патшаның тағы» дегендей, балалық шақта адам қамқорлықпен, сүйіспеншілікке бөленеді, ертегі тыңдайды, бейқам ойнайды, жақсылық пен жамандықтың аражігін ажыратады, ақыл-парасат үйретіледі, аяғына тұруға

көмектеседі. «...Тәрбиенің негізі бес жасқа дейін қаланады, бес жасқа дейін жүргізген барлық тәрбие ісіңіз – бүкіл тәрбие процесінің 90 проценті» [4,109], – дегендей, ата-ана балаға өмір сыйлап қана қоймай, тәрбие, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіруге тырысады. Оны «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» [5,434] мақалынан көрсек, «Бала тәрбиесі – бесіктен» [1,176], «Жаста берген тәрбие, жас қайыңды игендей» [5,163], «Жас жемісті жұлма, жас баланы ұрма» [5,164] дегендер баланың жастайынан берілген дұрыс тәрбие түзу адам болуына әсер ететіне дәлел. Ал «Бала, баланың ісі шала» [6,78], «Баланы жұмсасаң артынан өзің барасың» [5,162] балаға тән алаңғасарлық, «Бала күлкіге тоймас, жаман ұйқыға тоймас» [6,78] алаңсыз көңілді өмір, «Қыз – «куыршақ», – дейді, бала – «құлыншақ», – дейді» [6,82] жас ерекшеліктеріне тән қызығушылықтардың көрінісі. Сонымен қатар бала тәрбиесіне үлкендердің, өскен ортасының көрсеткен өнегесі де үлкен әсер етеді: «Алты жасар бала атқа мінсе, алпыстағы шал сәлем берер. Алты жасар бала жолдан келсе, алпыстағы шал алдынан шығар» [6,31], «Қарағайға қарап тал өсер, қатарына қарап бала өсер» [6,82], «Шешеге қарап қыз өсер, әкеге қарап ұл өсер» [5, 178]. Алқашқысынан үлкеннің кішіге ізет көрсетуін байқасақ, екіншісі – бала үшін араласатын ортасы, яғни достар рөлінің маңызын, ал үшіншісі ата-ана үлгі тұтар адамдары екенін аңғарамыз.

«Тайдың мінгені білінбес, баланың істегені білінбес» [5,439], «Өнерлі баланың он саусағы тең, өнерсіз баланың бір саусағы кем» [5,162], «Болар бала жетісінде бас болар, болмас бала қырқында жас болар» [6,31], «Адам болатын бала – ағайыншыл, бай болатын бала – айырбасшыл» [6,76], «Әдепті бала арлы бала, әдепсіз бала сорлы бала» [5,77], «Жауатын күн – ыстық, болатын бала – пысық» [6,81], «Кекшіл бала – дықшыл» [6,81] сынды мақал-мәтелдер балаға тән өнер, айғайыншылдық, әдеп, пысықтық, кекшілдік сынды жеке қасиеттерді көрсетеді.

Жастық шақ адам өмірінің 20–23 жасынан бастап 30 жасқа дейінгі кезенді қамтиды. Кейбір ғалымдар жастардың жоғарғы шегін 35 жасқа дейін ұзартады.

Жастық шақ – бұл отбасын құрудың уақыты, таңдаған мамандығын игеру, қоғамдық өмірдегі адамның рөлін анықтау уақыты. Жастықтың отымен қателеспес үшін «Ұлға – отыз үйден тыю, қызға – қырық үйден тыю» [5,158] деп басы артық жамандықтан тыйып отырған. Сонымен қатар жастық шақ – махаббат ғасыры. Ол өмірлік серігін таңдауға және отбасын құруға ықпал етеді. Есейіп, жастық шаққа аяқ басқан ұл мен қызын үйлендіріп, мың жылдық болар жақсы құда іздеген. «Ұлың өссе – ұлықтымен ауыл бол, қызың өссе – қылықтымен ауыл бол» [5,156], «Ұлыңа қалыңды төменнен бер, қызыңа қалыңды жоғарыдан бер» [6,23], «Жақсы қыз – жағадағы құндыз, жақсы жігіт – көктегі жұлдыз» [6,29], «Қыз – жат-жұрттық» [6,26], «Қыз – қонақ» [6,26], «Қыз – халықтың гүлі,өлең – сауықтың гүлі» [6,27], «Гүл өссе – жердің көркі, қыз өссе –

елдің көркі» [6,28], – деп үйлендірерде арғы тегіне мән беріп, қызға қонақ, жат-жұрттық екенін құлағына құйып отырған. Жастар достық пен махаббат қатынастарын оңай орнатады және барынша қастерлейді. Б. Бұлқышевтың: «Адам – өз өмірінің суретшісі. Ол өмірді сырлап бояуға, оған ажар, түр беруге, оны әшекелеп өрнектеуге еңбек етеді», – деген сөзі осы жастық шақтың бар сырын ашатындай [4, 10].

Жастар күш пен қуатқа, өз мақсаттары мен мұраттарына жетуге деген ұмтылысқа толы. Келесі мақал-мәтелдер соның дәлелі. «Болатын жігіт епшіл, болмайтын жігіт кекшіл» [5,161], «Арманы жоқ жігіттің дәрмені жоқ» [6,23], «Өзі болған жігіттің түп атасын сұрама» [6,23], «Атадан жақсы ұл туса, есіктегі басын төрге апарар, атадан жаман ұл туса, төрдегі басын есікке апарар» [6,75], «Жігітті сын шындайды» [5,162], «Батыл жігіт жол бастар, ақын жігіт той бастар» [5,179], «Жігіт жүзі – біреу, қанжар жүзі – екеу» [5,196], «Жақсы келін қызындай, жақсы күйеу ұлындай» [5,161].

Ересектік – адам өмірінің ең ұзақ кезеңі. Ересектерде дежастық шақтағыдай өмірдің мәні кәсіби қызмет пен отбасылық қатынастар болып табылады. Алайда оларды анықтайтын әлеуметтік жағдай айтарлықтай өзгереді: егер жастық шаққа ол таңдаған мамандықты игеру және өмірлік серіктес таңдау (отбасын құру) кірсе, өмірдің тиісті жақтарын құру болса, жетілгенде кәсібилігін дәлелдеу мен отбасын берік ұстау басты орында болады. Яғни ерексек өмір отбасымен тығыз байланыста өрбиді. «Әйел – үйдің көркі, еркек – түздің көркі» [5,399], «Жақсы әйел жаман еркекті ер қылады. Жаман еркек жақсы әйелді жер қылады» [5,418], «Жақсы әйел ер көңілін өсіреді. Жаман әйел ер отын өшіреді» [5,433], «Еркек – үйдің туы, әйел – үйдің гүлі» [5,421] дегендей, жақсы әйел мен ақылды ер отбасының тірегіне айналады.

Адамзаттың нағыз пісіп-жетіліп, кемелденген шағы – қарттық. Кемелділіктің маңызды белгісі – өмірдің мазмұнына өзі үшін және басқа адамдар үшін жауапкершілікті түсіну: «Ата – балаға сыншы» [5, 434], «Атасыз үй батасыз, анасыз үй панасыз» [5, 411]. Бірақ «Ер қартайса, еркі кетер, қатын қартайса, көркі кетер» [5, 413] деген де бар. Сыртқы келбет тұрғысынан алғанда бұл сөздің жаны бар. Дегенмен жүрегі жас, санасы ояу адамды келбетіне қарап бағалауға болмайды. Сондай-ақ кемелденген адам қабылданған адамзат мәдениетін көбейтуге және оны болашақ ұрпаққа жеткізуге әрекет жасайды.

Қорыта айтқанда, «мақал» – тілімізге арабтан енген сөз. Аударғанда «орынды сөз», яғни «әр орынға лайықты сөз бар» деген мағынаны білдіреді. Адам жасына байланысты мақал-мәтелдерді орынды қолдана білу де соның бір айғағы. «Мақалдар мен мәтелдер ауыз әдебиетінің ең байырғы, ең көне түрі; ол ғасырлар бойы халықтың тірнектеп жинап, сарымайдай сақтап келген еңбегінің жиыны, ой-пікірінің түйіні, аңсаған арманының, өмір тіршілігінің айнасы, көнеден жаңаға, атадан балаға қалдырып келе жатқан тозбайтын, тот баспайтын өмірлік өшпес

мұрасы», – деп Ө. Тұрманжанов айтқандай, халық мұрасын болашақ ұрпаққа жеткізуіміз керек.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
2. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері / Құраст. Ө. Тұрманжанов. – Алматы: Білім, 2009. – 272 б.
3. Сәтбаев Х.Қ., Нілдібаева Ж.Б., Өтепбергенова Ә.А. Адам физиологиясы. – Алматы: Білім, 1995. – 512 б.
4. Ақылдың кені / Құраст. Қ. Жарықбаев. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 256 б.
5. Қазақтың мақал-мәтелдері / Құраст. Ө. Тұрманжанов, Қ. Ахметұлы. – Алматы: Раритет, 2004. – 440 б.
6. Қазақтың мақал-мәтелдері / Құраст. А.С. Смайлов. – Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2006. – 296 б.

Н. Тоқтарова

III курс студенті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент М.И. Оразханова

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ «ӘКЕ» БЕЙНЕСІ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ (М. ӘУЕЗОВТИҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫ НЕГІЗІНДЕ)

Қазақ халқы қашанда бала тәрбиесіне ерекше қараған. Балаға тәрбие екі жақты берілуі тиіс. Балаға ананың аялы алақанымен қатар әкенің қамқорлығы мен айбыны да керек. Әке бала тәрбиесіне анасымен қатар айрықша ат салысуы тиіс. «Ана көрген тон пішер, әке көрген оқ жонар» деп халық мақалында айтылғандай, ер бала әкесінің іс-әрекеті, мінез-құлқына қарап еліктей бастайды. Отбасындағы ұл баланың тәрбиесінде әкелердің рөлі ерекше. Оны халқымыз «Әкеге қарап ұл өседі, шешеге қарап қыз өседі», «Әке бәйтерек, бала – жапырақ», «Жас – кәрінің көзі, кәрі – жастың тезі», «Ата – балаға сыншы» деп мақал-мәтелдерінде тұжырымдап айтып кеткен.

Ұлы қаламгер М. Әуезов өзінің әлемге әйгілі «Абай жолы» роман-эпопеясында Абайдың әкесі Құнанбайдың тарихи тұлғасын жасап, қыры мен сыры мол теңдесі жоқ типтік бейне етіп мүсіндегені белгілі. Құнанбай бейнесі романда басқа көркем бейнелерден биік тұр. Сонымен қатар кейінгі ұрпаққа берер тағылымы да мол. Бір Құнанбайдың бойында адамға тән бар қасиет бар. Құнанбай әке ретінде заманнан заманға үлгі боларлық, ұлттық сананы саналылықпен сақтап қалған тұлға. Балаларының жетілуіне көреген әке көп мән берген.

М. Әуезов Құнанбайды көркем образға айналдыру барысында жағымсыз кейіпкер ретінде емес, аса күрделі тарихи – трагедиялық бейне ретінде бейнелеуге ұмтылған.

Лексикамызда тарихи шындық және көркем шындық деген қолданыстар бар. Құнанбай образына қатысты тарихи шындық пен көркем шындықтың «Абай жолы» роман – эпопеясындағы бейнеленуіне байланысты архив деректеріне сүйене отырып, жанаша пікір қалыптастырушы ғалым ретінде Т. Жұртбайды айтуымызға болады: «Құнанбай Мұхтар үшін, тек образ ғана. Ол – Абайдың даналығын, қапа көңілін, «етекбасты өмірін» ашу үшін ғана керек, демек, әкесі баласының мүддесі үшін күйінді боп тұр. Сол үшін де, бойындағы бар жылуын, мейірім-қайырымын, жақсылық шуағын Абайға емізіп, өзі қынабынан суырған қара қылыштай сұсты сұрқымен қалған. Оның үстіне, романда Құнанбайға қатысты баяндалған мінездемелер мен оқиғалардың бірде біреуі ойдан шығарылмаған. Бәрі де шын. Тек, автордың емеуіріні басқа» [1].

Құнанбайдың көркем бейнесін жасауда жазушы тарихтағы болған оқиғалар мен оларға қатысты адамдарды дәл сол күйінде көркем шығармада пайдалана бермеген. Соның бірі Қодар жайлы әңгімелер. Көркем шығарма көркем бояулармен, сол романда айтылып отырған негізгі оқиғаға байланысты жазушының өзінің бағыты мен өзінің қиялынан туған көркемдікпен әсерлі етіп жазылады. Тарихи шындықты көрсету үшін көркемдік әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, жазушының өз қиялымен де өзгерістер туғызуы – заңды құбылыс. Бұл туралы Т. Жұртбай: «Ондай емеуірін-мегзеуді қалай астарлаймын десе де Мұхтардың құқы бар-тын. Себебі, жазушы көркем шындықтың еркіне бағынады. Сол үшін қандай да болсын тәуекелге бекінеді» дейді [1].

Құнанбайдың шешесі Найман ішінде Матай руынан – Зере өте есті, адал, момын, тақуа, жомарт болған ана. Әкесі Өскенбай да жай адам емес. Осындай адамдардан туған Құнанбай қорқынышты адам өлтіруші болуы мүлде мүмкін емес.

«Бала кезінен бастап, Құнанбай өте ұғымды, зерек, алғыр, бір естігенін, оқығанын ұмытпайтын болған. Ол ес біле бастағаннан әкесінің қасында отырып, көп әңгіме, оқиғаларды, биліктерді естіп, қазақтың өткір сөздерін, мақал – мәтелдерін, тақпақтарын, батырлар, эпостық жырларын, тарихи оқиғаларды жадына сақтап алатын болған. Жас күнінен шешендік өнерге, сөз тапқыш әдіске бейім болады. Құнанбайдың «мырза» атануы да жайдан жай емес. Тек істің ағына, әділдігіне қарай шешім айтуына байланысты. Сонымен қатар Құнанбайдың уәдеге берік, қайратты, сабырлы, шешен, болжампаздығын ел аңыз етеді» [2, 211]. Ал «Абай жолы» роман эпопеясында сәл басқаша бейнеленеді. Оның бәрі көркемдік шындық, тарихи шындық емес. М. Әуезов заманның қыспағына байланысты Құнанбайды қанша төмендетіп көрсеткісі келгенімен, оның әке ретіндегі биік тұлғасы әркез жарқырап шығып отырады.

«Абай жолы» роман эпопеясында әке мен бала бейнесі (Құнанбаймен Абай) он үш жасар Абайдың оқудан келген сәтінде кездесеміз.

«Баласын қасына да шақырмады. Азғантай уақыт Абайға қарап алып:

– Балам, бойың өсіп, ер жетіп қалыпсың-ау! Молда болдың ба? Бойындай боп білімің де өсті ме? – деді» [3, 10].

Әке көптен көрмей сағынған баласын құшақтап, сүйіп, бауырына баспайды. Баласына сынай қарап сұрағын қояды. Әкенің мінез – құлқы, өзгелермен қарым – қатынасы, өнері мен білімі – баланың көз алдындағы үлгі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. Отбасының пейіл – береке, ынтымағы үшін отағасының әділ, ұстамды болуы орасан маңызға ие. Оның тәрбиелік рөлі де зор. «Әке – асқар тау», «Әке – балаға сыншы» дейді

Ер баланың өсіп, жетіліп, өз алдына жеке тұлға болып қалыптасуына, қоғамдағы өз орнын дұрыс табуына әкенің атқарар еңбегі ерекше. Қазақ халқында «Бір бала бар – атадан өте туады, бір бала бар – кері кете туады» деген тұжырымға, баланың қандай болмағына негіз қалайтын да әкенің өзі.

«Бала ес білгеннен бері қарай әкесінің қабағын жұтаң қыста күн райын баққан кәрі бақташыдай бағып, танып өскен. Әкесі де бұл баласының сондай сезгіштігін өзге балаларынан артық санаушы еді. Ұялғанды, жауап айтпағанды кешірмейтін әке мінезі Абайға мәлім. Ол сабырлы, момын пішінмен:

– Шүкірлік, әке, – деп біраз тұрды да, – ат барған соң, дәріс тәмам болмаса да, қазіреттің рұқсатын, фатикасын алып қайттым, – деді.

Тіпті, ересек адамша сөйлеп қапты. Баланың бұл ерте әзірлеген жауабы еді» [3, 10].

«Майбасар Абайдың жауабын ұнатып тұрып:

– Өзі, тіпті, көшелі кісі боп қапты! – дей беріп еді, Құнанбай оның сөзін аяқтатпастан Абайға:

– Бар, ана шешелерің жаққа бар, амандас, балам! – деді.

Абайдың күткені де сол еді. Әлі тосып, бар қозғалысын алыстан қарап, әңгіме етіп тұрған шешелерге қарай бұрылғанда, Абай қайтадан өзінің жасына лайық қуанышты бала қалпына келе қалды» [3, 10].

Ақылы мен пайымы терең аналар балаларын үнемі әкесін сыйлап, құрметтеуге бейімдеп отырады. «Әкең ренжіп қалар», «Әкең жіберсе, бара ғой», «Әкеңе барып сәлем бер», «Әкең алсын алдымен» деп әкеге құрмет, қызмет етуге баланы жасынан дайындап отырса, мұндай отбасында әрдайым тәртіп, ынтымақ пен бірлік болатыны сөзсіз. Абай оқудан келген кезде бірінші анасына қарай жүгіреді:

«Бала көп ішінен, ең алдымен өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:

– Әй, шырағым балам, әуелі ар жағыңда әкең тұр... Сәлем бер! – деді.

– Абай жалт қарап барып жаңа көрді. Анандай жерде, қонақ үйдің сыртында, қасында екі-үш кісі бар – әкесі Құнанбай тұр екен. Ыңғайсыз-

данып қысылып қалған бала, шешесінің сондайлық салқын сабырының мәнін ұқты да, әкесіне қарай тез бұрылды» [3, 9].

Бұл – ананың тәрбиесі. Ұлжанның Абайды әкесіне жіберуі Құнанбай образын биіктете түседі.

Әке – баланың идеалы, қай жағынан алса да үлгі тұтар жалғыз адамы. Отбасының басшысы әке екенін анасы «әкең естімесін» деу арқылы әкеден қорқуға емес, сыйлауға, «әке» абыройын сақтауға өз үлесін қосады. Ұлжан ананың баласына әкесі Құнанбаймен бірінші амандасуы керектігін айтуы да өмірдің ұлы сабақтары болса керек. Бүгінгі таңда ұлтымыз үшін өзекті мәселенің бірі ұрпақтар сабақтас-тығының өзегін жоғалтпау болып отыр. Бұл арқылы ұрпақтың бойына тектіліктің тамыр тартатыны ақиқат.

«Кезек өз шешесіне келгенде, ол сүйген жоқ. Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды да, маңдайынан иіскеді. Абайдың әкесіндегі тартымды салқындық шешесіне де көптен бергі мінез болған. Бала осыдан арғыны күтпеуші еді» [3, 11].

Дүниедегі ешбір оқу – әке мен ананың берген тәлімін бере алмайды. Оқудан білім қонар, ал тағылымды тәрбие – тек әке мен анадан ғана берілетін қасиет. Құнанбай сияқты анасы да сабырлы, салқын қанды. Құнанбай мен Ұлжанның бергеніндей білім, ақыл, тәрбие еш жерде болмайды. Оны кітаптан табу қиын. Олардың тәрбиесі, Абай айтпақшы, «бар тамырды қуалайды. Жүректен шығып, жүрекке жетеді».

Құнанбай әке ретінде балаларына орынсыз ренжу, ұсақ-түйекке ұрсу дегенді білмейді. Романда Байдалының ауылынан шығысымен атын қамшылап шапқылап, ширығып келген баласына ұрыспайды. М. Әуезов автор сөзі арқылы «Тегінде, балаға «ат қинайсың, шаруа күйзелтесің» деп ұсақ мазасыздық өлтіріп қойса да ұрыспайтындығын айтады. Абайға мұндай дүние үшін ұрсып, еш уақытта таршылық көрсеткен емес. «Қазір де қатты жүрістерін жай балалық желік, жарыс қой деп білген». Бірақ баласының көзі от шашып, жүзінің бал-бұл жануынан, әншейіндегі салмақты, қоңыр баяу Абай емес екенін бірден байқайды:

«– Немене, балам? Неден ширықтың, жөніңді айтшы! – деді.

Абай әкесінің төменгі жағына отыра беріп, өз ішіндегі көңіл күйін дәл тапқанына қайран қалды» [3, 160].

Бұл жерде әке байқампаз. Сонымен қатар «Қазір де қатты жүрістерін жай балалық желік, жарыс қой деп білген» деуінен тек қаталдық қана емес, жастық, балалыққа тән еркіндік те беріп отырған. Таразының басын тең ұстаған ақылды әке. Құнанбайдың бұл мінезі баласына жақсы тәрбие береді. Дүниеқоңыздықтан сақтайды. Құнанбай тек дүние жинап, дүниені жанынан артық көріп отырған адам емес. Ол осы мінезімен баласына үлгі.

Абай Байдалының әңгімесін айтып, әкесінің не деп жауап қатарын күтеді. Соны сезген Құнанбай: «– Қаратай жүйрік қой. Жер таниды. Айтқаны шын болса керек. Бірақ өз топшылауым бойынша, адамның қай

мінезі қасиетті болса, сол мінезі міні де болады. Мен өмірімде ұстаған нәрсемді берік ұстанам. Жақсылық – кісінің айнымас табандылығында деп білемін. Соның түбінен мін шығатын кез де болатын шығар! – деп, үндемей түнеріп отырып қалды» [3, 161].

Әкесінің жауабын ғана білмек болған Абай ойландыратын жауап алады.

Құнанбай мен Абай арасындағы ғажап байланыс қара орман қазаққа мәлім. Құнанбайдай әкенің сыншылдығы мен қаталдығының өзінен балаға деген мейірім көрінеді.

«Құнанбай аздан соң ғана барып, әлгіден де жуасыңқырай түсіп:

– Адам пенде ғой! Пенденің жоқ-жітігі толған ба? – деді.

Қиналса да өз мойнына кінә алып отыр.

Бұл кезде Абайға әкесі жадағай көрінбеді. Кінәға, дауға жүйрік Байдалы сияқты емес. Ол шешендіктен гөрі басқарақ түпкірі бар сияқты. Оңай жан емес. Қабат-қабат шың сияқты» [3, 161].

«Абай әкесінен көз алмай қарап отырып сөйледі» [3, 175].

«Бұл – кісіліктің басы. Көзге қарап отырып сөйлеу – тұлғалық қасиет. Ол сізге айтар нық сөзім бар деген мағынаны білдіреді. Көзге қарап отырып сөйлеу – мағына. Көзге қарамай сөйлеу сөздің мағынасыздығына бастайды. Байлаулы берік сөзге айналмайды, дұрыс шешім қабылдауға бастамайды.

Абайға кісіге сөйлегенде оның көзіне қарап сөйле деп біреу айтты ма екен, ол арасын білмеймін. Сірә, туа біткен төл қасиет өзіне лайық мінез қалыптастырады-ау деймін. Тұқым қуалап келіп, иесін тапқан қасиет Абайға осындай мінез берген» – дейді Ғарифолла Есім [4].

«Абай әке көзінен жасқанған жоқ». Иә, ендігі жерде жағдай дәл осылай болғаны түсінікті. Абайдың әке көзінен жасқанбағаны – оның әкесінің ұлы болғандығының куәсі. Құнанбайдың үміт еткен баласы осындай болуы – табиғи нәрсе. Көзге тура қарай алмайтын, жасқаншақ болып өскен бала күні ертең әкесі жеткен абырой-даңққа ие бола ала ма?

Мұрагерлік әкеден аса туғанға бұйырмақ. Мұхтар Әуезов осы жағдайды бейнелей келіп: «Әке мен бала ең алғаш рет шындасып бет ашысатын белге келгендей еді...», – деп жазады [3, 175].

Бет ашысатын деген сөз беттен алу емес, бұл – кімнің кім екенінің белгілі бола бастағаны, бояуының анықтала бастағаны десек болады.

Жалпы әдебиетте «Абай жолы» роман-эпопеясы, ондағы кейіпкерлер тұлғасы туралы жазылған зерттеулер баршылық. Құнанбай бейнесі де бірнеше зерттеуге арқау болған. «Мұхтар Әуезов көшпелілер әлемінің барша болмысын тарихи шындық пен дәлелді негізге ала отырып көркем уақыттың шеңберіне шебер сиғызған. Сол арқылы ұлт тарихын Мәңгілікпен пара-пар көркем шындық дәрежесіне жеткізе суреттеген. Соның нәтижесінде, «Абай» романындағы жетекші тұлға Құнанбай бейнесі әлем әдебиетіндегі ең үздік образдардың қатарына қосылған. Бұл – ұлы талант иесінің рухани әлемінің құдіретін танытады»[5].

Құнанбай – ұлы Абайдың Ұлы болуына себепкер сыншы әке. Құнанбайды білмей – Абайды, Абайды білмей, Мұхтар Әуезовті білу мүмкін емес. Бұл – бір-бірінен ажырамайтын ұлы тұлғалар үштігі.

Әдебиеттер

1. Жұртбай Т. Құнанбай (Жәбір сұлтаны) // Абай әлемі. Ұлы ойшылдың өмірі мен шығармашылығына арналаған онлайн-энциклопедия. <https://abaialemi.kz>
2. Жолдасова Т. Құнанбай бейнесі: Тарихи шындық пен көркем шындық // Қазақстан Жоғары мектебі. – 2003. – №2. – 210-215 бет.
3. Әуезов М. Абай жолы роман-эпопея. – Алматы, 20067. – 315 б.
4. Есім Ғ. Құнанбай бейнесі // Абай әлемі. Ұлы ойшылдың өмірі мен шығармашылығына арналаған онлайн-энциклопедия. <https://abaialemi.kz>
5. Жұртбай Т. Құнанбай (Айтқанынан қайтпайтын көк ауру) // Абай әлемі. Ұлы ойшылдың өмірі мен шығармашылығына арналаған онлайн-энциклопедия. <https://abaialemi.kz>

Г.Т. Түзелбаева

Павлодар педагогикалық университетінің 3-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: ППУ-дің аға оқытушысы Ж.Қ. Жұбантаева

ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫҢ ФЕМИНИСТІК СИПАТЫ

Бүгінгі күні тіл білімі ғылымы кеңінен ғылыми зерттеу арнасына түсіп, басқа да ғылым салаларының тоғысында қарастырылып келеді. Сондай салалардың қатарына гендерлік лингвистика да жатады. Аталмыш сала тілдің әлеуметтік сипатын қарастыру барысында қалыптасты.

Гендер – (ағыл. gender – тек (род), жыныс) – әлеуметтік жынысты биологиялық жыныстан айыру үшін қолданылатын термин. Гендер ұғымы өткен ғасырдың 60-жылдарынан белгілі болғанымен, ғылыми қолданысқа 80-жылдардан бастап енді. Ол биологиялық жыныс пен әлеуметтік-мәдени жыныстың (еркектік, әйелдік белгілерінің рольдер бөлінісі, мәдени дәстүрлер, биліктік қатынастар арқылы тұжырымдалуы) шекарасын бөліп көрсету мақсатында енгізілді. Гендер терминінің синонимі ретінде әлеуметтік-мәдени жыныс ұғымы қолданылады [1, 184 б.].

Гендерлік тіл білімі әлемдік лингвистикада ең алдымен, шетел тіл білімі лингвистері тарапынан сөз етілген. Олардың қатарында Т. Брандт, Лори Арлисс, Э. Гуссерль, Ш. Берн, П. Грайс, Э. Пайнс, К. Маслач, Энн Оуклей т.б. әйел тілі мен еркек тілін мәдениаралық коммуникация шеңберінде қарастырып, «қарым-қатынас кезінде адамзат баласы әйелдік немесе еркектік болмысын ерекше көрсете алады» деген ұстанымға сүйене отырып, зерттеу жүргізеді.

Ресей тіл білімінде ресейлік ғалымдар И. Халеева, Е. Горошко, В. Беликов, Л. Крысин, О. Воронина, А. Кирилина т.б. әйел тілі мен

еркек тілі арасындағы айырым белгілерді бастапқыда құрылымдық лингвистика өрісінде қарастырған [1. 52 б.].

Отандық тіл білімінде гендерлік лингвистика мәселесін қарастырған ғалымдар қатарынан Э.Д. Сүлейменова, Б. Хасанов, Г. Шоқымның еңбектері ерекше орын алады. Сондай-ақ, Г. Шоқым қазақ тіл біліміндегі гендерлік лингвистиканың бастамасы Қ. Жұбанов зерттеулерінде ерекше көрініс табатынын айта отырып, ғалымның осы аспектіде зерттеген тұжырымдаларын келтіреді: «Қ. Жұбанов әртүрлі халықта әйелдер тіліне тән ерекшеліктер болатынын атай келіп, әйелдерге ғана арнаулы, жүйелі болмаса да, әйел тілінің өзгешелігі қазақта да жоқ емес» [1. 63 б.].

Белгілі ғалым Г. Шоқым «Гендерлік лингвистика негіздері» еңбегінде ХХ ғасырдың 60-жылдарының соңы мен 70-жылдардың басында Америка мен Германияда пайда болған «әйелдердің жаңа қозғалысы» әсерімен гендерлік зерттеулер феминистік сипат алды, – дейді [1.40 б.]. Сөйтіп, тіл білімінде феминистік лингвистика немесе тілдегі феминистік сын деп аталатын өз алдына арнайы бағыт пайда болды.

Жалпы, жыныс түрлерінің тілдерін әлеуметтік тұрғыдан қарастырып, ер тілі, әйел тілі деп бөле отырып, оны гендерлік тіл білімінде феминистік лингвистика және маскулиндік лингвистика деп атайды.

Біз бұл мақалада тіл біліміндегі лексикалық құбылыстардың феминистік сипатын қарастыруды жөн көрдік. Феминизм латын сөзі «*femina*» – әйел деген мағынаны береді. Әйелдердің қоғамның бүкіл саласында еркектермен тең мүмкіншілікке ие екендігін сипаттайды. Бұл ғылым саласы өзіндік зерттеу нысаны, әдіснамасы, басқа да адам туралы психология, этнография, әлеуметтану, антропология, тарих сынды ғылым салаларының нәтижелерін лингвистикалық зерттеулерге кеңінен пайдалану нәтижесінде қалыптасқан бағыт. Өз зерттеулерінде әйел тілін жан-жақты талдаған феминистік лингвистика өкілдері Робин Лакофф, Дженнифер Коатс осы салада біршама еңбектер жазып қалдырды [1. 45 б.].

Жалпы алғанда, феминистік лингвистикалық зерттеулер екі бағытта жүргізілді. Біріншісі – әйелдерге қарсы бағытталған тілдік асимметрияларды анықтау мақсатындағы зерттеулер. Зерттеушілер Сепир-Уорф тұжырымына сүйене отырып, бұған дейін патриархалды мәдениетте белең алып келген маскулиндік қалыпты өзгертіп, тілдік нормаларды қайта қарап, жаңа тілдік саясат жасауды өздеріне міндет етті [2, 17-18 бб.].

Феминистік лингвистиканың екінші бағыты ер мен әйел арасындағы тілдік қарым-қатынаста байқалатын патриархалды таптаурын белгілерді анықтап, соған сәйкес гендерлік зерттеулер жүргізуді мақсат еткен. Зерттеулер телевизиялық ток шоу, дәрігермен емделуші арасындағы диалогтар, отбасындағы қарым-қатынас, т.с.с. әңгіме түрлерін қамтыған [2, 17-18 бб.].

Лексикалық құбылыстар тілдің лексикалық қабатында қарастырылады. Лексикалық құбылыстарға – табу, дисфемизм, эвфемизм жатады. Бұл құбылыстар кез келген тіл білімінде айырықша сөз етіліп, жан-жақты қарастырылған. Лексикалық құбылыс болып аталуы – бұлар тілдің лексикалық қабатынан орын алып, өзгермелі болып келеді. Енді әрқайсысына тоқталып кетсек.

Мифтік ескі наным бойынша атын тура айтуға тиым салынған сөздер табу деп аталады. Халқымыз өзі тудырған кейбір сөздерді күнделікті тұрмыста өз атымен атамай, әртүрлі себептерге, мақсаттарға, жағдайларға байланысты басқаша атауға мәжбүр болған. Мәселен, қазақтың ескі әдет-ғұрпы бойынша келін болып түскен қыз бала жолдасының (күйеуінің) туған-туыстарына құрмет көрсете отырып, өз атымен атамаған. Оларға лайықтап ат қойған. Мұндай әдет-ғұрып қазақ халқының өз салты бойынша белгіленген. Сондай-ақ, жыртқыш жануарлар мен әртүрлі ауру-сырқаулардың да атын тура атамаған. Олардың атауы адамды түршіктіріп, бойына қорқыныш ұялатып қана қоймай, бәлекетті шақырады деп сескенгендіктен, атауларын жеңілдетіп айтқан.

Келесі лексикалық құбылыстың түрі – *дисфемизм*. Тілдегі жағымсыз, дөрекі, айтуға қолайсыз (боқтық, балағат) сөздерді дисфемизмдер дейміз. Дисфемизм сөздерге қарама-қарсы құбылыс эвфемизм деп аталып, олар дөрекі, жағымсыз, қолайсыз сөздерді сыпайылап, жанамалап жеткізеді.

Гендерлік лексикалық ерекшеліктер табу сөздер арқылы да айқын көрініс тапқан. Өйткені тыйымдардың бір алуаны адамдардың жыныс айырмашылығына байланысты тек әйелдерге немесе тек ер адамдарға салынады [1, 147 б.].

Дисфемизм сөздер де ер мен әйел психологиясына негізделе, қолданылу аясына байланысты жынысқа бөлінеді. Сол секілді эвфемизм сөздерді де ерлерге және әйелдерге тән деп жіктей аламыз.

Атақты ғалым О. Есперсен болса, ерлер мен әйелдер тіліндегі кейбір айырмашылықтардың тамырын ескі салт-дәстүрлерді сақтап келген көне тайпалар тілінен іздеу керек, себебі, тілде қолданылып келе жатқан табу сөздер мен олардың орнына қолданылатын неше бір парафразалар ер мен әйел тілін ерекшелейтін белгілер ретінде танылуы мүмкін деген пікір айтады. Солардың кейбіреуіне тоқталып өтейік: 1. Әйелдер тілінде эвфемизмдер көп. Қай халықта болса да, әйел жынысы адамның кейбір дене мүшелерінің аттарын атауға ұялады, оларды басқа сөздермен алмастырып, сыпайылап жеткізеді [1, 33 б.].

Орыс ғалымдары Н.И. Ильминский, Г.Н. Потанин, А.Н. Самойлович, Н.И. Гродеков, Н.А. Баскаков еңбектерінде де тыйым салынған сөздер, табу, эвфемизмдермен қатар ат тергеу салтымен байланысты әйел тілінің ерекшеліктері сөз болады. Бұл жөнінде Ә. Ахметов еңбектерінде кеңінен талданған [1995, 37-43 бб.].

Табу, дисфемизм, эвфемизмдерді феминистік тұрғыдан талдау үшін қазақ ақын-жазушыларының туындыларынан мысалдар теріліп жинақталды.

1. Табудың феминистік аспектісі.
2. Дисфемизмнің феминистік аспектісі.
3. Эвфемизмнің феминистік аспектісі.

Табу сөздер жоғарыда айтқанымыздай, ең алдымен ат тергеу салтымен байланысты. Мысалы, **Сылқым шешейдің қызы осы молданы мақтап, аузынан тастамай-ақ отырады зой** /287/. Мұнда сылқым шешей Зейнеп болса, Зейнептің атын тура атамай сылқым шешей деп тұр.

Сен сүйдейсің зой, бірақ әлгі үйдегі қазайынымыз: «оқып сен не болмақшы едің?» деп кейде жер-жебіріме жетеді /288/. Бұл жерде де жолдасының (күйеуі) атын атамай қазайыным (қожам, қожайыным) деп атап тұр.

Біздің үйдегінің малайлықтан құтылатыны – шырайлым ұзатылатын жылы еді-ау, шешей /351/? **Еркежан-ау**, әлгіде: «жездемнің құлағынан жұлам» деп келгенің қайда, енді неге сызылдығың /301/? Қазақ салты бойынша жеңгелері қайынсіңлілеріне ат қоятыны туралы жоғарыда айта кеттік. Мұндағы шырайлым, еркежан ат тергеу салты бойынша жеңгесінің қайынсіңлісіне қойған аты.

Біздің үйдегі қайның /351/. Бұл жерде де әйел адам өз жолдасын абысын жеңгесіне атын атамай, сол адамның айтуына ыңғайлап туыстық атауын келтіріп отыр.

Уа, сабазым, тағы астық әкелгенсің бе /139/? Жеңгесі қайнысын сабазым деп еркелетіп тұр.

Қарағым төрежан-ай, қадырыңды білмеді-ау /158/. Бұл жерде де жеңгесінің қайнысының атын тура атамай төрежан дейді.

Дисфемизмдер гендерлік фактор тұрғысынан алып қарағанда, ер тілінде де, әйел тілінде қолданысқа ие. Біз әйелдердің қолданатын тұрпайы сөздерін теріп, талдау жасадық. Мысалы, **Мәстен енең сендейді айналдырады зой** /288/. **Мәстен енең** (мыстан) құлаққа жағымсыз, дөрекі естіледі. «Мәстен» бұл сөз тек әйел адамдарға тән. Яғни, ер адамдарға мәстен ата, мәстен аға деп қолдана алмаймыз.

Мына келіндердің, байын дегеніне көндіріп алып, білгенін істен тымырайып жүргенін көрмейсің бе?! – деп бірталай сөз айтты /288/. Мұндағы байын (күйеуі) сөзі тым дөрекілеу естіледі. Әйел заты табиғатынан нәзік болғандықтан, әйел тілін тым дөрекі етіп көрсетеді.

Алда, арам қатқыр-ай, қораның аузын байлап-ақ кетіп едім, неғып қана шықты екен /293/?

Емшегім иіп кеткенін қарашы, әлгі басы құрғыр бала жылап жатпаса игі еді /292/.

Қағынғыр, молданың мазасын алып-ақ болдың-ау /336/.

Өй, әбілеттің сөзі /338/!

Неге отырмайсын үйіңде омалып /343/?

Уа, жарымес-ау, қайтейін... «Белсендімін» деп иығыңды көтеріп жүргенде бірдеме біледі екен десек, өзімізден де төмен екенсің ғой /345/?

Өй шірік!.. «Іріген ауыздан шіріген сөз шығады» деп... сені күтіп отырмақпын ғой /305/? Арам қатқыр-ай, емшегім иіп кеткенін, қағынғыр, әбілет, омалып, жарымес, шірік сөздерінен ер адамдарға қарағанда әйел адамның ащы тілді келетінін байқаймыз.

Тәйт әрі, жарбаңдама /306/! Мына сөйлемнен әйелдердің ерлермен салыстырғанда ұрысуға бейім келетінін көре аламыз.

Сендер жылайды екен деп мына көрімге негізіп қана тиермін /314/?

Менің қайнымның мылжың Дүйсен деген баласы бар ғой /179/.

Баяғыда осы қақпастың отырған үйіне кіруге қорқушы ем /195/. Тиермін, мылжың, қақпас сөздері де әйел адамның тілін тым дөрекі еткен.

Әйелдер еркектерге қарағанда эвфемизмдерді қолдануға бейім келеді. Себебі, әйел психологиясы ерлер психологиясынан ерекшеленеді, әйелдер анағұрлым эмоционалды, нәзік болып келеді. Мысалы, *Мені қара басты /128/. Бұл сөз адастым сөзінің орнына жұмсартылып, жұмсалып отыр.*

Өзімдей әйелдер даланы басына көтеріп, сауық-сайранмен жұмыс істеп жүр /229/. Айқайлап, шулап сөздерінің орнына жұмсалып тұр. Мұнда да әйелдердің эмоционалды болып келетінін байқаймыз.

Тұрсынкүлдің үйі де өзің сияқты қалқозшы ғой, еш нәрсесі де кеткен жоқ, ақ майға қолын малып-ақ отыр /161/. Осы сөзден-ақ біз әйелдердің үй шаруасына бейім, үй адамы, бикесі екенін көре аламыз.

Бізді ел бетін көргісіз қылдың ғой /314/! Масқара еттің ғой сөзімен алмастырылып жеткізіліп тұр.

Бейпіл ауыздың сөзін қара /375/. Мұндағы бейпіл ауыз сөзі де сыпайыланып жеткізіліп тұр.

Ағаңның кеткеніне де көп болған жоқ қой /135/. Мұнда да өлгеніне сөзі кеткеніне сөзімен сыпайылап, ауыстырып айтылған.

Еркежан-ау, көндіре алсаң қосыласың ба осыған /357/? Тиесің бе, тұрмысқа шығасың ба деген сөздерімен алмастырылып, жұмсартылып жеткізіліп тұр.

Қорыта айтқанда, феминистік лингвистика гендерлік лингвистиканың бір тармағы. Жоғарыда атап көрсеткендей әйел тілінде табу, дисфемизм, эвфемизмдерде кездеседі. Әйел адамдар табу сөздерді ат тергеу салты бойынша көбірек қолданса, дисфемизм сөздерді қарғыс айтқанда, ұрсысқанда т.б жиі қолданады екен. Сыпайылап, жұмсартып сөйлеу ер адамға қарағанда әйелдерге тән болғандықтан эвфемизмдер әйел тілінде көбірек кездеседі.

Әдебиеттер

1. Шоқым Г. Гендерлік лингвистика негіздері. Оқулық / Г. Шоқым. – Алматы: Экономика, 2012. – 190 бет.
2. Кирилина А.В. Гендерные исследования в лингвистических дисциплинах // Гендер и язык. – М.: Языки славянской культуры, 2005. – С. 7-33.
3. Ахметов Ә Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. – 176 б.
4. Майлин Бейімбет. Шығармалар / Жалпы ред. Ғ. Мүсірепов. – Алматы: Көркем әдебиет баспасы, 1964. – Т. 6. – 428 бет.

Ж.А. Уалиева

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті

Ғылыми жетекшісі: филология ғылым. канд., доцент Б.Ж. Сарыбаева

ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Қоғамның қазіргі даму кезеңінде болып жатқан әлеуметтік, саяси және жаңа технологиялық өзгерістерден, ұрпақ тәрбиесіндегі бетбұрыстардан білім мен тәрбие беру жүйесінің ісін жаңа сатыға көтеру қажеттілігі туындап отырғандығы мәлім. Осыған орай, халық педагогикасын бүгінгі таңда қоғамның ұлттық мәдени тұрғыдан кемелденуі жас ұрпақты өз халқының рухани қазынасымен, ұлттық тәрбиенің озық, өнегелі дәстүрлерімен тереңірек таныстыру, соның негізінде жеке тұлғаны қалыптастырып, оның шығармашылық, рухани мүмкіндіктерін дамыту көзделеді. Өйткені, егемен еліміздің болашағы, оның рухани және материалдық дамуы жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесінің деңгейіне байланысты. Әр жасөспірімнің қалыптасып дамуында өзі күнбе-күн сезінетін, еститін, көретін заттары құбылыстары, оқиғалары үлкен орын алады. Соның ең негізгісі – қазақтың халық педагогикасы. Ең негізгі тиімділігінің бірі оқушыларды қазақ халқының ұрпақ тәрбиелеудегі өмір салт-дәстүрінен, көрініс бере отырып оқыту.

Халық педагогикасы – бұл ұлттық қазына. ХІХ ғасырдың ІІ жартысында Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердиев, М. Жұмабаев педагогикалық ой-пікірлерді дамытқан қазақ халқының ағартушылары. Қазақ халқының сан ғасырдан келе жатқан өнегелі сөздері, тұрмысы, өмір тәжірибесі, өнері халық педагогикасының асыл қазынасы.

Халық педагогикасы білім беру тәрбие жұмысымен бірлікте қаралуы тиіс. Адам бойындағы ең бастысы – адамгершілік қасиеттері десек, бұған тәрбиелеуде әдебиеттің рөлі ұшан-теңіз. Әдебиет арқылы мінез-құлық нышандары өзгереді. Көркем сөз арқылы арқылы Отанды, ауылыңды, өз отбасыңды сүю, адамды қадірлеу, білуге құштарлық

сияқты қасиеттер дариды. Оқушыларды халықтық рухта тәрбиелеуде қазақ әдебиеттің атқаратын қызметі ерекше.

3. Кабдолов «Әдебиет адамдарға өмірді танытып қана қоймайды, олардың сол өмірге көзқарасын қалыптастырады, мінез-құлқына ықпал етеді, бүкіл тұрмыс – тіршілігіне әсер етеді» деген [1, 21 б.]. Сонымен қатар халық педагогикасының қазақ әдебиетіндегі көрінісі, маңызы, мәні жайында М.Әуезов «Замана толқыны тарих теңізінің жағалауына көркем өнердің баға жетпес меруерт, маржандарын қалдырады. Бұл бағзы заманнан қалған архитектуралық ескерткіштер, грек храмдары, мысыр пирамидалары, қытай сарайлары, скульптура, лағыл тастар мен мәрмәрдан жасалған кереметтер, өткен дәуір адамдарының жай –күйін аңыз етіп шертетін сурет пен музыка. Бірақ сол асылдардың асылы – адам баласының рухы мен ақыл-ойын барша ұрпаққа паш еткен ескірімес, өлмес, өшпес өлең-жыр» деген болатын [2, 205 б.].

Ұлы ойшылдың бұл ой-толғамын Абай өлеңдері әр қырынан толықтыра түседі.

*«Тузанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойлансаңшы бос қақпай елең-селең» [3, 144 б.]*

Халық педагогикасының мақсаты – оқушыларды адал еңбекке, парасаттылыққа, туған еліне деген сүйіспеншілікке, туған-туысқандарына, дос-жарандарына деген бауырмалдыққа, халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін қастерлеуге үйрету. Демек, халықтық педагогика элементтерін пайдалану – мазмұндық тұрғыдан білім көздерінің бірі. Сондықтан әрбір сабақтың тиісті жеріне мұны байланыстырып отыру орынды.

Қазақ әдебиеті сабағында жүргізілетін ұжымдық жұмыс түрінің бірі – ертегілермен жұмыс. Табиғат, жан-жануар, хайуанаттар тақырыптарын өткенде жаңа сөздерді меңгертіп, оны сөйлеу тілінде қолдану оқушылардың тіл үйренуге деген ынтасын арттырады. Ол үшін арнайы осы тақырыпта қысқа ертегілер алып, рөлдер бойынша оқушылар алдын ала дайындалып, ертегілер қойылады. Мысалы: «Қозылар мен қасқыр», «Қасқыр мен жеті лақ», «Мақтақыз бен мысық», «Ешкі мен түлкі».

Ертегілермен жұмысты үй тапсырмасы ретінде де беремін. Оқушылар үйден бір ертегі мәтінін дайындайды, оның мазмұнын ашатындай етіп әңгіме желісін ретімен бейнелейді. Сабақта сол суреттердегі кадрлар бойынша әңгімелеп, мәтін мазмұнын ашады.

Халық ауыз әдебиеті үлгілерінен басқа ақын-жазушылар шығармаларын оқытуда да халықтық педагогикаға сүйенбей болмас. Мысалға, 7-сыныптарда І. Жансүгіровтың «Бөбек бөлеу» өлеңін оқытқанда өлеңнің мәніне, мағынасына көңіл бөлуге тырысамын. «Ел

болу үшін, бесігінді түзе» – деген нақыл айтып кеткен М. Әуезовтың сөзінде, елдің сапасы сонау бесік тәрбиесімен байланысы зор екенін айтады. Сондай-ақ, халық педагогикасының мәйегіне арналған бесік жырында халықтың төл тарихының, дәстүрлі мәдениетінің, ежелгі наным-сенімнің, дүниетанымының көрінісі бар екенін, бесік жырын дана халқымыз ұлттық тәрбиенің кәусар бұлағы деп танытынын оқушы санасына берік орнатуға тиіспіз.

Ғ. Мүсіреповтың «Боранды түнде» әңгімесін оқыту кезінде өз бетінше мазмұндап келген кез оқушы ең алдымен Қайсардың қыз алып қашу жоспарына, қызды Қайсардың үйіне алып келуіне көңіл аударады. Содықтан әңгімені мазмұндатқанда сүндеттелген баланың сүндет малын сұратуы бойынша Күреңтөбелді берсе, Кәмшатқа қалың малын кешіретіндігін жай ғана айтып кетсе, балаларға қалың мал, сүндет малдың не екені жұмбақ болып қалады да, әңгімені не туралы екенін нақты түсінбей кетуі мүмкін. Сол себепті, сүндет – мұсылмандардың бір міндеті болса, қалың мал екі жақтағы сыйластықты, татулықты нығайтатыны туралы мағлұмат беріп, оқушы санасында халқымыздың салт-дәстүрі мен кәде-жоралғысының өзіндік бір мәні, ізгілікке, парасаттылыққа бастар жолы жайлы дұрыс көзқарасты қалыптастырамыз.

Наурыз мерекесі жайлы мәтіндермен танысқанда «Ақ мол болсын!», «Төрт түлік ақты болсын!», «Ұлыс берекесін берсін!» деген бата-тілек сөздерді үйретуге болады.

Қазақ халқының әдет-ғұрпында дүниеге келген сәбиді құрметтеу, үйлену, отбасын құру, қыз ұзату салтанатты өте ерекше жағдайда сауықпен өтеді. Осындай той думанға арналып шығарылған әндер мен күйлер де халық арасында мол. Олар «Той бастар», «Жар жар», «Беташар», «Бесік жыры» секілді шығармалар. Сабақты жоспарлағанда дұрыс ойланса, осыларды оқушы бойына қалай дарыту жолын табуға болады. Мысалы үй тапсырмасын сұрауда, өткен сабақта жаттаған мақал-мәтелдерін, жаңылтпаштарын, өлеңдерін ұмытып қалмас үшін де қолдануға болады. Сыныпты топқа бөліп, халық шығармасы «Той бастарға» сипаттама беріп өту керек. Әр топтың алдына үлестірмелі карточкалар тапсырмаларымен қойылады. Ішіндегі оқушылардың біреуі білетін өнерін (тақпақ, өлең, жаңылтпашын айтып) көрсетеді де, тапсырмаларына дайындалып, жауап береді. Мұнда топтық, ұжымдық жұмыс арқылы оқушы өткенін есіне түсіреді, әдет – ғұрыпты біледі және үй тапсырмасына дайындалады [4, 9 б.].

Ұлт ойындары халық педагогикасының негізгі бір саласы ретінде оқушыларға жан-жақты білім беруде, олардың тәжірибелерін кеңейтуде, дүниені танып-білу қабілеттерін жетілдіре түсуіне көмектесетін аса қажетті тәрбие құралдарының бірі. Қазақ тілі сабағында қазақтың қыз қуу, бәйге, көкпар, жорға сияқты ұлттық ойындарын ойнатамын. Ойында жеңілгендер мақал-мәтелдер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар айтып,

тақпақ-өлеңдер орындайды. Мұның өзі біртіндеп оқушының санасынан орын ала бастайды. Сөйтіп білгендерін әр уақытта да ойға ұстауға әзір болуға машықтана береді.

Қазақ халқының сан ғасырдан бері тәрбие жөніндегі өнегелі істері мен сөздері, тұрмысы, өнері, өмір тәжірибесі халық педагогикасының асыл қазынасы болып келеді. Қай заманда болмасын ұрпақ тәрбиесі адамзаттық парызы болып келеді. Халық педагогикасының элементтерінің бірі қазақтың ұлттық ойындары болып табылады. Ұлттық ойын – мәдени мұралардың бірі болып саналады, ғасырлар бойы балаларды тәрбиелеудің бір құралы. Қазақ халқының сан ғасырдан бері тәрбие жөніндегі өнегелі істері мен сөздері, тұрмысы, өнері, өмір тәжірибесі халық педагогикасының асыл қазынасы болып келеді.

Ойнау барысында баланың дұрыс қозғалу, ойлау қабілеттері, бір-бірімен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі, ұлттық ойындарды сабақта сергіту минуттарында «Бес саусақ», «Жылдам айт» үй тапсырмасын сұрағанда, сабақты бекіту, қайталау сабақтарында «Сиқырлы кесе», «Асық иірім», «Қоржындағы асықтар», «Құрақ құру», «Ханталапай», «Қоржындағы сандар» ойындары байқағыштыққа, қырағылыққа, бытылдылыққа, шапшандыққа баулиды.

«Бәйге» – ұлттық ойын. Белгілі мәреге жүйрік тұлпары бар адам жетеді. Сабақта кідірмей жауап берген оқушы жетеді. Мұнда коммуникативті технологияның принципі көрінсе, екіншіден ұлттық ойын арқылы оқушының белсенділігі артып, сынып алдында сөйлеу дағдысы қалыптасады.

Халық педагогикасының маңызы – оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға, сөздік қорын молайтуға, адамгершілік, эстетикалық тәрбие беруге, әсіресе әдеби және тарихи деректерді түсінуге көмектеседі. Әдебиет пәнін сапалы оқыту пән мұалімінің ізденісін, халық педагогикасының тиімді элементтерні дұрыс таңдап қолдануын талап етеді. Ең бастысы, әдебиет арқылы ертеңгі елінің қоғам құрылысшылары – бүгінгі мектеп оқушыларының бойында адалдық, адамгершілік дүниетаным, азаматтық көзқарас дұрыс қалыптасады. Халық педагогика элементтерін әдебиет сабағында пайдаланып қана қоймай, сабақтан тыс жүргізілетін білімдік – тәрбиелік жұмыстарда қолдануға болады.

Әдебиеттер

1. Кабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.
2. Әуезов М. Шығармалар. 11-т. – Алматы: Жазушы, 1969. – 480 б.
3. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – I том. – Алматы: Жазушы, 1995. – 33 б.
4. Омарова Р.С. Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында оқушылардың шығармашылық қызығушылық қалыптастырудың дидактикалық негіздері // Педагогика ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған авторефераты. – Түркістан, 2008. – С. 8-11.

А. Урманова

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. Б.Ш. Құралқанова

ОРАЛХАН БӨКЕЙ ПРОЗАСЫНДАҒЫ АВТОРЛЫҚ ҰСТАНЫМ

Оралхан Бөкей шығармаларында кейіпкерлерінің іс-әрекетінен гөрі, сол кейіпкерлердің ішкі жан дүниесіне көбірек көңіл бөледі. Жазушының авторлық өзгешелігі ретінде романтикалық екпінді, ойшыл-пәлсапалықты, аңыздық-мифтік желілерді, тағы да басқа көркемдік ерекшеліктерді айтып өтуге болады. Оралхан Бөкей қазақ прозасында өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленеді. Оның романтизмге, реализмге негізделген деген туындылары туралы сөз еткенде, қаламгердің дүниетанымын, өмірге көзқарасын, оның түсінігін және өмірді қабылдау философиясын анық байқауға болады.

Дүниетаным – жазушының өмірге, қоғам мен адам қарым-қатынасына, табиғатқа деген көзқарасын шығармаларында баяндау жүйесі. Романтизм элементтерін қаламгердің дүниетанымынан, оның қоғам, адам жайында тебіренген ойларынан, табиғат, өмір жайында түйген толғамдарынан, жазушы идеалынан іздеу қажет.

Жазушының авторлық ұстанымының басқа жазушылардан ерекшелігі, адам мен табиғат бір тұтас бірлікте болатынында. Жазушы үшін табиғат – идеал. Табиғат – сұлулықтың, тазалықтың, мәңгілік үйлесімнің мекені деп бейнелейді. Адам табиғатқа тәуелді дейді, ал табиғат керісінше адамға тәуелді емес деп философиялық тұрғыдан пайымдайды. Жазушы шығармаларында кейіпкердің жан күйзелісі, дүниетанымы, сезімі табиғат құбылыстарымен ажырамас бірлікте болады.

Рәбиға Сыздық көркем шығармада табиғатты суреттеу тәсілдерін әр жазушы әр қилы қолданыста сіңіріп жазатындығы туралы айта келіп, бір қаламгердің шығармасында табиғат сурет-картина қалпында көрінсе, екінші бір жазушы табиғат тылсымын аз сөзбен штрих, деталь мәнінде қолданысқа қосатынын, ал үшінші бір Оралхан Бөкей сынды қаламгер табиғатқа жан бітіріп, табиғат-адам, адам-табиғат болып кететіндігін айтады. «Жалпы Оралханның көптеген туындыларында табиғат, Алтай табиғаты негізгі фон, кейде кейіпкерлермен жарыса жүретін образ иесі екенін аңғару қиын емес. Жазушы Оралхан Бөкей – туған өлкесі әсем Алтайдың, асқақ Алтайдың жыршысы. Оның шығармалары Алтай өлкесінің гимні іспеттес» [1, 28], – дейді Рәбиға Сыздық.

Оралхан Бөкейдің «Сайтан көпір» повесі – оқырманды елең еткізетін ерекше туынды. Повестің аты неге «Сайтан көпір» деп аталады, ол көпір қайда апарады, автор бұл аталым арқылы нені меңзеп отыр деген сауал оқырманды мазалайтыны рас.

Әдебиеттанушы ғалым Т. Есембеков: «Көркем мәтін аталымы – әр түрлі авторлық интенция (ниет) көрінісі. Олмәтінді көркем әлеммен, уақытпен, кеңістік координатымен байланыстырады. Сондықтан суреткер өз туындысының атауы арқылы мәтінді қалай талқылайтыны жөнінде алғашқы ақпарат таратады» [2, 107], – деп шығарма тақырыбын автор ойының бағытын айқындаушы хабарлама екенін айтады.

Оралхан Бөкейдің бұл шығарма аталымында терең концептуалдық мағына бар. Сайтан – адамды тура жолдан тайдыратын эзезіл болса, көпір – адамның биік мақсатқа талпынудағы ізгі ниет жолы. Адам ізгі ниет жолында эзезілдің әлегін асқақ рухымен ғана жеңіп, биік мақсатқа жетпек.

Оралхан Бөкей шығармашылығының бел алып жатқан берекелі бағыттары, түп төркіні, алып барар асыл соқпағы – Адам болып өмір сүрудің арымас мұраты десек, бұл «Сайтан көпірдің» өзінде-ақ әбден айқын.

«Бұл өмірде сайтан адамдар көп, тек олардың жасаған жамандығы көзгекөрінбейді. Әлемді бүлдіріп, былғайтындар да солар...», – дейді. Аса шамшыл, аса үркек, сезімшіл, сергек қаламгер адамның асқақ есімін былғайтын сайтани лас құбылыстарға лағнет айтады. Жазушы өзі өмір сүрген эзезіл қоғамдағы белең алған бассыздықты Айқай, Жаңғырық, Анау секілді астарлы ұғымдармен береді. Оқиғаны байланыстырушы және дамытушы құрал ретінде алынған Анау дейкисінің астарында терең мағына бар. Себебі кеңес заманындағы ашық айтылмайтын ақпаратты қаламгер өз шығармаларында ишара, меңзеу сияқты тартымды тұспалдармен жеткізген. Анау дейкисі аллюзиялық, ассоциациялық мағынада алынған.

«Мен Анауларды көптен білемін. Бірақ оның нағыз зымиян, құсықсауған сұмпайы мүскін, адамзаттың қас жауы екенін тірі жанға тіс жарыпайтқан емен. Анауларды мен ғана емес, жұрттың бәрі біледі, олар да үндемеді. Сен солсың! – деп басқан емес. Адам баласын алжастырар, ес, ақылынан айырар Айқайды алты алашта естімеген кісі жоқ. Айқайдың иесін

Анау екенін де сезеді, өкінішке орай ешқайсысы да қарсы тұрған емес, түсінтүстеп, атын атаған емес, кім? – деп сұрасаң, күмілжіп, төмен қараған күйі «Өзің білесің ғой, несіне сұрайсың, ол – Анау ғой», – дейді» [3, 189].

Жазушы «Анау ғой» деп сілтеме жасаған нысанның нақты сипаттамасын ерекшелеп көрсетеді. Анаудың кім екенін тұспалдап, Анаудан шығатын қысымды Айқай мен Жаңғырық метафораларымен алмастырып береді. Яғни, Анау концепті қысымшылық мағыналық аяға енсе, Айқай концепті Анаулардың қысымынан болатын қоғамның берекетсіздік сипатын, Жаңғырық – сол берекетсіздіктің залалын, ал адамшылық Жан Айқайынан туған Үн концепті адалдық, әділдік талаптарын бедерлейді.

Повестің көркемдік астар-қатпары, жазушының адам баласының бастапқы, түпкі мәннен тарайтын адамгершілік бағыттан тайқымай ғұмыр кешу парызы туралы айтпақ ойы әділдік үшін Айқаймен, Анаулармен күрескен жылқышы Аспанның асқақ рухы арқылы танылады. Ғұмырында әділдік жолынан таймаған Аспан адамдарға қасірет қамытын кигізер Анаулардың айқайынан ақ қар үстінде аяғынан айырылып, азаптанса да, ар мен адамдықтың асқан үлгісін көрсетті. Аспан Алатай қыстағындағы жылқыларды Сайтан көпірден айдап өтерде қар көшкінінің астында қалады.

«Дәм-тұзың таусылмай тұрып әншейін сеспей қатып марқұм боласалудың аса қиындығын тұңғыш рет сезініп, осы өзі ашқан жаңалықтыжапанды жаңғырта, күллі адамзатқа жар салып айтқысы келді. Енді ол өлімсапарына бел буып, бекем кіріспейді, жанын қиюға пенделікпен әрекетжасамайды да. Су ішкілігің таусылмаса таспен ұрса да шыбын жаныңдыүркіте алмасын бағамдаған. Қан тамыры, жүйке-жүрегі солқылдап, тіптібұрынғыдан ары соға түскендей. Эттең-ай, бой мұздатар суықтың күшігіталап, жүйкесін кеміріп барады-ау; әйтпесе тырп етпей жүз жыл жатуғашыдар, шыдар... Көз алдында көлбеңдеген ғажайып бір елес бар. Ол – өмірелесі еді». Үзіндіде жазушы өмір мен өлім арасындағы тіршілік драматизмін ширықтыра суреттеуде өзіндік көркемдік шешімдерге барған. Осы тұста Аспанның онейрикалық мекеншағында ішкі монолог арқылы ақ пен қара ұғымдары тайталасады. Жан әлеміндегі құпия күйлерді ой толқын сыртқа тартады. Су түбінде жатқан тас қозғалады. Азапты тағдыр арпалысында «Бұл дүниеде қаншалық жақсылық жасасаң – о дүниелік болған соң жер бетіне соншалықты береке болып, қайтадан өніп шығады. Ал зұлымдық та солай, балам», – деген жадындағы әке сөзін қайта жаңғыртады. Көзінің қарашығы –жалғыз ұлы Аманды ойлауынан Аспанның жан дүниесіндегі мейірімнің жарасымды ұшы аңғарылады.

«Қанша рет, қандай күнә жасадым?» – деп есіне түсірсе де таба алмады. Тұңғыш рет әлемді қан сасытқан, бір-бірінің обалына қалатын, бір-бірін алдайтын, бір-бірін арбайтын қара ниет күнәкарлардың қалай өлетінін ойлады. «Өздері жасаған күнә өздерін буындырып, айғайлап, былапыт өлетін шығар». Кейіпкердің жан түкпіріндегі дүниетаным арпалысы автордың ой-мұратын жеткізуде жетекші рөл атқарады. Жазушының жан тазалығы, ар тазалығы тәрізді қадір-қасиеттерді алға тартуда үлкен күш жұмсағанын оқырман сезініп отырады.

Аспан – тағдыр талайын бастан кешірсе де қиындықты жеңіп шыққанкейіпкер. Ол рух мықтылығымен ерекшеленеді. Оның бойынан шыншылдық, төзімділік, адалдық тәрізді ұлттық мінезге тән тамаша қасиеттерді көре аламыз.

Оралхан Бөкейдің шығармаларындағы сюжет, оқиғаның дамуы тек сыртқы жамылғы сияқты, ал негізгі мәйек – идеалға құштарлық болып табылады. Идеал ұғымы, ең алдымен, суреткердің адам жөніндегі

концепциясынан байқалады. Қаламгердің шығармаларындағы кейіпкерлері – жан дүниелері бай, рухани деңгейі биік, қажырлы, еркіндік сүйгіш, тағдыры қилы арманшыл адамдар. Оларды бір-бірімен жалғастыратын ортақ қасиет – рухани максимализм, яғни, қандай адамдығын жоғалтпауы. Оларды толғандыратын ортақ ой – адам болмысының сан қатпар құпиясы мен жұмбағы, мәңгі өлмес рух, рухани құндылық, адам ғұмырының міні мен мағынасы.

Кез келген автор шығарма жазудағы мақсаты өзінің туындысын белгілі бір идеяға бағындыра білу. Оралхан Бөкей өзінің еңбектерінде мифтік, реалистік, романтикалық желіні қолдана отырып, оқырмандарды қызықтыра білген дарынды жазушы. Оның дарындылығы, оқырмандарына қандайда бір ой қалдыра алуында, сонымен қатар әдебиетке өз стилімен келген көркем сөздің зергері екендігінде. Ол қазақ әдебиетінде бірнеше жанрлардың дамуына араласып, сол жанрларды жаңа бағытта өркендете білді. Жазушының қаламынан шыққан көркем әңгіме – новеллалары да идеялық мазмұны терең, жазылу шеберлігі көзтартарлық әсем де мінсіз, көтерер жүгі ауыр шығармалар екендігі даусыз.

Әдебиеттер

1. Сыздықова Р. Оралханның шығармалары Алтай өлкесінің гимні іспеттес // «Аңыз адам» журналы. – 2013. – №15. – 40 б.
2. Есембеков Т. Көркем мәтін теориясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 186 б.
3. Бөкей О. Шығармалары. Очерктер, публицистикалық мақалалар. – Алматы: Ел шежіре. – 2013. – 384 б.

Н.А. Нурумов

1-курс студенті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

Ғылыми жетекшісі: Р.Т. Жакупова

МИФОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАҒЫ МАГИЯЛЫҚ СӨЗДЕР

Сөз магиясы – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде, дүниетанымында, яғни түйсік, қабылдау, елес, қиял, зейін, ойлау, сөйлеу, мақсаткерлік іс-әрекеттерімен, даналық, ізгілік, рухани сұлулық қасиеттерімен тұтастай жарасым тапқан айрықша бір көркем көрінісі.

Біз өмір сүретін әлем, табиғат, жаратылыс – құбылып құлпырған бояулар мен мыңдаған дыбыстардан, яғни гармониялық үйлесімділіктерден тұрады. Ұлттық санада, атап айтқанда, интеллектуалдық-философиялық, психологиялық, этнографиялық, көркемдік, әлеуметтік құндылықтар жүйесінде сөздің магиялық қасиеттері де қосарлана өмір сүреді.

Ұлттық мазмұнмен сабақтасатын түркі тілдері арқылы ұлт тарихын, ұлт болмысын, дүниетанымын жеткізуге қызмет ететін лексикалық

бірліктердің магиялық сипатын зерттеу ғылыми жоба тақырыбының өзектілігін танытады.

Магия – бұл тек қазіргі кезде орын бермейтін, өткен заманның бір ұшқыны емес. Ол қазіргі кезде теледидар, радио т.б. арқылы болуы мүмкін. Адамның қалауы мен арманы бар кезде біздің өмірімізде магияға орын бар.

Осы магия түсінігінің астында адамның ырымшыл іс-әрекеттерін пайымдауға болады, яғни табиғаттан тыс түрде материалды затқа немесе құбылысқа әсер ету мақсаты. Сөздің магиялық күші ерте кездерден-ақ әр түрлі жөн-жоралғы, рәсімдерде: алғыс, бата, қарғыс, жалбарыну және т.б., сондай-ақ емдеу мақсатында арбау, құрт шақыру, көшіру, бақсы сарыны, бәдік мәтіндерінде қолданылды. Сөзге табыну ерекше орын алатын мифологиялық дүниені қабылдау таңбасы өте ұзақ уақыт, тіпті бізге дейін сақталып отырған.

Жоралғылық-мифологиялық сипаттағы магиялық сөздер мен киелі мәтіндерді қазақтар халық медицинасында емшілікке қолданған екен. Х. Досмұхамедұлы «Емшілердің басты өкілі – қолына домбыра не қобыз ұстаған қазақ бақсысы. Емшілік әдебиетке мынадай өлең-жырлар жатады: арбау, дуалау, үшкіру және т.б. бақсылық, аспапта ойнау үстінде жын шақыру, отқа қақталған темірді жалау, билеу және аластау, көшіру, қағу секілді ауруға және өзіне жасалатын арбау әрекеттері. Жын шақыру, арбау, дуалау мен аластау, ауруды айналдыру немесе көшіруді әдетте өзіне белгілі сөздерді және ән-әуендерді айта жүріп бақсы ғана орындайды» [1, 69 б.].

Бақсы – ежелгі түсінік бойынша тылсым әлеммен байланыс жасай алатын, тәуіптік, балгерлік, сәуегейлік, көріпкелдік, сиқыршылдық, т.б. ерекше қасиеттері бар адам. Академик В.В. Радлов: «Бақсы – бақшы қобызда я асада ойнайтын қазақтардың шаманы... Бұл сөз жалғыз қазақтарда ғана емес, Орал-Алтай семьясындағы халықтардың бәрінде бар. Мысалы, Іле жазығы мен Жетісу бойындағы түрік тұқымдас елдер мен тараншыларда бақсы сөзі: ұстаз, оқымысты, шаман, емші, сиқыршы, дана; моңғолдарда: оқытушы, ұстаз; ұйғырларда сауатты адамдарды бақшы дейді, ал түрікмендер мұны ақын, жыршы, музыкант мағынасында түсінеді», – деп жазады [2, 17 б.].

Ә. Диваев қазақтың «бақсы» деген сөзі шағатайлықтардан ауысқан «бақшы» деген сөз дейді. Мағынасы балгер, сиқыршы, емші, шаман, әнші. Бақсыны басқа тілдерде шаман, эктрасенс, мистик, йога, спиритуалист, т.б. деп атайды [2, 18 б.].

Бақсыға тән айрықша қасиеттердің бірі – емшілік (тәуіпшілік). Шығу тарихы отқа табыну мен шамандықпен тығыз байланысты психологиялық емдеу тәсілдерін әр елдің бақсылары сол халықтың өзіне тән ерекше әдістері арқылы қолданған. Мысалы, қазақ бақсылары қобызда ойнап, зарлы не қаһарлы үн, әуендер шығару, түсініксіз жыр жырлау, «жынын шақырып» зікір салу немес гипноздық, т.б. «керемет»

көрініс, әрекеттер жасау арқылы жүйке жүйелеріне әсер ету арқылы емдейді. Табиғаттың құдіретті күштеріне иландырады, өзіне баурап алады. Әрине, бұл іс-әректің қолынан келе бермейді. Ол үшін үлкен табиғи дарын, қасиет керек. Бақсылар емшілікпен қатар балгерлікпен де шұғылданған. Олардың келешекті болжайтынына, адамның тағдырын шешіп, оның ойын сезіп тұратынына, өткен өмірін де ашық айтып бере алатынына, табиғи құбылыстар тудыра алатынына, жын-шайтанды қуа алатынына халықтың белгілі бір бөліктері кейін де, бұрын да сенді. Бақсылық тұқым қуалайды, ол адам жаны таза, иманды адамдарға қонады, өз жолын дұрыс ұстамаса «қасиеті таяды» немесе «бақсылық буып» кемтар болып қалуы да мүмкін делінеді. Бақсылықтың бұндай ерекшеліктерін қазіргі заман тұрғысынан қарап тәуіптік, емшілік қасиеттері бар адамдармен салыстыруға болады. Тәуіптік қасиет те тұқым қуалап, таза, адал адамдарға қонып, ол адам аурудың емін айтып, бабын табатындай жағдайда болады. Егер тәуіптік қасиетті дұрыс ұстамаса, ол адам жоғарыдағы бақсылықты дұрыс ұстамағандай кемтар болып, жаман жағдайға душар болады.

Бұл әрекеттерге сенеді, киелі деп иланады, мұнымен айналысатын адамдарда, сенушілер пікірі бойынша, магиялық, табиғаттан тыс ерекше күш бар. Ш. Уәлиханов былай деп жазады: «Қазақтарда арбау – дұғалау, дуалау, сиқырлау, ал арбаушы – дұға оқу арқылы жазылған, ауырған адамдарды айықтырушы – емші. Адамды жылан шаққанда, уын қайтару үшін қазақтар сол шаққан жыланды ұстап алып арбайды. Егер арбау әсерлі болса, жылан сол жерде өлуге тиіс. Арбау сөзінің шыққан төркіні де, ертеде мағынасы да дұғалау, дуалау болса керек» [3, 290 б.].

Ш. Уәлиханов өзінің «Тәңірі (Құдай)» атты тағы бір мақаласында «бал ашу», «жауырыншы», «елті» туралы жазады: «Бал ашушылар. Барлық бақсылар қамшыны екі саусағының арасында «тепе-теңдік» көрсете жүріп сөйлейді – бал ашады. Бақсылардың бәрі де балгерлер. Рухы бар, жоталы әйелдерді елті деп атайды, олар да бақсы. Жауырыншы балгерлер қойдың жауырынымен, құмалақпен бал ашады. Қойдың құмалағын ретімен қояды, олардың саны қырық бір болуға тиіс. Жауырынмен бал ашу және қырық бір құмалақпен бал ашу – қазақтар арасында ең кең тараған балгерліктердің түрлері» [3].

Бақсы зікір ойнағанда, құдайға, аруақтарға, жын-перілерге, әулиелерге табынғанда үнемі «айналайын» деген сөзді айтады. Қазақтар бір нәрсені көргенде, мал-жан, адам, жансыз зат болсын толық айналып өтіп қарамайды, адамды айналу, яғни оның бүкіл ауру-сырқауын, уайым-қайғысын өзіне деген сөзде тұрады, бұл «айналдым сені», «сен үшін өмірімді бердім» дегенді білдіреді. Кейде бақсы зікі салуын тоқтатып, отырғандардан «лә Алла, илла Алла» (Алладан басқа құдай жоқ) деп қайталауды сұрайды да, сосын аруақтарды көмекке шақырады:

*Су басында Сүлеймен!
Су аяғы иірім Қорқыт,
Мағрып пен Маширықтағы әулие,
Түркістанда түмен бап,
Ең кішісі Алаша қап.
Қазықұрт – ата әулие,
Қарамұрт – ата әулие,
Бектау ата Бек ата,
Бекіш – ата әулие,
Айша – бибі әулие,
Сіздерден медет тілеймін!*

Академик М. Әуезов: «Берірек келген заманда көп бақсылар: «жынның ішінде тазасы бар, мұсылман жын, кәпір жындары бар деп, екіге айырып келіп, Мұсылман жынға сыйынамыз деп, барлық пайғамбар, әулиелер, аруақтарды шақырып, сарын айтатын болған. Бұл бақсылық негізі әлсіреп құлауға айналған соң, жаңа заман ұғымынан бой қысынып, мұсылмандыққа ауыл үй қонып, бітім жасамақ болғаны. Мұны бақсылықтың жоғалар алдындағы азғындаған кезең деп есептеу керек», – дейді [2, 65 б.].

Халықтың мифтік сенім-нанымының тағы бір белгісі түс көру, түсінде аян беру, түсті жоруға қатысты айтылатын тілдік мәтіндерден, бірліктерден көрінеді. «Түс – түлкінің боғы» деп түске назар аудармауды үйретуін үйретсе де, қазақ халқы түске үлкен мән берген. Өңінде жете алмай жүрген мақсатына түсінде жетіп, орындалмай жүрген арманы түсінде орындалып қуанатындықтан түстің орындалуы, оны дұрыс жору ісін де аса бір жауапкершілікпен атқарған. Түсті кез келген адамдарға айта бермеген, түс жорушыларға немесе үлкен, сыйлы адамдарға айтып, жорытқан. Көрген түсті дұрыс жорудың адам өміріне тигізер әсерінің де күшті екенін дәл тауып біле білген. Х. Дос-мұхамедұлы қазақтар арасындағы түстің маңызы туралы «Түс жору – қазақтар арасында үлкен мәні бар, ел ішінде арнайы мамандар түс жорушылар ұшырасады. Бұрынғылардың айтуынша, түс жору перғауынның түсін болжаған жүсіп пайғамбардан басталады. Әрбір қазақ түсін біреуге жорытуға тырысады және осы жору сөзге әрдайым сенеді. «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш», т.б. түс көру мен оны жорудың поэтикалық суреттемелері бар» дейді [1, 58 б.].

Түсті жоруға қатысты халық арасында тараған мынадай «болыпты-мыс» дейтін әңгіме бар: Ертеректе айы-күні тақап қалған аяғы ауыр жас келіншек түсінде қыр соңынан қалмай жүрген екі көкжалды көреді. Көрген түсін үйінде жүрген қайын сіңлісіне айтып берген көрінеді. Сонда қайын сіңлісі: – Түсіндегі екі қасқыр – жамандықтың белгісі, жолға шықпа, жолында екі қасқыр кезеседі, қазаға ұшырап жүрме! – деп ескертіп, жорыған болса керек. Ертеңінде жолға шыққан әйелдің жолына

шынымен де екі қасқыр кездесіп, жарып тастаған көрінеді. Сонда қайын сіндісі: – Түсінде көріп еді, ескертіп елім, тыңдамады, – деп өкінген көрінеді. Бұл сөзді естіген әйелдің енесі түстің мән-жайын сұрап алып: – Әй, қызым-ай! Түсті жорығаның бар болсын! Көрген екі көкжалы – ішіндегі екі егіз ұлы еді ғой! – деп етегі жасқа толыпты. Расында да, келіншектің ішін қараса екі егіз тумай қалған ұл шарананы көреді. Түсті дұрыс жорудың маңыздылығын халық осылай баяндайды. Ауызға не келсе соны айтуға болмайды. Ойланып барып сөйлеу керек. Сөздің киесі бар.

Қазақ тіліндегі магиялық-діни сенімге негізделген мәтіндер әдет-ғұрыптар мен ырым-жораларда магиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін маңызды рөл атқарады. Қазақ халқының діни, мифтік, магиялық сенімінің көрінісі бақсы сарыны, арбау, бәдік, тассаттық, түс жору мәтіндерінің және оларға қатысты әдет-ғұрыптық, ырымдық, магиялық іс-әрекеттердің басты мақсаты ауру «иесін» қуу, молшылыққа кенелту, жақсылық пен жамандық әкелу, адамдарға жәрдем беру болып табылады. Сондықтан нелер заман бойы бұл тілдік бірліктер қазақ халқының тұрмысынан, өмірінен жоғалған жоқ, керісінше уақыт озған сайын бұл бірліктердің маңыздылығы мен мәнінің салмағы артуда.

Әдебиеттер

1. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991.
2. Қазақ бақсы-балгерлері / Құраст. Ж. Дәурбеков, Е. Тұрсынов. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 224 б.
3. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1995. – 560 б.
4. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
5. Керімбаев Е. Қазақ тіліндегі сакральды атаулардың этнолингвистикалық сипаты. Ф.ғ.к. авторефераты. – Алматы, 2007. – 26 б.
6. Айтмұқашева А.А. Ғұрыптық фольклор лексикасы. ф.ғ.к. диссерт. авторефераты. – Алматы, 2004. – 24 б.
7. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы, 1995.
8. Хасенов Ә. Тіл Білімі: Оқу құралы / 3-ші басылуы. – Алматы: Санат, 2003. – 416 б.
9. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998. – 304 б.
10. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 256 б.
11. Мұқанұлы Қ. Көне түріктер. – Алматы: Санат, 1999. – 356 б.

РУССКИЙ ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА

Д. Ажикенова, А. Ахмет

Павлодарский государственный педагогический университет

Научный руководитель: Г.К. Абзудинова

К ВОПРОСУ ОБ ОБНОВЛЕННОЙ ПРОГРАММЕ ОБУЧЕНИЯ ПО РУССКОМУ ЯЗЫКУ В 7 КЛАССЕ В ШКОЛАХ С КАЗАХСКИМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ

Актуальность данной темы связана со значительными изменениями системы образования и подхода к ней в Республике Казахстан. Казахстан активно переходит к новым стандартам обучения, а именно внедряет технологию критериального оценивания, делает упор на «практическую» значимость знаний, получаемых в учебных заведениях. Подобная модернизация образования напрямую связана с переменами, происходящими во всем мире. Все эти изменения направлены на развитие конкурентоспособности у подрастающего поколения. Изменения, производимые в системе образования, безусловно, требуют и изменения содержания учебников. Нам, как студентам педагогического вуза, особенно важно иметь четкое представление о Типовой программе по русскому языку и литературе обновленного содержания (Астана, 2017 г.).

Выбрав данную тему исследования, мы надеемся, что сможем объективно оценить качество учебников обновленного содержания и их значимость в современной системе образования.

Итак, для работы нами были изучены учебники для классов с негосударственным языком обучения: 7 класс, издательство Атамур, 2018 г. Авторы: У.А. Жанпейс, Н.А. Озекбаев.

В ходе работы с учебниками мы выявили ряд интересных моментов:

1) Первое, что мы отметили: предметы «Русский язык» и «Литература» в казахских классах изучаются вместе, то есть интегрированно. Об этом говорит само название учебника – «Русский язык и литература».

2) Второе, это яркость и красочность оформления учебников, наличие огромного количества иллюстративного материала, разных сносок и опознавательных знаков. Для каждого вида работы есть свое условное обозначение: специальные и ситуативные задания по развитию связной речи, работа в парах, группах, учимся самостоятельно, лингвистическая игра, задания по уровням сложности (1, 2, 3).

3) Учебники делятся на разделы, которые, в свою очередь, делятся на темы, и название этих тем отображает не грамматическое содержание данного раздела, а имеет лексическую направленность, соответствующую возрастным и психологическим особенностям учащихся. На-

пример, раздел «Язык и общение», тема «Бывают ли у слов родственники» и др.

4) Самый важный для нас результат: мы увидели, что в анализируемых учебниках обновленного содержания постоянно используются приемы и методы, помогающие развивать у ученика способность нестандартно мыслить, проявлять свою творческую активность, развивать в себе навыки критического мышления. Приведем примеры некоторых интересных заданий:

– Подготовьте лингвистический рассказ на тему «Словообразование имен существительных»;

– Запишите названия профессий людей, которые играют на разных музыкальных инструментах;

– Послушайте текст. Какими примерами из своей жизни вы можете доказать, что язык – это средство общения?

– Найдите «потерянные» слова. Прочитайте фрагмент из поэмы С. Сейфуллина, вставляя вместо точек подходящие по смыслу прилагательные и т.д.

Для подробного анализа мы выбрали раздел «Язык и общение», как наиболее близкий к нашей специальности. В ходе его рассмотрения мы выявили следующие методы активизации работы школьников:

– метод «трех М» (ученик называет три момента в ходе урока, когда он, по его мнению, наиболее успешно справился с заданиями, и одно действие, которое увеличит эффективность его работы на следующем уроке),

– метод толстых и тонких вопросов,

– метод выявления неправильного тезиса.

5) Следует подчеркнуть: в учебниках обновленного содержания очень много заданий творческого характера. Например, дается грамматическое задание найти однокоренные слова, и к нему творческое задание составить с данными однокоренными словами рассказ и др.

Также мы отметили, что после каждой темы даются контрольные вопросы, отвечая на которые ученик закрепляет свои знания по данной теме и контрольные задания, такие как составить лингвистический рассказ по пройденной теме.

6) В учебниках обновленного содержания используются такие виды работ, как индивидуальная, парная, групповая. Эти виды работы в классе имеют и обучающий, и развивающий, и воспитательный характер: развивают навыки самостоятельной работы, помогают приучить ученика к работе в коллективе, развивают в нем лидерские качества, учат его прислушиваться к мнению окружающих и высказывать собственное мнение.

Сравнивая старый и обновленный учебник, мы пришли к выводу: учебники старого типа были направлены на репродуктивное усвоение материала, а учебники обновленного содержания более приближены к жизни и направлены на то, чтобы ученик мог применять приобретенные

им теоретические знания в жизни, на практике, развивают в нем функциональную грамотность. В этом и заключается, на наш взгляд, главное отличие учебников обновленного содержания.

Мы установили, что в 7 классе из раздела «Словообразование» отдельной темой изучается вопрос об образовании сложных слов. Ученикам даются сведения о способе сложения и его разновидностях:

- 1) Сложение целых слов (*топ-менеджер*);
- 2) Сложение части основы слова с целым словом (*физкультура*);
- 3) Сложение основ слов с соединительной гласной (*самолет*);
- 4) Сокращение слов или аббревиация (*ЦОН*).

При изучении этих тем дается определение соединительных гласных и их правописание. Сложных примеров разбора слов (нулевая суффиксация, исторические изменения, неморфологические способы образования) не наблюдается.

Подчеркнем: в школе вопросы словообразования даются через орфографию (*правописание звуков в различных морфемах*), например, *образуйте из данных слов сложные, обозначьте соединительные гласные*.

Во всех упражнениях акцент ставится на правописание (правило написания соединительных гласных *О, А, Е*), например: Распределите слова по двум группам: 1) с соединительной гласной *о* и 2) с соединительной гласной *е*.

Интересны задания, в которых языковой материал сочетается с творческим заданием, например: Запишите слова, распределив их по двум группам: 1) названия людей по их профессиям 2) названия предметов. *Обозначьте в них суффиксы. Подчеркните соединительные гласные и объясните, почему в данных словах пишутся именно эти соединительные гласные. Расскажите, чем занимаются люди указанных профессий.*

Также ученикам дается представление о мотивирующих словах, например: Как образованы данные слова? Запишите свое объяснение по образцу (*бензовоз – бензин, возить*).

Подводя итог, мы можем сказать, что учебники обновленного содержания образования направлены на применение знаний в практических, жизненных ситуациях. Содержания заданий представлено в необычной, нестандартной форме, в которых требуется провести анализ данных или их интерпретацию, сформировать собственное мнение у учащихся. Учебники обновленного содержания направлены на учет индивидуальных особенностей и интересов учащихся, формирования в них творческих способностей и критического мышления

Деятельностный подход в учебниках реализуется через моделирование и анализ жизненных ситуаций, использование активных и интерактивных методик, участие в командной и парной видах работ, а также через индивидуальную работу, которая помогает развивать в ребенке отдельную личность.

Еще одним главным отличием и достоинством обновленных учебников является процесс оценивания учебных достижений школьников. Он дает возможность и обучающимся, и учителям определить степень продвижения в учебной деятельности. Примеры формативного оценивания в учебниках предоставлены через задания, которые даются после каждой темы.

Также мы можем отметить, что учебники обновленного содержания действительно помогают развивать в ребенке его творческие способности.

Обновленное содержание образования, прежде всего, характеризуется разработкой инновационных технологий в свете концепции современных требований к образованию, которые, в свою очередь, формируют у учащихся способность к успешной социализации в обществе, активной адаптации на рынке труда. В процессе перехода к обновленному содержанию образования в Казахстане стремительно выросло число инновационных методик, характеризующихся новыми подходами к организации учебно-познавательной деятельности учащихся. Инновационные технологии позволяют реализовать одну из основных целей обучения русскому языку и литературе – дать возможность перейти от изучения предмета как системно-структурного образования к изучению его как средства общения и мышления, а учебно-познавательную деятельность перевести на продуктивно-творческий уровень.

В 7 классе на уроках русского языка и литературы в казахских школах применяются перспективные методические приемы для развития креативных способностей учащихся: кластеры, инсерт (при самостоятельном изучении теоретического материала), заполнение таблиц, двучастный дневник, чтение с остановками, совместный поиск, перекрестную дискуссию, круглый стол; применять элементы ТРИЗ (технологии решения изобретательских задач): «Удивляй!» (при знакомстве с биографией писателя), «Лови ошибку!»; классическое лекционное обучение, обучение с помощью аудиовизуальных технических средств, тесты, метод проектов (занятия по «Литературному краеведению»).

Одна из особенностей обновленного учебного содержания – это использование интерактивного обучения. Интерактивное обучение – это специальная форма познавательной деятельности, имеющая конкретные прогнозируемые цели и предметом которой является ведение диалогового обучения, в ходе которого осуществляется взаимодействие учителя и ученика. В ходе интерактивного обучения в учебный процесс вовлекаются все ученики без исключения. Учащимся дается возможность почувствовать свою успешность, свою интеллектуальную самостоятельность, что делает процесс обучения результативным.

В 7 классе используются такие методы интерактивного обучения, как: диалоги, дебаты, проектирования, составление глоссария, написание эссе, дидактические и учебные игры и т.д.

Исходя из вышеизложенного, мы можем сделать вывод, что переход к обновленному содержанию обучения, как и вся модернизация системы образования в целом, очень важен для будущего нашей страны. Переход к критериальному оцениванию, обновленное содержание учебников действительно помогает учащимся мыслить нестандартно, развивать свое критическое мышление, выявлять в себе конкурентоспособные лидерские качества, которые в будущем, несомненно, помогут в развитии как отдельной личности, так и целого государства.

Литература

1. Жанпейс У.А., Озекбаев Н.А. Учебник по русскому языку и литературе, обновленного содержания 7 класс. – Атамұра, 2018.
2. Типовая учебная программа по учебному предмету «русский язык и литература» для 5–9 классов уровня основного среднего образования (с нерусским языком обучения) по обновленному содержанию.
3. Тажибаева А.Б. Применение интерактивной методики обучения русскому языку в казахской школе.

А.Ж. Бахтиярова

магистрант, Павлодарский государственный педагогический университет

Научный руководитель: доктор филол. наук, профессор А.Е. Агманова

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫХ ЗНАНИЙ УЧАЩИХСЯ СТАРШИХ КЛАССОВ

Сегодня в быстро меняющемся мире образование молодого поколения, развитие его интеллектуальных и творческих способностей ставит перед педагогической наукой новые задачи, которые, в свою очередь, предполагают изменения в требованиях к уровню владения языком, определение новых подходов к отбору содержания и организации материала, использование адекватных форм и видов контроля при разных вариантах его изучения.

Г. Айдархан, Ә. Барат

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенттері

Ғылыми жетекшісі: филология ғылым. канд., доцент Б.Д. Нығметова

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ДИАЛОГТІК ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі таңда әрбір оқытушы өзінің оқу үрдісін ұйымдастыруға деген көзқарасына жаңашыл өзгерістер енгізуі қажет болады. Мұндай өзгерістер практика жүзінде кеңінен орын алу үшін, мектептерде оқу үрдісінде оқушыларды оқытудың интербелсенді әдістерін кеңінен қолдану қажет. Оқытудың интербелсенді әдістері мектептерде оқушыларды кәсіби даярлау үрдісін жетілдірудің ең басты құралы болып табылады.

Мектепте оқытудың түрлері көбіне дәстүрлі түрде жүргізіледі, яғни оқытушы білімді жеткізеді, ал оқушы есте сақтайды. Осы орайда Л.С. Выготский: «Оқытушының дайын білімді жеткізілген дәрісі оқушыны әлбетте көп нәрсеге үйрете алады, бірақ оқушы бойында ешқандай әрекет жасамай, жеткізілген ақпаратты тексермей, бөтен адамның қолынан алынған дайын ақпаратты қолдануға ғана тәрбиелейді», – деген. Сабақты дәстүрлі тәсілдермен жүргізу мен интербелсенді әдістерді пайдаланып жүргізу арасындағы айырмашылықтың бірі, оқытушы мен оқушының өзара әрекеттестігінің өзгеруінде, яғни оқытушы белсенділігі оқушы белсенділігімен алмасады, мұнда оқытушының міндеті оқушылардың белсенділігінің артуына жағдай жасау болып табылады.

Интербелсенді әдістер дегеніміз не? Интербелсенді әдістер (ағыл. interaction – өзара қатынас, бір-біріне әсер ету деген мағынаны береді) – білім алушылардың өзара қарым-қатынасына негізделген оқыту әдістері. Интербелсенді әдістердің ең басты мақсаттарының бірі – оқытуда қолайлы жағдайлар жасау, яғни оқушы оқу барысында өзінің жетістігін, өзінің интеллектуалды маман бола алатындығын сезіну, бұл оқу үрдісінің өнімділігін арттыра түседі. Оқу үрдісін ұйымдастыруда барлық оқушылардың таным үрдісіне тікелей араласа алуына мүмкіндік жасалады, нәтижесінде оқушы өзінің не білетіндігін және не ойлайтындығын түсінуіне, сондай-ақ рефлексия жасауына мүмкіндік алады.

«Рефлексия – қарастырылатын әрбір мәселе бойынша ой толғатып, жан-жақты зерттеп, өз түсінігінді қалыптастыру, өзіңді тану мен түсіну, ішкі жан дүниеге үңілу, өзіңмен сырласу, өзіңе есеп пен баға беру дегенді білдіреді. Осындай рефлексиялық жұмыс санада жаңа ұғымдар

мен түсініктерді құрастырады, жаңа білім қалыптастырады, сол себепті де оқу/оқыту үрдісіндегі барлық іс-әрекеттердің негізін рефлексия құрауы керек. Үйрену үрдісінің мақсаты ойшыл тұлға қалыптастыру болғандықтан, оның мазмұнын рефлексиялық іс-әрекеттер құрауы керек» [1,55]. Интербелсенді оқытудың нәтижелілігі мен тиімділігі мынада: оқытудағы интербелсенді әдістер практикалық мәселелерді шешуде ұғыну, меңгеру және білімді шығармашылықпен қолдану үрдісін қарқынды етеді. Оқушылардың оқу үрдісінде тек дайын білімді ғана алып қана қоймай, білімді белсенді қолдану есебінен оқыту тиімділігі қамтамасыз етіледі. Егер де оқытудың интербелсенді әдістері мен стратегияларын сабақта үнемі қолданып отырса, онда оқушы бойында ақпаратты тиімді меңгеру дағдысы қалыптасады және ойын айтуда қателесуден қорықпайтын болады да нәтижеде оқытушымен қарым-қатынаста сенімділік пайда болады; интербелсенді әдістер мәселені талқылауда оқушылардың уәжін арттырады, ол өз кезегінде олардың ізденіс белсенділіктеріне эмоционалды түрткі болады, нақты іс-әрекетке итермелейді, нәтижеде білім алу үрдісі саналы түрде жүреді интербелсенді әдістер бірегей ойлау мүмкіндігін қалыптастырады, проблемалық жағдайларға өздігінше үңілуге мүмкіндік береді, одан шығу жолдарын іздестіруге талпындырады; өз ұстанымы мен өмірлік құндылықтарын дәлелдеуге талпындырады; басқа да көзқарастарды тыңдай білуге үйретеді; толеранттылық пен кішіпейілділікті сақтай отырып, қарым-қатынас жасай білуге үйретеді; оқытудың интербелсенді әдістері қызметті ұйымдастыру тәсілдерін алмастыруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, қызметтің жаңа тәжірибесін алуға, оны ұйымдастыруға, өзара әрекеттестікке түсуге үйретеді. Интербелсенді қызмет – білім, білік – дағды, қызмет – коммуникация тәсілдерінің дамуын қамтамасыз етіп қана қоймайды, оқушылардың жаңа мүмкіндіктерін ашуға көмектеседі, дара және ұжымдық қызметті саналы түрде сезіне отырып, тәжірибе жинақтау үшін, құндылықтарды сезіну және қабылдау жолында құзыреттіліктерін қалыптастыру және жетілдірудің басты шарты бола алады; оқытудың интербелсенді әдістерін пайдалану білімді меңгеру және оны қолдану біліктілігін, білік және дағдыларын түрлі жағдайларда икемді және адамгершілікпен қолданылуын бақылауға мүмкіндік береді.

Мақсаттарды және күтілетін нәтижелерді айқындау. Әр сабақтың басында бүгін қарастырылған тақырып бойынша оқытушы өз тұрғысынан сабақтың мақсаттарын айқындап, оқушылардан қандай білім, білік, дағды, әрекеттер күтетіндігін жеткізеді. Сонан соң оқушылардың өздерінен сабақтан қандай нәтиже күтетіндерін құрастыруды талап еткен орынды болады. Бұл әрекет әрбір оқушыда өзінің сабаққа тікелей қатысы бар екендігі туралы ойды нақтылап, оларды «Сабақта мен қандай білім ала аламын? Ол үшін мен қандай жұмыс мен әрекеттер атқаруым

керек? Бұл білім маған қандай пайда бермек?» деген сұрақтар төңірегінде ой-толғаныс жасауға шақырады.

Жұмыс ережелерін қабылдау. Сабақ басында жұмыс ережелерін қабылдап (силлабуста келтірілген ережелерден басқа), оларды әрі қарай қатаң ұстану оқушыларды тәртіпке шақырып, тиімді әрі үнемді түрде жұмыс жасауға қолайлы. Ол үшін әрбір шағын топ бұл мәселені 1–2 мин талқылап алғаннан кейін, олардың ұсыныстарын көлемді параққа (флип-чарт, плакат) түрлі-түсті маркерлермен жазып, кабинеттің көрнекті жеріне іліп қоюға болады.

Ережелер сан алуан болуы мүмкін, мысалы, жұмыс регламенті, реті мен тәртібін анықтайтын, алайда олар бірлескен жұмыста сыйласымды қарым-қатынас құруға бағытталғаны дұрыс. Мысалы: «Біреу сөйлегенде, оның сөзін бөлмейік! Тұлғаның жеке басын сынамай, көзқарас пен пікірді сынайық! Қысқа да нұсқа сөйлейік! Уақытты үнемді әрі тиімді пайдаланайық! Берілген тақырыптан ауытқымайық! Біз үшін әрбір пікір құнды! Жекелей жұмыс жасағанда, бір-бірімізге бөгет жасамайық! Тыңдай білейік! Берілген тапсырманы мүлтіксіз орындайық!», тағы сол сияқты.

Сенім және жұмыс атмосферасын қалыптастыру. Оқушыларды психологиялық тұрғыдан интербелсенді оқуға дайындау қажет. Әдетте сабаққа келгендердің барлығы бірдей оқуға белсене араласып кетуге дайын бола бермейді, өйткені оларда өздерін қолайсыз сезіну жағдайлары да болуы мүмкін. Мұның бірнеше себептері болады, мысалы, «өзіне үлкен жауапкершілік жүктелуден қашуы немесе жүрексінуі мүмкін. Оң нәтиженің шығуына күмәндануы мүмкін. Жазалаудан немесе күлкі – мазаққа қалудан қаймығуы мүмкін. Еріншектік немесе шаршағандық болуы мүмкін. Назарын жинақтай алмау (мысалы, үзіліс кезіндегі оқиғалардың немесе алдыңғы сабақтың әсерінде болуы)». Оқушылардың сабақ барысында барлық шарттылықтардан арылып, ойлау қабілеттерін белсендендіріп, жұмысқа толық ниеттеліп, қызу кірісіп кетуін ой сергітетін жаттығулар арқылы жүзеге асыруға болады.

Барлық оқушылар қатысады. Интербелсенді әдіс аумағында өтетін сабақ мақсаттарының бірі бірлесе жұмыс жасау болғандықтан, әр қатысушының жұмысқа белсене қатысқандығы керек. Оқушылардың білім игеру жұмысының, оның ішінде әсіресе бірлескен жұмыс әрекеттерінің қызықты әрі тартымды екендігіне көздерін жеткізгені дұрыс.

Тыңдай білу: барлық пікірлер тыңдалады. Топтық талқылау кезінде барлық оқушылардың өзіндік пікірлерін айтып, басқалары оны мұқият тыңдап, айтылған пікірді сыйлап, онымен санасатындай қолайлы жағдай жасап отыру қажет болады. Мұндайда барлық оқушылардың пікірлері тыңдалуы қажет. Топтық бірлескен жұмыстан соң (талқылау, пікірлесу, ой қозғау, тапсырманы бірлесе орындау т.б.) әр топқа өз пікірі мен көзқарасын жариялау мүмкіндігін беру керек.

Кері байланыс. Кері байланыс – сабақтың мазмұны немесе әдіс-тәсілдері, оның тиімділігі мен қандай дәрежеде өткендігі туралы оқушылардың ой-пікірлері мен эмоциялары, олардың болашақтағы (келесі сабақтардағы) өз мұқтаждарын келтіруі. Кері байланыс арқылы алынған пікірлер оқытушыға өткізген сабағына баға беріп, оның ұтымды жақтары мен кемшіліктерін анықтап, келешек жұмысына өзгерістер енгізу мүмкіндігін береді. Оқушыларға «Сабақ қалай өтті: қызық өтті ма? Сіз үшін сабақтың құнды жақтары нелер болды? Бүгін не үйрендіңіз (білдіңіз)? Бүгінгі үйренгеніңіз Сіз үшін келешекте керек болады деп ойлайсыз ба? Осы тақырып бойынша тағы да не білдіңіз келеді?» деген сұрақтарды ауызша талқылау немесе жазбаша жүргізілуі тиіс. Осылай кері байланыс бағалаумен бірігіп, оны орындауға оқушыларға жеткілікті уақыт беріледі (мысалы, 5–10 мин). Демек, интербелсенді деген өзара әрекеттестік жасау немесе әңгімелесу дегенді білдіреді десек (затпен, мысалы, компьютермен сұхбаттасу немесе адаммен сұхбаттасу), онда интербелсенді оқыту, ең алдымен, диалогтық оқыту, оның көмегімен өзара әрекеттестік орнату болып табылады. Диалогтық оқыту, өз кезегінде, оқыту мен оқудағы ұстаным, ол оқытушының оқу материалын даярлаудағы қолданатын ережелері мен оқушылардың меңгеру барысындағы қолданатын ережелері болып табылады. Диалог термині сөздіктерде түрліше түсіндіріледі, мысалы: «Тіл білімі сөздігінде»: «Диалог (сұхбат) (гр. dialogos – әңгіме, сұхбат). Диалогтық сөйлеу – (сұхбаттасу) өзара тілдесу негізінде ауызша сөйлеу формасы. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «Диалог – екі немесе бірнеше адам арасындағы әңгіме», делінген. Қазақ тілі энциклопедиясында: «Диалог (гр. dialogos – сөйлесу, әңгімелесу) – екі адамның тіл қатысуы», деп көрсетілген.

Адамдар кез келген жағдайда өз ойын біреуге түсіндіріп, білдіруде, пікірлермен алмасу үшін тілдік қарым-қатынасқа түседі, демек, диалог құрып сөйлеседі. Зерттеушілердің пікірінше, адамның бір-бірімен қарым-қатынас жасауының үштен бір бөлігі тілдік сөйлесу қарым-қатынасына түсуден тұрады, яғни адамдар арасында үнемі диалогтық сөйлесу жүріп жатады.

Зерттеуші-ғалымдардың пікірлері бойынша, диалогтық сөйлесудің негізгі бөліктерін: сөйлеу оқиғасы, сөйлеу жағдайы, айтушы мен тыңдаушының диалогтық сөйлесу барысында бір-біріне әсер етуі деп бөліп көрсетеді. Осылайша бөліктеу сөздің тууы мен оның қабылдануынан, сөйлесетін серіктестер қолданған сөйлемдер мен сөйлеу жағдайлары арасындағы байланыстардан, диалогтық сөйлесуді қиындататын факторлардан, оны түсінуді жеңілдететін факторлардан тұруы мүмкін [2].

Диалогтық оқыту барысында оқушылар сын тұрғысынан ойлауды үйренеді, мән-жайды және қажетті ақпаратты талдау негізінде күрделі мәселелерді шешуге, балама пікірлерді таразылауға, ақылға салынған шешімдерді қабылдауға, пікірталастарға қатысуға, басқа адамдармен қарым-қатынас жасай білуді үйренеді. Ол үшін сабақта топтық жұмыс-

тар ұйымдастырылады, зерттеу жобалары қолданылады, рөлдік ойындар ойнатылады, түрлі құжаттармен және түрлі ақпарат көздерімен жұмыстар жүргізіледі, шығармашылық жұмыстар да қолданылады. Оқушы оқу үрдісінің толық мүшесі болады, мұнда оқытушы дайын білімді бермейді, оқушылардың өз беттерінше ізденулеріне түрткі болады және оқушылар жұмысында көмекші қызметін атқарады.

Әдебиеттер

1. Жақсылықова Г.И., Каженова А.М. Интербелсенді әдіс-тәсілдер: Әдістемелік құрал. – Астана, 2011.
2. Сабыров Т. С. Оқыту теориясының негіздері. – Алматы, 1993.

А.А. Азамат

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті,

Ғылыми жетекшісі: филология ғылым. канд., доцент Ә.Қ. Жетпісбай

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ КОНТЕКСІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ

Ағылшын тілін бастауыш сыныптан оқытудың мақсаты – оқушылардың ағылшын тілінде қарым-қатынас жасай алу негіздерін меңгеруі болып табылады. Ерте жастан ағылшын тілін оқыту оқушылардың коммуникативті даму біліктілігін арттырады, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді, бірден көп тілдерде сөйлеуге мүмкіндік алады. Ал әлемдік тіл ретінде бейресми түрде орныққан ағылшын тілін меңгеру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шыңдай түседі. Қазір ағылшын тілін білу – уақыт талабы.

Қазіргі кезде ағылшын тілінен оқу құралдары өте көп, мәселен мектепте Макмиллан баспасының оқулықтары қолданылып келді және қазіргі 1–2 сынып оқушылары Кембридж баспасының оқулықтарын пайдалануда. 1 сыныптар екі топқа бөлініп, аптасына бір сағаттан оқытылады. Оқу-әдістемелік топтамасы ретінде Кембридж баспасының Қазақстан мектептеріне бейімделген «Primary Colours 1» оқулығы алынған. Авторлары Диана Хикс және Эндрю Литлджон. Бұл кітаптардың ерекшелігі сөйлеу мен тыңдау дағдыларын дамытуға арналған оқу кітабы мен дискілер, жазу тапсырмалары бар жұмыс кітабы және әр сабақтың жоспары мен әртүрлі әдіс-тәсілдер көрсетілген мұғалімге арналған кітабы, тақырыпқа сай көрнекіліктері берілген [1,14].

Сонымен қатар оқушылардың ағылшын тілінде ауызекі сөйлеу қабілеттерін дамыту бағытында түрлі іс-әрекет ұйымдастыруға болады.

Шет тілі пәні бойынша оқушы ереже мен ұғымдар анықтамасын тек жаттап алғаннан гөрі, оларды іс жүзінде саналы түрде қолдана алуы қажет. Түрлі тапсырмалар мен жаттығулар арқылы теориялық білімді шыңдауға болады. Мысалы, жаңа сөз бірліктерін енгізуде міндетті түрде

суреттермен көрсету, сөздерді қайталау, жатқа айту сияқты тапсырмаларды орындау арқылы оқушылардың есте сақтауы артып отырады. АКТ құралдарын пайдалану арқылы балалардың сабаққа деген қызығушылықтары артады, сабақта белсенділік танытады.

Ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың білім –біліктілік, танымдық, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ойын элементтерін қолдану керек. Ұлы педагог В.А. Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз шығармашылықсыз, толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дегендей, әр сабақ барысында әр түрлі ойын элементтерін пайдаланамын. Ойын әдісі арқылы оқыту олардың, пәнге деген қызығушылығын арттырады, өз ойын, пікірін, көзқарасын білдіруге, екінші бір оқушының жауабын тыңдап, оны толықтыруға, жетістіктері мен кемшіліктерін айта білуге жаттықтырады. Жақсы құрастырылған және де үздік әдіспен ұйымдастырылған ойын практикалық, тәрбиелік және дамытушылық жағынан оқыту тәсілі болып табылады.

Ағылшын тілін үйрету барысында көбінесе әндерді, рөлдік ойындарды жиі қолдану – тілдік қарым-қатынас құралы ретінде жаңа сөздер мен сөз тіркестерінен құрап үйренуге, оқушының сөздік қорының көбеюіне ықпал етеді. Ән, өлең тыңдау кезінде таныс лексика оқушы есінде тез жатталады. Шет тілінде ән айтып үйрену барысында оқушы дыбыстарды дұрыс атап үйренеді, сөйлемге дұрыс екпін қояды. Әнмен жұмыс барысында, рөлдерге бөліп оқығанда оқушының көңіл күйі көтеріліп, тілге деген қызығушылығы арта түседі.

Балалар бөлік элементтерден жаңа, тұтас жағдай құрай алуы керек. Оқушылар жалпы арнаулы сұрақтарды қоя алуы, әр – түрлі сұрақтарға жауап бере алуы, өтініш, бір нәрсемен келісетінін немесе келіспейтіндігін білдіре алуы керек. Оқушылардың сөйлеу қарқынын өсіру қажет және әр оқушы сөйлегенде екі репликадан айтуы қажет.

Шағын шығарма жазу оқушылардың тек жазу, тілді түсіну, сөйлеу қабілеттерін арттырып қана қоймай әр баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына себеп болады. Бұндай шығармаларды көп уақыт алмай 5 минуттық жазу ретінде өткізу әбден мүмкін.

Шығарма тыңдау барысында диалогтағыдай баланың жіберген қателеріне емес, оның идеясына, өмірлік тәжірибесін сипаттай білу қабілетіне көбірек назар аударған жөн [2, 44].

Бүгінгі таңда мектеп мұғалімдері оқытудың тиімді жолдары мен құралдарын іздестіруде, оқу ойындары сабақты тиімді ұйымдастырып, оқу сапасын арттырып қана қоймай, оқушының оқуға қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастырып, ақыл-ой дамуын жетілдіруде өзіндік роль атқарылатыны дәлелдеп, оқытудың жаңа бір технологиясы ретінде танып отыр.

Әрекет ретінде негізінен ойын құрылымына мақсат қою, жоспарлау, мақсатты іске асыру, сонымен қатар жеке адам өзін тұлға ретінде толық жүзеге асыратын нәтижелер талдауы кіреді. Ойын құрылымына жұмыс

барысы ретінде мыналар кіреді: а) ойнаушылардың өздері алған рольдері; б) осы рольдерді іске асыру құралы ретінде ойнау әрекеттері; в) заттарды ойындық пайдалану, яғни, нақты заттарды ойындық шартты заттармен ауыстыру; д) сюжетті (мазмұны) ойында шартты шығарылатын әрекет аймағы. [3, 123].

Оқу барысының белсенділігі мен жеделдеуіне баса назар аударатын қазіргі заманғы мектепте ойындық қызмет мына жағдайларда пайдаланылады:

– оқу пәнінің мазмұнын, тақырыбын және тарауын игеру үшін өзінше технология ретінде;

– өте көлемді технология (кейде тіпті мазмұнды) элементі ретінде;

– сабақ (пән) немесе оның бөлімдері (кіріспе, түсіндіру, ұғыну, жаттығу, бақылау) ретінде;

– сыныптан тыс жұмыстар ретінде;

Оқу барысындағы ойындық технологияның орны мен ролі, ойын және оқу элементтерінің үйлесімі көп ретте мұғалімнің педагогикалық қызметімен топтастыруын түсінуіне байланысты.

Бірінші кезекте әрекет ету барысына қарай ойындарды физикалық (қимылдық), интеллектуалдық (ақыл-ой), еңбек әлеуметтік және психологиялық деп бөлу қажет.

Педагогикалық барысының сипатына қарай ойын мынадай топтарға бөлінеді:

а) оқытып-үйрететін, жаттықтыратын, бақылайтын және жинақтайтын;

ә) танымдық, тәрбиелік, дамытушылық;

б) өнімді, шығармашылық;

в) коммуникативті, кеңес беруші, кәсіби бағдарлы, психо-техникалық және т. б.

Оқыту процесінің әр түрлі сатысында ойын түрлері де танымдық мақсатты көздей алады, оқушының жас ерекшелігіне қарай әр түрлі формада қолданылады [4, 28].

Бастауыш мектеп жасындағылар үшін қабылдаудың ашықтылығы мен өзінділігі, бейнеге енудегі жеңілдігі тән. Балалар кез келген әрекетке, әсіресе ойындық әрекетке тез араласады, өз беттерінше топтық ойындарға ұйымдасады, ойынды заттармен, ойыншықтармен жалғастырады, еліктемейтін ойындар пайда болады.

Оқу барысының ойындық үлгісінде шешуі қиын жағдайды жасау ойын жағдайын енгізу арқылы өтеді: шешуі қиын жағдай ойынға қатысушылардың ойынға енуі арқылы кейіпкерлермен бастан өткізіледі, қызмет негізін ойындық үлгілеу құрайды, оқушылар қызметінің бір бөлігі шартты ойындар жағдайында өтеді.

Балалар ойын ережесі бойынша әрекет жасайды. Ойын қорытындысы екі жақты болады-ойын ретінде және оқып-үйрену танымдық нәтиже ретінде. Ойынның дидактикалық қызметі ойын іс-қимылын

талдау арқылы, ойын жағдайының ара байланысының нақты жағдайы ретінде жүзеге асырылады.

Бастауыш мектеп педагогикасының қорында балаларда тұрмыстық сөздіктің, сөйлеу байланысының байытылуы және бекітілуіне ықпал жасайтын ойындар; сандық көрсеткіштерді дамытуға, санауға үйретуге бағытталған ойындар және жадында сақтауды, назар аударуды, байқампаздықты, жігерді нығайтатын ойындар бар.

Дидактикалық ойындардың нәтижелігі біріншіден, оларды жүйелі түрде пайдалануға, екіншіден, ойын бағдарламасының қарапайым дидактикалық жаттығулар мен үйлесімнің мақсатты бағытталуына байланысты. Жеке ойындар мен элементтерден ойын технологияларын құрастыру-бастауыш мектептің әрбір мұғалімінің жұмысы.

Шетел тілі пәнін мектепте оқытудағы мақсат-оқушылардың күнделікті өмірде оны қолдана білуге үйрету. Ал, бастауыш сыныптарда ағылшын тілін оқытуда ойын элементтерін қолданудың әсері өте зор. Ойын арқылы оқушылардың белсенділігі қалыптасады, достық қарым-қатынастары нығая түседі, ұйымшылдықтары артады [5, 98].

Ойын – маңызды іс. Егер біз тек көңіл көтеру үшін немесе демалу ретінде пайдалансақ, одан ешқандай пайда болмайды. Қандай ойын болса да белгілі бір мақсатқа жұмсалуды керек, өйткені ойын баланы дамытады.

Ойын адам жанын ынтықтырумен бірге, оның бойындағы көптеген қасиеттерді ұштап, білім дәнін бойға дарытады. Ойындардың қай-қайсысы болса да оқушыдан төзімділікті, тапқырлықты, ізденімпаздықты, шеберлікті т.б толып жатқан қасиеттерді талап етеді.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай сабақ берудің тәсілдерін өзгертіп отыру керек. Бастауыш сынып оқушыларында заттың сыртқы түріне қызығу басым келеді. Бастауыш сынып оқушылары сабақ үстінде жалығып кетпес үшін түрлі ойындарды пайдаланған дұрыс. Мысалы, мұғалім тақтаға бір сөздің әріптерінің орындарын ауыстырып қойып, «Балалар, әріптер тентек болып, бізден қашып кетіпті, оларды тәртіпке шақырып, ретімен қояық», – дейді (nabana-banana, rebda-bread, polem-melon т.б). Балалар қате сөздерді дұрыстап жазады.

Алфавит ойындары

Бір-біріне допты беру арқылы оқушылар алфавитті ретімен айтып шығады.

Біз төменгі сынып оқушыларының мектептен келе сала ойыншықтарына жүгіретінін білеміз. Осыны ескеріп мұғалім оқушыларды түрлі ойыншықтармен ойнату арқылы тілдік материалды меңгертсе, оқушылар ойыншықтармен ойнап отырып, қажетті материалды қалай меңгергенін аңғармай қалады. Себебі, сабақта ойыншықтармен ойнаған оларға ұнайды, сондықтан олар өздеріне ұнаған нәрселерін естеріне жақсы ұстайды [6, 24].

Мұғалім үшін кез келген ойын жаттығу түрінде ойналады. Ал оқушылар үшін бірінші орында ойын, екінші орында жаттығу тұрады. Ойында мұғалім үнемі алдына мақсат қойып отырады.

Әдебиеттер

1. Петров А.В. Ойын әрекеті арқылы белсенділікке баулу. – 2001.
2. Калмыкова Е.В. Бастауыш мектептегі ойын технологиясын арқылы оқыту. – 2007.
3. Нұрланбекова Е. Шет тілін оқытуда бейнефильмдерді қолдану. Шет тілін оқыту әдістемесі. – 2005. – №2.
4. Утегулова З.Н. Шет тілін оқытудағы әдістеме. – 2009. – №3.
5. Амандықова Г.Н., Мұхтарова Ш.Е., Баймұқанова Б.С. Шет тілін оқыту әдістемесі.

С. Айтжан

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті

Ғылыми жетекшісі: шет тілдер: екінші шет тілі білім бағдарламасының аға оқытушысы: М.А. Рамазанова

ЕРТЕ ЖАСТАН АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасының шет елдермен саяси, экономиялық, әлеуметтік және мәдени қарым-қатынастары күннен-күнге дамып жатқандықтан, ағылшын тілін ерте жастан оқыту бүгінгі күннің басты талабы болып саналады. Жастарға сапалы білім, саналы тәрбие беру, қазіргі өмір ағысына бейімдеу – ұстаздар алдында тұрған жауапты міндет. Шетел тілін білмеген адамға жаңаша өмір сүру мүмкін емес екендігі шынайы фактіге айналып отыр. Алайда, «Бес саусақ бірдей болмағандай», тілді ерте үйрену нәтиже бермейді деген пікірлер де кездеседі. Олар баланың фонетика мен грамматикаға қызығушылығы жоқ, тек ауызекі тілде ғана сөйлескісі келеді дейді. Сонымен, қатар ата-аналары балаларын жаратылыстану пәндеріне қызықтырғысы келеді және маңызды пәндерге назар аударуы керек деп ойлайды. Алайда, мен бұл пікірмен келісе алмаймын. Көптілділіктің негізі ана тілден бастау алу керек. «Өз тілің бірлік үшін, өзге тіл тірлік үшін» дегендей, көптілді азаматтың көп нәрсеге қол жеткізетіндігі, басқаларға қарағанда бәсекеге қабілетті, қалаған жерінде жұмыс істеп, қай елге барса да еркін сөйлеп, өзінің ойын айта алатындығын көрсетеді. Қазір қоғамның қай саласы болмасын көптілді білу өмір талабы, дамыған елдердің озық тәжірибесін алуда, коммуникацияға түсуде ең керегі басқа тілдерді білу, түсіну.

Бүгінде ағылшын тілін оқыту балабақшадан бастау алуда. Менің ойымша, көптілділіктің негізі ана тілден бастау алу керек. Ата-бабамыз: «Баланы жастан» десе, ана тілі ананың сүтімен сіңеді, өз ана тілін әбден толық меңгермеген балаға ағылшын тілін үйрету оңайға соқпайды.

Ағылшын тілін 6–7 жастан бастап оқытқан дұрыс деп ойлаймын. Себебі, 6–7 жастағы балалардың қызығушылығы мол, жаңа тақырыпты қабылдағанда әдемі, қызықты заттарға назар аударады. Қойылған мақсаттарға жету үшін мұғалім 6–7 жасар балалардың психологиялық ерекшеліктерін білуі керек. Бұл жастағы балалар шет тілін үйренуге икемделген: олар қысқа тіл материалын оңай жаттап алып, оны айтып бере алады.

Ағылшын тілін ерте астан оқытудың мынадай міндеттерін атауға болады:

– оқушының бойына тілдерге деген қызығушылығын, оны үйренуге құштарлығын сіңіру;

– жеке тұлғаның заман талабына сай өмірге икемделуіне бағыттау және оның басқа елдің тілін, мәдениетін, тарихын және әдет-ғұрпын танып білуіне ықпал ету;

– оқушының сезімтал, шығармашыл, әлеуметтік, танымдық және тілдік қабілеттерінің дамуына жағдай жасай отырып, оның жалпы дамуына едәуір үлес қосу;

– оқушылардың алған теориялық білімін практикалық жұмыспен ұштастыра білуді меңгерту, оларды ұлттық үрдіске тәрбиелеу, баланың білім деңгейін саралап, шығармашылық жұмысқа тарту, оқушының жұмысына бақылау жасау, баға беру, әр оқушыға жеке әдіс амал қолдану.

Ағылшын тілін оқытуда оқушылардың қызығушылығын ояту – басты мәселе. Шетел тілін меңгеруде көп қиыншылықтар кездеседі. Бұл қиыншылықтарды жеңу үшін пәнге деген ынтасын, әуестігін арттыру керек.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге болады:

1. Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;

2. Сабақты түрлендіріп өткізу; түрлі ойындар және қызықтыратын құралдар пайдаланып;

3. Техникалық құралдарды тиімді қолдану.

«Баламен ойнай отырып үйретсе, бала сол тілдердің барлығын да еркін меңгеріп кетеді», – дейді академик, профессор Ш.А. Амонашвили. Олай болса, ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың білім-біліктілік, танымдық, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ойын элементтерін қолданудың маңызы зор. Ойын – ақыл-ой мен сезім – күшін талап ететін ерекше ұйымдастырылатын сабақтар.

Мысалы бір ойын түрін ұсынсам: 1-сыныптарға «Colour letters» – ойынында тақтаға әр түрлі түсті әріптер ілінеді find yellow! Деп мұғалім бұйрық береді, оқушы сол түсті әріптің жанына барып тұрады. Ойынды қиындату үшін түстерге сөздер айтуға болады. Мақсаты түстерді, әріптерді қайталайды. «Is it true or not?» Доп қолданса болады, мұғалім допты лақтырап жатып сөз тіркесін айтады. Yellow lemon, is it true or not? Yes. it is true. No. it is not true деп жауап береді. Мақсаты оқушылардың сөздік қорын молайту .

Ойындар маңызды әдістемелік тапсырмалардың орындалуына мүмкіндік туғызады:

1. Балалардың сөйлеу арқылы араласуына психологиялық дайындығын жасауға;

2. Олардың тіл материалын көп қайталауына табиғи қажеттілікті қамтамасыз етуге;

3. Сөйлеудің жалпы алғанда күтпеген жағдайға дайындығы болып табылатын оқушылардың қажетті сөйлеу үлгісін таңдап алуға жаттықтыруға.

Ойынға қойылатын әдістемелік талаптар:

1. Ойынның мақсаты нақты болуы керек.

2. Ойын тәртібі әбден түсіндірілуі керек

3. Көрнекіліктер мен материалдар алдын ала таныс болуы керек

4. Оқушылар түгел қамтылуы тиіс.

Сонымен қатар, мұғалім топтық жұмыстар немесе бірлескен жаттығулар жасағысы келген кезде, көмекшілер көмек көрсете алады. Ерте жастағы оқушылармен топтық жаттығуларды ұйымдастыру қиын болуы мүмкін, сондықтан арнайы еріктілерді сыныпты басқарып көмектесу үшін әлеуметтік топтардан алдыртуға болады. Мысалға, ойын ойнату мақсатында мұғалім сыныптың жан жағына бекеттер орналас-тырып, сол әр бекетке жеті түрлі ақпарат ұсынады. Оқушылар жекелеген арнайы тақырыптар бойынша, мысалы, жабайы жануарлар әлемі туралы және әр құрылықта мекендейтін елдер туралы, т.б ақпаратты жинау үшін бекеттерге барып, мүмкіндігінше ағылшын тілінде сұхбаттасып, ақпарат жинайды. Егер әр бекетте ағылшын тілінде сөйлей алатын еріктілер болса, онда оқушылар тапсырманы жақсы орындап шыға алады.

Оқушылардың оқу-танымдық құзыреттіліктерін қалыптастыра отырып, танымдық іс-әрекет белсенділіктерін арттыру үшін, көрнекі құралдар, техникалық құралдарды жиі пайдалану қажет. Мұнда оқушыда кез-келген ақпаратты алғаннан кейін немесе мәтінді алғаннан кейін сол мәліметке қатысты өзіндік көзқарас туындайды. Яғни, адамның ішкі жан дүниесінде сезімдік, эмоционалдық із қалдырады, сол себепті мұғалім берілетін ақпараттарға жағымды қатынас туындатып, білімнің негізін қалайды. Бастауыш сынып барлық білімнің қалануының негізі. Бастауыш сынып оқушыларына нені үйретсең соны санасына сіңіретін нағыз қабылдау жасында болғандықтан, мейлі қандай тіл болмасын өте тез игеріп алуға болады.

Бастауыш сынып оқушыларының тілі толық дамып жетілмегендіктен әрине, ағылшын тілі басында қиынырақ сезілгенімен, соңына келе біртіндеп қалыптасып, ағылшын тілінде сөйлеуіне болады. Бастауыш сынып оқушылары ауыр сабақ жүгін алып жүре алмайтындықтан, біз балаларды ағылшын тілінен жалықпауы үшін көбінесе жаңаша үйрету тәсілдерімен тәрбиелеуіміз қажет. Елдің болашағы келешек ұрпақтың қолында, яғни олар мұратты, моральды, тәртіпті болумен қатар мықты

білім иесі болуы тиіс. Бұнымен қоса дүниенің қай бұрышында болмасын өзін алып шығатын қабілетке ие болулары керек . Бұған қазіргі заманда дүние жүзінің ортақ тіліне айналған ағылшын тілінің қатысы орасан зор. Ерте жастан ағылшын тілін үйретудің тиімділігін оқушылардың тілге деген құштарлығынан, жаңа сөздерді жаттау қабілеттерінің ересек оқушыларға қарағанда жоғары болуынан және оқулықтан, жұмыс дәптерінен тапсырмалар орындағанда тиянақты, ұқыпты орындайтындарын байқауға болады.

Оқушылардың ағылшын тілін үйренудегі тағы бір жақсы жағы – бастауыш сынып оқушыларында сөз қоры едәуір ұлғаяды. Ағылшын тілі пәні мұғалімдері қазіргі кезде ағылшын тілін оқыту сапасын жақсарту мақсатында тіл үйрету саласында әлемдік озық тәжірибелерді, жаңа технологиялар мен әдістерді барынша қолдануда.

Қорытындылай келе, көптеген адамдар шет тілін үйренуді балалар үшін пайдасыз деп санаса да, шет тілін ерте жастан оқытудың тиімділігі оқушылардың пәнге деген қызығушылығымен бірге олардың сабаққа түгел атсалысатындығы, бәсекеге қабілеттілігі, әрі қарай дамуына үлкен пайда әкелетініне сенімдімін. Қазақтың қаһарманы Б. Момышұлы: «Қолына қалам ұстаған әр азамат ана тілінің қорын игерумен бірге, басқа тілдердің де асыл қазынасынан сусындауы, оны кәдеге жарата білуі абзал», – деп айтқанындай, қазіргі кезде ағылшын тілін ерте жастан меңгертудің маңызы зор.

Әдебиеттер

1. Иванова И.П. Теоретическая грамматика современного английского языка. – Москва, 1988. – С. 232-337.
2. Иманқұлова С. Жаңаша оқыту әдістемесі / Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің хабаршысы. – Филология сериясы. – 97-98 б.
3. Сақтағанова М.С., Алиева Н.Қ., Айтбаева Н.Қ. Ағылшын тілін оқытудың әдістері // Білім. – 2006. – №3. – 43-б.

Ж.С. Ахметжанова

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті

Ғылыми жетекшісі: филология ғылым. канд., доцент Ә.Қ. Жетпісбай

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА КӨРНЕКІ ҚҰРАЛДАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, әрі жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген қасиеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Бүгінгі таңда Қазақстан «білім – ғылым – инновация» сияқты үштік басқаратын постиндустриялық

әлемге бет алған кезде білім мен кәсібилік үшінші мыңжылдыққа рұқсаттама болып табылатыны сөзсіз. Осыған байланысты жаңғырту үдерісі білім беру жүйесінде жалғасын тауып, ол нарықтың нақты қажеттіліктері мен әртараптандырылған экономиканы егжей-тегжейлі есепке алуға бағытталуы тиіс.

Қазіргі кезде мектептің оқу-тәрбие үрдісінде көптеген педагогикалық технология қолданылып жүргені мәлім. Бұл технологиялардың бәрін бір сабақта қамту мүмкін емес. Сондықтан мектептегі әрбір пәнді оқыту технологиясын тандап, іріктеу және оны іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру мұғалімнің, әсіресе, бастауыш сынып мұғалімінің педагогикалық шеберлігіне тікелей байланысты.

Жалпы орта білім беру жүйесін ақпараттандыру дегеніміз компьютерлерді қолдану арқылы осы жүйеде ақпараттық жабдықтамаларды барынша тиімді пайдалану. Мұндағы басты жаңалық компьютер тек оқушы қолындағы құрал ғана емес оған қоса төмендегідей маңызды педагогикалық мәселелерді шеше алады: оқушының қабілетіне қарай үйрету ісін ұйымдастыру; сабақтағы жұмыс тәсілдерінің тиімді түрін таңдау; сабақ жүргізудің ыңғайлы жүйесін жасау.

Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту, ақыл-ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты. Теориялық білімді игерту мен жаңғырту және жаңа жағдайға іс жүзінде лайықтап қолдануға үйреткенде ғана оқушылардың алған білімі мен біліктілігі шынайы да нақтылы қалыптасады. Осындай жолмен қалыптасқан білім мен біліктіліктің танымдық маңызы да зор болады.

Ақпараттық технология – ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер мен өндірістік және бағдарламалық-технологиялық құралдардың жиынтығы. Қазіргі кезде сабақта ақпараттық технологияларды бәріміз кеңінен қолданамыз. Қазақ әдебиетінің классигі, ұлы атамыз Абай Құнанбайұлы: «Шәкірттерің жақсы оқу үшін, оның оқуға деген ынтасы және қызығушылығы зор болу керек», – деген. Расында да, тек ғана жігерлі, әр нәрсені үнемі білгісі келген, табандылығын, шыдамдылығын көрсеткен адам ғана мақсатына жетеді.

Ағылшын тілді оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану, мұғалімнің көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады. Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі компьютерлік бағдарламалардың түрлері арқылы тіл үйретуді жатқызуға болады.

Интерактивті тақта – бұл компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және де дәріс берушіге немесе баяндамашыға екі түрлі құралдарды біріктіретін: ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіретін құрал. Әр мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы

білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық.

Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ: ағылшын тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай үйрету керек? Оқушыны ынталандыру үшін қандай әдіс – тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн?

Ағылшын тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Тіпті нашар оқитын оқушылардың өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, өйткені кейбір жағдайларда компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді.

Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі – ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен – күнге өзекті болып келеді. Тілді ақпараттық – коммуникативтік технология арқылы оқыту – тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады. Сонымен қатар оқушылар интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерін дамыта алады, оқушының оқу белсенділігі артады, сабақтың негізгі кезеңдерінің бәріне оқушыларға шығармашылық жұмысты ұсынуға болады.

Орта мектептерде ағылшын тілін оқыту жүйесі қарапайым және бастапқы, негізгі, орта және ортадан жоғары деңгей бойынша базалық және пәндік құзыреттерді жүзеге асыра отырып, ағылшын тілін қатысымдық тұрғыдан меңгерту; сөйлесім әрекетінің түрлеріне сай оқушыны тілдік білім негізінде оқыған тілде сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету арқылы дара тұлғаның тілдік қабілетін дамыту, бір-бірімен сабақтас, жүйелі тақырыптарды коммуникативтік тұрғыдан ұсына отырып, оқушыларға ағылшынша тілдік қатынасты игерту мақсатын көздейді. Осы аталған мақсатқа қол жеткізу үшін оқытудың ақпараттық технологияларын пайдаланған орынды. Қазіргі кезде сабақта ақпараттық технологияларды бәріміз кеңінен қолданамыз.

Олай болса, оқушыны ағылшын пәніне қызығушылығын тудырып дамытуды және жемістің нәтижесін көруді мақсат тұтқан әрбір мұғалім жолдауға жедел үн қосу керек деп білемін. Шетел тілін үйрету қиын да, қызықты жұмыс. Қазіргі кезде ұстаздарға қойылып отырған талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып сапалы терең білім беру, оқушылардың ойлау, есте сақтау көру қабілеттерін жетілдіру.

Мектептерде жаңа технологиялар арқылы оқыту шет тілін үйренудің сапасы мен маңызын арттырады. Шет тілін оқыту процесінде тілді дұрыс үйрету ауызша сөйлеу, сауатты жазу, мәнерлеп оқыту өте маңызды. Қазіргі кезеңде мектептерде ағылшын тілін оқыту дұрыс жолға қойылған. Оқушылардың ағылшын тілін біліп ғана қоймай, оның тарихын, ұлттық мәдениетін білуге көп көңіл бөлінеді. Шетел тілін

оқытудағы білімділік мақсаты – шетел тілінде сөйлеуді үйрету, байланыста бола алу мен ортақ тіл табысып, қарым – қатынасты нығайтуға ұмтылу болса, тәрбиелік мақсаты – өзге адамдарды тыңдау мәдениетін қалыптастыру негізінде өз пікірін айта алу және қорғауға үйрету.

Ағылшын тілді оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан – жақты қолдану, мұғалімнің көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады. Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі компьютерлік бағдарламалардың түрлері арқылы тіл үйретуді жатқызуға болады.

Ағылшын тілі – бүгінгі заманымыздың кілті, компьютер технологиясының кілті екені белгілі. Ағылшын тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда: лексиканы оқып үйретеді; сөйлеу ырғағын; диалог, монолог және рөлдік ойындарды; хат жазуға үйретеді; грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі.

Қазіргі кезде ағылшын тілімен компьютер, телекоммуникациялық құралдарды меңгеруді уақыттың өзі талап етеді, тіпті кейінгі жылдары олардың рөлі зорая түсуде. Жаңа ақпараттық құралдарды ағылшын тілі сабағында қолданғанда күтілетін нәтижелер:

- үлгерімі төмен оқушыларға көмектеседі;
- оқушыларың сабаққа деген қызығушылығын арттырады;
- сабақта пайдаланылатын көрнекіліктердің санын арттырады;
- оқушылардың шығармашылығын арттырады;
- оқушыларды жеке жұмыс істеуге үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды оңай түсінуге көмектеседі;
- оқушылардың есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады;
- пікірталас, талдау, анализ жасау мүмкіндіктерін арттырады;

Ағылшын тілін оқытуда ақпараттық технология құралдарын қолданудың басты мақсаты – оқушыларға шетел тілінде қарым-қатынас жасауды базалық деңгейде игерту. Осыған сәйкес оқыту мазмұнына қарапайым коммуникативтік біліктілікті, қажетті жағдайда ауызша және жазбаша (сөз, тыңдап түсіну, оқу, жазу) өзара мәдени қарым-қатынас процессінде қолдана алу қабілеттілігі мен дайындығын қалыптастыруды қамтамасыз ететін тілдік, сөздік, әлеуметтік-мәдени білім, білік дағдылар енеді.

Компьютердің білім беру құралы ретінде кең таралуының негізгі алғы шарттары:

1. Компьютер шексіз ақпарат әлемінде еруге және ақпаратты жүйелі түрде талдап, сараптауға мүмкіндік береді. Ақпаратты алудағы жоғары жылдамдық адамның ақпараттық мәдениетінің үнемі өсуіне жағдай жасайды.

2. Компьютер адамның зерттеу – танымдық әрекетінің әмбебап құралы ретінде ерекшеленеді.

3. Өзге құралдардан компьютердің ерекшелігі – оның қатысымды құрал бола білуі. Яғни, білімгер, ол арқылы қатысымның барлық түрлерін жүзеге асыра алады. Бұл – мәтіндерді оқу, сұхбат жасау, жазу, тыңдау әрекеттері. Тіл үйренуде бұл мүмкіншіліктер ең маңызды болмақ.

4. Құрал бітімгерлерге өз әрекеттерінің нәтижесін айқын көрсете алады. Білім алуда дұрыс шешім жасай білуге деген оқушылардың өзіндік тәсілін, стратегиясын қалыптастырады.

5. Компьютердің көмегімен жаттығулардың кешенді түрлерін аз уақытта орындау мүмкіншілігі туындайды.

Ағылшын тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Тіпті нашар оқитын оқушылардың өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, өйткені кейбір жағдайларда компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді.

Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі – ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен – күнге өзекті болып келеді. Тілді ақпараттық – коммуникативтік технология арқылы оқыту – тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады. Сонымен қатар оқушылар интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерін дамыта алады, оқушының оқу белсенділігі артады, сабақтың негізгі кезеңдерінің бәрінде оқушыларға шығармашылық жұмысты ұсынуға болады.

Қазіргі заманда ғылымсыз жан-жақты дамыған өркениетті елдердің қатарына қосылу мүмкін емес. Ал мектеп мұғалімдерінің бүгінгі заманға сай берілген сабақтары осы мәселелерді шешуші күш болып отыр.

Әдебиеттер

1. Білім заңы. Алматы, 2007.
2. Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» Заңы. Астана, Ақорда, 2007.
3. Иманбаева А. Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі // Қазақстан мектебі. – 2000. – №2.

С.А. Әлжанова

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті

Ғылыми жетекшісі: филология ғылым. канд., доцент Ә. Қ. Жетпісбай

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ЛЕКСИКАМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда диалогтың да берері мол. Диалог – сөйлесудің ең негізгі түрі болып саналады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас амандасудан басталады. Мұғалім сабаққа кіргеннен оқушылармен диалогта болады. Оқушыларға белгілі бір

тақырыпта тапсырмалар беру арқылы сұхбаттар құрылады. Диалогтік сөйлесуді естіп-тыңдаумен біртұтас та, жекелей де пайдалануға болады. Мақсатты ұйымдастырылған жағдаяттар арқылы ауызекі сөйлесуге үйрету – оқушыларды қызықтырады. Диалогтік сөйлеу коммуникативтік оқытудың негізгі ұстанымына сәйкес келеді. Коммуникативтіліктің жауап алынған жағдайда ғана жүзеге асуы оның ұстанымы болып есептеледі. Ауызекі сөйлесу – жауаптасу арқылы жүзеге асады, ал жауаптасуға дейінгі дайындық кезеңдерін былайша сараланады: I кезең: диалогпен танысу; II кезең: диалогті жаттау; III кезең: диалогті қойылымға айналдыру, яғни сөйлесім іс-әрекетін қойылым іс-әрекетімен ұштастыру; Жазуды оқыту. Жұмыстың бұл түрі сауатты жазу дағдыларымен, есте сақтау қабілеттерін дамытады, әрі пернетақтаны меңгеруге септігін тигізеді. Тыңдау, сауатты жазу, әріптерді теру секілді үш іс-әрекетті бір уақытта біріктіреді. Коммуникативтік сөйлеу әрекетінің қай түрі болса да лексикалық-грамматикалық дайындық деңгейіне сүйенеді. Белсенді сөйлеу әрекетін ұйымдастыруда ауызекі жауаптасу мен мәтін бойынша жұмыс негізгі құрал болып табылады. Сонымен қатар, ақпараттық оқу құралдары (компьютер, аудио-визуалды құралдар) бойынша да оқушылар белсенді коммуникацияға түсе алады. Ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыруда сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуын, сөйлем құрастыруды, тұрақты сөз тіркестерін қолдануды, сұрақ қоюдың барлық түрлерін үйрену тиімді. Оқушылардың сөйлеу дағдылары ауызекі сөйлеу жүйесінен, сұраққа қысқа да толық жауап қарастыра алуынан, оқығандарын ауызша да, жазбаша да мазмұндап беретіндей дағды-машықтарынан, шығарма, хат жазу дағдыларынан құралады. Ағылшын тілін оқытуда ең алдымен тәжірибелік мақсат қойылады, оған оқушылардың сөздік қорларын байыту, сауатты жазуға үйрету, сөйлесуге, көргендерін, естігендерін әңгімелеп беруге үйрету қажет. Компьютерлік оқыту бағдарламаларының қай қайсы болмасын өз мазмұнынан грамматикалық жұмыс жүргізуді тыс қалдырмайды, белгілі бір грамматикалық құрылымның жұмыстарын қамтиды.

Қай тілді меңгерсек те оны әдемі, таза, шебер сөйлей білуіміз керек. Ал мақал-мәтел дегеніміз қандай тіл болмасын, сол тілдің көркемдігін, нақышын беретін шұрайы. Сол себепті шет тілінде сөйлеуді меңгеріп қана қоймай сол тілде әдемі, шебер, көркем сөйлеу білуіміз керек. Мысалы белгілі бір грамматикалық тақырыпты өткен кезде жаттығулармен қатар үй тапсырмасы ретінде мақал-мәтелдерді беріп, одан бүгінгі өткен грамматикалық тақырыпты тауып қолдануын түсіндіріп орысша, қазақша аударып келуге берілсе, бұл әрі түсіндірілген грамматикалық тақырыпты пысықтайды, әрі іздендіреді және тәрбиелік құндылығы болады. Шет тілін оқыту үрдісін жандандыру, тіл дамыту жаттығуларын қолдану, жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу бүгінгі күннің басты талабы. Біздің мақсатымыз рухани дүниесі бай, озық ойлы, айналадағы өмірге ғылыми көзқарасы қалыптасқан адамдар тәрбиелеу. Мысалы;

Ағылшын грамматикасында мақал мәтелдерді қолдануға болады. The plural of nouns. 1. So many countries, so many customs. Что ни город, то народ. Әр елдің салты басқа, иті қара қасқа. 2. Many words cut more than swords. Злые языки – острый меч. Сөз сүйектен өтеді. Modal verb “Can” I love learning English, I can read, I can write, I can speak English too. I love learning English And what about you?

Мектептерде ағылшын тілін оқытудың негізгі элементтерінің бірі – сөздік жұмысын жүргізу. Ол оқушылардың сөздік қорын байытуда ерекше орын алады. Сөздік жұмысын ұйымдастырудың басты қағидасы – оқушының лексикалық материалды белсенді түрде меңгеріп, сөйлеу тілінде оларды бекітіп, сөйлеуде белсенді түрде қолдана білуге үйрету негізінде қалыптасады. Сөздік жұмысын ұйымдастырудың қағидаларын білу аса қажет. Олар игерілуге, білуге қажетті сөздер, жиілік, ахуалдық – тақырыптық негізінде сөз іріктеледі. Сөздік жұмысын ұйымдастырудың басты мақсаты – оқушының лексикалық материалды белсенді түрде меңгеріп, оны сөйлеу тілінде түрлі тұлғада қолдана білуі, яғни оқушы ол сөзді кез келген грамматикалық формада қолдана алуы қажет. Мысалы: оқы, оқып отыр, оқыған, оқиды т. б. мысалда олар әртүрлі грамматикалық формада беріліп тұр. Әрине, сөздік жұмысы арнайы сабақ болып өтілмейді. Ол біздің әрбір сабағымыздан орын алады. Сондай – ақ, сөздік жұмысы мәтінде кездесетін түсініксіз сөздермен ұғымдарды түсіндірумен ғана шектелмейді. Оқушының сөздік қорын қалыптастыруға байланысты мынадай мақсаттар қойылады:

1. Әр сабақта белгілі мөлшерде оқушыға жаңа сөз үйретіп отыру, яғни оқушының сөздік қорын дамыту.

2. Оқушыны сөзді тыңдауға жаттықтыру.

3. Оқушы меңгерген сөздерімен сөз тіркесін, екі – үш сөзден тұратын сөйлем құрай алатын болуға тиісті. Бұл сөйлеуге, сөйлесуге үйрету үшін қажет.

4. Ағылшынша сөздерді дұрыс айта білуге дағдыландыру керек.

5. Оқушыларға қысқа өлең, тақпақ, мақал – мәтелдер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар жаттап үйрету керек. Оның ағылшын тіліндегі дыбыстардың дыбысталу ерекшеліктеріне тілдерін жаттықтыруда үлкен пайдасы бар.

Мысалы,

1. Many hands make light work.

Көп түкірсе, көл болады.

2. Too many cooks spoil the broth.

Қойшы көп болса, қой арам өледі.

3. Make hay while the sun shines.

Қыстың қамын жаз ойла

Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады.

Оқушылардың бақылау, заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады.

Арнайы ойын-сабақ және сабақ мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Ойын ұйымдастыруда тәрбиеші өзі жетекші бола отырып, оқушылардың ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады.

Сонымен қатар ойын барысында оқушы үлкендермен, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасайды. Әр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады. Сондықтан да ойын-тапсырмаларды таңдауда және іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелігін ескерген жөн.

Ал сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. Мысалы: «Сөз ойла», «Remember the words», «make words», «Жұмбақ ойла», «Make a puzzle», «Жақсы-жаман», «Good or bad», «Жалғастыр», «Continue». Сонымен қатар балалардың сөздік қорларын дамыту жұмысына ойындарды қолданумен қатар, «Пішіндер көрмесі», «Gallery of figure», «Remember the figure», «Қиын жолдар», «Difficult road», «Суретті жалғастыр», «Continue picture» «Биші адамдар», «Dancers», «Көңілді таяқшалар» «Funny sticks» тәрізді жаттығу тапсырмаларды да пайдаланып отыру өз нәтижесін берді. Бұл аталған жаттығу, тапсырмалар балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамытады.

Жалпы ойынды ұйымдастыру ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге әзірлік болып табылады.

Оқушылардың ойынның мазмұнымен таныстыру ойынды өткізу болып табылады. Ойынды талдау, бұл ойынның өз мақсатына жетуі, балалардың белсенділігі және олардың іс-әрекеті болып табылады.

Сонымен оқушылардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді. Оқушыларға әр сабақтың жаңа сөздерімен сөз тіркестерінің сөздігін жасатуды қалыптастырдық. Бұл жұмыстың пайдасы зор. Оқушы әр сабақтағы жаңа сөздер мен сөз тіркестерін өз сөздігіне жазу арқылы ол сөздердің жазылуын, аудармасын қайталайды, оның есінде сақтау мүмкіндігі артады. Оқушы өз сөздігін кез келген уақытта пайдалана алады. Сөйлеуде, кітап оқуда,

керек жағдайдың бәрінде өз сөздігінен керек сөзін тауып алып пайдалануына болады.

Сондай-ақ, оқушының сөздік қорын тексеру әдістері бар. Олар мыналар:

1. Әңгімелесу, әңгіме құрату – өзін қоршаған орта туралы: үй іші, мектебі, сыныбы, ата-анасы, оқу-құралдары, т.б.

2. Оқушының күнделікті жиі пайдаланатын заттарын көрсету арқылы оны атату (киім-кешек, ыдыс-аяқ, үй жиһаздары т.б.).

3. Сөзді түсініп айту дәрежесін тексеру (таныс емес заттарды көрсету, т.б.).

Жалпы өз тәжірибемнен алып айтатын болсам, мен өзімнің әрбір сабағымда оқушыларға үй тапсырмасы ретінде сөздік жаттауды міндетті түрде беріп, ал келесі сабақтарда сол сөздікті сұрауға арнайы уақыт бөліп отырамын. Яғни оқушылардан сөздікті не жазбаша түрде, не ауызша түрде қайтадан сұрап отырамын. Себебі бұл шет тілі болғандықтан біздің әрбір сабағымызда жаңа сөздердің болмауы мүмкін емес. Ал егер әрбір сабақтағы жаңа сөздерді оқушы жаттап алып отырса, онда бірінішіден ол оқушының сөздік қоры жаңарады, екіншіден, бұл әдіс оқушының келесі сабақты да жақсы түсінуіне түрткі болады деп ойлаймын. Оқушылардан сөздікті жазбаша түрде сұрауымның себебі, олар тек ауызша ғана жаттап алып қоймай сөздің орфографиялық жағына да мән беретін болады. Мысалы, бір сабақтың үстінде бір оқушыдан ауызша сұрасам, бір оқушыдан жазбаша сұраймын. Яғни, оқушы сонда ауызшаға да, жазбашаға да дайындалып келетін болады.

Сөздік жұмысын ұйымдастырудың басты қағидасы – оқушының лексикалық материалды белсенді түрде меңгеріп, сөйлеу тілінде оларды бекітіп, сөйлеуде белсенді түрде қолдана білуге үйрету негізінде қалыптастыруды жүзеге асырамын. Ағылшын тіліндегі сөздер тек лексикалық түрінде ғана оқушыға меңгеріп қоймай, ол лексика-грамматикалық бірлікте іске асырылу қажет. Мысалы, «оқушы, оқы, кітап» деген сөздерді жеке бермей, оны сөз тіркесімен берген жөн. Бұл сөздік жүргізудің бір қағидасы болып саналады. Оқушылардың сөздік қорын қалыптастыруда сабақта пайдаланатын көрнекі құралдардың маңызы зор деп айтар едім. Көрнекі құралдың мазмұнын оқушылар мұғалімнің ауызша түсіндіру арқылы біледі де, ал көрнекі құрал сол айтқандарын айқындай немесе нақтылай түседі.

Әдебиеттер

1. Қазақстан мектептерінде ағылшын тілін үйрету журналы. – Алматы, 2008.
2. Амандықова Г.Н., Мұхтарова Ш.Е., Баймұқанова Б.С. Шет тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2000. – 154 бет.

Н. Бейсетай

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті

Ғылыми жетекшісі: филология ғылым. канд., доцент Ә.Қ. Жетпісбай

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ – КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Білім беру саласында бәсекеге қабілетті жаңа мамандарды дайындау басты назарға алынған. «Ұстазсыз шәкірт тұл» демекші, жан-жақтылыққа жағдай қарастырылған. Әр пәнді оқытуда негізгі контент жүйеге алынады.

Мұғалімдерге қойылатын талаптардың бірі – оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. Осындай аса қажетті технологиялардың бірі – ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану. АКТ-ны игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін қажетті шартқа айналды. АКТ-ның дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді шәкірт тәрбиелеу мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

«АКТ құралдары» дегеніміз – микропроцессорлық және жаңа АКТ негізінде қызмет атқаратын, ақпаратты таратудың жаңа құралдары мен жүйелері, ақпаратты жинақтау мен олардың қорын жасау, сақтау мен өңдеу, оларды жан – жақты таратуды, одан қалды компьютерлік жүйелердің ақпараттар қорына енуді қамтамасыз ете алатын программалық, программалық – аппараттық және техникалық құралдар мен құрылымдарды айтамыз. Компьютерлік технологияны пайдалана отырып дарынды, орташа және үлгерімі төмен оқушыға сабақты ойдағыдай меңгеруіне мүмкіндік туғызу; Оқушының есте сақтау қабілетін ескеру (жедел, қысқа мерзімді және ұзақ уақыттық есте сақтау) [1, 57].

XXI ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда ақпараттық технологияны пайдалану әдісі зор рөл атқарады. Осы орайда ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдауындағы «оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды білім беру саласын жақсартуда қолданыс аясын кеңейту керек» деген сөзін басшылыққа ала отырып, сабақта жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануға жаппай көшуіміз керек. Ақпараттық технологияларды сабақта пайдаланудың негізгі мақсаты: Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық органы құру, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыру болып табылады.

Шетел тіліне оқытуда интернет беретін мүмкіндіктер мен қызметтерге тоқталып өтейін. Мысалы: оқушылар интернет талаптарында берілетін құжаттардағы тапсырмалар мен жаттығуларды орындай алады, үйреніп жүрген тілінде электронды пошта арқылы хат алысып, виртуалды қатынас клубтары – конференцияларға қатыса алады. Сонымен бірге, белгілі бір уақытта мәтіндік хабарламалар мен алмасуға, радиобағдарламаларды тыңдауға, бейнероликтер көруге, яғни кез келген түрін қолдануына толықтай мүмкіндіктері бар.

Шет тілін оқытуда заманына сай көрнекі құралдар, аудио материалдар қолдану, мультимедиялық құралдарды пайдалануға үлкен мән беру керек. Сабақ барысында техникалық құралдарды (бейне магнитофон, теледидар, проектор, компьютер) пайдалану оқушылардың өз тілінде сөйлейтін адамдардың тілін тыңдап, оны көзбен көре отыра ақпарат алуына көмегі тиеді. Бұл жағдай оқушылардың сөйлеу деңгейін жақсартуына көмектеседі. Тыңдау арқылы олар өздерінің сөйлеудегі қателерін жөндей алады. Бұл «аудирование» терминінің өзі де шет тілін тыңдап, оны түсіну деген мағына. Аудио немесе бейне таспаларды тыңдағанда коммуникативті жаттығулар жасалу керек. Алынып отырған тапсырмалардың жеңіл-қиындығын ескере отыра, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, диалог және монолог құрастыру сияқты жаттығулар жасалуы қажет. Бейне фильмді көріп отырып, жаңа сөз немесе сөз тіркестері кездескенде тоқтап, сол сөздерді қайталап және әрбір көріністен кейін сұрақтар қойып отырған жөн. Сабақтың қорытындысы ретінде тест сұрақтарын беріп, нәтижесін тексеріп, бағалау қажет [2, 125].

Ағылшын тілі – бүгінгі заманымыздың кілті, компьютер технологиясының кілті екені белгілі. Ағылшын тілі – ұлы әдебиет тілі. Бұл тілде әлемге әйгілі Вильям Шекспир, Джонатан Свифт, Вальтер Скотт сөйлеген. Поляк педагогы В. Оконь оқыту құралдарын мұғалімнің іс-әрекетін ауыстыру мен білім алушылардың әрекетін автоматтандыру мүмкіндігінің өсуіне байланысты жіктейді. Осыған сәйкес, оқыту құралдары екі топқа бөлінеді: жәй және күрделі. Жәй құралдар: сөздіктер, оқулықтар және басқа да мәтіндер; қарапайым визуалды құралдар: нақтылы заттар, суреттер. Күрделі құралдар: аудио құралдар: магнитофон, радио, музыка ойнатқыш; аудиовизуалды: дыбысты фильм, телевизор, бейнежазба; оқыту процесін автоматтандыру құралдары: мультимедиялық кабинет, компьютерлер, ақпараттық жүйе, телекоммуникациялық жүйе. Бұл технологияларды әсіресе шет тілін үйренуде пайдасы өте зор. Себебі, тіл үйрену арқылы адам бүкіл бір ұлттың мәдениеті мен әлеуметін қатар үйренеді. Ал оны толықтай меңгеру үшін оқулықтың аздық етері анық. Адам көру, есту арқылы тіл қолданушылардың мәдениетін тезірек сезінеді. Яғни, өзінің де сол тілді меңгергендердің қатарына қосылуы әбден мүмкін. Қазіргі таңда жаңа ақпараттық технологияларды оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыру құралы ретінде қолдану өте тиімді [5, 18]. Жаңа ақпараттық

технологияларды енгізу және қолдану, интеллектуалды дамыған, ақпараттық ортада жақсы әрекеттене білетін тұлғаны қалыптастыру жолында пайдалы болуы мүмкін коммуникация құралдарының барлығын пайдаланудың белсенді процесі жүріп жатыр [3, 28].

Ең тиімді программалардың бірі Microsoft Power Point. Ол мұғалімге қысқа мерзімде өзінің үлкен дидактикалық материалдармен қамтамасыз етіп, компьютерлік білімін даярлауға көмектеседі. Және ол оқушылардың түрлі қабілеттерін ашады. Олар: есте сақтау, көру, есту, ойлау, эмоционалды, автоматты және т.б.

Ағылшын тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда:

- лексиканы оқып үйретеді;
- сөйлеу ырғағын;
- диалог, монолог және рөлдік ойындарды;
- хат жазуға үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі. [4, 69]

Көбіне мен ағылшын пәнінде компьютерді жаңа сабақ түсіндіргенде, грамматикалық құрылымдарды өткенде және қорытынды сабақта қолданамын. АКТ-ның керемет мүмкіндіктері оқушыларды таң қалдырады, шабыттандырады. Сонымен қатар АКТ-ны қолдана отырып, жаңа материалдарды түсіндіруге, меңгеруге қолайлы; берілген материалды әсерлі жеткізуге және оны топтағы оқушылары арасында талқылауға үлкен мүмкіндіктер туғызады.

Ал, электрондық оқулық тандап алынған хабарды көшіруге мүмкіншілік туғызады. Электронды оқулықтың ең қажет мүмкіндігі аудио-хабарлар. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видео-көріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсетуге болады. Бұл, әрине оқытушының тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі. Ағылшын тілі – бүгінгі заманымыздың кілті, компьютер технологиясының кілті екені белгілі.

Тіл үйрену барысында жаңа технологияларды қолдана отырып, педагогикалық қалыптасқан жазу, тыңдау, түсіну, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға әбден болады. Ал енді психологиялық жағына келетін болсақ, қазіргі уақыт ағымындағы оқушылардың әрқайсысының үйлерінде әдетте көптеген ойындары бар компьютерлер, видеолар мен телевизор бар болғандықтан, олар қоршаған ортаны осындай тәсілмен қабылдауға үйренген. Компьютерлік және ақпараттық технологиялар заман талабы. Компьютер желісін және мультимедиялық – электрондық құралдарды шет тілі сабағында тиімді қолдану, нақтылап айтқанда ағылшын тілі сабағында презентацияларды және мультимедиялық – электрондық құралдарды мектеп қабырғасында және білім беру процесінде терең қолдану.

Әдебиеттер

1. Исаева Г. Шет тілі сабағында инновациялық технологияларды қолданудың кейбір ерекшеліктері // Мектептегі шет тілі. – 2011. – №3.
2. Иманбаева А. Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі // Қазақстан мектебі. – 2000. – №2.
3. Мақсұтқанова М. Интерактивті тақта: Оқыту-тәрбиелеу технологиясы. – 2010.
4. Мусаева Г.Ә. Ақпараттық технологияны оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыру құралы ретінде қолдану // Мектептегі технология. – 2010.
5. Жаримбетова Г.Т. Интерактивті тақтада жұмыс жасау мүмкіндіктері. – 2008. – №9.

С.Ж. Билялова

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті

Ғылыми жетекшісі: филология ғылым. канд., доцент Ә.Қ. Жетпісбай

ШЕТ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Шетел тілінде оқушылар дұрыс қарым – қатынас жасай алу үшін, олар ауызша айтылған сөзді тыңдап түсінулері тиіс Шетел тілінің қызметі – оқушыларды өздері үйреніп жатқан тілде сөйлейтін халықпен түсіністік, ортақ көзқарас орнатуға дайындап, тәрбие, білім беріп әрі жеке басын, өмірге көзқарасын жан – жақты дамыту. Шетел тілі пәні бойынша білім мазмұнына тақырыптар, қарым – қатынас ситуациялары, мәтіндер, тілдік материалдар; лексикалық, грамматикалық, фонетикалық, практикалық біліктер, сөз әдептері, оқу әрекетінің тиімділігін іске асыратын жалпы оқу білік дағдылары жатады.

Қандай тілде болмасын оқу, жазу, сөйлеу, тыңдау дағдыларын дұрыс іске асырғанда ғана мақсатқа жетуге болады емес пе? Мысалы, мәтін оқыған кезде ашық жауап, дұрыс – бұрыс жауап таңдау сұрақтары, кім? не? сұрақтары, тақырыпшаларды параграфтармен, суреттермен байланыстыру, мәтіннен қателер табу, бос жерлерді, таблицаларды толтыру, мәтіндегі сөздер мен тіркестердің мағынасына тоқталу, мазмұны туралы пікірін білдіру, байланыс тіркестерін табу сияқты тапсырмаларды орындау арқылы кез-келген дәрежедегі мәтіндерді қызығушылықпен меңгеріп, еске сақтауға жағдай жасалады. Сонда ғана оқу стратегиясы жүзеге асырылады.

Оқушылардың шет тілінде дұрыс сауатты сөйлеуінде тілдік материалды меңгерудің рөлі өте зор. Сөздік жұмыс мәтінде кездесетін жаңа сөздерді іздеумен қоса түрлі тұрақты сөз тіркестерді, қосымша мағыналы сөздермен жаттығулар орындау арқылы жүзеге асады. Фонетикалық материал бір қарағанда, жоғары сыныптарға керегі жоқ сияқты болғанымен, кейбір дыбыс емлесінің ерекшеліктері, дауыс ырғағы, екпін түсіру сияқты нәрселерді сабақта еске түсірудің маңызы

зор. Оның бәрі оқушының тілге деген қызығушылығын арттырып, сабақтың әсерлі өтуіне септігін тигізеді.

Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ: ағылшын тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай үйрету керек? Оқушыны ынталандыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн?

Білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе – тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Инновациялық технологиялардың көптігіне, олардың түрі мен әдістерінің сан – салалағына қарамастан, әр технологияның элементтері өзара бір – бірімен байланысып кірігеді.

Ағылшын тілі сабақтарында компьютермен жұмыс істеу де ерекше орын алады. Қазіргі таңдағы техникалық оқыту құралдары – телефон, телевизор, магнитофон, мультимедиялық кабинет арқылы оқыту тілдерді меңгерту қызметіне жаңаша қарауды, бұл бағытта қол жеткізген табыстарымызды сын көзбен қарап, саралап ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін енгізуді қажет етеді.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Экономиканың барлық салалары үшін жоғары білікті және бәсекеге қабілетті кадрларды даярлаудың сапасын арттыру және кәсіби міндеттерін дербес әрі шығармашылық, тұрғыдан шешуге, кәсіби қызметтің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсінуге, оның нәтижелері үшін жауап беруге қабілетті кәсіби құзыретті жеке тұлғаны, бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беруді

Соңғы жылдары оқу ағарту жүйесінде жаңа ақпараттық технологияны қолдану мәселесі жиі көтеріліп жүр. Бұл тек ғана жаңа техникалық құралдарды ғана қолдану емес, сонымен қатар оқыту үрдісінде жаңа формалар мен оқытудың жаңа интерактивті әдістерін қолдану деген сөз.

Жоғары білім берудің қазіргі жүйесі ақпараттық технологияларды және компьютерлік телекоммуникацияларды өте белсенді қолдануда. Қазіргі жаһандану заманында Интернет жүйесінің пайда болуымен байланысты қашықтықтан білім беру жүйесі динамикалық түрде дамуда, ол өз кезегінде білім беру мекемелерінің қуатты компьютерлік технологиялармен қамтамасыз етілуін талап етеді. Оқытудың компьютерлік технологиясы дегеніміз – оқушыға компьютердің көмегімен ақпаратты даярлау және беру процесі. Компьютерлік технологияға оқытудың әр түрлі әдістерін енгізуге болады: программалық оқыту, интеллектуалдық (проблемалық) оқыту, эксперттік жүйелер және т.с.с.

Жаңа компьютерлік технологиялардың дидактикалық мүмкіндіктері (дыбысты қосу-өшіру, жауапты дискіге микрофон арқылы жазу,

эталонмен салыстыру, мәтінді жоғары-төмен, оңға-солға жылжыту, CD негізінде мультимедиалық құралдар арқылы мәтінді, дыбысты, графиканы, мультипликация мен бейнені біріктіру және т.б.) мәдениаралық қатынастардың тиімділігін анағұрлым артырары сөзсіз.

Жоғары білім беру жүйесінде енгізілуіне және қалыптасуына қазақстандық жоғары оқу орындары белсене қатысып отырған қашықтықтан оқытудың бүгінгі таңдағы қалыптасып келе жатқан моделі сырттан оқудың бір түрі, нақтырақ айтқанда, тек қана компьютерлік телекоммуникацияны қолданатын сыртай оқытудың формасы болып табылады. Қашықтықтан оқыту курсының мұндай моделдерінде өз бетімен оқуы үшін жекелеп немесе тұтасымен қолдануға жіберілетін дәрістер жиынтығы ұсынылады. Оқу материалын алған соң, қолданушы онымен үйінде, жұмыс орнында немесе компьютерлік сыныпта жұмыс жасайды.

Ақпараттық технологиялардың дамуы сабақты өткізудің жаңа, өте пайдалы мүмкіндігін – оқытудың қашықтық формасын енгізуді ұсынады. Ол, біріншіден, білім алушының оқытуды өткізу уақытын және орнын таңдауға мүмкіндік береді, екіншіден, белгілі бір себептерге байланысты дәстүрлі білім алу мүмкіндігінен айрылған тұлғаларға білім алу мүмкіндігін береді, үшіншіден, оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолданады, төртіншіден, белгілі бір көлемде оқуға кететін шығынды азайтады.

Қашықтықтан оқытудың артықшылықтары: а) компьютерлік телекоммуникациялар оқу материалдарын тыңдаушыларға жылдам жеткізеді; ә) телеконференциялар арқылы нақты уақыт режимінде студенттердің мұғаліммен сұқбаттасуын ұйымдастыра алатын виртуалды сынып жасау мүмкіндігі туады; б) ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың барлық қуатын оқытуға да, әрі студенттермен кері байланыс жасауға да пайдалануға болады.

Қашықтықтан оқыту оқу үрдісінде студенттердің шығармашылық дағдыларының қалыптасуына, біліктілігін жетілдіруіне, талмай ізденуіне үлкен қозғаушы күш болып табылады. Себебі Web-сайт арқылы оқытушы дүниежүзілік әдістемелік жүйелермен танысады.

Қашықтықтан оқыту – білім ордасынан қашық тұратын студент жастардың оқу-танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыру технологиясы. Қашықтықтан оқыту оқытушы мен студенттің педагогикалық қарым-қатынастарының құралдары мен әдістері көмегімен жүзеге асырылады. Қашықтықтан оқытуда әр түрлі субъектілер қатысады. Қашықтықтан оқытатын педагог – негізгі оқытушы технологиялық нұсқау беруші, қашықтықтан оқытудың үйлестірушісі, оқу материалдарының әзірлеуші автор. Аталған қызметтік рольдерді бір ғана маман қатарынан атқара алады, қашықтықтан оқытушы педагог бір мезгілде курстық әзірлеушісі де бола алады, ал жергілікті үйлестіруші оқушылардың өзі де болады.

Қашықтықтан оқыту арқылы мынадай әлеуметтік маңызды функцияларды іске асыруға болады:

– халықтың қоғамдық білімдік деңгейін көтеру, білімнің сапасын көтеру;

– мемлекеттің сапалы мамандар дайындау қажеттілігін қанағаттандыру;

– халықтың әлеуметтік және кәсіптік жағдайын көтеру, кәсіпкерлерді әлеуметтік түрде белсендіру, өзіндік білім деңгейін көтеру;

– жеке мектептерде жинақталған білімдерді сараптау және кеңейту.

Қашықтықтан білім беру негізінен компьютерлік техниканы кеңінен пайдалана отырып, білім беру жүйесін ақпараттандыру ісіне негізделген.

Интернеттегі барлық жұмыс технологиялары сияқты қашықтықтан білім берудің басты артықшылығы шет тілін оқытудың вербалды әдістерін іздену әдістеріне, шығармашылық іс-әрекетке араластыру болып табылады. Қашықтықтан оқыту курстары жоо-ға түсушілер үшін оқулықтарды және көмекші құралдарды ауыстырмауы қажет, олар, біздің көзқарасымызша, білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруы үшін негізді қалыптастыруы тиіс.

Интернет арқылы шет тілдерін қашықтықтан оқытудың негізгі әдістемелік проблемасы шет тілдерін оқытудың практикалық курс әдістерін өңдеуге жалпы тәсілдің жоқ болуы болып табылады. Соның өзінде барлық әдістемелік қағидалардың әрекеттілігін анықтайтын оқытудың басты шарттарының бірі оқытушының біліктілігі болып табылады. Оқытудың құралы қандай болмасын, олар тек құрал болып қалады. Оқыту процесінде басты роль әрқашанда оқытушыға берілген және беріле бермек. Оқытушы оқытудың барлық процесін бағыттайтын және құратын да өзі, оқыту процесінің жетістікке жетуі де оқытушының біліктілігі және педагогикалық шеберлігіне байланысты, өйткені мәшине қандай «ақылды» болмасын, оны адам басқарады.

Компьютерлік өнімдер нарығында жылдан жылға оқыту бағдарламалары, электронды оқулықтар саны өсуде. Шет тілі сабағында компьютерлік оқыту программаларын қолданып жұмыс жасау формаларына мыналар жатады: лексиканы оқыту; сөздердің айтылуын өңдеу; диалогтық және монологтық сөйлеуді үйрету, жазуды оқыту; грамматикалық құбылыстарды оқыту.

Қазіргі таңда электронды оқулықтарға келесі талаптар қойылады: құрылымдылығы, қатынаста қолайлылығы, мазмұндалатын материалдардың көрнекілігі. Жоғарыда айтылған талаптарды қанағаттандыру үшін гипермәтіндік технологияларды қолдану өте қолайлы болмақ. Электронды оқулықты қолдану тәжірибесінің нәтижесі және тестілік бақылау көрсеткіштері бойынша студенттер оқытылатын материалдарды сапалы меңгереді. Қазіргі заманда білімнің негізі студенттердің жеке және кәсіби өсуіне бағытталған рефлексивті сипаттағы ойлау және іс-әрекет тәсілдері болып отыр. Оларға әр түрлі интерактивті әдістер

жатады, бұл әдістер студенттерді оқытушылық тәжірибе мен шығармашылық потенциалын дамытуға дағдыландырады. Олардың негізінде рефлексивті ойлауға оқыту, зерттеуге деген қызығушылығын тудыру, проблематизация және интенсификация сияқты стратегиялар жатыр.

Әдебиеттер

1. Данкин А.А. Проектирование информационной инфраструктуры вуза // Педагогическая информатика. – 2001. – №2. – С. 35–40.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005–2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан. – 2004. – 16 қазан.
3. Лекерова Г., Маджуга А. Инновационные педагогические технологии в образовательном процессе // Высшая школа Казахстана. – 2001. – №6. – С. 29–32.

М. Букурова, А. Мусатаева

*студенты Павлодарского государственного педагогического университета
Научный руководитель: кандидат филол. наук, доцент Б.Д. Нызметова*

КАК РАЗВИВАТЬ ТВОРЧЕСКИЕ СПОСОБНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА?

Для формирования творческого потенциала учеников на уроках иностранного языка необходимо рассмотрение методов обучения, основанных на расширении мотивационного аспекта, на правильном подборе учебного материала и освоения его на адекватных формах с применением ролевых и имитационных игр, проектов, разработок творческих средств. Большинство школьников, которые приступают к изучению английского языка, думают, что это легко и весело. Вскоре они осознают, что это не совсем так, и спустя некоторое время английский язык переходит в разряд нелюбимых предметов. Традиционные способы обучения и различные упражнения по плану к нужному результату, к сожалению, не приводят. Обучение более эффективно, когда дети активно увлечены процессом.

Существует множество способов побудить учеников к активности, и самые эффективные из них творчество, игра и любопытство. В современных учебных заведениях игры являются неотъемлемой частью обучения иностранному языку, т.к. они благоприятствуют усиленной языковой практике. Метод игровой техники можно использовать для стимуляции, снижения напряжения после тяжелой темы, или же для смены деятельности на уроке, поэтому отлично подходит, как и в начале урока, так и в конце. Но самым важным остается то, чтобы игры приносили радость, поднимали настрой обучающегося, а также способствовали в тренировке языковой практики.

Одним из важных достоинств игр считается то, что все учащиеся занимаются вместе и одновременно. Участие ребенка в играх формирует

умение сотрудничать, соревноваться (для достижения наилучшего результата), не проявляя агрессии, уметь проигрывать, брать на себя ответственность.

При планировании урока педагогу необходимо думать не только об изучении новых слов, какой-либо структуры, но и поставить для себя цель, предоставить все возможности для развития индивидуальности каждого ученика. Для поддержания интереса школьников к английскому языку, стоит подвести наблюдениям, интересующие учеников приёмы работы. Основная цель педагога – добиваться того, чтобы у его учеников не пропадал интерес к изучению английского языка.

Игры внушают интерес детям, способствуют стать творческой личностью, учат творчески относиться к любому делу, следовательно, помогают выполнять задание или дело на высшем уровне. Творчество – это вечное продвижение и модернизация в какой-либо деятельности. Уровень жизни творческого человека зависит от его творческих возможностей.

Дети очень любят фантазировать, сочинять, изображать, выдумывать, перевоплощаться, сама природа заложила в них творческий дух. Если не проявлять интерес к детскому творчеству, не развивать его, то совсем скоро оно начнет увядать. Необычное в обычном может разглядеть каждый, как и взрослый, так и ребенок. Исходя от этого, взрослым необходимо проводить совместные творческие игры с ребенком, так как их это сближает, и дает возможность использовать этот важный аспект в воспитании. Не стоит однако забывать, что при всей эффективности и огромного интереса от игры, нужно знать меру, в противном случае, они навеют скуку и дети уже не будут под эмоциональным воздействием, как прежде.

Приведем несколько примеров творческих заданий для изучения английского языка, которые способствуют проявлению наблюдательности и внимания со стороны учащегося, который, в свою очередь, при затруднении, совершенствует свой мыслительный потенциал:

1. «Лишнее слово»: определить лишнее слово в данном ряду, с последующим разъяснением своего выбора:

- carrot, tomato, cucumber, cheese;
- pepper, orange, kiwi, banana;
- coffee, salt, cucumber, water;
- cake, potato, chocolate, ice cream;
- juice, water, coffee, onion.

2. Составление сюжетного рассказа от имени определенного персонажа, к примеру, лисы. Предлагаются такие вопросы, как:

- Who are you?
- How old are you?
- Where do you live?
- How do you look like?

– What color are you?

3. Расположения текста, абзацев, предложений в логическом порядке.

4. Игра «Аукцион». Ученикам дается возможность назвать как можно больше слов по определенной теме.

5. Творческие диктанты. Воспроизведение аудио текста, по которому ученикам нужно изобразить рисунком или схемой, то что они услышали и поняли.

Благодаря этим упражнениям, ученики развивают причинно-следственное мышление, которое лежит в основе творчества, так как учащиеся пробуют предвидеть последствия своих возможных действий и планировать необходимые преобразования с текстом или словом.

Педагогическое мастерство учителя преподносит возможность вести любой предмет творчески, в зависимости от интереса самого педагога к творческому обучению и уровня настроенности всего класса. Творческий дух просыпается в тех случаях, когда для этого предоставлены все условия: в школе, с друзьями, дома; тогда лишь у ребенка возникает желание работать, появляется некая заинтересованность, разжигающая его любопытство познавать новое, что дает возможность развивать его как творческую личность.

Многочисленные исследования позволили определить условия эффективности формирования творческих способностей:

– идеальное сотрудничество социально – педагогической и методической службы и наличие продуктивной материально-технической базы школы;

– профессиональное мастерство, с достаточным уровнем компетентности от педагога, а также, его способность располагать задания от репродуктивных к эвристическим, используя современную систему обучения;

– своевременный отказ от традиционных форм обучения, с необходимой реализацией общения с учениками через игру;

– доверительные отношения, подтверждающие наличие положительного психологического микроклимата в школе;

– проведение внеклассной работы [1].

По экспериментальным показателям, при профессионализме и компетентности педагога английского языка, при широте его кругозора, а также, развивающей и доброжелательной критике сверхкритического взаимодействия, которое способно формировать творческие способности учащихся, уславливаясь на включении обучающихся во внеклассную работу, способствующая реорганизовать учебный процесс, в котором учащийся может быть созидателем, а учебный материал – способом достижения созидательной цели. За счет этого, были введены все необходимые условия для успешного процесса работы, улучшая материально-техническую базу, был в использовании специальный материал для обу-

чения, имеющий описание и показ действия эмпирических методов, стратегий и приемов.

Для овладения этими умениями были предусмотрены необходимые упражнения:

– понимание пройденного лексического материала. Эти упражнения включают в себя игровой и занимательный характер, к примеру: «Кто скорее переведет данное предложение»; «Кто скорее найдет разницу между значениями» и т.д.;

– по контексту и по формальным признакам, лингвистический домысел. Упражнения в форме интеллектуальных игр, также годятся для соревнований, например, «Кто скорее догадается о значении слов с одинаковым корнем и разделит по группам, также учитывая значение суффиксов и приставок».

По последним данным, небольшое число исследователей посчитали важной основой потенциала – мотивацию, а не высокую креативность или выдающийся интеллект. Этим подходом была повышена продуктивность обучения, как было выяснено, люди, у которых способностей меньше, но тем временем, имеющие желание достичь конкретную цель, прилагают более эффективные усилия, нежели одаренные и не очень-то заинтересованные дети. Как известно, если активность к определению, как способность человека к любому действию, то «активизация есть процесс, который направлен на достижение активности субъекта, на выявление и удержание данной способности человека» [2].

Современные психологи и педагоги, проанализировав основные методы и разобрав их функции, пришли к единому согласию, что метод познавательной игры, практический метод и ситуационный метод являются самыми эффективными для развития творческих способностей. Они также выделили общие положения и правила:

1) для развития любознательности ученика, предоставление в его окружающую среду различные новые для него предметы и стимулы;

2) создание условий для продуктивного развития творческих способностей ребенка;

3) стимулирование высказывания оригинальных идей у учащегося;

4) умолчание о критике в адрес учащегося и чрезмерная доброжелательность от педагога;

5) предоставление благоприятно действующей атмосферы;

6) предоставление возможностей для практики;

7) обеспечение возможностей ребенку активно задавать интересующие его вопросы;

8) использование личного (наглядного) примера творческого подхода к решению проблем [3].

Игровая педагогическая мотивация может создавать хорошие условия для формирования творческой личности, так как, она стимулирует эффективную и продуктивную самостоятельность учащихся. При таких

условиях преподавание преобразуется в процесс, приносящий радость и удовлетворение человеку.

Литература

1. Лепшокова Е.А. Проблема соприкосновения российской и английской культур в ментальности студентов / Научные труды №5. Серия: гуманитарные науки. – Пятигорск: Технологический университет, 2001. – С. 42. – 0,1 п.л.
2. Большая Советская энциклопедия (в 30 томах) / Гл. редактор А.М. Прохоров. – Изд. 3-е. – М.: Советская Энциклопедия, 1967.
3. Артемьева Т.И. Развитие личности и ее способностей // Проблемы психологии личности: сборник. – М.: Наука, 1982. – С. 170-172.

А. Әбділдәбек, Ш. Орынтай

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенттері

Ғылыми жетекшісі: филология ғылым. канд., доцент Б.Д. Нығметова

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Жалпы білім беретін мектеп жан-жақты білім мен біліктің, сонымен қатар оқушылардың дербес белсенділігі мен жеке жауапкершілігінің, яғни қазіргі білім сапасын анықтайтын негізгі құзіреттіліктердің интеграцияланған жүйесін құруы керек. Шетел тілін оқыту теориясының қазіргі жағдайы және білім жинақтау үздіксіз оқытудың тиімділігіне қайта оралуды қажет етеді. Қазақстанда шетел тілін үйренудің әлеуметтік-мәдени контексті түбегейлі өзгерді.

Құзыреттілік – шетел тілін оқыту процесінде қалыптасқан білім, білік, дағдылардың жиынтығы ретінде. Сондықтан, «тіл» – бұл адамның айналасындағы әлемді ғана емес, сонымен бірге оның менталитетін, ұлттық мінезін, өмір салтын, салт-дәстүрін, дүниеге көзқарасын бейнелейтін мәдениеттің айнасы. Балаға тіл мәдениетін үйренуге және оның ағылшын тілінде сөйлесуге деген ықыласын қолдауға көмектесетін мұғалім. Құзыреттілік – сыртқы әлеммен тиімді өзара әрекеттесу. Бұл жеке қасиет, ол жалпы қабілеттілікте және оқыту мен әлеуметтену процесінде алынған білім мен тәжірибеге негізделген және іс-әрекетке тәуелсіз және сәтті қатысуға бағытталған.

Қарым-қатынас құзыреттілігі – бұл басқаларды түсінуге және сөйлеу мінез-құлқының өзіндік жүйелерін құруға, қарым-қатынас мақсаттары мен жағдаяттарына сәйкес келетін білім, мүмкіндіктер мен дағдылар. Күрделі және күрделі коммуникативті құзіреттілік, бұл сөйлеу тілі мен тілдік және білімдік танымдық құзіреттіліктердің қоспасы.

Жастарды барлық халықтарды құрметтеу рухында тәрбиелеу, басқа ұлт өкілдері туралы жағымсыз идеяларды жою – бұл тәрбие беру мен тәрбиелеу саласында жұмыс істейтін мұғалімдердің тиісті дайындығын

талап ететін міндет. Қазіргі уақытта қоғам әлеуметтік ұтқырлылықтың жоғарылауымен, барлық деңгейлердегі байланыстардың дамуымен, құнды нұсқаулықтардың күрт өзгеруімен сипатталады. Жоғарыда айтылғандардың бәрі өсіп келе жатқан адамның жеке басының тұрақты сипаттамалары ретінде толеранттылықты және коммуникативті құзыреттілікті қалыптастырады.

Қазақ білімін модернизациялау тұжырымдамасына сәйкес, ағылшын тілін коммуникативті оқыту мәселелері айрықша маңызға ие, өйткені коммуникативті құзыреттілік ағылшын тілін игеруде практикалық нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған, сонымен қатар оқушының білімі, тәрбиесі және тұлғалық дамуына бағытталған. Бүгінгі таңда қоғамдық қатынастарда, коммуникация құралдарында (жаңа ақпараттық технологияларды қолдану) болып жатқан өзгерістер мектеп оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін арттыруды қажет етеді [1].

Ағылшын тілі сабақтарында оқушылар сөйлеу әрекетінің тәсілдерін үйренеді, сондықтан шетел тілдерін оқытудың негізгі мақсаттарының бірі ретінде коммуникативтік құзыреттілік саналады. Оқушылардың қажетті қабілеттері мен дағдыларын белгілі бір формада немесе сөйлеу әрекетінде, сонымен қатар бағдарлама мен стандартта белгіленген деңгейде тілдік құзыреттілікті қалыптастыру үшін әр оқушыға белсенді ауызша тәжірибе қажет. Бұл үшін оқулық пен жұмыс дәптерінде сөйлеу жаттығулары көп, сөйлесу кликтерінде жұмыс жасауға арналған бөлімдер бар. Олар жағдайлық негізде қалыптасады: ризашылықты қалай білдіру керек, жиналыс кезінде және сөйлегенде не айту керек, этикет ережелері, содан кейін бұл өрнектер студенттер үйренетін диалогтарда қолданылады, содан кейін олардың диалогтарын ұқсастық бойынша құрастырады, осылайша оқушылар диалогтік сөйлеуде нақтылыққа қол жеткізе алады. Монологиялық сөйлеу мәтіндерге және оқу мен тыңдауға арналған мәтіндермен 3 фазалық жұмысқа негізделген. Оқу материалдары түпнұсқа аудио материалдармен қамтамасыз етілген, оқулықтар жеке және өзіндік жұмыстар үшін пайдаланылады: оқуға арналған кітаптар, кестелер, диаграммалар, үлестірмелі материалдар.

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда коммуникативті әдістер көмектеседі, мұнда жұмыстың көп кездесетін түрлері: жұптық жұмыс, шағын топтарда жұмыс, жалпы пікірталас, пікірталас, пікір алмасу, рөлдік ойындарды қолдану. Жұптық және топтық жұмыс кезінде студенттер бірге не істей алатындарын бірге үйренеді. Ал, топтарда жұмыс істеудің негізгі артықшылықтары: бетпе-бет әрекеттесуді дамыту, мұнда студенттер материалды бір-біріне түсіндіреді, бір-біріне білгендерін үйретеді; жеке есеп беру, жеке жауапкершілік. Әр оқушының белсенділігін тест көмегімен мұғалім бағалайды. Осылайша, топтық жұмыс технологиясын, жобалық әдісті, ойын технологиясын қолдану, шет тілін оқытуда АКТ-ны енгізу шетел тілдерін оқытудың негізгі мақсатына жетуге ықпал етеді.

Коммуникативті құзыреттіліктің дамуы табиғи түрде емес, арнайы әсер ету жағдайларын құрудан тұратын арнайы техниканың көмегімен болатындығын атап өткен жөн. Барлық белсенді әдістер бір мақсатты көздейді: жеке тұлғаға оның коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға және жетілдіруге ықпал ететін әлеуметтік-психологиялық әсерді қамтамасыз ету.

Шетел тілін оқытудың мақсаты-тілдік қарым-қатынас жасау қабілеттерінде жүзеге асырылатын оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады. Оқушылардың табысты сөйлеу белсенділігінің кепілі ағылшын тілінен сабақ өткізудің дәстүрлі емес формалары болып табылады, оның барысында оқушылар оқитын тіл елдерінің мәдениетіне қосылады, сондай-ақ туған елдің мәдени мұрасы туралы білімдерін кеңейтеді, бұл оқушыларға мәдени диалогқа белсенді қатысуға мүмкіндік береді. Коммуникативтік құзыреттілікті меңгеру оның барлық функцияларының: ақпараттық, реттеушілік, эмоциялық-бағалау (құндылық-бағдарлы) және этикеттік бірлігінде өзге тілді қарым-қатынас жасауды болжайды. Осы функцияларды жүзеге асыру барысында белгілі бір коммуникативтік міндеттер шешіледі және негізгі коммуникативтік дағдылар қалыптасады.

Коммуникативтік құзыреттіліктің барлық құрамдас бөліктерін өзара байланысты қалыптастыру қамтамасыз етеді: – коммуникативтік іскерлікті дамыту (тілдік білім мен дағдыларды дамытумен қатар), атап айтқанда: – әртүрлі жанрлар мен түрлердің күрделі емес теңтүпнұсқалы мәтіндерін оқу және түсіну (толық және/немесе негізінен); – оқу-еңбек, тұрмыстық, мәдени қарым-қатынас саласы шеңберінде стандартты жағдайларда ауызша диалогтық қарым-қатынасты жүзеге асыру қабілеті; – өзі туралы, өзінің ортасы туралы қысқаша ауызша монологиялық хабарлама жасай білу, оқылған мәтінге тікелей сүйеніп оқылған мазмұнды бере білу; – Қарапайым ақпаратты жазбаша ресімдей және бере білу, атап айтқанда, хат жаза білу.

Шетел тілін оқыту процесінде коммуникативтік дағдыларды іске асырудың әдістемелік тәсілдерін қарастырып, шығармашылықпен жұмыс істейтін оқытушының қарамағында оқушылардың шет тілін меңгеруге қызығушылығын ынталандыру және қазіргі заманғы әдістемелік үрдістерді ескере отырып, осы пәнге оқыту сапасын арттыру үшін үлкен резервтер бар деген қорытынды жасай аламыз, олардың тиімділігі практикамен расталған. Оқытушының сабақты дұрыс ұйымдастыра білуіне және оны өткізудің қандай да бір түрін сауатты тандай білуіне көп жағдайда оқу процесінің тиімділігі байланысты [2].

Оқу үдерісін ұйымдастырудың әртүрлі тәсілдерін пайдалану табиғи коммуникация жағдайында практикалық іске асыруға бағытталған коммуникативтік дағдыларды қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады, ал жаттығулар кешені оқытудың бастапқы кезеңінде сөйлеудің коммуникативтік жағын дамыту үшін қолданылатын прак-

тикалық құрал болып табылады. Шетел тілін сабақтан тыс қызметте оқыту әдістемесінде коммуникативтік дағдылар мен сөйлеу дағдыларын дамыту, коммуникативтік дағдылар мен сөйлеу дағдыларына оқытудың түрлі тәсілдерін қолдану мәселелері бойынша қазіргі уақытта коммуникативтік біліктерді дамыту және оларды жетілдіру туралы мәселе ашық болып қала береді. Ағылшын тілі сабақтары балаларға жаңа тілде қарым-қатынас арқылы жалпыадамзаттық мәдениетке кіруді қамтамасыз етеді, орта және жоғары мектеп оқушыларының коммуникативтік біліктері мен сөйлеу дағдыларын қалыптастырады.

Әдебиеттер

1. Баклашкина М. В. Обучение иностранному общению на занятиях по иностранному языку в школе и вузе // Ин. яз. в школе. – 2009. – №3. – С. 9-17.
2. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – М.: 1982. – С. 10.

А.Т. Әлімқұл

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университет студенті

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы М.А. Рамазанова

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІН АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ОРТАҒЫ СЫНЫПТАРДА ҚОЛДАНЫЛУЫ

Қазақстан Республикасы жалпы білім берудің мемлекеттік стандарттарына «Шетел тілін оқытудың басты мақсаты – оқушыларға шетел тілінде қарым- қатынас жасауды базалық деңгейде игерту» деп көрсетілген [1]. Себебі, бүгінгі таңда бәсекелестікке қабілетті мамандарды дайындап шығаруда шет тілін, оның ішіндегі ағылшын тілін меңгерудің маңыздылығы өте жоғары. Бұл мәселе еліміздің білім беру жүйесінде жақсы қарастырылған деуге де болады. Алайда, қазақ тілінде сөйлеп, қазақ тілін сүйіп өскен балаларға ағылшын тілін оқу барысында түрлі қиындықтар туындауы мүмкін. Сондықтан, бүгінгі жас ұрпаққа ағылшын тілін оқытуға қазақ елінің танымал шығармаларын қолдану арқылы үйреткен жөн.

Мәселен, қазақ әдебиетінде де, тарихында да орны бөлек – Абай шығармалары. Абай Құнанбайұлының шығармаларының терең философиялық мағыналары бар, және оның шығармалары да құлаққа тансық емес. Ағылшын тілін оқытуда Абайдың туындыларын қолдану – оқушылардың сабақ үстіндегі зейіні мен сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Оқушылар үшін бала кезден бері білетін оқиғаларды өзге тілде оқу қызықты, әрі танымды болып табылады. Сондай-ақ, басқа да сабақтар барысында Абайдың шығармаларына арналған тақырып өтілген кезде, оқушылар автоматты түрде сөздерді, фразаларды, сөйлемдерді аударуға, немесе бұған дейін ағылшын тілі сабағында

оқыған шығарма болса, сөздердің ағылшынша эквивалентін еске алып қайталайтын болады. Білім беру процесі заманауи парадигмасы мемлекетаралық қарым-қатынасқа, яғни екі мәдениеттің диалогынан туындайтын қарым-қатынасқа бағытталған. Абай: «Өзін халқынан бөлмейтін, өз халқының басқа халықтармен достық қарым-қатынаста болғанын қаласа, демек, бұл адамның ой-санасы мен адамгершілігі мол деген сөз. Оның бұл ойы жақсылықтың бастамасы емес пе?» [2, 4 б.]. Абай халықтардың бейбіт өмір сүруіне сеніп, қазақтардың өзбек, орыс, татарларға сыйластықпен қарап, олардың жақсы адами қасиеттерін үйренгенін қалаған.

Е.И. Пассовтың ұсынған формуласы бойынша шет тілін үйренудің негізгі жолы: мәдениет тіл арқылы және тіл мәдениет арқылы немесе тілді үйрену мәдениетті үйрену негізінде орындалады. Осылайша, қазақ, орыс және ағылшын халықтарының тілі мен мәдениеті, Абайдың «Қара сөздерінің» ағылшын тіліне аударылуының арқасында бір-бірімен ұштасады. Неміс елшісі Андреас Р. Кертинг айтқандай, әрбір ұлы әдеби шығарма сол елдің жанының айнасы, ал Абайдың туындылары қазақтардың ойы мен сезімін ұғынуға көмек береді. [3, 19б.].

Абай орыс классикасы мен батысеуропалық әдебиетті зерттеп, қазақ тіліне аударған. Абайдың орыс тілін жетік білуінің арқасында, оның сүйікті жазушылары Гете мен Байронның туындыларының аудармасын оқи аламыз. Абай Құнанбаев отандастарының орыс және басқа да шет тілдерін үйренуіне баса мән берген. Ол: «Орыс тілін үйрену, орыс мектептерінде білім алу, орыс ғылымын меңгеру бізге бұл халықтың барлық жақсы тұстарын өзімізге алу болып табылады. Орыс тілін білу – әлемге деген көзіміздің ашылуы», – деген. [2, 9б.]. Ойшылды қазақ халқының надандығы мен білімсіздігі алаңдататын, тіпті, сегіз жыл бойы жазған барлық 45 қара сөздері уайым мен ауырлыққа толы. Қара сөздерде қазақ қоғамы мен жекелей адамдардың күнделікті өміріндегі қателіктерін, көргенсіздік пен өтірікті тудыратын жалқаулықтарын ашып көрсеткен. Абайдың ағылшын тіліндегі туындылары арқылы оқушылар өз елі мен үйреніп жатқан шетелдің қоғамдық қатынастарын салыстырып, өз көзқарастарын кеңейтеді.

Абайдың туындыларына Қара сөздерден бөлек көптеген өлең-шумақтары да оқушылардың негізгі коммуникациялық біліміне – оқылым, тыңдалым, ауызша сөйлеу және жазбаша дағдыларын, сондай-ақ, грамматика, лезика және аударманы үйренудегі негізгі методикалық әдістемелерді меңгереді. Осымен қатар, лингвоелтанулық және мәдениетаралық компетенцияны қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі эквиваленттерін салыстыру арқылы дамиды. Немістің ұлы философы Г.Э. Лессинг: «Кітаптан алынған өзге адамның тәжірибесі – білімділік, ал өзің жинаған тәжірибе – данышпындық», – деген. Егерде өз тілінде бір шығарманы оқып, кейін оны өзге тілде қайта оқысаң, өз тәжірибенді екі еселеп ұлғайтасың. Әрине, шығарманы ағылшын тілінде оқып-ұғыну

үшін білім қоры жетік болуы қажет. Шығарманың түп нұсқасы мен аудармасының қолда бар болуы, қазақ және ағылшын тілінде тілдік берілуі тәсілдерін салыстыра алуға көмегін тигізеді. Бұл мақалада Абай туындыларын, А2 (I стандартты дәреже) – В2 (II стандартты дәреже) дәрежелеріне сәйкес ағылшын тілінің тәжірибелік сабақтарында қолдануға мүмкін жолдары көрсетіледі.

Шетел тілін үйренудегі нәтижелі әдістердің бірі – әдеби шығармаларың оқытылуы. Әдеби шығармалардағы тілдің көрінісі, күнделікті қолданымдағы тіл көрінісінен өзгеше болып келеді. Мұндай шығармалардағы ең басты дүние – ол автордың идеясы.

Шетел тілін үйренуге қандай әдеби шығармаларды оқыту керек деген сұраққа, Л.В. Щерба: «...оқуға кеткен уақытқа өкінбейтіндей, әрбір фразалары мағынаға толы шығарма», – деп жауап қатқан екен. Демек, сабаққа таңдалған шығарманың мазмұны мен мән-мағынасы, оның лингвоелтанулық мағлұматтарын айқын көрсете алуы керек. Е.И. Пасовтың коммуникативтік әдістемесіне сәйкес, сабақта бағалы, белгілі бір салада дұрыс аударылған шығарма болуы шарт.[4, 49б.].

Қара сөздер білім беру жүйесінде белгіленген дисциплинаға сай екендігі сөзсіз. Әрбір сабақ балаға білім беруден бөлек, тәрбиелік те қызметі бар болғандықтан, мұғалімге әрбір оқушының қызығушылықтарын, білім деңгейін ескерген жөн. Абайдың Қара сөздерде адамның жақсылығы мен жамандығына нақты анықтама бергендіктен, оның «Character traits», «Literature in human's life», «Education and study», «Health», «Social problems» секілді тақырыптарды қарастыру өте қызықты болып табылады.

Абай Қара сөздерінде адамдардың жалқаулығы мен надандығын қызыл жіппен тізгендей айтып өтеді. “The lazy person is generally a coward and weak-willed, the mindless and cowardly boaster, and the vain-glorious person is cowardly, stupid and ignorant, the stupid person is ignorant and has no idea of honor, and the dishonest begging in sloth and insatiable, unbridled and talentless.” [3, 20б.]. Бұл үшінші Қара сөздің адамда болатын ең нашар, ең төмен қасиеттерді, сын есімдермен көркемдеу арқылы берілген үзіндісі. Әсіресе, бұл ағылшын тілін негізгі тіл ретінде оқитын студенттерн үшін өте қиын, себебі ағылшын тілінде сын есімдердің жіктелуі деген ұғым жоқ. Қара сөздердегі осындай сын есімдер тіл үйренуде сөздік қорды дамытуға арналған пайдалы қосымша бола алады. “The greater the poverty, the cheaper the work”. “The more suffering, the more free land”[3, 21б.]. «кедейлер көбейген сайын, олардың еңбектері арзандай түседі. Жапа шеккендер көбейген сайын, бол жерлер ұлғайады», – деп, мысалда көрсетілгендей, аударма мәтін мен, түп нұсқаның лексикалық мағыналарында өзгешелік болғанымен, грамматикалық құрылуы баз баяғыдай. Сондықтан, оны оқып – түсіну, және есте сақтау оңайырақ болады. Және де, қазақ қоғамында кедейлік тақырыбы әлі күнге дейін актуалды тақырыптардың бірі болып табылады.

Қара сөздерде Абай үшін халқының білімсіздігі мен надандығы өте ауыр тиеді. “The rational person is enthusiastic about worthy, serious things, persistently pursues his goal...”. “The reckless person wastes his time with worthless, pointless and empty ideas.” [3, 55б.]. Абай үшін адамның сырт келбеті мен ішкі жан дүниесі тығыз байланысқан. Ол ішкі жан дүниесі таза, ойы анық, көзі ашық адам, өз сырт келбетіне қарап, ұқыпты және таза жүреді деп сенген.

“He gave man a better physique, set him on two legs, raised his head so that he could overlook the environment, that he would not bow and take food like an animal, gave him two hands to serve the head; that he could enjoy the good smells, he gave him a nose; that he might see the food he takes, he gave him the eyes; to protect them from the dangers, he gave eyelids; the eyelashes are given to protect the eyelids from rubbing; the eyebrows to do divert the sweat of the forehead from eyes; the tongue is given so that people can pervert, understand each other and work together.” [3, 123б.] Абайдың отыз сегізінші қара сөзінің үзіндісінде, ол адамның дене құрылысын Жаратушының ең керемет жаратылысы ретінде көрсеткен. Грамматикалық және лексикалық тұрғыдан бұл керемет қосымша оқыту материалы болып табылады. Абайдың Қара сөзіндегі «Body parts» тақырыбы кітаптағы жәй сөйлемдер мен жаттығуларға қарағанда, әлде қайда қызығырақ.

Қорытындылай келе, Абай Құнанбайұлының шығармаларының ағылшын тілі сабағында қолданудың көптеген тиімді тұстарын анықталды. Терең философиялық мағынасы бар қара сөздерді оқыту оқушыларға тек ағылшын тіліндегі сөздік қорын көбейтуге емес, сонымен қатар философиялық ой толғауының дамуына өз септігін тигізеді. Сондай-ақ еліміздің әдебиеті мен тарихын да оқушылардың бойына сіңіріп өсіруге әсер ететін Қазіргі білім және ғылым дамыған заманда, өз тіліміздегі әдеби шығармаларды өзге тілдерге аударып, шет тілі сабақтарында оқушыларға оқыту тиімді методикалық әдіс бола алады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мем лекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана: ҚР БЖҒМ. – 5 б.
2. Әуезов М. Абайдың қара сөздері. – Алматы: Атамұра, 2007. – 25 б.
3. Abai Kunanbayev. The book of words. – Almaty: 2004. – 170 p.
4. Брекеева А.С. Жаңа білім беру әдісі. Ағылшын тілін оқыту әдістемелігі. – Алматы: Атамұра, 2011. – 49 б.

Б. Жүсіп, А. Тулеубаев

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенттері

Ғылыми жетекшісі: филология ғылым. канд., доцент Б.Д. Нығметова

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА АКТ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Ағылшын тілін оқытуда ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану өте маңызды рөл атқарады. Олар оқытудағы жеке тұлғаға бағытталған тәсілді іске асыруға көмектеседі, балалардың қабілеттерін, олардың оқудағы деңгейін, бейімділігін ескере отырып, оқытуды дараландыру мен саралауды қамтамасыз етеді. Ағылшын тілі сабақтарында компьютердің көмегімен бірқатар дидактикалық міндеттерді атқаруға болады: оқу дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыру, оқушылардың жазбаша тілдік қабілеттерін жетілдіру; оқушылардың сөздік қорын толықтыру; оқушылардың ағылшын тілін үйренуге тұрақты уәждемесін қалыптастыру. Жаңа ақпараттық технологиялар әлемі біздің қазіргі қоғамда үлкен орын алады. Оларды шет тілі сабақтарында қолдану барлық жастағы оқушылардың мотивациясы мен танымдық белсенділігін арттырады, олардың ой-өрісін кеңейтеді.

Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: топта оқыту, жобалау әдістемесі, жаңа ақпараттық-коммуникативтік технологияларды, ғаламтор-ресурстарды пайдалану, оқытуда жеке тұлғаға бағытталған тәсілді іске асыруға көмектеседі, балалардың қабілеттерін, олардың оқыту деңгейін, бейімділігін ескере отырып, оқытуды дараландыру мен саралауды қамтамасыз етеді.

Қазіргі қоғамды ақпараттандыру процесінің басым бағыттарының бірі білім беруді ақпараттандыру – білім беру жүйесіне жаңа ақпараттық технологиялар құралдарын енгізу болып табылады. Білім беруді ақпараттандыру процесі оқытудың ұйымдық нысандары мен әдістерінің өзгеруіне ғана емес, сонымен қатар жаңа әдістердің пайда болуына да әкеледі. Білім беруді ақпараттандыру процесінің дамуына байланысты оқу материалының көлемі мен мазмұны өзгереді, оқу пәндерінің бағдарламаларын қайта құрылымдау жүргізіледі.

Қазақстандық білім беруді жаңғырту тұжырымдамасында жаңа басымдықтар анықталды. Жетекші аспект – жас ұрпақты тез өзгеріп отыратын ақпараттық қоғамда, жаңа мамандықтарға қажеттілік бар, үздіксіз кәсіби шеберлігін дамыту үшін өмірге дайындау болып табылады. Оқу үдерісіне компьютерлерді енгізу білім беру үрдісін ұйымдастырудағы дәстүрлі әдістер мен әдістерді жаңартуға мүмкіндік берді.

Бұл өзгерістер білім алушылардың әртүрлі ақпарат көздеріне қол жеткізуге және ғаламтор-қоғамдастықта сөйлейтін қазіргі заманғы оқушылардың мүдделерін қанағаттандыруға көмектесетін белсенді білім беру ортасын құру қажеттігіне байланысты. Сондықтан қазіргі заманғы

оқу үрдісі жаңа техникалық құралдарды ғана емес, сондай-ақ оқытудың жаңа формалары мен әдістерін, оқу үрдісіне жаңа тәсілдерді қолдануы керек.

Қазіргі заманғы мұғалім ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдана отырып оқыту мен білім беру жүйесіне тұрақты енді деп есептеуі тиіс. Жаңа ақпараттық технологияларды қолдану білім беру үдерісінің шеңберін кеңейтеді, оның практикалық бағдарлануын арттырады, оқушылардың оқу процесінде ынталандыруды арттырады, оқушылардың интеллектуалды және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, олардың жаңа білімдерін дербес меңгеруге және олардың болашақта өзін-өзі табысты жүзеге асыруға жағдай жасауына мүмкіндік береді.

а) *оқу танымдық іс-әрекеті ұйымдастыру және жүзеге асыру* (сөздік көрнекілік, практикалық, репродуктивті және проблемалық өзіндік жұмыс)

ә) *оқу-танымдық әрекеттегі мотивация және реттеу әдісі* (қызығушылықты қалыптастыру әдісі, танымдық ойындар, өмірдегі жағдайларды таңдау т.б; оқытуда жауапкершілік пен міндетті қалыптастыру: оқытудың қоғамдық және жеке тұлғалық маңызын түсіндіру, педагогикалық шарттарды ұсыну)

б) *бақылау және өзіндік бақылау әдістері* (ауызша және жазбаша бақылау, практикалық жұмыс, бағдарламалық бақылау)

IV. Оқушы мен мұғалімнің ішкі және сыртқы іс-әрекеттерінің сабақтастығы бойынша – М.И. Махмутовтың әдістер жүйесі: *проблема-лы – дамыта отырып оқыту әдістері* [3,183].

Өмірді алға бастыратын жаңалық атаулы ғайыптан пайда болмайтыны, ескінің қойнауында туындайтыны белгілі. Дөп басып, дәл таппасаң жаңалық деп түрі өзгерген ескіге жармасып уақыттан құтылу да қиын емес. Бұл табиғи тағылымды ұстану, ескеру болашақты дұрыс болжауға көмектеседі.

Қазірге кезде білім беру оқушыға, оның өз бетімен дамуына және танып білуіне деген көзқарасты күшейтуге, оқушының қоршаған ортаға және өзіне деген назарына, оны өмірдегі өз орнын таба білуге тәрбиелеуге негізделген. Оқушылардың білімі өз беттерімен танып білуге әрекеттерінің жүйелілігі мен көлеміне тікелей байланысты. Осыған орай А. Дистерверг «Білімде болғысы келген адам оны өзінің еңбегімен өзінің күшімен алуы керек», деп жазған [3,183]. Қоғам дамуының жаңаша өзгерген әлеуметтік-экономикалық жағдайы педагогикалық мақсаттарды ғана емес, оқыту әрекетінің өзін де күшейтіп, күрделендіре түсті. Бірінші орынға оқушының жеке тұлға сапасын сақтау мен дамыту талаптары шықты.

Адамның қандай да болмасын әрекеті белгілі бір қажеттерден туады. Осы қажеттерді қанағаттандыру үшін адам белсенді әрекет жасауға тиіс. Оқушылардың таным әрекеті білім алу қажетімен ұштасып жатады. Осыған орай, олардың дербестігі, ең алдымен, белсенділікке байланысты, ал белсенділік дербестікті керек етеді және оқушының өздігінен істейтін әрекеті оның белсенділігін арттырады.

Оқушылардың оқудағы белсенділігі дегеніміз – оқуға қажетті білім мен дағдыны меңгеру және оларды өмірде, практикада пайдала білуге

үйренуге істейтін әрекеті [1, 240]. Оқушыларда жас ерекшеліктеріне және психикалық даму дәрежесіне қарай белсенділіктің бірнеше түрі қалыптасып дамиды: қимыл және сөйлеу, ойын және оқу, өзін-өзі тәрбиелеу т. б. белсенділіктері. Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың шарттары мыналар: мұғалімнің нақты тапсыралар беруі; жұмысты орындаудың және аяқтаудың уақытын белгілеу; мұғалімнің басқаруымен оқушылардың дербестігінің мөлшері, олардың жұмысты өз еркімен және қалауымен істеуі, оған әсер ететін мотивтер т.б.

Оқыту процесі – екі жақты процесс болғандықтан, оқушылардың өзіндік жұмысы міндетті түрде мұғалімнің басшылығын, сонымен қатар оқушылардың дербестігін, олардың қызығып, өз ықыласымен жасайтын әрекетін де керек етеді. Осыған байланысты кейбір педагогтар мен психологтар (Р.Г. Лемберг, М.Н. Скаткин, В.А. Занков т.б.) оқушылардың өзіндік жұмыстарының негізгі ерекшелігі – олардың ықыласы мен өз еркімен әрекетіне байланысты деп санайды. Сонымен қатар оқушылардың өзіндік жұмысының жоғарғы формасына олардың өз еркімен жаңа амал-тәсілдер қолданып жасайтын шығармашылық жұмыстарын жатқызады.

Өзіндік жұмыстың ең жиі кездесетін бір тобы – сабақ мақсатына қарай қолданатын жұмыс түрлері:

- 1) жаңа білімді меңгеру;
- 2) жаңа білімді бекіту;
- 3) білім мен дағдыларды қайталау, бақылау және тексеру [4, 86].

Өзіндік жұмысты ұйымдастырғанда, мұғалім оқушылардың дара ерекшеліктерін ескеріп, соған қарай беретін тапсырмаларды өзгертіп, түрлендіріп отырғаны жөн және орындалған жұмыстың жалпы қорытындысына баға қоймай, сонымен қатар оқушы оны қалай жоспарлады, қандай тәсілдер қолданып орындады, өзі қалай тексеріп отырды, осының бәрін ескеріп, бағалаған жөн [5, 17].

Алдыңғы қатарлы мектептердің іс-тәжірибелеріне көңіл бөлсек, оқушылардың өзіндік жұмысының сан алуан түрі бар екенің байқаймыз. Мәселен, оқушылардың сабақ үстінде меңгерген материалдарын анықтау үшін оқулық не басқа құралдар бойынша жұмыс істеуі, көркем әдебиеттерін, ғылыми және техникалық әдебиеттерді пайдалануы; жаттығу жұмыстарын жазба түрде орындауы; графикалық жаттығу жұмыстарын жүргізуі, түрлі практикалық немесе зертханалық бақылау жұмыстарын өткізуі, шығармашылық дағдыларын дамыту мақсатында баяндама, реферат, шығарма, пікір жазу т.б. жұмыс түрлерін жатқызуға болады.

Репродуктивтік типтегі өзіндік жұмыстар оқушылар өздерінің меңгерген білімдеріне сүйене отырып орындайды. Шығармашылық типтегі өзіндік жұмыстарын орындауда оқушылар өзінің болжауы, топшылау, түрлі құбылыстардың арасындағы байланыстарды салыстыра білу қабілетіне сүйене отырып, ой қорытынлысын жасап жаңа шешім

табады, өзіндік жаңалық ашады. Мұғалім оқушылардың өзіндік жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру үшін алдымен олардың өзіндік әрекеттерінің психологиялық ерекшеліктерін білгені абзал.

В.А. Сухомлинский оқушының өздігінен жүйелі кітап оқуын ақыл-ой тәрбиесінің екінші бағдарламасы деп санаған. Егер адам өз өмірінде екі мыңдай кітап оқитын болса, соның жартысын балалық және жасөспірім шақта оқуға тиіс дейді [3,183]. Оқушының өзіндік әрекеті нәтижесінде оның бойында мынандай қасиеттер қалыптасады:

- 1) Өз бетінше ойлану біліктері мен ізденімпаздығы
- 2) Оқуға деген қабілетінің артуы
- 3) Берілген білімді игеру ғана емес, оны жаңалап және тиімді игеру жолдарын түсіне білу ниеті.
- 4) Басқа оқушылардың түсіндірмелеріне сын көзбен қарау.
- 5) Өз ойының дербестігі.

Өзіндік жұмыс танымдық іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруда, болашақта білімді өз бетінше жинай алу қабілеттерін дамытуда жетекші рөл атқарады, ойлауды жандандыра түседі және оқып үйренуде оқушылардың жалпы белсенділігін арттырады. Мұғалім сабақты пысықтау, бекіту және соған орай оқушылармен практикалық жұмыстарды орындай барысында олардың белсенділігін оятуы тиіс.

Оқушылардың өздігінен жұмыс істей білу әрекеті бірден қалыптаспайды. Ол – өте күрделі процесс болғандықтан, жай, қарапайым сатыдан жоғары, күрделі сатыға қарай дамиды. Оның қалыптасуына алдымен сыртқы факторлар әсер етеді: оқытудың маңызы мен міндеттері, оның әдістері, мұғалімнің талаптары т.б. Содан бірте-бірте оқушының белсенді таным әрекетіне байланысты өздігінен жұмыс істеу оның қажетіне айналады.

Әдебиеттер

1. Әбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. – Алматы, 1994. – 240 б.
2. Рысбекова А. Танымдық қабілетті арттыру шарттары // Қазақстан мектебі. – 2014. – №7. – 38 б.
3. Сабыров Т. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары. – Алматы: Мектеп, 1978. – 183 б.
4. Ильина.Т.А. Педагогика. – М., 1984. – 86 б.
5. Пазылова.Г. Оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру // Бастауыш мектеп. – 1999. – №8-9 – 17 б.

А.Н. Мыңжасар

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті

Ғылыми жетекшісі: филология ғылым. канд., доцент Ә.Қ. Жетпісбай

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ЛЕКСИКАМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі білім беру мекемелері білім беру процесінде үнемі білім сапасын арттыруға тырысады. Дәл осындай үрдіс шет тілдерін оқытуда байқалады. XX ғасыр бойында әдіскерлер мен лингвистер әр түрлі жастағы шет тілін меңгеру әдісімен байланысты көптеген мәселелерді шешті [1, 20].

А.С. Любченко университеттерде де, мектептерде де шет тілін оқытуға қатысты өте маңызды мәселе бар деген қорытындыға келді. Себебі, жаңа лексиканы игеру процесінің ерекшеліктері бүгінде жақсы түсінілмеген [2, 215].

Кейбір сөз тіркестерін және жеке сөздерді есте сақтау оңай, ал басқаларын жаттап алу қиынырақ. Сондықтан оларға дұрыс жаттығулар таңдалуы керек. Егер біз оқушылардың жұмысын саралайтын болсақ, онда олардың лексикалық минимумды тиімді меңгеруіне ықпал ете аламыз.

Лексикалық дағдыларды дамыту мәселелерін Л.В. Щерба, Г.В. Рогова, Н.Д. Галькова және басқалар сияқты әдіскерлер шешкен. Шет тілінің лексикасын игерудің жаңа әдістерін жасауға мүмкіндік беретін маңызды теориялық ережелер жасалды, міндетті лексикалық минимумның сөздіктері, шет тілдеріндегі оқулықтар, білім беру бағдарламалары құрастырылды.

Мектептен шыққаннан кейін балалар мектеп бағдарламасына қажетті материалдардың минимумына ие болуы керек. Егер оқушы қазақ тіліндегі балама сөзді шет тілінде атай алатын болса, бұл оның білетіндігін білдіре ме? Әрине, иә. Алайда, ол осы сөздің мағынасына сәйкес ойларын дұрыс айтуға қолдана ала ма?

Кейде оқушы шетелдік сөзді байқаған кезде оны бірден таныды, бірақ мағынасын есіне түсірмейді. Таныс сөздердің мағынасын түсіну үшін оған уақыт керек және мұқият ойлану керек. Сонда да оқушы бұл сөзді біле ме? Ол, әрине, біледі. Шетелдік мәтіндерді оқу үшін мұндай білім деңгейі жеткілікті ме? Әрине, жеткіліксіз [3, 21].

Оқу барысында сөздерді бірден тану маңызды. Бұл сөйлеу процесіне де қатысты: студент мағынасына дұрыс сәйкес келетін сөздерді бірден есте түсіру керек. Сонымен қатар ол оларды дұрыс тіркестіруді білуі керек.

Сондықтан біз студенттердің шетелдік сөздерді білуі керек екендігі туралы айтып отырған жоқпыз. Олар осы сөздерді қолдана білуі керек. Мұғалімнің басты мақсаты балаларға шетелдік лексиканы меңгеруге

көмектесу екенін ұмытпау керек. Осыны ескере отырып, шет тіліндегі сөйлеу әрекетінің ең маңызды элементі – лексика болып табылатынын айту керек. Ол барлық сабақтарда маңызды орынға ие болуы керек, мұғалім үнемі назар аударуға тырысатын лексикалық дағдыларды қалыптастыру қажет.

Белсенді лексиканы үйренуде ілгерілеушілікке қол жеткізілгеніне қарамастан, бүгінгі күні шет тілде сөйлеуді тиімді әрі тез меңгеруге ықпал ететін әдістер әзірленбеген. Сондықтан бұл мәселе бүгінгі күні де өзекті.

Лексика – кез-келген тіл жүйесінің маңызды сөйлеу элементі. Бұл басқа адамдардың сөйлеуін есту арқылы қабылдауға, өз бетінше сөйлеуге, жазылған мәтінді оқып, жазуға мүмкіндік береді. Бұған әр сабақта басты орын берілуі керек. Мұғалім сөйлеу дағдысын дамытуды үнемі назарда ұстайды.

Лексика дегеніміз не? Бұл зерттелетін тілде сөздік қорын құрайтын сөздер жүйесі. Студенттің шет тілінде қолданатын сөздері адамның белсенді сөздік құрамына кіреді. Бұл қорда неғұрлым көп сөздер болса, адамға тілді қолдану оңайырақ болады.

Шет тілін оқытудың негізгі мақсаты – оқушылардың сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінің маңызды элементі ретінде мектеп лексикалық дағдыларын дамыту.

Лексикалық дағдылар өте саналы, бұл адамның қандай сөздерді таңдайтындығынан және тұжырымдау мақсатына байланысты оларды басқа сөздермен қалай біріктіретінінен көрінеді. Сонымен қатар сөздерді талдай білу, сөз құра білу және сөз тіркестерін құра білу дағдыларын дамыту маңызды [2,73б].

Шет тілін үйренудің осы аспектісіне ерекше назар аударудың бірнеше себептері бар:

1) адамның сөзінің мазмұны сөздік қорын қаншалықты меңгергеніне байланысты;

2) оқуға қажетті лексика мазмұны мен психологиялық және тілдік қасиеттері бойынша біртекті емес;

3) лексикалық минимум – әрі қарай дамудың тірек элементі болып табылатын лексиканың негізгі;

4) тілдік бірліктерді қолдана білу – сөйлеу әрекетіндегі маңызды компоненттер;

5) бұрын игерілген лексика бірліктерін жүйелеу қажеттілігі.

Әдістеме тұрғысынан алғанда шетелдік лексиканы зерттеу өте күрделі процесс. Оқушыларға сөздік қорын меңгеру үшін оны жай таныстыру ғана емес, түсіндіру, орындау үшін әр түрлі жаттығулар беру, жаңа сөздік қорларын қолдануға үйрету, сөздік дағдыларының дамуын бақылау қажет. Лексиканы дайындау ережелері лексикалық ережелер болып табылады [3, 221б].

Оқушыларды жаңа материалмен таныстыру жаңа ақпаратты хабарлау сияқты болмауы керек. Балалар қызықты сюжетті белсенді қабылдау арқылы жаңа білімді өздігінен «алуы» өте маңызды. Оқушылардың назарын аудару керек. Балаларға шет тілінде сөйлеуді үйрететін Н.Б. Марчанның ойынша, оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда ойын әдістерін белсенді қолдану қажет. Бұл тәсіл сабақты көңілді және тиімді етуге мүмкіндік береді. Оны кез-келген жаста қолдануға болады, сабақтың мазмұны мен формасын балалардың әрбір нақты тобының жас ерекшеліктеріне бейімдей отыра. Ойын элементтерін енгізудің арқасында оқушыларға шетелдік сөйлеуді нақты қарым-қатынас құралы ретінде қабылдауға мүмкіндік беретін психологиялық жағымды атмосфера құруға болады [4, 18 б.].

Ойын тәсілі әсіресе оқытудың бастапқы кезеңінде тиімді. Ойын балалар үшін қызықты және белсенділік пен зияткерлік ресурстарын жаңа материалды игеруге жұмылдыратын табиғи коммуникативті жағдайлар ретінде сабақтарды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл жаңа сөздік қорды жақсы сіңіру үшін балалардың есте сақтау қабілетін жаттықтыруға мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып оқушыларына жаңа лексиканы үйретуге арналған кейбір ойындарды қарастырайық, мысалы, ауызекі сөйлеуде лексиканы оқытуға және қолдануға бағытталған ойындар.

Guess who said it (Кім айтқанын тап). Оқушы тақтаға шығып, сыныпқа арқасымен қарап тұрады. Мұғалім сыныпқа өткен сабақта берілген сөздің суретін көрсетеді. Оқушылардың бірі бұл сөзді дауысын өзгертіп айтуы керек, ал тақта алдындағы оқушы бұл кім екенін болжайды. (Is it Dimash?)

Guess the object (Затты тап). Оқушы тақтаға шығып, сыныпқа қарап тұрады. Тақтада мұғалім өткен лексикалық материалдың бейнесі бар бірнеше суретті орналастырады. Оқушы сыныпқа сұрақтар қою арқылы кем дегенде бір сөзді табуы керек:

- Can I have an apple?
- No, sorry.
- Can I have a banana?
- Yes!

Оқушы суреттерді алып, орнына отырады. Содан кейін келесі оқушы шығады (карталарды әрдайым өзгерту керек).

Game chain («Тізбек» ойыны). Оқушылар шеңбер құрып отырады. Жеміс тақырыбын жалғастыра отырып, оқушылар соңғы сөзді ым-ишарамен алмастырып, қандай жемістердің ұнайтынын айтып, көрсетулері керек:

- I like ... (miming e. g. a banana).
- Do you like pears?
- No, try again.

Оқушылар шеңберде алма-кезек сұрақтар қояды.

Who is faster? (Кім жылдам?). Оқушылар екі топқа бөлініп, тақтаға қарама-қарсы екі қатарға тұрады. Тақтаға екі топқа алдын-ала сабақта кездестірілген сөздер жазылған суреттер ілінеді. Екі қатардың басында және соңында екі команданың кестелерінде бірдей суреттер орналасқан.

Командадағы бірінші оқушы тақтаға қарайды, қалғандары артқа қарайды. Бірінші оқушы карточканы алып тастайды, сөзді айтады және басқа оқушыға айтып береді. Осылай тізбекте. Командадағы соңғы бала сөзге сәйкес суретті тауып, оны мұғалімге апаруы керек. Содан кейін командада бірінші топ мүшесі соңына барып тұрады. Топтың міндеті барлық карталарды дұрыс және мүмкіндігінше тезірек мұғалімге апарып беру.

Сонымен, ойындар әр түрлі мақсатта қолданылады: жаңа сөздік қорын енгізу, оны жазбаша және ауызша сөйлеу түрінде бекіту.

Лексикалық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар келесі тапсырмаларды орындайды: жаңа сөздермен және фразалармен таныстыру; бұл сөздерді табиғи қарым-қатынас жағдайында қолдануға үйрету; мектеп оқушыларының сөйлеу және танымдық белсенділігін арттыру; сөйлеу реакцияларының қалыптасуы.

Әдебиеттер

1. Калинин С. М. Использование игровых технологий на уроках английского языка. Лексические игры [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://nsportal.ru/shkola/inostrannye-yazyki/angliiskiy-yazyk/library/2012/11/05/ispolzovanie-igrovyykh-tekhnologiy-na> (Дата обращения: 5.05.2017).

2. Коньшева А.В. Игровой метод в обучении иностранному языку [Текст] / А.В. Коньшева. – СПб.: Питер, 2006. –150 б.

3. Кувшинов В.И. О работе с лексикой на уроках английского языка [Текст] / М.А. Кувшинов // Иностранные языки в школе. – №5. – 1995. – Б. 20–24.

4. Любченко А. С. Нестандартные уроки английского языка в школе [Текст] / А.С. Любченко. – Ростов Н/Д.: Феникс, 2007. – 301 б.

Е. Нұрбекқызы

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті

Ғылыми жетекшісі: филология ғылым. канд., доцент Ә.Қ. Жетпісбай

ШЕТ ТІЛІН МЕНГЕРТУДЕ ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазіргі қоғам тек білімді және білікті маманды ғана емес, сондай-ақ коммуникативтік дағдылары мен дағдылары бар, топтық қарым-қатынас жасай алатын және жақсы жұмыс істей алатын маманды да талап етеді. Қазіргі мектептегі педагогикалық үрдістің негізгі міндеті – баланы дамыту. Топтық жұмыс – балаларды оқытуды ұйымдастырудың ең нәтижелі түрлерінің бірі.

Топ – мұғаліммен немесе өз бастамасы бойынша уақытша біріктірілген оқытушылық тапсырманы орындайтын және жалпы мақсаты мен функционалдық құрылымы бар оқушылардың белгілі бір санын білдіреді. [1; 23]. Сабақта топтық жұмыс түрі – бұл сабақта білім беру және танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру нысаны, ол мұғалімнің жалпы және нақты міндеттерінде жұмыс істейтін әр түрлі топтардың қызметін қамтиды [2; 28].

Көптеген педагогтар өз сабақтарында топтық жұмыс түрлерін қолданады, себебі осы жұмыс түрі неғұрлым тиімді болып табылады. Топтық жұмыс формалары сынып жүйесінің дәстүрлі түрлеріне қарағанда оқушылар арасында неғұрлым кең байланыс жасауға мүмкіндік береді. Топтық оқыту дәстүрлі сабақ ұйымдастыруға жаңартулар әкеледі, мұғалім мен оқушылар тобы арасындағы әлеуметтік маңызды қарым-қатынасты дамытуға ықпал етеді, өзара білім алады. Топтық жұмыс балаларды сөйлесуге, ойлауға, тыңдауға және естуге үйрету үшін қолданылады. Ол үшін мұғалім педагогикалық такт пен шыдамдылыққа ие болуы керек. Топтық сабақтардың тиімділігі оқушылардың дайындық дәрежесіне және оқытушының тапсырманы таңдауына байланысты. Топтық оқыту формасымен мұғалімнің рөлі өзгереді. Ол оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастырушы ретінде әрекет етеді, ынтымақтастық ережелерінің сақталуын қадағалайды және топ жұмысына түзетулер енгізеді. Бұл формада жылдам оқушы топтың эмоциялық қолдауын алады, сыныптастарымен өзара әрекеттескен кезде ақпарат алады. Сондай-ақ, бұл баланың интеллектуалдық және шығармашылық дамуына әкелетін топтық жұмыс түрі, сын тұрғысынан ойлауға, шығармашылық танытуға мүмкіндік береді, ал мұғалім баланың қабілеті мен қабілетін ашады, оны оқушыларды бірлесіп оқытумен дұрыс бағытта дамытады. Сонымен қатар, топтық жұмыс сабақты қызықты, жарқын ету, балалардың жұмысқа деген саналы көзқарасын, ақыл-ой әрекетінің қадамын, материалды бірнеше рет қайталауға, мұғалімге тек сыныпта ғана балалардың білімі мен дағдыларын түсіндіруге және үнемі тексеруге көмек болып табылады.

Топтық жұмыстың негізгі міндеттері: балаларды өзін-өзі бағалауға және өзара құндылыққа үйрету; оқушылардың білім ортасын кеңейту; жұмыс үшін жауапкершілік сезімін қалыптастыру; балаларды бірге жұмыс істеуге үйрету; Бұл форманың артықшылығы әрбір топ өзара жұмыс істейді, балалар белсенді, өзара көмек жағдайында және мұғалім тарапынан тікелей бақылау болмаған жағдайда өзін жайлы сезінеді. Топтық жұмысты ұйымдастырған кезде әр оқушы сабақта жай отыра қоймайды, кейде қате болса да өз пікірін ұсынады.

Топқа бөлу кезінде әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін, оның тапсырманы орындау үшін оқуға қабілетін ескеру қажет. Топта студенттер саны 3–6 адамды құрауы керек, өйткені олардың жұмыс тиімділігі 8–10 адамнан тұратын топтың өнімділігіне қарағанда

әлдеқайда жоғары. Топтағы адамдардың жұп немесе тақ саны да маңызды, себебі топта адамдардың жұп саны бар болса, Пікірлер бөлінуі мүмкін және топқа ортақ шешімге келу қиын болады. Топтың сандық құрамын анықтау кезінде бірін есте сақтау қажет: сандық құрамның ұлғаюымен оның өнімділігі мен тиімділігі тиісінше төмендейді. [3, 115]

Топтық жұмыстың тиімділігіне әсер ететін факторлар:

1) топтың шамасы оң әсер етеді (айқын дара адамдар саны артады, міндеттерді бөлу жеңілдетіледі, уақыт бірлігі үшін ақпаратты өңдеу көлемі артады, талант пен талдаушылардың саны артады), сондай-ақ теріс (ұйымшылдық азаюы, ара қашықтық және топ мүшелері арасындағы пікір алмасулар артуы мүмкін, бұл топтағы өзара қарым-қатынастардың шиеленісуіне әкеп соғады, өзара іс-қимылды басқару мен ұйымдастыруды қиындатады, топтың әрбір қатысушысының үлесі);

2) топтың алдында тұрған тапсырманың сипаты мен күрделілігі;

3) оның қызметін ұйымдастыру нысаны:

4) топтағы микроклимат, оның мүшелерінің үйлесімділігі және олардың жұмысқа қабілеттілігі.

Бұл әдісті қолданудың себебі студенттердің қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруде. Оқушы сонымен қатар мықты қарым-қатынас дағдыларын дамытады және сөйлеуге кедергі болатын ұялшақтық, тартыншақтық немесе қорқыныштан арылады және жоюға көмектеседі. Бұл өте тиімді әдіс оқушының жобамен жұмыс істеу уақытын қысқартады, басқаша айтқанда, ол оқушылар уақытын үнемдейді және оларға күйзеліс тудырмайды. Бұл әдіс ойлауға көмектеседі, басқа оқушылар ойға келмейтін идеялар бере алады және жетіспейтін олқылықтарды толтыра алады. Бұл пайдалы процесс оқушылар бір нәрсені түсінбейтін кезде маңызды ресурс ретінде қызмет етеді. Бұл оқушыларға тапсырманы орындауды жеңілдететін топтық пікірталастар арқылы бір нәрсені түсінуге мүмкіндік береді. Топтық жұмыстың маңызды артықшылықтарының бірі – ол оқушылардың сабақ уақытындағы тәжірибе көлемін арттырады. Алайда, сабақтардың шектеулі уақыты бар, әдетте қырық бес минут – және сыныпта орта есеппен отыз оқушы бар. Бірақ қазіргі уақытта сабақтарды жеңілдету үшін топтарға бөлу үрдісі кеңінен қолданылуда. Мұғалімнің сабақ жүргізу кезінде отыз оқушыдан тұратын сыныпта оқушылардың шамамен елу пайызы сабаққа өте сирек қатысады. Мұндай сыныпта біріншіден, оқушылар зерігіп, сыныптастарының жауаптарын күтіп тез шаршайды. Нәтижесінде, ағылшын тілін үйренудің орнына оқушылар басқа қызмет түрлерін жасай бастайды, мысалы, сөйлесу, ойнау т.б. Демек, егер мұғалім оны тез қабылдап, алдын ала алмаса, бұл жалпы тәртіпсіздікке әкеледі. Мұғалім барлық сыныпты бір іс-әрекетке тартуы керек. Жұптық жұмыс кезінде бір адам емес, жиырма адам сөйлейді. Сондықтан оқушылардың топтық белсенділігі неғұрлым көп болса, тілді және оның жаңа элементтерін соғұрлым жиі қолданады.

Жұптық жұмыс пен топтық жұмыс студенттердің сөйлеу қабілетін дамытады. Атап өткендей, студенттер дәстүрлі сыныпта тіл үйренудің өте үлкен мүмкіндігі жоқ. Мұғалім жаңа грамматикалық құрылымдарды ұсынады, содан кейін оқушыларды жана материалмен байланысты жаттығулар мен тапсырмаларды орындауға уақыт береді. Шын мәнінде, оқушылар оны автоматты түрде ойланбастан жасайды, егер жаттығу мағынасы жоқ болса және оны бір апта немесе бір айдан кейін оңай ұмыта алады. Әрине, олар шет тілін еркін меңгеруді айтпағанда, өздерінің сөйлеу дағдыларын дамытпайды. Керісінше, жұптық және топтық жұмыс бұл қабілеттерге әсер етеді. Жұптық және топтық жұмыс кезінде мұғалім, тіпті егер ол жіберілген қателіктерді байқаса да, оқушыларды алаңдатпайды, бірақ оларға еркін сөйлеуге мүмкіндік береді. Алайда, топтық жұмысты өткізгеннен кейін ол ең көп таралған мәселелерді талқылауы тиіс.

Жұптық және топтық жұмыстың тағы бір тамаша артықшылығы бар. Бұл – сабақта қолданылатын қол жетімді қызмет түрлерінің әртүрлілігі. Мұнда қызметтің алуан түрлілігі сабақтың барысына және оның табыстылығына әсер етеді. Әр түрлі қызмет түрлерін мұғалім өз сабақтарында қолданған сайын, оқушылардың тілді үйренуге деген ынтасы соғұрлым жоғарылайды. Шынында да, жұптық және топтық жұмыста студенттердің мотивациясы артады, себебі олар белсенді болады және осы сабақтар кезінде өздерін маңызды сезінеді.

Топтық жұмысты табысты жүргізу үшін келесі қағидаттарды сақтау маңызды:

1. Студенттердің білім деңгейін қарастыру;
2. Топ құрамының ерекшеліктерін ескеріңіз.
3. Топ мүшелері арасында рөлдерді бөлу;
4. Топ ішінде және топтар арасында байланыс ұйымдастыру;
5. Белсенділік жолын талдау. Топтық жұмыстың нәтижесі оқу іс-әрекетінің көрінісі болуы тиіс.

Топтық жұмыс үшін тапсырмаларды таңдау қағидаттары:

1. Тапсырмалар жақсы нәтиже беретіндей топтың барлық мүшелерінің тату және келісілген жұмысы болуы тиіс.
2. Жұмыстың мазмұны балаларға қызықты болуы керек.
3. Тапсырмалар балаларға қиындық деңгейі бойынша қолжетімді болуы тиіс.
4. Тапсырмалар белгілі бір танымдық қиындық тудыруы тиіс, бар білімді белсенді пайдалануға мүмкіндік береді.

Бірнеше зерттеушілер тілдік сабақтарда топтық жұмысты тиімді деп мәлімдеді, өйткені ол оқушыларға топ мүшелерімен бірге ағылшын тілін үйренуге үлкен мүмкіндік береді. Сонымен қатар, топтық жұмыс оқушылардың сыныптағы артықшылықтарын барынша арттырады. Атап айтқанда, оны тіл үйренушілерге арналған ауызша әрекеттерді дамыту, оқушылар арасында талқылануы қажет тапсырмаларды орындау, оқу мен

тыңдау жұмыстарын бөлісу және басқа студенттермен бірлесіп жазу үшін пайдалануға болады. Мәселен, Jigsaw іс-әрекеті оқушыларға өзіндік білім алуға көмектеседі. Мұғалімдер оқушыларды төрт-бес адамнан тұратын топтарға біріктіреді. Топтардың әр мүшесіне нөмір беріледі, мысалы, 1, 2, 3, 4 және 5 (егер топ бес оқушыдан тұрса) немесе W, O, R және K (WORK) студент болады және олардың әрқайсысына әр түрлі мәтін немесе ақпарат беріледі. Содан кейін топ мүшелері бірдей мәтінді немесе ақпараты бар басқа топтардың мүшелеріне қосылып, зерттеу және / немесе мәтін немесе ақпаратты бөліседі. Содан кейін оқушылар әртүрлі мәтіндер мен ақпаратқа ие топтардың басқа мүшелерімен бірге бастапқы топтарына оралады. Топ мүшелері ортақ мақсатқа жету үшін топ болып бірігіп жұмыс жасауы керек және әр адам бір-біріне тәуелді. Осылайша, бұл сыныптағы барлық оқушылардың өзара әрекеттесуін жеңілдетеді.

Топтық жұмыстың маңызды мақсаты – тілде еркін сөйлеуге ықпал ету. Тілдік сабақтарда – оқушыларды мәселелерді талқылауға және ортада басқа оқушылармен бірлесіп жұмыс жасауға мүмкіндік беретін стратегия. Қазіргі білім беру жыл сайын дамып келеді, әрине, сабақтарды ұйымдастыру және өткізу үрдісі де өзгереді. Мұғалім ақпараттық және тиімді сабақтарды дайындау үшін жаңа әдістер мен шешімдерді іздейді. Ағылшын тілі мұғалімдері әрқашан оқу мен білімнің табысты болуы үшін аянбай еңбек етуде. Топтық жұмысты сыныпта оқушылардың мақсатты тілдерін қолдана алатын түрлі тапсырмалар немесе іс-шаралар арқылы жүзеге асыруға болады. Бұл іс-шаралар – ойын, рөлдік ойын, жоба, білім алшақтығы, доп көру, ой бөлісу, пікірталас, сұрақ қою әдісі, приоритет және аквариум техникасы. Топтық жұмыс арқылы оқушылар сыныпта тіл қолдану тәжірибесін көбірек алуы мүмкін. Көптеген зерттеу нәтижелері көрсеткендей, топтық жұмыс дәстүрлі тілді оқытудың жетістікке жетуі тұрғысынан жоғары.

Әдебиеттер

1. Пассов Е.И. Урок иностранного языка в средней школе / Е.И. Пассов. – М.: Просвещение, 2008. – 223 б.
2. Педагогический Энциклопедический Словарь / Гл. Ред. Б.М. Бим – Бад – М.: Большая Российская энциклопедия, 2012. – 528 б.
3. Лийметс Х.Й. Групповая работа на уроке. – М.: Знание, 1975. – 115 б.

А.А. Оңғарбек

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті

Ғылыми жетекшісі: филология ғылым. канд., доцент Ә.Қ. Жетпісбай

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ОҚУ ТЕХНИКАСЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Ағылшын тілі әлемнің барлық дерлік елдерінде кең таралған тілдердің бірі. Бүкіл әлемде ағылшын тілін еркін меңгеруге деген қажеттілік лингвисттер мен оқытушыларды тіл үйренудің тиімді тәсілдерін іздеудің басымдығына айналдырды. Коммуникативті әрекеттің осы түріне ие бола отырып, адам оқығанының бәрін түсінеді және оқығанына сәйкес жауап береді, ойларын жауап ретінде түрлендіреді. Шет тіліндегі кез-келген мәтінді оқып, мәтінге қатысты сұрақтарға жауап беру немесе оқылған туралы пікір білдіру арқылы студент монологтық сөйлеу дағдыларын үйренеді. Оқудың сөйлеу ерекшелігі коммуникативтік іс-әрекеттің түрі ретінде ағылшын тілін меңгерудің әртүрлі кезеңдерінде ерекше рөл атқарады, сондықтан әр заманауи ағылшын тілі мұғалімі міндетті түрде өз сабағында оқу тапсырмаларын қосады. Осы мақалада ағылшын тілін немесе кез-келген басқа шет тілін оқып-үйренуде кез-келген мәтінді оқып, талдауда қолдануға болатын оқу техникасың түрлері мен маңыздылығы талқыланады. Оқу – сөйлеу әрекетінің рецептивті формасы, оның негізі жазбаша мәтінді қабылдау, өңдеу және түсіну болып табылады. Бұл тәрбие мен білім берудің маңызды процестерінің бірі, оның барысында мәтіннен ақпарат алу арқылы түрлі коммуникативті міндеттер шешіліп, адамзат жинаған тәжірибе әртүрлі салаларда таратылады және игеріледі: әлеуметтік, мәдени, күнделікті және т.б. Оқу – тиімді оқыту құралы. Оның лингвистикалық материалды игеру процесінде алатын орны сөзсіз. Оқу ағылшын тілін немесе кез-келген басқа тілді үйренудегі төрт негізгі дағдылардың бірі, сонымен қатар шет тілін үйренетін адам үшін ең қиын дағдылардың бірі болып саналады. Оқырман мәтінді түсіну үшін әріптерді, сөздерді, сөйлемдер мен абзацтарды қалыптастырады [1].

Қазіргі әдістемеде оқудың екі негізгі формасы бөлінеді: өзінен (ішінен оқу) және дауыстап оқу (сыртқы оқу). Ішкі оқу мақсаты – оқушының өзімен-өзі жүзеге асырылып ақпарат алынатын, монологпен сипатталады. Дауыстап оқу мақсаты – оқуды осы форманың диалогтық сипатын көрсететін ақпаратты басқалармен бөлісу. Екі форма арасындағы функционалдық айырмашылықтарға қарамастан, олар бір-бірімен тығыз байланысты және бірін-бірі толықтырады. Сыртқы және ішкі оқылымдар сөйлеу әрекетінің бірдей механизмдерімен жүзеге асырылады: ықтималды болжау, жедел және ұзақ мерзімді есте сақтау, түсіну [2].

Дауыстап оқу шет тілін оқу процесі үшін үлкен маңызға ие. Дауыстап оқу тілдің дыбыс жүйесін меңгеруге мүмкіндік береді. Ол әріп деңгейінде де, сөз, сөйлем немесе мәтін деңгейінде де сигналдарды дыбыстық жазу мүмкіндігін белгілейді [3]. Мұғалім оқушы мәтінді дауыстап оқығанда, оқушының сөздерді дұрыс оқи алатындығына және қандай қиыншылықтарға кездесетінін бақылай алады. Оқу үрдісі ұйымдастырушылық формалары бойынша – аудиториялық, үй, жеке және топтық болып оқытылады. Бұл бөлу оқушының қарқындылығы, дайындығы немесе дайын еместігі және т. б. сияқты оқудың басқа көрсеткіштерімен күрделенуі мүмкін. Мысалы, оқытудың бастапқы кезеңінде, дауыстап оқу дайындалған, оқу, сыныптық, жеке және топпен оқылғанда пайдалы болады. Шет тілін оқытудың бастапқы кезеңінде дауыстап оқу технологиясын меңгерудің маңызды құралы болып табылады. Ең алдымен, оқудың кезеңдерінде дауыстап оқуды бақылайды және мәнерлеп оқуға мұғалім көңіл бөледі.

Іштей оқу – мәтін мазмұнын нақты және ауқымды түсінуді көздейді, ол алынған ақпаратты қайта болжауда көрсетеді. Оқушылардың тілдің қиындықтары мен семантикалық тосқауылдарды өз бетінше шешу қабілеті дамиды. Бұл баяу және мәтін мазмұнын мақсатты талдауды талап ететін оқу. Мұндай оқу материалы оқушыларға арналған маңызды ақпаратты, тілді және семантикалық қиындықтарды қамтитын когнитивті мәтін болып табылады. Оқу режимінде оқу мақсатына жету өте маңызды, мысалы: мәтіннің мағынасын түсіну; алынған тәжірибені ақпаратпен байланыстыру; ақпаратты бағалау, қорытынды жасау; жеке фактілерді нақтылау [2]. Е.Н. Соловованың айтуы бойынша, мәтін мәтіннен қажетті ақпаратты алу үшін оқыған кезде оқу сөйлеу әрекетінің дербес түрі болып табылады. Сондықтан, шет тілінде оқуды үйрету мақсатының маңызды компоненті студенттердің мәтіндерді оқып түсіну деңгейлерін әр түрлі деңгейлерде дамытуды қамтиды: негізгі мазмұнды түсінумен (кіріспе оқу); мазмұнын толық түсінумен (зерделей оқып үйрену); қажетті, маңызды ақпаратты алу (оқу / іздеу).

Шет тілдеріндегі негізгі жалпы білім беру бағдарламасына сәйкес, оқушылар міндетті: 1) оқушылардың жасына және қызығушылықтарына сәйкес келетін анық құрылымы мен логикалық көрінісі бар (өлеңдер, лирикалар, ертегілер, комикстер, қысқаша әңгімелер, әзіл әңгімелер, балалар журналына жеке хат) мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, мағынасын білу. визуалды және визуалды визуализацияға негізделген лингвистикалық болжауға негізделген және мазмұнға ауызша және вербалды емес түрде жауап беретін беймәлім сөздерді түсінуге (жалпы түсіну деңгейі); 2) негізінен студенттерге таныс тілдік материалға негізделген шағын мәтіндердің (жануарлардың сипаттамасы, қарапайым аспаздық рецепт, өлеңдер, ертегілер, әңгімелер, комикстер) мазмұнын толық түсіну (толық егжей-тегжейлі түсіну деңгейі); 3) мәтін туралы қажетті / қызықты ақпаратты тауып, дауыстап оқып, ерекшелеп, жазып алуы (оқылымды

карапайым деңгейде іздеу). Оқу қабілетінің жетілу қабілеті осы мәтіннен ақпарат алу мақсатының өзгеруіне байланысты оқудың барлық түріне ие болуды және бір түрден екіншісіне жеңіл болуды қамтиды. Оқу түрін таңдау оның мақсатына немесе тапсырманың сипатына байланысты болады. Кейде мәтіннен нақты ақпаратты табу, басқа жағдайда оның мәнін түсіну, ең негізгісі, мәтінмен, оның бөлшектерімен танысу, сонымен қатар тілді үйрену үшін ағылшын тіліндегі мәтінді оқып білу маңызды [3].

Іздеп оқу немесе Scanning. Біз белгілі бір адам, құбылыс, факт туралы ақпаратты табу қажет болған кезде оқимыз. Тек мәтінге қарап, белгілі бір сөзге, нөмірге, фамилияға қарап, табылған сөзді қоршап алатын ақпаратты таңдаймыз. Басқаша – бұл диагональды оқу. Оқудың бұл түрі бізге қажетті ақпараттарды назар аудармай және ағылшынша толық мәтінді зерттеуге уақыт жұмсамай-ақ табуға мүмкіндік береді.

Оқушы мәтінді оқымай тұрып сұрақтар құрастырады. Олар қандай нақты ақпаратты іздейді? Оқушы контекстік сюжетті іздейді. Жауаптың қандай болатынын және қандай кеңестер пайдалы болатынын алдын-ала білуге тырысады және жауап таба алатын графикалық формалардан, мысалы, кемтеден, жазбаша саннан, бас әріппен жазылған сөзге немесе тірек сөздерді қамтитын қысқа фразалардан хабардар.

Жалпылай оқу немесе Skimming. Бұл жағдайда мәтін тез зерттеледі, бірақ әлдеқайда мұқият оқылынады. Мақсаты – нақты фактіні табу емес, мәтіннің негізгі идеясын, құрылымын табу.

Ағылшын тілінде оқудың бұл түрі бірінші және соңғы абзацтарды мұқият оқып шығумен сипатталады, ал ортаңғы жағы тез оқылынады. Сонымен қатар, әртүрлі субтитрлерге, курсивке және қалың сөздер мен сөз тіркестеріне, суреттерге арналған тақырыптамаларға назар аударуылуы керек, өйткені олар әдетте оқиғаның негізгі ойларын көрсетеді. Мәтінді осылай оқығанда, мәселе немесе оқиға туралы идея қалыптастырылады, іс-әрекет бағыты мен тақырыпқа енеді. Осы әдіспен алынған ақпарат көбінесе сыныпта талқылау үшін негіз болады, сонымен қатар газет мақаласы немесе блог жазбасы сізге қаншалықты қызықты екенін анықтауға көмектеседі [4].

Кіріспе оқу немесе Extensive reading. Біз оқулықтағы үлкен мәтіндерді, сонымен қатар көркем әдебиетті жиі оқимыз. Барлық сөйлемдер мен абзацтар толық және қатармен оқылады. Әдетте оқудың бұл түрімен біз контекстен олардың мағынасын түсінетін болсақ, бейтаныс ағылшынша сөздерді іздеуден жалықпаймыз. Бұл процесс жалпы мағынаны түсінуге және жаңа ақпарат алуға немесе эстетикалық құнды материалды игеруге мүмкіндік береді. Нәтижесінде қандай да бір мәселе туралы оқырманның өз пікірі қалыптаса алады, мәтінді қайталап, сұрақтарға жауап бере алады.

Зерделей оқу немесе Intensive reading. Оқудың бұл түрі ағылшын тілін үйренуде өте пайдалы және тиімді. Әдетте, ол кішігірім мәтіндерді

оқу мақсаттары үшін оқыған кезде қолданылады. Бұл процесс фразалар мен олардың құрылысын егжей-тегжейлі талдауды, яғни грамматиканы, мүмкін, сөздерді және конструкцияларды кейіннен жаттауды қамтиды. Әдетте бұл әдіс тәуелсіз зерттеу кезінде немесе оқытушымен бірге қолданылады [1].

Зерделей оқудың артықшылықтары: ол құрылымды, лексиканы және идиомаларды зерттеу үшін негіз береді; бұл оқушыларға тілді бақылауды дамытуға мүмкіндік береді; ол жекелеген студенттердің түсіну дәрежесін тексеруді қарастырады. Ал, кемшіліктері жайлы айта кететін болсақ: мәтіннің аздығына байланысты оқу практикасы аз; көп оқу қабілеті бар сыныпта оқушылар өз деңгейінде оқи алмауы мүмкін, өйткені сыныпта барлығы бірдей материалды оқиды, мәтін оқырманды қызықтыруы немесе қызықтырмауы мүмкін, себебі оны мұғалім таңдаған; мәтіннің аздығына байланысты тілдік заңдылықты үйренуге мүмкіндік аз; әдетте жаттығулар мен бағалау қарқынды оқудан кейін, оқушылар оқуды тестілеумен байланыстыруы мүмкін, ал ол оқушылар үшін жағымсыз болуы мүмкін. Әдетте оқудың екі әдісі де (Intensive және Extensive) бір сыныпта қолданылады. Мысалы, көп оқуды ынталандыратын болса, мұғалім барлық оқушылардан тақырыпты бірге талқылау үшін немесе жоспар құру сияқты белгілі бір шеберлікті үйрену үшін сол мәтінді оқуды сұрауы мүмкін. Қарқынды оқу көбінесе қолданылатын сыныпта оқушыларға ауызша немесе жазбаша есеп бере алатындай мәтіндерді оқуды сұрауы мүмкін. Екі тәсілде де қызығушылық дағдылардың сипаты емес, нәтиже болып табылады.

Жылдамдыққа оқу – бұл әр түрлі оқу әдістерінің жиынтығы. Оқуды жылдам оқудың мақсаты – мәтінді түсінуді бұзбай оқу жылдамдығын арттыру. Жылдам оқуда қолданылатын кейбір стратегиялар қолданылады: әр әріпке назар аудармай сөздерді сәйкестендіру; барлық сөздерді, кейбір сөз тіркестерін қосалқы дыбыстамау; кейбір сөйлемдерге басқаларға қарағанда аз уақыт жұмсау; кішкентай бөлімдерді скиммингтау.

Үйде оқу. Әрекеттің бұл түрінде оқытушы оқу материалын таңдайды, содан кейін бұл материалды оқушылар үйде оқып, сыныпта мұғаліммен талқылайды. [3]

Қорыта айтқанда, оқу техникасың түрлеріне ие болу ана тілінде де, шет тілдерінде де оқу мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Оқу түрлерін жақсы игергеннен кейін оқушының концентрациясы жақсарады, білімі күшейеді, ми жаттығады, стресс азайып, аналитикалық ойлауы мен сөздік қоры жетіледі. Кітаптар мен мақалалардан үлкен сөздік қор жинауға болады, содан кейін жеке өмірде жаңа сөздерді белсенді қолданылады; кіріспе және зердей оқылатын мәтіндерден біз күрделі грамматиканы қалай қолдануға болатынын және ережелерін еш кедергісіз түсініп, жеке өмірде мақалалар немесе ғылыми жобалар жазғанда қиындатылған сонымен қатар түсінікті сөйлем құрай

алады; оқу кезінде біз сөздер мен сөз тіркестеріне қарап, олардың графикалық формасын есте сақтай алады және оларды жазбаша түрде оңай жазады.

Әдебиеттер

1. Birkner V. Reading Comprehension in Teaching English as a Foreign Language [Internet].
2. Гордеева И.В. Чтение как один из видов речевой деятельности на уроках английского языка // Молодой ученый. – 2015. – №19. – С. 569-571.
3. Рогова Г.В. и др. Методика обучения иностранным языкам в средней школе. – М.: Просвещение, 1991. – 287 с.
4. Фоломкина С.К. Обучение чтению на иностранном языке в неязыковом вузе: учеб.-метод. пособие. – М.: Высш. шк., 2005. – 255 с.

Д.В. Оришевский

*студент Павлодарского государственного педагогического университета
Научный руководитель: канд. филол. наук, профессор кафедры
иностраных языков М.С. Кулахметова*

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ АУТЕНТИЧНЫХ ВИДЕОМАТЕРИАЛОВ В ЦЕЛЯХ ПОВЫШЕНИЯ МОТИВАЦИИ К ИЗУЧЕНИЮ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

На сегодняшний день в Государственном общеобязательном стандарте основного среднего образования Республики Казахстан учебная деятельность предполагает развитие у школьников умения «самостоятельно определять цели своего обучения, ставить и формулировать для себя новые задачи в учебе и познавательной деятельности, развивать мотивы и интересы своей познавательной деятельности». Мотивацию в таком случае можно охарактеризовать как соподчинение различных мотивов, их иерархия, устойчивость и сбалансированность. Школьников нужно научить ставить перед собой перспективные цели и достигать их, видеть последствия деятельности и поведения; преодолевать любые препятствия на пути к намеченной цели [1].

Проблема повышения мотивации изучения иностранного языка всегда остается актуальной. Сложность иностранного языка, как учебного предмета, большой объем лексического и грамматического материала, необходимость выполнять однообразные и зачастую скучные упражнения объясняет нежелание учащихся глубоко вникать в изучение данного предмета и, как результат, низкий уровень языковой подготовки в большинстве неязыковых школ.

Педагогика трактует понятие мотивации как общее название для процессов, методов и средств побуждения учащихся к продуктивной познавательной деятельности, активному освоению содержания образования.

По определению Д.Б. Эльконина, мотивация – это динамический процесс физиологического и психологического управления поведением человека, определяющий его направленность, организованность, активность, устойчивость. [2]

Выделяют следующие виды мотивации:

1) внешняя мотивация – это мотивация, которая не связана с содержанием какой-то деятельности, а обусловлена внешними для человека обстоятельствами (участие в соревнованиях, чтобы получить награду и т. п.).

2) внутренняя мотивация – это мотивация, связанная с содержанием деятельности, но не с внешними обстоятельствами (занятия спортом, потому что это доставляет положительные эмоции и т. п.).

Но также выделяют частные виды мотивации:

– индивидуальная мотивация, направленная на поддержание саморегуляции (жажда, голод, избегание боли, поддержка температуры и т. д.);

– групповая мотивация (забота о потомстве, поиск своего места в обществе, поддержание структуры общества и т. п.);

– учебная мотивация (познавательная деятельность, исследовательское поведение).

Учебная мотивация определяется как частный вид мотивации, включенный в определенную деятельность, – в данном случае деятельность учения, учебную деятельность. Мотив – направленность школьника на отдельные стороны учебной работы, связанная с внутренним отношением ученика к ней (т. е. то ради чего учится школьник, что побуждает его к учению) [3].

Принято различать две большие группы учебных мотивов:

1. Познавательные (связанные с содержанием учебной деятельности и процессом ее выполнения).

2. Социальные (связанные с различными социальными взаимодействиями школьника с другими людьми) [4].

Познавательные мотивы включают:

1) Широкие познавательные мотивы, состоящие в ориентации школьников на овладение новыми знаниями. Проявление этих мотивов в учебном процессе: реальное успешное выполнение учебных заданий; положительная реакция на повышение учителем трудности задания;

2) Учебно-познавательные мотивы, состоящие в ориентации школьников на усвоение способов добывания знаний. Их проявления на уроке: самостоятельное обращение школьника к поиску способов работы, решения, к их сопоставлению; возврат к анализу способа решения задачи после получения правильного результата; характер вопросов к учителю и вопросы, относящиеся к поиску способов и теоретическому содержанию курса;

3) Мотивы самообразования, состоящие в направленности школь-

ников на самостоятельное совершенствование способов добывания знаний. Их проявления на уроке: обращение к учителю и другим взрослым с вопросами о способах рациональной организации учебного труда и приемах самообразования, участие в обсуждении этих способов; все реальные действия школьников по осуществлению самообразования (чтение дополнительной литературы, посещение кружков, составление плана самообразования и т. д.) [5].

Социальные мотивы включают:

1) Широкие социальные мотивы, состоящие в стремлении получать знания на основе осознания социальной необходимости, долженствования, ответственности, чтобы быть полезным обществу, семье, подготовиться к взрослой жизни. Проявления этих мотивов в учебном процессе: поступки, свидетельствующие о понимании школьником общей значимости учения, о готовности поступиться личными интересами ради общественных;

2) Узкие социальные, так называемые позиционные мотивы, состоящие в стремлении занять определенную позицию, место в отношениях с окружающими, получить их одобрение, заслужить у них авторитет. Проявления: стремление к взаимодействию и контактам со сверстниками, обращение к товарищу в ходе учения; намерение выяснить отношение товарища к своей работе; инициатива и бескорыстие при помощи товарищу; количество и характер попыток передать товарищу новые знания и способы работы; отклик на просьбу товарища о помощи; принятие и внесение предложений об участии в коллективной работе; реальное включение в нее, готовность принять участие во взаимоконтроле.

3) Социальные мотивы, называемые мотивами социального сотрудничества, состоящие в желании общаться и взаимодействовать с другими людьми, стремлении осознавать, анализировать способы, формы своего сотрудничества и взаимоотношений с учителем и товарищами по классу, совершенствовать их. Проявление: стремление осознать способы коллективной работы и усовершенствовать их, интерес к обсуждению разных способов фронтальной и групповой работы в классе; стремление к поиску наиболее оптимальных их вариантов, интерес к переключению с индивидуальной работы на коллективную и обратно [6].

Выделяют пять уровней учебной мотивации:

первый уровень – высокий (у таких учащихся есть познавательный мотив, стремление наиболее успешно выполнять все предъявляемые школьные требования). Ученики четко следуют всем указаниям учителя, добросовестны и ответственны, сильно переживают, если получают неудовлетворительные отметки.

Второй уровень – хорошая школьная мотивация (учащиеся успешно справляются с учебной деятельностью). Подобный уровень мотивации является средней нормой.

Третий уровень – положительное отношение к школе, но школа привлекает таких учащихся внеучебной деятельностью. Такие учащиеся достаточно благополучно чувствуют себя в школе, чтобы общаться с друзьями, с учителями. Познавательные мотивы у таких учащихся сформированы в меньшей степени, и учебный процесс их мало привлекает.

Четвертый уровень – низкая школьная мотивация. Эти учащиеся посещают школу неохотно, предпочитают пропускать занятия. На уроках часто занимаются посторонними делами, играми. Испытывают серьезные затруднения в учебной деятельности. Находятся в серьезной адаптации к школе.

Пятый уровень – негативное отношение к школе. Такие учащиеся испытывают серьезные трудности в обучении: они не справляются с учебной деятельностью, испытывают проблемы в общении с одноклассниками, во взаимоотношениях с учителем. Школа нередко воспринимается ими как враждебная среда, пребывание в ней для них невыносимо.

Учебная мотивация позволяет развивающейся личности определить не только направление, но и способы реализации различных форм учебной деятельности, задействовать эмоционально-волевую сферу. Она выступает в качестве значимой многофакторной детерминации, обуславливающей специфику учебной ситуации в каждый временной интервал [7].

Рассматривая мотивацию как важнейшую пружину процесса овладения английским языком, обеспечивающую его результативность, нужно иметь в виду следующее: мотивация – сторона субъективного мира ученика, она определяется его собственными побуждениями и пристрастиями, осознаваемыми им потребностями. Отсюда все трудности вызова мотивации со стороны. Учитель может лишь опосредованно повлиять на неё, создавая предпосылки и формируя основания, на базе которых у учащихся возникает личная заинтересованность в работе. Именно мотивация может стать стимулом для ребенка в учебной деятельности. Именно тогда, когда учащиеся будут иметь мотив и смысл при изучении английского языка, у них будет положительный результат.

Мотивация относится к желанию, которое приведет к достижению целей обучения и благоприятного отношения к изучению языка. Ученики мотивированны именно тогда, когда их результат становится положительным [8].

Таким образом, мотивация – это процесс побуждения учащихся к продуктивной познавательной деятельности, к активному освоению содержания образования. Выделяют несколько видов мотивации: внешняя, внутренняя, положительная, отрицательная. Как частный вид мотивации определяется учебная мотивация, что является сложным, системным образованием, состоящим из познавательных и социальных мотивов учения.

Литература

1. Государственный общеобязательный стандарт среднего образования (начального, основного среднего, общего среднего образования) (утвержден постановлением Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 года №1080) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 15.08.2017 г.)
2. Ильин Е.П. Мотивация и мотивы / Е.П. Ильин. – СПб.: Педагогика, 2014. – 252 с.
3. Давыдов В.В., Громько Ю.В. Концепция экспериментальной работы в сфере образования // Вопросы психологии. – 2018. – №6. – С. 31-37.
4. Васильева М.М. Условия формирования мотивации при изучении иностранного языка. – М.: Педагогика, 2018. – С. 131
5. Асеев В.Г. Мотивация поведения и формирования личности / В.Г. Асеев. – М.: Мысль, 2016. – 158 с.
6. Матюхина М.В. Мотивация учения младших школьников. – М., Педагогика, 2014. – С. 144.
7. Зайцева М.В. Мотивация и некоторые пути её повышения. – М.: ИД «Первое сентября», 2013. – С. 23.
8. Соловова Е.Н. Практикум к базовому курсу методики обучения иностранным языкам. – М.: АСТ, Астрель, 2018. – 192 с.

Ш.Е. Орынбек

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті

Ғылыми жетекшісі: филология ғылым. канд., доцент Ә.Қ. Жетпісбай

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының білім беру саласында шетел тілдерін оқып үйрену қарқынды дамып келеді. Осыған орай қазіргі қоғам шетел тілдерін меңгеру дәрежесіне күннен-күнге өте жоғарғы талаптар мен міндеттер қою үстінде. Соның бірі мәдениетті сөйлеу, яғни сөйлеу әдебін жетік меңгеру. Әр тіл өздігінше бай тіл болып саналады. Әрбір елде сөйлеу мәдениетінің ұлттық ерекшелігі өте жарқын әрі маңызды себебі тілдің ерекше белгілері әлеуметтік мәдениетке рұқсат етілген және тыйым салынған мінез-құлықта қабылданған және қабылданбаған дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың ерекшеліктерімен негізделген.

Сөйлеу мәдениетін меңгеру сенім мен сыйластықты нығайтуға көмектеседі. Сөйлеу этикеті ережелерін білу, оларды сақтау адамға өзін сенімді және еркін сезінуге, ыңғайсыздық және қарым-қатынас жасауға қиындық туындамауының алдын алу қажет. Қазіргі халықаралық жағдай, экономикалық және саяси интеграция халықаралық ғылыми және технологиялық байланыстарды жүзеге асыруда әр түрлі ғылыми-техникалық саладағы сарапшылардың қатысуы мен кеңеюі шет тілін білудің мәнін талап етеді.

Сөйлеу әдебі оқытудың жаңа әдістерінің, әсіресе шет тілдеріндегі принциптері мен параметрлерін анықтады. Шет тілі қарым-қатынас, таным, ақпаратты қабылдау және жинақтау құралы болып табылатын қазіргі әлемдегі шет тілімен қарым-қатынас жағдайлары сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін, әсіресе сөйлеу әдебі ережелерін меңгеру қажеттілігі маңызды рөл атқарады.

Сөйлеу этикеті – қоғам жасаған тілдік мінез-құлық нормалары, сәлемдесу, сұрау, алғыс және т.б. жағдайларын ұйымдастыруға мүмкіндік беретін стандартты дайын формулаларды қолдану. Бұл тұжырымдама философиялық және этикалық сипатқа ие. Әрбір этикеттік жағдай үшін дұрыс мінез-құлық стратегиясы, дұрыс емес мінез-құлық стратегиясы және ең маңыздысы, барабар мінез-құлық стратегиясы бар.[1; 47]

